

12006  
4115к

ҚАУЫЛ  
ІТАПХАНАСЫ

Халел  
Арғынбаев

# Қазактың отбасылық дәстурлери













**Бірінші тарау**

**Дәстүрлі отбасы  
және отбасылық  
қарым-қатынастар**

**Екінші тарау**

**Некелесу  
әдет-ғұрыптары**

**Үшінші тарау**

**Қалыңмал  
және жасау**

**Төртінші тарау**

**Қазіргі отбасы  
және некелік  
қатынастар**

Халел  
Арғынбаев

**Қазақтың  
отбасылық  
дәстурлері**

Алматы  
“Қайнар”  
2005

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шыгарылып отыр

Арғынбаев Х.

A75 Қазақтың отбасылық дәстүрлері. — Алматы:  
«Қайнар» баспасы, 2005. — 216 бет.

ISBN 9965-9325-9-X

Бұл әйгілі ғалымның 20—30 жыл бойы ел арасынан, мұрағаттардан және баспа жүзін көрген әдеби мұралардан жинаған қыруар этнографиялық деректер негізінде жазылған тарихи-этнографиялық зерттеу еңбегі.

Китапта қазақ отбасының өткені мен бүгіні, халқымыздың бай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары терең қамтылған. Еңбектің басты мақсаты — халықтың озық әдет-дәстүрлерін кеңінен насихаттау, одан ғибрат алуға үндеу, тозық дәстүрлерден аулақ болуға шақыру. Китаптың ғылыми-тәнымдық маңызы, өсіреке қазіргі қазақ жастары үшін тәлім-тәрbiеліk мәні зор.

0505000000


A 403(05)-05

ББК 63.5(5Каз)

ISBN 9965-9325-9-X

© Арғынбаев Х., 2005

© «Қайнар» баспасы, 2005



# Бірінші тарау

Дәстүрлі отбасы  
және отбасылық  
қарым-қатынастар



## ОТБАСЫ ТҮРЛЕРИ

Дүние жүзі халықтары тәрізді, қазақтың да өзіне тән отбасы тарихы бар. Адам баласы басынан өткізген сан алуан қоғамдық-экономикалық формациялардың қай-қайсысы болмасын, әр қылы отбасы түрлерімен тығыз байланысты болған. Оны Жер планетасын мекендеген барлық халықтар өз басынан откізген.

Америка этнографы Л.Морганның отбасы тарихы туралы жазған “Көне қоғам” атты аса құнды ғылыми еңбегі XIX ғ. екінші жартысында алғашқы қауымдық құрылыштағы отбасы түрлерінің даму жолын түсіндіреді.

Алғашқы қауымдық құрылыштағы ең көне отбасы түрі *топты некеге* негізделген. Ондағы некелер тобы рулар ішіндегі бірімен-бірі тұстас үрпактар жігімен болінетін. Айталық, бабалар мен әжелер, әкелер мен шешелер, балалар тобында – ағалы-інілдер, апалы-сінлілер, немере және шөбере туыстар біріне-бірі ерлізайыпты, яғни әр үрпақ бір-біріне аға-қарындас бола тұра некелес болатын.

Отбасы тарихының бұдан кейінгі даму сатысы топты некенің ішінде *жұп отбасының* қалыптаса бастауымен, яғни қандас туыскандар арасындағы некелесу ғүрпына тыйым салуына байланысты болған. Осының нәтижесінде алғашқы қауым ішінде бірімен бірі некелеспейтін “ағалы-інілілер”, “апалы-сінлілер” топтары қалыптасады да, тағылық дәуірдегі топты неке біртіндеп ығысып, оның орнына жұп отбасы дүниеге келді. Жұп отбасы тағылық дәуірдің соңында қалыптасып, варварлық дәуірде әбден кемеліне келіп, қоғамдағы басты отбасы формасына айналады. Бірақ мұндағы неке беріктігі онша мығым болмағандықтан, отбасының ыдырап, ажырасуы тым оцай болған.

Алғашқы қауымдық қоғамда өндіруші күштердің да-  
мып, еңбек белісінің шығуна байланысты, қауымдық  
ортак меншік орнына жеке меншіктің пайда болуы –  
моногамиялық отбасының, таптың және мемлекеттің  
шығуна әкеліп соқты. Моногамиялық отбасы варвар-  
лық дәуірдің соңғы кезеңінде басталды да, оның жұпты  
некені түпкілікті женеуі цивилизация дәуірінің басында  
еркектер үстемдігінің орнауымен байланысты болды.  
Сондықтан моногамиялық отбасы түгелдей еркектер  
үстемдігінің негізінде қалыптасып, жетіле түсті. Отбасы  
тарихының бұл кезеңінде некелесу не ажырасу тек  
қана еркектер үлесіне тиді де, моногамиялық отбасын-  
дағы өзара байланысты жұпты некеге қарағанда әлде-  
қайда нығая, беки түсті.

Бұл арада ескерте кететін жағдайдың бірі, жоғарыда  
келтірілген отбасы формаларынан бұрын қалыптасқан  
алғашқы ру – пуналуал қандас туыс отбасынан, ал  
соңғы формасы ретсіз жыныстық қатынаста (промис-  
куитет) өмір кешкен топтардан шыққандығы туралы  
кезінде түгелдей болмаса да, Л.Морганның пікірі тари-  
хи шындыққа жатпайтындығын белгілі ғалым Ю.И.Се-  
менов дәлелдеген-ди. “Қандас туыс отбасы мен пунал-  
уал отбасына алғашқы рудың шығунаң бұрынғы ке-  
зендер деп қарау этнография ғылымының даму бары-  
сында толық сырылып тасталды. Отбасы және неке  
қатынастарының пайда болу қарсаңдағы бірден-бір  
кезең ретінде күшінде қалып, түбебейлі дәлелденген  
жай – промискуитет туралы айтылған пікір. Қазіргі  
кезде кеңес ғалымдарының дені рудың тікелей ретсіз  
жыныстық қатынаста болған адамдар ұжымынан шық-  
қандығын қолдап отыр.

Сейтіл, топты неке – жабайылық дәуірге тән болса,  
жұпты отбасы – варварлық, ал моногамиялық отбасы  
цивилизация дәуірлеріне тән болған.

Отбасы тарихындағы мұндай неке формаларын  
қазақ халқының арғы тектері де басынан өткізді.  
Бұған дәлел ретінде сол көне отбасы түрлерінің  
кейбір қалдықтары қазіргі жаңа заманда да кездесіп  
тұратындығын айтсақ жеткілікті сияқты. Бұл жөнінде  
еңбектің соңғы жағында айтылатындықтан, бұл арада  
осымен ғана шектелеміз де, тікелей төңкеріске дейінгі  
қазақ отбасының тарихи кезендері мен сипатына тоқ-  
таламыз.

Төңкеріске дейінгі қазақ халқына тән отбасы түрі

негізінен әке-шеше және үйленбекен балалардан тұратын дара, яғни шағын отбасы болатын.

XIX ғ. мен XX ғ. басында қазақ арасында негізінен дара (шағын) отбасы үстем болған. Қолда бар деректерге қарағанда, сол дара отбасында үлкен патриархал отбасы қауымының көптеген сипаттары сақталып келген.

Үлкен патриархал отбасының Орта Азия және Қазақстан жерінде мекендейтін жергілікті халықтар арасында қашан пайда болып, қашан жойылғаны туралы белгілі ғалымдардың зерттеулерінен біраз деректер табамыз. Мәселен, С.П.Толстов көне Хорезмдегі отырықшы елдер арасында біздің заманымыздың басында үлкен патриархал отбасының қалыптаса бастап, біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығының ортасында оның әбден нығайып жеңгендігін дәлелдейді. Бұл пікірді А.Ю.Якубовский мен А.Н.Бернштам да қолдайды. Ал Н.А. Кисляков патриархалды үлкен отбасының қалыптаса бастауы біздің заманымыздан әрірек пе де-ген болжау жасайды. Үлкен патриархал отбасының ыдырау кезеңі Орта Азияның әр өнірінде оның экономикалық даму дәрежесіне байланысты әр кезде басталып, сан ғасырларға созылды. Экономикалық даму артта қалған шеткегі аудандарда үлкен патриархал отбасының сілемі XX ғ. басына дейін созылғандығын, көптеген авторлардың зерттеулеріне сүйене отырып, Н.А.Кисляков кейінгі енбегінде тағы да дәлелдей түсken.

Үлкен патриархалды отбасының кейінге дейін сақталуына Орта Азия табиғи жағдайы да әсерін тигізді. Мәселен, сыртпен байланысы шамалы болған биік таулар алқабы мен құлазығын шөлді даланы мекендеген топтарда XX ғ. басына дейін үлкен патриархалды отбасы басым болған.

Деректерге қарағанда, Орта Азияның егіншілікпен айналысқан отырықшы тәжік және өзбек халықтарында Казан төңкерісіне дейін үлкен патриархал отбасының сақталып келгендігі даусыз.

Орта Азия мен Қазақстан жерінде ежелден бері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтар арасындағы үлкен патриархалды отбасының тағдыры отырықшы өзбектер мен тәжіктерге қарағанда ерекше. Бұл мәселе туралы белгілі этнограф С.М.Абрамзон арнайы еңбек жазып (*Абрамзон С.М. 1957, 28–34*), оны негізінен дұрыс шешті. С.М.Абрамзон енбегінде кеңес археологтарының (*Бернштам Н.А. 1949, 344–385; Кисе-*

лев С.В. 1949) зерттеулеріне сүйене отырып, Орта Азия және Қазақстан көшпелілерінен Жетісу, Тянь-Шань және Алтай-Саян өңірінде үлкен патриархалды отбасының қалыптасып, ұstemдік етуі біздің заманымыздан бұрынғы VII–VIII ғасырларда басталып, біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығының ортасына дейін келгендейгін, ал оның ыдырауы сол кезде басталып, X–XI ғасырларда аяқталғанын, яғни шағын отбасының қалыптасқандығын көрсеткен.

Отбасы тарихындағы мұндай келелі өзгеріс, ең алдымен қоғамда болған әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесінде мүмкін болды, яғни жеке меншіктің маңызы біртіндеп арта түсіп, экономикалық жіктелудің айқындалуына байланысты үлкен патриархалды отбасының сыр-сипатына өзгерістер еніп, орнына дара, шағын отбасы келіп шықты. Бірақ бұдан үлкен патриархалды отбасы сол кезден бастап мұлдем жойылып кетті деген ұғым тумауы керек. Оның қалдығы XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басына дейін жетті. Мұндай нақтылы деректерді көптеген этнографтар еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, қырғыз халқына көптеғен болінбеген патриархалды отбасыларының кездесіп, олардың құрамы бірнеше үрпақтан және әр отбасы 15, 30, 40 адамнан тұратындығын С.А.Абрамзон мен А.Жұмағұлов баяндайды. Ал Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қырғыстанда болған П.И.Кушнер сол уақыттың өзінде қырғыздар арасында, әсіреле кедейлер тобында үлкен отбасыларының жиі кездесетіндігін айткан (*Горная Киргизия*, 68).

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында түркімен халқында да патриархалды үлкен отбасының болғандығын Г.П.Васильева мен С.Н.Иомудский өз еңбектерінде баяндайды. Түрікменнің негізінен көшіп жүріп мал бағумен айналысқан, нохурли және иомуд тайпаларында кездесетін үлкен отбасылар Орта Азия көшпелілерінің арасында сақталған үлкен патриархал отбасының нағыз үлгісі тәрізді. Г.П.Васильеваның айтуынша бұндай отбасылар отбасының классикалық сипаттарымен толық үйлеседі. Олар бірнеше үйленген үрпақтардан құралып бір жерде тұрып, бірігіп енбек етеді, ішім-жемі де ортақ. С.Н.Иомудскийдің айтуынша, XX ғасырдың басында иомудтар арасынан кездескен бір үлкен отбасында 125 адам болған (187–188; 55–56).

Үлкен патриархал отбасының бұрынғы кезде алтайлықтар мен қарақалпақтар арасында да болғандығын Л.П.Потапов пен Т.А.Жданконың еңбектерінен кореміз. Ал XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қарақалпақта үлкен патриархалды отбасының қалдығының айқын сақталғанын тағы да Т.А.Жданконы зерттеулерінен табамыз (“Карақалпаки”, 491). Жоғарыда көрсеткендегі, өзбек пен тәжіктерде сақталған бөлінбекен патриархалды отбасы тәрізді жағдай қарақалпақ байларының ішінде некен саяқ кездессе, көпшілік бұқара арасында дара, шағын отбасы үстемдік еткен. Ал мұндағы үлкен патриархалды отбасының қалдығы ретінде бірнеше шағын отбасының туыстық жақындығына қарай топталып, “көше” деп аталағын бірлік болғанын атап көрсеткен.

С.М.Абрамзон дәл осы қарақалпақ отбасындағы “көше” сияқты туыстық топтық қазақтар арасында да кездесетіндігін айтқан. Мұндағы бірлікті қазақтар “ата баласы” деген. Ал Абрамзон оны үлкен патриархалды отбасының XX ғасыр басына дейін сақталған қалдығы деп қарайды. XX ғасырдың 24–25 жылдарында Өулие ата уезінде О.Жандосовтың басшылығымен үйымдастырылған экспедиция деректері негізінде В.Г.Соколовский “Қазак ауылы” атты еңбегін 1926 жылы Та什кентте жариялаған болатын. Соколовский көптеген ауыл-қыстауларды зерттеп, олардың әрқайсысында бір атанаң балалары, яғни 3–4 үрпақтан құралған бірнеше отбасы және олардың арасында әлі де бөлінбекен ағайындарлың бірге тұратынын келтіреді. Әрине, 3–4 атага дейін созылған туыстар арасында туыстық қатынас болады. Ол қатынастар сырт қарағанда (XX ғ. басында) патриархалды отбасының сілемі, қалдығы тәрізденгенмен, “ата балалары” арасындағы қатынастың негізгі тап мүлдесімен толық үйлесетін. Өйткені өз шаруашылығын өзі жүргізетін ауқатты адамдарға 4 атага толғанша бір қыстауда отыруға ешбір мүмкіндік болмайтын. Оларға, ен алдымен қыскы жайылым жетіспейді. Мұның өзі туыстардың әрқайсысын жеке қыстауға қоныстармен қоныстануға мәжбүр етеді. Ал, Соколовский айтқандай, 4 атага толғанша бір қыстауда отыратын туыстар болған күннің өзінде, олардың бірі бай, қалғандары соған тәуелді туыстары ретінде болуы шындыққа жақындейді. Мұнымен қатар, Соколовскийдің айтудынша, кейбір ауыл қыстауларында екі не одан да коп ата балалары тұруы да мүмкін, олардағы тұтін саны 12–15-тен ас-

пайтынын ескерте келіп, кей жерлерде бірнеше ауыл-қыстаудардың болуы да ықтимал дейді. Төңкеріске дейінгі бір қыстауда мұнша түтіннің тұруы олардың көбінесе кедейлер, жатақтар екенін дәлелдейді. Ал кедейлерді бір қыстауда біріктіретін негізгі фактор олардың туыстық жақындығы емес, әлеуметтік-экономикалық жағдай. Мұндай ауылдарда бір-бірінен қызы алысу сатысына дейін жеткен “аталастар да” тұруы мүмкін. Себебі бұл ауылдарда тұратын отбасыларының әрқайсысының жеке меншігінде үй-жай, қора-қопсы, малдары болғанымен, оларды біріктіретін ортақ жайылым болатын-ды.

XV–XVIII ғасырларда бүкіл қазақ жұртшылығына шағын-дара отбасының тән болғандығын айта келіп, олардың дені моногамиялық некеге негізделгендейді С.Е.Толыбеков. Бұл пікірдің дұрыстығын соңғы оншақты жыл ішінде Қарағанды, Семей, Павлодар, Ақмола, Шымкент, Атырау, Алматы және Талдықорған облыстарынан жиналған деректер де дәлелдей түседі. Жиналған деректер сонау XV ғасырды қамтымағанмен, XVII–XVIII ғасырлардағы жағдайды дәлелдейді. Бірақ XVII–XVIII ғасырларда үстемдік еткен шағын отбасы тек сол уақытта ғана шыға қалған деп қарастырылғыдан үлкен дәйексіздік болар еді. Соңдықтан ол құбылыс үстемдік еткендегі дәрежеге көтерілу үшін қанша уақыт өсіп, жетілу керек. Осы тұрғыдан қарағанда, С.Е.Толыбеков пікірінің дұрыстығына күмәндануға болмайды.

Қазақ жұртшылығында шағын дара отбасының XV–XVII ғасырлардың өзінде үстем болғандығына ежелден бері қалыптасқан отауга енші бөліп беру дәстүрінің өзі-ак бүлжытпас дәлел болғандай. Бұған қосымша кең байтақ Қазақстан өлкесін аралап жүргенде, карттардың: “Бізде жеті атамыздан бері қарай бірде-бір үлкен патриархал отбасының болғандығын естіген емеспіз” дегендегі де дәлел сияқты.

Пікірімізді дәлелдеу үшін солардың жазып алған деректердің кейбіреулерін келтірейік. Мәселен, баян-ауылдық Ағыбай, Арғынбай, Қайыржан және Смағұл Қақабайұлдары мен Қадыр Байжанұлы сияқты қарттардың әрқайсысы 50–60-жылдары 60–80 жасқа келіп, немере сүйген адамдар. Бұлардың немерелерінен санағанда 8-ші атасы Самырза дейтін малды адам болыпты. Орта есеппен 4 атанды бір ғасыр деп есептегенде, Са-

мырза XVII ғасырда өмір сүрген адам. Самырзадан туған Байғана, Айғана, Тайғана және Мешітбай дейтін балалары әкесінің тірі кезінде енші алып, әрқайсысы жеке үй болып тұрған. Бұлардың өзара қарым-қатынасы жайлы сез етсек, мұндай туыстар арасында үлкен патриархалды отбасының нышаны да болмаған, қайта туысқандар үрпағы бір-біріне қиянат жасаумен болған. Мәселен, Байғананың 9 ұлы, ұлы болмаған Мешітбайға қиянат жасағандығын Мешітбай өулеті қазірге дейін естерінде сақтап келеді. Сөйтіп, XVII ғасырдағы бүл шындық атадан балаға ауыса отырып, осы уақытқа дейін жетіп отыр.

Жалпы қазақ халқы, оның ішінде көпті билетін қария адамдар орталарында патриархалды отбасы болғандығы туралы ешбір тарихи шежіре білмейді. Мұның өзі қазақ жұртшылығында үлкен отбасы ертеректе ыдырағандығын дәлелдейді. Қазақ өлкесінде үлкен патриархалды отбасының ертерек ыдырауына көптеген жағдайлар себепкер болды. Ең алдымен, қазақ қауымындағы таптық жіктелудің күннен-кунге күшейіп, патриархалдық тәртіптің әлсірей түсіү өсер етті. Әсіресе ежелден бері көшпелілік және жартылай көшпелілік жағдайда мал өсіріп, күн көру үлкен патриархалды отбасын сол қалпында сақтауды керексіз етті. Сонымен қатар, қазақ арасында әйелді қалынмал беріп, айттырып алу мен ұзатылған қызға міндетті түрде жасау беруге байланысты туысқандар арасында мал және мұлік теңсіздігін туғызу факторы үлкен патриархалды отбасының сақталуына қарама-қайшы келді. Қазақ елінде ежелден қалыптасқан экзогамиялық (белгілі бір туыстық шенберінде қыз алыспау) тәртіпті сақтай отырып неке құру, яғни келіндер арасындағы өзара туыстық нышанының мұлдем болмауы да үлкен патриархалды отбасының ыдырауына өсерін тигізді. Қазақ байларының көп әйел алу әдеті үлкен патриархалды отбасының ыдырауына өзінше өсерін тигізді. “Екі қатынның баласы екі рулы ел” деп халық тегін айтпаған, ыдыраудың зор дәлелі осыдан көрінеді. Көп қатынның балалары өзара сыйыспаған соң, әр қатынға енші боліп, оларды болек отырғызатын.

Шамасы келген әкелердің үйленген балаларына енші беріп, отау етіп болек шығару дәстүрі де үлкен патриархалды отбасының ыдырауына себін тигізді. Ал қазақ арасында балаларына енші беріп, болек шығару

тек XIX ғасырда қалыптасқан әдет емес. Оның тарихы ертеректе жатыр. Есқи жазуларға үңілгенде енші бөліп беру XIII ғасырдан бері белгілі болып отыр. Олай болса, қазақ арасындағы үлкен патриархалды отбасының тағдыры да, жоғарыда айтқандай, ертерек шешіліп, тек оның кейір сілемдері ғана сақталған. Мәселен “қара шаңырақты қадірлеу” деген сияқты.

Үлкен патриархалды отбасында әке үкімі шексіз болған. Әке өлген соң оның орнына отбасы бастығы бол қалған үлкен ағаның үкімі барлық басқа отбасы мүшелері үшін занды болған. XIX ғасырда қазақтағы дара шағын отбасы үстемдігінің кезінде де әкесінен бөлініп, өз алдына жеке үй болып кеткен үлдарына әкесінің не үлкен ағасының белгілі мөлшерде ықпалы жүретін. Шаруашылығы бөлек болғанмен, барлық балалары әкесімен ақылдасып, көпшілік жағдайда оның айтқанын екі қылмайтын, қыстауы бөлек болғанымен, өз алдына жеке ауыл қатарына қосыла қоймаған туысқандардың өзі жазда бір жайлауға жиналатын. Бірақ қотандас болмай, жеке-жеке жүртта отыратын, кейде тіпті мал суаратын құдықтары да бөлек болатын. Мұндай жағдайда көбінесе “үлкен үй” деп аталатын атасының не әкесінің үйінде түскі қымызды бір жерге жиналып ішісетін. Кейде қымыз басарға да сол үйде жиналды мүмкін. Үлкен үйдің бүкіл шаруашылығына бөлініп кеткен балалары әрдайым жәрдем беріп тұрумен бірге, керек болған жағдайда отау үйлерге әке шаңырағынан берілетін көмек те аз болмайтын. Кейде, тіпті әр түрлі жағдайларға байланысты, малсыз қалған отауларға әкесі тарапынан екінші рет енші бөліну сияқты жағдайлар да кездесіп тұратын. Үлкен үйдің шаруасын әрбір отау иелері өзінікіндей санап, ол үйден көмек дәмететін, жетпегені болса алып тұратын. Қенже бала, қазақ дәстүрі бойынша, әкенің мұрагері есебінде әкесінен бөлінбейтін де, оның шаңырағына, малмұлкіне ие бол қалатын.

Әдette әке шаңырағы “қара шаңырак”, “үлкен үй” атанады. Әкесі өліп, қенже баласына не кейінгі үрпақтарына ауысса да, “қара шаңырак” сол қалпында сақталып, әкесінен тараған барлық үрпақ үшін қадірлі, қасиетті орда есебінде болады. Оған барлық отаулар, ұзатылған қыздар, құдалар әр түрлі сыйлықтар, соғым сойғанда сыбаға әкеліп таратады. Қара шаңырақты қадірлеу ата-баба аруағын қадірлеуімен байланысты на-

nymnyň býr týri bolumen býrge, býdan үлken патриархалды отбасының ыдырау кезіндегі dara, шағын отбасының арасындағы патриархалдық қатынастардың сілемін сақтай тусу нышанын байқауға болады.

Көп әйел алған қазақ байлары олардың әрқайсысын балаларымен бөлек ұстайды, әрқайсысына енші бөліп береді. Мұндағы мақсат – әке олген соң әр әйелдің балалары бір-бірімен тату, тыныштық сақтап тұрсын деген тілек еді. Әдетте бәйбіше балалары тоқал балаларына есе бермей, оларға қиянат жасауға тырысатын. Нәтижесінде олардың арасы насырға шабатын. Мұндай жағдайды болдырмау үшін үй қожасы әрбір әйеліне жеке-жеке шаруа бөліп беретін де, оған әрбір әйелдің кенже балалары мұрагерлік ететін. Әйелдің үлken балалары өз шешесінің еншісінен үлес алып, бөлініп шығады. Кенже балаларға тиісті үлес, басқа балаларға қарағанда екі есе артық болады. Өйткені бірі оз үлесі болса, екіншісі шаңырақ үлесі, яғни үлken үйдің сыбағасы болып есептеді. Қазақ дәстүрінде бәйбіше балалары мен тоқал балаларының әке мұрасына байланысты салмағы бірдей болмайды. Сондықтан әкесінің нағыз қара шаңырағына бәйбішeden туған кенже бала ие болу керек. Кенже баланы бөліп шығармай, оның қолында болу дәстүрі тіпті осы кезге дейін сақталып келеді.

Көп балалы ата-аналар ержеткен балаларын мезгілінде үйлендіріп, оларға енші беріп, бөлек шығарып отырады. Әдетте кенже бала ержетіп үйленгенше, кейде тіпті шаруашылыққа әбден қартайғанша әкенің өзі басшылық етеді. Халық дәстүрі бойынша кенже інісі үйленіп, шаруашылықты өз қолына алғанша қартайған әке-шешенің шаруасына үлken бала мен келін көмектесу керек.

Мұндай жағдайда әкенің басшылығымен бір отбасы болып үш үрпак – әке-шеше, үйленген бала әйелімен және немерелері бірге тұрады. Бұл отбасында әкенің үйленбеген інілері мен кіші балалары да бірге тұруы ықтимал. Міне, осы жағдайлардың бәрі бір уақытта үстем болған үлken патриархалды отбасының сарқыншағы деуге болады.

Балаларына енші беріп бөлек шығару әдеті негізінен олардың үйленуіне байланысты болады. Жаңа түскен келін әдетте 1–2 жыл ата-енесімен бірге тұрып, әр нәрсеге үйреніп, өз бетінше үй болып тұруға дағдыланған соң оз алдына отау болып бөлінетін де, еншісін алатын.

Ержетіп үйленген балаларды енші беріп, жеке шығарудың саяси шаруашылық маңызы зор болды. Бұл өсіресе әкенің қоғамдық ықпалын көтеруге себін тигізетін. Оның үстіне қазақ отбасында әкенің бірнеше үйленген балалары, олардан тұған немерелерімен бірге үлкен отбасы қалпында тұра беру көпке соылмайтын. Өйткені, ең алдымен, өз ауылышындағы тутін санын көбейтіп, жаңа қоныстарға ие болу үшін шамасы келген әрбір әке үйленген балаларын бірінен соң бірін бөліп отыруды мақсат етсе, екіншіден, ботен елден өз отауымен, тосек-орнымен, ким-кешек, ыдыс-аяқ, мінер ат, сауар сиыр және қөлігімен тұскен келіндер арасындағы келіспеушіліктер де үлкен отбасы бірлігін ыдыратуға әсерін тигізетін. Олай болса, үйленген, өз шаруашылығын өзі басқаруға жараган балаларды отау иесі ретінде болу, күнделікті омір талабына сай қалыптасқан қажеттілік екені даусыз.

Кейбір жағдайларда, мәселен бұрынғы өлген әйелінен туған балаларын үйлендіріп, енші беріп, бөлек шығарғанда, онымен бірге үйленбеген інілерін бірге шығарып, оларға да енші беретін. Қазақ ғұрпы бойынша, мұндайларды еншілес аға, іні дейтін. Әдетте ағасымен еншілес болған ініге қалыңдық айттырып, қалыңмал төлеу әке мойнында болады. Кейде қалыңмалды еншісіне қосып та беруі, не өзінде қалдыруы да мүмкін. Мұның бәрі тікелей әке еркімен отбасындағы әр түрлі жағдайларға қарай шешілетін.

Үйленбеген баласына енші беріп, бөлек тұратын үлкен баласының қолына жіберудің өзі, жоғарыда айтылғандай, екі не көп катын алған байлардың, немесе алғашқы әйелі өліп, екінші әйел алған кездегі жағдай. Өйткені алғашқы әйелден туған үлкен баласы үйленіп бөлек шыққанда, онымен бірге туған жас інісін кей уақытта соның қолына шығарады да, оған енші бөледі. Мұндай балалар, біріншіден, ағасының шаруашылығына көмектесіп себін тигізсе, екіншіден, тоқалдан туған басқа да баласы бар әкеге женілдік туғызады.

Қай баласына болсын енші беріп, бөлек шығарарда ағайын-туыстарын жинап, малын сойып кіші-гірім той жасайды. Қария адамдар жаңа отауға береке-бірлік, мал мен бастың көп болуын тілеп батасын береді. Әке шаңырағынан бөлінген жаңа отауға туған-туыстары өз әлінше мал мен мұлік қосады, оны халық тілінде “жылу”, “тамыздық”, “немеурін” деп атайды. Бір әдет-

тің бұлайша үш түрлі аталуы бертінде, көмектің аз-көптігіне қарай қалыптасқан. Оның ең көбі – жылу. Отауға берілетін барлық меншікті малға жаңа ен салынатын.

Отау үйге берілетін енші мөлшері әкенің байлығына, бала санына байланысты болатын. Бөлек шығатын отаудың басында жазғы, қысқы үйі, алдында малы және т.б. үй-мұліктегі болуы керек. Киіз үй мен оның жабдығы көбінесе әйелінің жасауымен келетін, ал келмеген жағдайда әкесі отау көтеріп беретін.

Жартылай отырықшы өмір сүрген қазактарда бөлек шыққан балаларына туысқандары жиналып үй, қора, ауқатты адамдар бөлек қыстау салып беретін. Қолы қысқа, мүмкіндігі аз болса ағайынды 2–3 жігіт бірлесіп ортақ қора, ортақ қыстау салатын. Бірақ, бұлардың Әрқайсысының тұрғын үйі, шошаласы, қи қорасы бөлек болатын да, тек шөп және мал қоралары ортақ болатын. Әрқайсысының бала-шағалары қашан ержетіп, өз алдына үй болуга жарағанша осылай жартылай “еншілес” болып бірге тұра берген.

Әке үйінен бөлінетін еншінің негізгі түрі үй-жай, қора-копсы, мал, шабындық болатын. Еншіге салт мінетін ат, жүк артатын көлік, сауын сиыр, сауын би және қой тұліктерінен бөлінетін. Еншінің мөлшері әке байлығы мен балаларының санына байланысты дедік жоғарыда. Мұнымен бірге әр әкенің шаруашылығының ерекшелігіне, балаларының шаруа ұстап, басқарудағы ыңғай-икемділігіне қарай, еншісін алып бөлек қыстауда тұрғанмен, балаларына жылқы еншісін бермей, бар жылқыны өз қолында ұстап, отауларға керек кезінде соятын мал, уақытша мінер ат, көлік сауын бөліп тұруды қолайлы көретіндер де аз болмайтын. Мұның себебін мұндай отбасында жылқы тұлігінің тым шағындығынан деп білу керек. Өйткені аз жылқыны әр баласына бір-бір айғыр үйінен бөліп бергенімен, оны қызыжазы бөлек бағу мүмкін емес, тіпті бөлек болғаның зияннан басқа пайдасы болмайды.

Қазакты жылқының жорасы бойынша үлға енші беру занды түрде орындалса, ата мүлкінен үлес алу үзатқан қыздың да сыбағасы болып табылады. Халық тілінде оны “төркіндеу” деп атайды. Сондықтан шағын дәүлеттілер шамасына қарай үлдары мен қыздарының енші-сыбағасын, қалыңмал жасауға шығатын шығынды жан-жақты есептеп, алдын ала бөліп қоятын.

Бірнеше мың айдаған байлар үйленген балаларына енші берерде бар малын жоғарыда айтылғандай бөліп жатпайды. Отаудың қажетіне молынан жететіндей етіп әр түліктен бөле салады. Айталақ: 100 қой, 30–40 жылқы, оншақты сиыр, 4–5 түйе бөлінсе отауға жетеді. Мындаған малы бар байдың шаруашылығы да бұдан ойсырамайды. Баласы аз ірі байлар еншіні одан да артық етіп бөлетін. Әке малы көп болса, бұрын бөлініп, еншісін алған үлдарының малдары шағын болса, өмірінің соңғы шағында оларға тағы да мұра есебінде үлес беру әке еркінде болады. Бұрын баласы еншісін толық алғандарына қарай әке өлерінде ештеңе қалдырмаяуға да ерікті.

## ӘКЕ МҰРАСЫ ЖӘНЕ МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫ

Қазақ арасындағы әке мұрасы мен мұрагерлік құқы оз алдына бөлек сөз етуді қажет ететін қызық мәселенің бірі. Бұл мәселеге ежелден бері көңіл бөлінуде, тіпті Тәуке ханның “Жеті жарғысында” да ол көрнекті орын алған.

Қазақ – қазақ болғалы, әке артында қалатын мұраға жазба түрде өсиет қалдыру дәстүрі болған, өкінішке қарай, сол өсиет жазылған деректердің бірде-бірі біздін заманымызға келіп жетпеген. Жазба өсиетпен қатар, күәлар алдында марқұмның өлер қарсаңында ауызша айтатын өсиеті болған. Мұрагерлер өсиетті бұлжытпай орындауға тырысатын. Осы әдет-ғұрыптар жөніндегі де-ректер төңкеріске дейінгі көптеген авторлардың баяндауы мен архив қоймаларында жақсы сақталған. Қазақтың әдеттік хұқы бойынша, әке мұрасына иелік ететіндер марқұмның балалары, әйелдері, аға-інілтері, жақын туыстары, қала берді аталағас ағайындары болатын. Мәселен, 1907 жылы Баянауыл аймағында өмір сүрген баласыз Дүржан деген кісі өлгенде оның көптеген ма-лына, мұлкіне аға-інілтері, олардың балалары, тағы өзге туыстары мұрагерлік еткен. Оның қара шаңырағы мен жас тоқалына інісінің баласы ие болған.

Осындағы әдеттік құқықтың қазақ арасында күшті болуының салдарынан меншігіндегі мал-мұлкін өлер алдында өз туысынан басқа бөтен адамға қалдыруға қақысы болмаған. Тіпті өлер алдында тікелей мұрагері болмағандықтан, мал-мұлкін түгелдей бөтен рудың

біреуіне қалдыруға өсінет еткеннің өзінде, марқұмның руластары бұл мәселені билер алдына қояды. Ал билер мұндайда мұраны өлген адамның руына қалдырып, өсінет етілген адамға жолын беріп риза ететін. Кейбір жағдайда қимас досына мұра есебінде бергісі келген малын, затын өз мұрагерлеріне тапсырып кетуге ерікті болған. Мұндай өсінетті кезінде жақсылығы өткен сыйлас досына тіршілігінде қаруын қайтара алмай дүниеден өтетін адамдар “ана дүниеде” қарыздар болмау үшін де жасайтын. Бұл өсінет ешбір қалтқысыз орындалатын.

Өлген әкенің артында мұра есебінде мал, жер-су (қыстау) үй-жай, мұлік, ақша және жесір қалады. Тіпті ертеректе әке мұрасына құл мен күң де енетін. Мұндай мұраны әке өлгеннен соң бөлісу мәселесі әр түрлі жағдайларға байланысты орындалатын. Ол жағдайлар негізінен өлген адамның жасына байланысты болатын.

Егер әке орта жастан асып немесе қартайып өлген уақытта ол өзінің тіршілігінде артында қалатын мұрагерлеріне тиісті үлесін беріп, “ұлын ұяға, қызын қияға қондырып” үлгірген жағдайда қара шаңыракқа, мал мұлкіне ешкімнің дауы болмай, оған енші алмаған кенже баласы түгелдей ие болады. Мұндай жағдайда әке артында тірі қалған шеше алдында екінші рет күйеуге шығу мәселесі күн тәртібінде болмайтындықтан, “мирас” катарынан шығып қалады да, кіші баласының үйінде отыра береді.

Тіршілігінде көп әйел алып, олардың еншісін әуелден бөлек ұстаған жағдайда, мұраны әр әйелдің бөлінбegen кенже баласы иемденетін. Әйелдер және олардан туған балалар арасында да мұра үшін дау шар болмайтын. Егер әйелдердің ішінде жасы болса, ол әменгерлік әдеті бойынша жақын әменгерінің біріне өзіне тиісті үлесімен түрмисқа шығатын. Мұндай әйелдердің жас балалары болса, олар да өзімен бірге болатын.

Әке жастай өліп, артында жас балалары мен жас келіншегі қалса, жоғарыдағы айтылған әменгерлік әдет бойынша, өлген адамның бірге туған ағасы не інісі, ондай туысы болмаса – немере, шөбере туысқандары, қала берді аталас ең жақын жанашыры жеңгесіне үйленіп, балаларын өз қамкорлығына алатын да, малмұлікке занды түрде иелік ететін. Жесір қалған ана күйеуге шықпай, балаларын бағып отыра берем десе, оған зорлық жасамайтын. Бұқіл туыстар болып жетім

қалған балалар мен жесір келін не жесір жеңгеге қамкорлық жасайтын. Жесір әйел әменгерлік әдетке мояныңбай, басқа біреуге өз еркімен тұрмысқа шыққысы келсе, немесе төркініне кетпек болса, оған өзінің киім-кешек, төсек орны мен мінер атынан басқа ештene берілмейді. Әрине, төркінінен келген жасауынан сақталғандары болса, оған ешкім таласпайтын. Бірақ тиетін күйеуінен айып есебінде үш тогыз не бір қызға берілетін қалыңмал алынатын. Шешесі басқа күйеуге шығып кеткен жағдайда, жас балалар әкесінің туыстарында қалатын да, әкеден қалған мал-мұлік олардың қамқоршысының қолында болатын.

Өлген адамның артында ешбір бала қалмаса, жесір әйел мал-мұлкімен әменгеріне қосылады.

Өлген адамның артында үйленген, бірақ еншісін алмаган балалары мен үйленбеген балалары және жесір әйелі қалса, әкесінің жылын өткізген соң үйленгендері енші бөліскісі келсе, ауыл аксақалдарын жинап, мал сойып, мал-мұлікті бөліп беруін сұрайды. Мұндай жағдайда ауыл аксақалдары енші бөлісетін туыстарымен ақылдаса отырып іске кіріседі. Үйленген бала біреуғана болса, әкенің бар мал-мұлкі соның қолында болады. Оның қоғам алдындағы міндеті үйленбеген інілерін үйлендіріп, оларға тиісті еншісін беру. Ал үйленген балалар екеу болған күнде, олардың келісуі бойынша, үйленбеген балалардың болашақ қалыңдығы үшін берілетін қалыңмалды шығарып, қалған малды балалар мен жесірге тең бөледі. Жесір шешенің үйленбеген балаларымен бөлек отыра беруі де мүмкін немесе үйленген баласының бірінің қамқорлығына алынуы да ықтижим. Жесір жас болса, жеткіншек балаларымен, өзіне тиғен үлесімен әменгеріне қосылуға ерікті.

Мұндай жағдайда әкеден қалған мұра үйленбеген балаларының қалыңмалынан аспайтын болса, еншіге ештеңе бөлінбейді. Сырдария өлкесінде тұратын қазактардың әдеті бойынша, егер үйленбеген екі ұл, айттырылмаған бір қыз әкеден қалған жағдайда, әке мұрасы екі қалыңмалға жетпесе, біріне қалыңмал ретінде мал бөлінсе, екіншісіне қарындастынан алынатын қалыңмал беріледі.

Әке-шеше бірдей өліп, артында ылғи жас қыздар қалған жағдайда, әкеден қалған мал-мұлік оның ағанилеріне ауысады, онымен бірге қыздар да солардың тәрбиесінде болады. Халық дәстүрі бойынша, олар

жетім қалған қыздарды өсіріп, бой жеткізіп, кейін тойтомуалағын жасап, жасауымен ұзатуға міндетті. Қыздарға жұмсалатын қаржыдан артылатында мал мен мұлік қалған жағдайда, бірге туысқан мұрагерлер өзара бөлісетін. Өлген адамның бірге туысқан аға-інісі болмаса, жанашыр ағайыны жиналып, шөбере туыстарының біріне қалған жас жетім балаларды тәрбиелеу міндеттеді де, мал-мұлік те сол қамкоршының қолына қошеді.

Бәйбі sheden туған үлкен балалар енші алып кетіп, әкесімен қалған кенже баласы өлген жағдайда тоқалдан туатын балалар мен бәйбіше балаларының арасында әкесі өлгеннен кейін енші үшін болатын дауды болдырмау мақсатымен оның еншісін тірі туыстарына бөліп беретін көрінеді. Көп әйелді болған байлардың әр әйелінің еншісі көбінесе бөлек болады. Егер әкелері өлсе, әрқайсысы өз шешесінің еншісін ғана бөліседі. Бір некеден туған балалардың мал-мұлкіне екінші не үшінші некеден туған балалар қол сұқпайтындығын көптеген қарттардан да естідік және көне әдебиеттерден де кездестірдік. Егер бір некеден ешбір мұрагер қалмаған болса, сонда ған әке мұрасын басқа некеден туған балалар бөліседі.

Озінен туған ер баласы болмаған жағдайда ағасының не інісінің баласын асырап алу қазақ арасында ежелден келе жатқан дәстүр. Баланы мүмкіндігінше ең жақын туыстарынан алатын. Мұндай мүмкіндік болмаған күнде басқа ел, басқа рудан да тамыр-танаистарының баласын алып асырайтын.

Енді сол асырап алға баланың мұрагерлері жөнінде айта кетейік. Өз туыстарынан немесе аталас туыстардан асырап алынған балалар өгей әкесі өлген соң, оның занды мұрагері болып есептеледі. Оған мұра болған мал-мұлікке марқұмның өзге туыстары еріксіз қол сұқпайды. Мұндай мұрагерлер өзімен тұстас туыстарының наразылығын туғызбау үшін оларды болымсыз үлеспен не жол-жорамен риза етеді де, негізгі мұраны өзі иемденеді. Ал енді басқа елден асырап алған баланы өгей әке өзінің занды мұрагері еткісі келсе, көзі тірісінде туысқандарының басын қосып, әрқайсысына жолын беріп риза етеді. Асырап алған ұлының тегі бөтен атадан болғанымен, өзі өлгеннен кейінгі мұрагері екенін жариялады. Мұндай жағдайда асырап алған үлдің мұрагерлік қақына ешкім шек келтірмейді.

Егер әке козі тірісінде әдейі мұрагер етпесе немесе

кенеттен өліп, өситет айта алмай кетсе, әкенің жақын туыстары өке мұрасын асырап алған үлға билетпейді. Оған әдеттегі туған үлға берілетін енші мөлшерін толығынан беріп, үйленбекен болса қалыңмалын қоса беріп, оз еліне аттандырып, қалған мал-мұлікті туыстар өзара боліседі. Өйткені толып жатқан мал мен мұлікті асырап алған үлға түгел жіберуге қалған туыстар қимайтын да, оздерінің де мұраға ортақ екенін дәлелдеп, әрқайсысы өз үлесін алуға тырысатын.

Олген адамның артында бір атадан туған немере, шобере туыстары болмаса, аталас ағайындары қалған мұраны бөлісетіндігі – бұрынғы рулық құрылышты елестетеді.

Мұра және мұрагерлік мәселесіне тікелей қатынасы бар тағы бір жай – жасауымен келген әйел жастай баласыз өлсе, жасаудың негізгі бөлігі төркініне қайтарылады. Мұндай жағдайда отау, төсек-орын, сәукеле, ертүрманымен, бір ғана қызы қалса, жоғарыда айтылған мал-мұліктің жартысы қайтарылады, ал үл қалса, ешнәрсе қайтарылмайды (60-б.).

Ал архив қоймаларына көз салғанда, баласыз өлген жас әйелдердің жасауын даулаған деректерге кездестік. Бұған қарағанда, күйеуі мен құдасына бір нәрседен конілі қалып өкпелеген жағдайда жасауы дау болған сияқты. Сейтіп, ертеректе жасаудың қайтарылуы міндетті болғанымен, кейін бұл салт ұмытылған болу керек.

Ел аузынан жиналған соңғы деректерге қарағанда, жоғарыдағыдай, мал мен мұлікті міндетті түрде, қайтару шарт емес. Қалыңмалы толық алынып үзатылған қызға берілген жасауды даулау әдетке айналмаған. Қарттардың айтуынша, өлген қыздарының белгісі ретінде төркініне сәукелені қайтару әдеті болған көрінеді. Өйткені сәукеле қызға арналып жасалған қуаныш белгісі болғандықтан, төркіндері оны “пәлен” жанның сәукелесі” деп, оның көзіндегі көретін ескерткіш ретінде қалдырады.

Сонымен, қазақ халқы әдеттік құқ негізіне сүйене отырып, өке мұрасына иелік етіп, оны мұрагерлер арасында дұрыс бөлісуге көп мән берген. Әкеден қалған мал мен мұлікті орын-орынымен бөлісу үстінде адамгершілікке жатпайтын дүниекорлық, озбырлық қылықтарды істеп, алауыздықтың тууына көбінесе жол берілмейді. Мұны жоғарыда баяндалған мұрагерлік құқының сан алуан түрлері қазақтың әдеттік ереже-

лерінде өте орынды ескертілгендігінен де байқауға болады. Марқұмның өлердегі өсиеті, артында қалған жас балаларының, жесірінің, қарашаңырағының, тіпті енші алып бөлек кеткен балалары мен үзатылмаған қыздарының мұддесі және өліктің жетісін, қырқын, жүзін және асын беру шығындары түгелдей ескеріледі.

## ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Төңкеріске дейін қазақ арасында патриархалық-рулық қатынастың сілемі сақталып келгенін – олардағы туысқандық қарым-қатынастан да анық көруге болады. Айталық, жеті атаға дейін қыз алыспау, яғни экзогамия заңына негізделген бұл жора олардың санасындағы өте әріге кететін тектік жақындықты ұмытпаушылықты көрсетеді. Жоғарыда айтылған мұрагерлік хақы да туысқандық қатынастың әріге кететінін дәлелдейді. Мәселең, тікелей мұрагері немесе әменгері қалмаған жағдайда мал-мұліктің де, жесірдің де, өлген адамға туысқандық жақындығына қарай немере, шөбере немесе аталас және руластарының иелігіне өтуі – қазақ арасында туыстық қатынастың беріктігіне дәлел бола алады.

Туыстық қатынас өлгеннің артында қалған мұраға иелік етуге ғана байланысты емес. Ойткені туысқандық қарым-қатынас бір-біріне әр түрлі жағдайда көмек көрсету кезінде де анық байқалады. Мәселең, қыз үзату, келін түсіру, енші бөліп беру сияқты қуаныш кезінде, немесе кісісі өлген үйге аза салу, оның жетісі, қырқы, жүзі және жылын беру, әки әр түрлі кездейсоқ апаттарға (жұт, өрт т.б.) үшірап, мал-мұліктен жүрдай болған туысқа туыстық жақындығына немесе өз шамашарқына қарай “қосқаным” деп көмек көрсету әдеті бұған дәлел. Мұндай көмек қазақ арасында “жылу”, “немеурін”, “үме” деп аталған. Осындай туыстық, қала берді рулық ауызбірлік, ынтымақтық нәтижесінде “көп жиылса көл” болар деген макал қалыптасса керек.

Бір-біріне көмек беру әдеті өте ертеде қалыптасқан, яғни оның түп тамыры рулық құрылышқа кететіні даусыз. Сондықтан да ол кездегі әрбір ру мүшесінің қоғамдағы орны, салмағы бірдей болды. Келе-келе жеке меншіктің, таптың шығуна байланысты өзара сілетсіз көмектің де мәні өзгерді, таптық сипат алды. Туыстық көмек дегенді желеу етіп, ауқатты, ықпалды адамдар

оздеріне көбірек көмек жинаса, яғни оған маңайдағы толып жатқан ел түгел үлес қосса, кедейлерге арналған көмекке қосылатын үлестердің мүшелері де тым шағын болумен бірге, оған азғантай ғана жақын туыстар қосылатын. “Алмақтың да салмағы бар” немесе “Бай – байға, сай сайға құяды” деген мақалдың өзі осыны дәлелдейді.

Қазақ арасында рулық қатынастың болымсыз сілемі болмаса, ежелгі замандағы оның қоғамдық берік түрі сакталды деуге болмайды. Қазақ қауымындағы бай мен кедей арасындағы таптық қайшылықтың айқындала түсіү, товарлы ақшалы қарым-қатынастың жедел енүи рулық қатынастардың негізін шайқалтып, оның күйреуіне әкеліп соқты. Ел арасында қалыптасқан “Түистан жүріс жақын” немесе “Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” деген мақалдар мұны ашық дәлелдейді.

Қазақ арасындағы туысқандық қарым-қатынас тек ерлер тарапынан ғана болып қоймайды, қыздар үрпағы, жиендер мен нағашы арасындағы қарым-қатынас те ерекше қоңіл аударуды қажет етеді. Нағашыға жиен батыл келеді, халық дәстүрі бойынша нағашысы жиеніне “қырық серкеш беруі” керек. Сондықтан болар, жиен қоңілі түскен нәрсесін: жүйрік ат, қыран бүркіт, қаршыға, алғыр тазы, берен мылтық т.б. осы сияқты бүйымтайын нағашысы қолынан бермесе, жиен жолынан алуға ерікті, ол үшін жиен айыпты болмайды. Жиеннің қандай еркелігі болсын, нағашы жұрты котे-реді де, оған әрдайым қамқорлық жасап отырады. Сондықтан да халық даналығы жігіттің үш жұртының болатынын айта келіп: “Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – сыншыл, ал нағыз қалтқысыз тілеуқорың нағашы жұртың” дейді. Жиенді баласында ерекше ардақтау – қазақ халқының қанына сіңген дәстүрі.

Әдетте жиен нағашы атасынан гөрі, нағашы ағаларына (шешесінің туған аға, інілеріне) өте батыл келеді. Олардың әрқайсысындағы мұндай қарым-қатынас (авункудат) аналық рудың қалдығын байқатады. Жиенді қадірлеу – ескі гректер мен герман тайпаларында да ерекше болған. Олай болса, бұл ғұрыптың қазақ арасында осы уақытқа дейін сакталуы, басқа халықтар сияқты, қазақтардың да өз дамуында аналық ру дәуірін өткізгендігін дәлелдейді.

Бір ел мен екінші елдің арасында қызы беріп, қызы алу арқылы құдандалық қарым-қатынаспен бірге,

күйеу мен қайын жұрт арасында қарым-қатынас болады. Қайын жұрты күйеуді әр уақытта сый тұтады. Қыздарына дұрыс қарап, жақсы адамгершілік қасиетін білдірген күйеулер қайын жұртына сыйлы, ерке болады. Қайың жұрттың әр шаңырағы күйеудің сыбағасы деп әрдайым төс сақтайды. Күйеуге тартылған табақта төс болмаса, күйеу төсін даулап, женгелерімен қалжыңдасып жатады. Тартылған төсті міндетті түрде табақтан күйеудің өзі алып, бөліседі.

Күйеу мен қайын жұрттың арасындағы қарым-қатынастың ұзактығы – қыздың ұзак өмір сүруіне, төркінін ұмытпай жіңі қатынас жасап тұруына, ақылына, күйеуі мен түскен жұрттыңдағы беделіне байланысты болады. Ал ұзатылған қызы ұзак жасамаса, оның орнына балдыз беру әдеті орындалмаса, сол жылдан бастап басқа жерден екінші әйел алған күйеудің де алғашқы қайын жұрттымен қарым-қатынасы аяқталады. Бірақ бұған байланысты екі елдің арасындағы құдандалық қарым-қатынас тоқтамайды. “Сүйек жаңғыртайық” деп қайта құда болып, бір-бірінен тағы қызы алысып, қарым-қатынас созыла береді. Сондықтан да болу керек, қазакта “Күйеу жұз жылдық, құда мың жылдық” деген мақал қалыптасқан. Сыйлас құдалар бір-біріне керек болған жағдайларда көмектесіп, бір-бірінің куанышына бірге куанысып, ренішіне бірге қайғырысып, біріне-бірі сүйеу болатын.

Әр елге ұзатылған апалы-сіңлілі қыздардың, немере-шөбере, тіпті аталаң елдің қыздарының балалары бір-біріне “бөле” бол келеді. Бөлелер арасында олардың аналарының туыстық жақындығына байланысты аса бір сыйласымды, сілетсіз қарым-қатынас болады. Өйткені бөлелердің елдері бірінен-бірі бөлек болғандықтан, аналар арасында бәсекелестік, бірін-бірі көре алмаушылық қызғаныш сезімі тіпті болмайды. Оларды туыстық жағынан жалғастыратын – нағашы жұрты, яғни бұл екі жаққа да бірдей шешелерінің төркіні.

Ал енді бір елге келін бол түскен апалы-сіңлілердің балалары да бір-біріне боле болып есептелгенмен, олардың әкелері тарапынан туыстық қатынасы жақын болса бөлелік сезім, бөлелік қарым-қатынас жайына қалып, туыстық қатынаста болады. Бөлелердің әкелерінің әр-қайсысы бір-бірінен қызы алысатын елдерден болса, олардың шешелерінің бір әке, бір шешеден туған қандас туыстарының өзі бөлелердің неке құруына кедергі

болмайды. Өйткені қазақ қауымында қандас туыстық қатынас тек еркектер тарапынан ғана есептеледі. Бірбірімен қарым-қатынасын үзбей жүрген апалы-сіңлілі туыстар, әсіреке түскен жерлерінде беделді болып, өз балаларының тағдырын шешуге араласа алатында жағдай болса, балаларын, яғни бөлелерді бір-бірімен үйлендіруді теріс көрмейді. Мұндай мүмкіндік “Аяғын коріп асын іш, шешесін көріп қызын ал” деген мақал мәніне де жат емес.

Сейтіп, қазакта туыстық және құдандалық қатынастарға байланысты әр түрлі қарым-қатынас, алыс-беріс, озара көмек сияқты шым-шытырық қатынастар болады. Бұл қатынастардың әрқайсысының өзіне ғана тән, сан қиындықтардың өзіне ғана тән. Оларды әр уақытта орындау әркімнің борышы екенін кез келген қазақ жақсы білетін де, оны бұлжытпай орындауға тырысатын.

Қазақ дәстүрінде бірге өскен жамағайын құрдастар арасындағы қарым-қатынас та көңіл аудаарлық жай. Құрдастар бір-бірімен өте қатты қалжындасады. Бірінің әйелін бірі “өз әйелім”, баласын “өз балам” деп өзілдеп отырады. Бұлардың арасындағы өзара өзіл-оспақты әйелдері де, қүйеулері де, тіпті олардың балалары да жақсы түсінгендіктен, қандай ауыр қалжын болса да шамданып ренжімейді, қайта оған қарсы шешендік тәсілге сүйенген өзіл жауап қайтаруға дағдыланады. Осыған орай, “Әкесі құрдастың баласы да құрдас” деген мақал да қалыптасқан. Мұндай өзіл бірге өсіп, бірбірімен достасқан тату құрдастардың арасында ғана болады. Бұдан әрине, тосын кездесіп танысқан құрдастардың арасында құрбылық өзіл-оспақ болмайды деген ұғым тумайды, қандай жағдайда болсын, құрдастар бірбірімен, әйелдерімен ұялмай, еш нәрседен қымсынбай еркін, жарасымды, өзілдеседі Кейбір құрдастар арасындағы қарым-қатынас, олардың туыстық жақындығына қарамай, достыққа айналып, араларында алыс-беріс үзілмей, өле-өлгенше сыйласып отеді.

Ал осындағы құрдастар арасындағы әйел мен бала, үй-жай туралы сөз жүзінде болсын сақталып отырған ортақтық идеясы тегін емес. Мұнда бір көне заманың құпиясы бар сияқты, яғни әйелдері барлық құрбы-құрдастарының бәріне ортақ болған топты неке дәүірінің бізге дейін жеткен сілемі емес пе екен? Сірә, со лай болу керек.

Төңкеріске дейін қазақ арасында тамыр болып дос-  
тасу әдеті де кеңінен жайылған. Тамыр болып достасу  
әр жағдайға байланысты болатын. Кейде әкелері дос-  
жар болғанда олар балаларын да достастырады, немесе  
ел басына күн туған кезде мұdde-мақсаттары тоғысып,  
бір-біріне қадірі өткен адамдар тамыр болып достасады.  
Ең акыры бірінен-бірі не мал, не дүние, не қыран  
бүркіт, жүйрік ат, алғыр тазы сияқтыларды қалап алу  
үшін де достасып, тамыр болады.

Тамыр болғысы келгендер бұрын қылыш не қанжар  
сүйіп, бізді тек ажал айырсын деп жұрт алдында бір-  
біріне ант берісken. Ал XX ғ. басында қылыш, семсер,  
қанжардың орнына, достасатындар бір-бірімен үш рет  
төс түйісіп, айқаса құшақтасатын болған. Достасқан  
тамырлар қазақ ғұрпы бойынша ешқашан бір-бірінің  
көңілін қалдырмайды, бір-бірінің қуанышына да,  
ренішіне де ортақтас болу керек. Ақыр аяғында қимас  
дос-тамырлардың өзары құда болулары да ықтимал.

Қазақ арасында толып жатқан туыстық және жа-  
қындық жүйесіне байланысты қалыптасқан өте көп  
атаулар бар. Қазактың туыстық жүйесі классификация-  
лық жүйеге жатады. Мұны біз көптеген этнографиялық  
әдебиеттерден және ел арасынан жиналған деректерден  
анық көреміз. Бұл жүйенің классификациялық деп ата-  
лу себебі бір атаудың құдандалық және туыстық-жа-  
қындық жүйесінің бірнеше тобына ортақ болатындығы-  
нан. Мәселен, “аға” деген атаумен айтушының бірге  
туған ағасы, немере, шөбере, аталас жасы үлкен еркек-  
тер, әкесінің інілері аталса, “жиен” деген атаумен айту-  
шының қызынан, бірге туған апа-қарындастынан немесе  
немере, шөбере және аталас апа-қарындастарынан ту-  
ған бөлелер аталады. Күйеуге әйелінің әкесі де, әйеліне  
күйеуінің әкесі де “қайын ата” делінеді. Осы сияқты  
көптеген туыстық, құдандалық жақындық категорияла-  
рына ортақ атаулар көп-ақ. Оның бәрін төмендегі туыс-  
тық және жақындық жүйесінің схемасы мен оған жа-  
салған талдаудан анық байқауға болады.

Қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық  
жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының  
үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктеледі. Мұнымен  
бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық,  
құдандалық жақындыққа байланысты жіктеледі.

Қазақстанның байтақ жеріне кең жайылған үш  
жүзге кіретін барлық тайпалардың тілінде бірнеше

диалектілік ерекшеліктер байқалғанмен, туыстық және құдандалық жақындық жүйесіндегі атауларда жергілікті ерекшеліктер мүлдем жоқ деуге де болады. Олай болса, қазақтың туыстық және құдандалық жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан атаулар бүкіл қазақ жүртшылығына ортақ деуге болады. Мұны ел арасынан өзіміз жинаған деректер де, қазақ диалектологияның 1961 ж. шығарған диалектологиялық сөздігі де толық дәлелдейді. Қазақ арасындағы туыстық және жақындық қатынастарға байланысты қалыптасқан жүйенің мүншалықты кеңдігі мен тұрақтылығы Л.Морганның – қоғамның төмөнгі сатыдан жоғары сатыға өтіп, өзгеріп отыруына байланысты отбасы да ылғи жаңарып, өзгеріп отыратын болса, туыстық жүйенің, керісінше, мейлінше баяу дамып, тек отбасында болған келелі өзгерістерге ғана байланысты өзгеретіндігі туралы тұжырымдарына (1934, 250) шынайы айғақ болғандай.

Біздегі жиналған деректерге сүйене отырып айтушының әкесінің әкесі, шешесі және олардың аталас туыстары мен құдандалы жақындары бірінші топқа кірсе, екінші топқа айтушының әкесі, шешесі және олардың аталас туыстары мен құдандалы жақындары кіреді. Ал айтушының өзі мен оның аталас туыстары және құдандалы жақындары үшінші топқа кірсе, төртінші топқа айтушының балалары мен олардың аталас туыстары және құдандалы жақындары кіреді. Бесінші топқа айтушының немерелері мен олардың аталас туыстары және құдандалы жақындары кірсе, алтыншы топқа айтушының шөберелері мен олардың аталас туыстары, құдандалы жақындары кіреді. Ең акырғы жетінші топқа айтушының немене не шөпшек деп аталатын үрпақтары мен олардың аталас туыстары, құдандалы жақын сүйекшательстары кіреді.

Айтушы ер не әйел жынысынан болуы мүмкін. Сондықтан оларға туыстарының не жақындарының арақатынасына қарай атауларда да өзгешелік болып тұрады. Оны мына схемалардан айқын көруге болады.

Қазақ халқында туыстық есеп еркектер тарағынан жүргізілгендейтін, айтушы ерек болған жағдайда оның бабасынан бастап неменесіне дейін жеті атаға, яғни жеті үрпаққа толады. Ал жетінші үрпақты қазақтың “немене” не “шөпшек атандыруы тегін емес. Оның озіндік мәні бар сияқты. Айтальық, “немене” деген атаудың озі не екені белгісіз деп сұрақ қойып тұрған

тәрізді, ал “шөпшекке” келсек, бұл атаудың мәні тіпті анық. Қазақ шөпшек деп ағаштың курап сынып түскен жінішке бұтақтарын айтады. Осыған қарағанда, жеті атаға толғанда сегізінші үрпактың туыстық мәні жойылып, олардың арасында туыстық қарым-қатынас үзіледі деген үғымды білдіретін тәрізді. Айтушының қызынан туған жиенінің үрпағы оның бабасынан бастап жетінші атаға толғанда жетінші үрпағының “туа жат” атануы да жоғарыдағы пікірді дәлелдей түседі. Бұл атаудың мәні – жетінші үрпак жат деген үғымды білдіріп түр ғой.

Осыған қарағанда, қазақ арасында негізінен жеті атаға толмай қыз алыспау әдетінің мәні өзінен өзі-ақ айқындала түседі. Ал Жетісу өңіріндегі кейбір рулар ішінде туыстық салты жеті атадан асып кетсе де, қыз алыспау әдеті күні бүгінге дейін сақталып отыр. Тіпті он екі ата Жалайырдың әрқайсысы әлдеқашан он атадан асып кетсе де немесе Албан тайпасының 13 атаға толған Сары деген руы бір-бірінен осы уақытқа дейін қыз алыспайды.

Енді атулардың жалпы тізімін жүйе-жүйесімен келтірейік.

Қандай туыстыққа байланысты қалыптасқан атаулар: өз елі бойынша – баба, ана, ата, әке, шеше, аға, іні, апа, қарында, ұл, қыз, немере, шөбере (шөпшек), немере апа, немере аға, немере қарында, немере іні, шөбере аға, шөбере іні, шөбере апа, шөбере қарында; нағашы жұртының үрпағы бойынша – нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы апа, нағашы іні, нағашы қарында, жиен, жиеншар; туажат, неке құруға байланысты атаулар – қүйеу (ер, бай, жұбай), әйел (катын, бәйбіше, тоқал, зайдіп (жұбай), жезде, балдыз қайын іні, қайын аға, қайын бике, қайын ене, қайын ата, қайын сіnlі, қайны, женге, нағашы женге, нағашы келін, жиен келін, жиен қүйеу, абысын, бажа, бөле; құдайыққа байланысты жақындық атаулары – құда, бауыздай құда, жанама құда, құдағи, құдаша, құда бала т.б.

Бұл атауларды кез келген адам сол қүйінде қолдана бермейді. Әркімнің жыныс, жас және туыстық, жақындық қатынасына қарай үлкеннің атын атамау әдетінен байланысты өзгеріп отырады, әркім өз бетімен атқояды.

Төңкерістен бұрын балаларын ерте үйлендіретін-діктен 17–18 жасар әкелерді олардың балалары әке деп

ешуақытта айтпайтын, олар балаларының ағасы тәрізді болатын да, көбінесе әкесін “аға” дейтін. Ал “әке” деп немерелері үлкен әкесін (әкесінің әкесін, бабасын) айтатын. Үлкен әкесінің ағасын үлкен ата, інісін кіші ата десе, өз әкесінің ағасын үлкен аға, кейде ата, інісін аға, көке, ағатай немесе шешесінің оларға қойған атына ағатайды қосу (шырақ ағатай, інішегім ағатай, кенже ағатай); немесе олардың аттарына ағатайды қосу (Смағұл ағатай, Жусіп ағатай), кейде балалардың өздері ерекше ат қойып, оған ағаны қосу (Тәтті аға) арқылы ататын.

Үлкен әкесін, яғни бабасын “ата” деп те атайды береді. Бірақ әке, баба деген атаулар тікелей туған аталарына тән сияқты да, “ата” деген атау әкесінің, бабасының туысқандарына тән сияқты. Сондықтан арғы аталарымыз дегенде туған атасын да, олардың туыстарын да қосады, ал бабаларымыз дегенде, тек өздерінің туған әкесінің, әкесінің әкесі сияқты жоғарылай беретін тікелей қандастықты көрсетеді.

Үлкен әкесінің не әкесінің апа-қарындастарын кобінесе апай, бәлен апай, түген апай, апатай немесе тәте дейтін. Қыздар бой жетісімен бөтен елге үзатылғандықтан, оларға көп ат қойып үлгермейді де. Сондықтан оларды көбінесе апай атандыратын.

Қазақ дәстүрінде ат тергеу ғұрпы әсіресе келіндерден қатты талап етілетін. Бұл туралы әдебиетте бірінші рет Н.Ильминский “Күйеуінің туыстарының атын келін ешуақытта атамайтын. Оның – аға-інілеріне, апа-қарындастарына арнайы ат қоятын” деп көрсеткен. Келін тарапынан ат тергеу күйеу туыстарының жасына, жынысына, туыстық қатынасының алыс-жақындығына байланысты. Бұл арада келіннің тапқырлығы, байқағыштығы да оған көп көмек беретін. Өйткені әркімнің әр түрлі сырттай, іштей ерекшеліктеріне, мінез-құлқына қарай ұнамды аттар қоя білу кез келген кісінің қолынан да келе бермейтін.

Жаңа түскен жас келіндер түскен үйдін баласы болып кетеді. Сондықтан күйеуінің үлкен әкесін “әке” не “ата” десе, әжесін “әже” дейді. Ал күйеуінің әкесін оның аға-інілерін “үлкен ата”, “ата”, “кіші ата” дейді. Күйеуінің ағаларына “үлкен аға”, “жақсы аға”, “ағакем”, “көке” деген аттар қойса, інілеріне “сал жігіт”, “молда жігіт”, “мырза жігіт”, “ортаншым”, “тетелес”, інішегім”, “кенже” т.б; қайын сіnlілеріне “шы-

райлым”, “еркежан”, “еркем”, “еркешім”, “молдақызы”, “айдарлық”, “кеқілдім” т.б; ал бұрын ұзатылған қыздарды “апа” деп, не олардың күйеулерінің аттарымен бөлендегі қыз, түгендегі. қыз дей салады. Мұнымен бірге жас келіндер күйеуінің бірге туған немере, шеберге туыстарының өздеріне де жоғарыдағыдан ат қоюмен қатар, олардың әйелдеріне, яғни абысын-ажындарына да “ұлкен апа”, “апа”, “кіші апа”, “жақсы апа”, “женеше”, “бәлен апам”, “түген женешем” сияқты атай береді; келіннің тұсуінен бұрын туған күйеу ағаларының балаларына ат қояды. Ал өзі келін бол тұскеннен кейін туған күйеуінің туыстарының қандай үрпағының болсын балаларының атын атай береді. Сол сияқты женгелерінің келін бол тұсуінен бұрын туғандары женгелеріне де “женеше”, “тәтө” сияқты аттар қояды.

Әркімнің туыстық жақындығына, туыстар арасындағы жалпы қауым алдындағы алатын орны мен беделіне қарай орынды ат қойғыш келіндерді халық аса ұнатады. Мәселен, би, болыс бол жүрген қайнағаларын “би ата”, “би аға”, “болыс ата”, “болыс аға” дей беретін. Әдепті келіндер ат тергеуге соншалықты мән беріп, сыйлы ұлкен адамдардың аттарын атауды өзіне кешірілмес күнә деп есептейтіндері сондай, олар өзі атын атамайтын сыйлы қайын ата, қайын ағалармен аттас бөтен адамдардың да аттарын тұра атаудан именіп, айтальық – “қажы аттас”, “қажы атам аттас”, “ағаекем аттас” дейтін.

Қазақ аттары жер, су, аң, күс және төрт түлік мал атауларымен байланысты да қойылғандықтан, ондай атаулардың өзін өзінше өзгертіп айтатын. Мәселен, атын атамайтын адамдардың аттары Сарыбай, Сұлушаш, Бұркітбай, Биеke, Бүйен дейік. Мұндайда келіндер Сарысу өзенін – шикілсу десе, Сұлу тәбе деген жерді – әдемі тәбе, Бұркітті – қыран, биені – сауар, малдың – бүйенін жуанішек, көтөншегін өрістік деп өзгертіп аттады. Кейде атамайтын кісілермен аттас болған бөтен адамдардың аттарын да өзгертіп айтатын. Айтальық, Мәмбетті – Самбет деп өзгертсе, Әліні – Сәлі, Тұрсынды – Мұрсын, Ахметті – Сахмет, Жақыпты – Мақып, Сартбайды – Талқыяяқбай, Ноғайбайды – Абзибай т.б.

Халық дәстүрі бойынша ауылдағы қарт кісілер мен қайнағаларының аттарын атамау үшін оларға мазмұны бір басқа баламалар табатын. Мәселен, Қасқырбайды – Бөрі ата, Қазыбайды – Топ ата, Айтұғанды – Тұнгі

жарық, Алтынбайды – Бестен артық, Қыстаубайды – Көң ата деп те атай беретін.

Қазақ әйелдері күйеулерінің де атын атамай, оларды “отағасы”, “біздің үйдің кісісі”, “әлгі” немесе үлкен балаларының атымен бәлленнің, түгеннің әкесі дейтін. Күйеуінің құрдастарының атын да атамай, оларды “құрдас” атандыратын.

Келіндердің ат тергеуіне қазақ жұртшылығы көп мән бергендейктен, қойылатын, өзгертілетін аттардың түрі, үлгісі өте көп оның бәрін келтірудің қажеті де жоқ, мүмкін де емес.

Ат тергеудегі қазақ әйелдерінің аса ізгілігі мен тапқырлығын дәлелдейтін, әдеби мұраларда кеңінен тараған бір ақызды келтірейік.

Бір келіннің қайын жұртында Көлбай, Бұлакбай, Қамысбай, Қасқырбай, Қойлыбай, Қайрақбай және Пышақбай дейтін қайнағалары болса керек. Бір күні суға барған келін кішкене бұлақтың аржағында, көлдің бер жағындағы қамыс ішінде қойға тиген қасқырды көріп, шелегін тастай салып ауылға жүгіріпті де, үйге жетер жетпесте атасына көзі көрген жағдайды “Ата-ата! Сарқыраманың ар жағында, жылтыраманың бер жағында, салдыраманың ішінде маңыраманы ұлымға жеп жатыр, жанымаңызды білемеге білеп-білеп алып, тез жетініз” деп баяндапты-мыс.

Қазақ дәстүрінде үлкеннің атын атамай, оған арнайы ат қойып, оны өле-өлгенше есінде сақтауды үлкен әдептілік, көргенділік деп есептейтін де, ондай адамдарға барша жұртшылық дән ризалықпен қарайтын. Өйткені кіші үлкенді сыйласа, үлкен өз тарапынан кішінің кішілігін сыйлауы – халқымыздың қанына сіністі болған абзал өдеть.

Сөйтіп, қазақ халқындағы туыстық қарым-қатынас негізінен жеті атаға дейін созылып, одан әргі қатынас құдандалық байланысқа айналды. Бұлай дейтініміз қазақта экзогамиялық тосқауыл ру ішіндегі жеті атаға дейін берік сакталуы, ал сегізінші үрпақтардың бірімен-бірі некелесуге хақы бар.

Жеті атаға дейінгі туыстық қатынастың қазақ арасында күшті болғандығын классификациялық туыстық жүйенің қазақтағы мол атаулары да дәлелдегендей. Мұндай туыстар арасында бірін-бірі қысылғанда колдау, өзара көмек өрдайым болып тұратының да жоғарыда айттық.

Тұстық жүйе атауларымен бірге, қазакта құданда-лыққа негізделген жақындық атаулары да молшылық. Бірақ бұларға байланысты атав 3–4 үрпақтан аспайды да, құдалар арасындағы қарым-қатынас осы шенбердің көлемінде ғана болып тұрады. Қазақтағы тұстық және жақындық жүйе әлі жете зерттелмеген мәселе.

## БАЛА АСЫРАП АЛУ

Қазақ өмірінде бала асырап алу дәстүрі ежелден қалыптасқан. Негізінен өз кіндігінен ер баласы жоқ адамдар бала асырап алады. Бұл жағдай шынында бала асырап алудың ең негізгі себебі. Өйткені ондай адамды халық “ку бас” атандырған. Сондыктан да бала үшін шамасы келгендер бірнеше әйел алатын. Балалары құтаймай өле берсе немесе бала үшін тоқал алуға мүмкіндігі болмаса, бала асырап алудан басқа шара қалмайтын.

Бала асырап алудың бұдан басқа да себептері болады. Ондай себептер негізінен әр түрлі жағдайларға байланысты. Бірақ ол себептердің барлығын бірдей тізе беру мүмкін болмағандықтан, ең негізгілеріне ғана тоқталамыз. Әдетте өз кіндігінен баласы барлар да бала асырап алады. Себебі қайсыбіреулер шаруашылықты жүргізуде өз балаларына серік етуге, екіншілері балалы ағайындардан қысым негізінде, немесе жетім қалған ағайын-тұстырының жас балаларына шын мәнінде әкелік қамқорлық жасау мақсатына байланысты асырап алады. Сондай-ақ жақын тұыскандар арасында бір-бірімен тұыскандық қатынастарын үзбей күшайте түсу мақсатымен бірінін баласын бірі бауырына басатын. Баласыз адам, ең алдымен, өзінін бірге туған тұысының баласын, қала берді көніл жетер жақын ағайынының баласын алатын. Әрине, мұндай тұстыры бірнеше балалары болған жағдайда ғана бір баласын қимас тұысна беруден бас тартпайтын. Кейде бөтен елдердегі тамыр-тәнистарының немесе атасы басқа жетім балаларды (ертеректе тіпті құл балаларын, торелер болса төленгітерінің балаларын) бауырына салып асырап, бала ету (сирек кездескенмен) болып тұратын. Көбінесе ер балаларды асырап алатын. Ал ер баланың реті келмеген жағдайда қызы балаларды да асырап ала беретін.

Қандай жағдайға байланысты, кімді алып бауырына салып, бала еткісі келсе де, халық дәстүрі бойынша,

міндетті түрде орындалатын ғұрыптың бастысы – той жасап, ер балаға асық жілік, қыз балаға тоқпан жілік үстату әдетін істейтін. Әркім өзінің дәuletіне қарай қызықтайтын. Сараңдық қылмаған малды адамдар қуанышын көптің алдына тартып, ат шаптырып той жасаса, дәuletі шағындар жақын туыстары мен ауыл ақсақалдарын ғана шақырып құрмалдық жасайды. Қайткен күнде де жиналған жұрттың көзінше бауырына салатын баланың қолына жілік үстательп, көшілікті бұған күә ету, бала асырап алатын әке мен шешенің де жұрт алдында тумады деп бөлмеу туралы беретін уәдесі, анти сияқты. Олай дейтініміз – әр түрлі жағдайларға байланысты, асырап алған бала мен әкенің арасында келіспеушілік болып қалған жағдайда билер алдына жүгінетін мүмкіндік туса, жұрт алдында бата қылып, асық жілік үстатқандығы әке тарапынан жауапкершілікті аңғартса, асық жілік үстағандығын мойындау бала тарапынан міндеттілікті аңғартады. Жұрт алдында жілік үстату ғұрпы екі жағынан да бала алу, бала беру ісіне ризашылығын білдіру. Бұған қосымша бауырға салынған бала емшек жасынан әлдекашан кеткенмен, анасының емшегіне жұғысып кетсе болды, ол бала сол анатынан ақ сүтін емгеммен бірдей, қарыздар болып есептеледі. Ер балаға жілік үстатуға қосымша ашамайға мінгізу жорасы да бар. Өйткені баланы бауырға салу көбінесе оның 5–6 жасар кезінде болады. Бұл кез баланың атқа мініп үйренетін кезі. Ашамайға мінгізу соның жорага айналған түрі.

Әрине, тым жақын туыстары арасында балалары есейіп қалған кезде де бола береді. Ал бөтен елден алғанда бала мүмкіндігінше жастау болу керек. Мұндай жағдай олардың жаңа әке, шешесіне жылдам бауыр базып кетуінің бірден-бір кепілі.

Жоғарыда айтылған жораларды өткізгеннен кейін ол бала және әке-шешесінің туған баласымен бірдей занды бала есебінде болады. Ол балалар ержеткенше барлық қамқорлық әке-шешесінің мойында. Олар тумаған әкенің занды мұрагері болғандықтан, әке тірі кезінде оған қалынмал беріп әйел әперуге, керек болған жағдайда енші беріп бөлек шығаруға міндетті. Ал асырап алған қыз бала да сол тәрізді, ол үшін қалынмалын алып, жасауын толық етіп беруге міндетті болады. Қазақ дәстүрі бойынша бауырға зандастырып салынған балалар туған балалармен бірдей құқтармен пайдалану

керек. Бөтен рудан алынған жетім бала болса да, жоғарыдағыдан ғұрыптар арқылы занғы бала делініп, олар өгей әкенің атына көшіп, сол рудың занғы үрпағы болып саналады, оған өгей әкесінің туыстарының, тіпті жеті атаға толмаған ағайындарының қыздарына үйленуге қазақ салты қоспайды. Бұның озі асырап алған балаларды казақ дәстүрінде қандас емессің деп бөлмейтінін, бала беру ғұрпының соншалықты беріктігін көрсетеді.

Әке ер баласыз өтіп, артында жас қыздармен қалған жесірі бұдан былай қүйеуге шықпай, қүйеуінің түтінін түтеп отырам десе, оған зорлық жасалмайтын да, қүйеуінің ең жақын туыстарының бір жас баласын бауырына салып, жоғарыда айттылған ырымдарды жасап, өлген туыстың баласы атандыратын. Ол бала сол шаңыраққа түбінде иелік ететін. Бұл – бала асыраудың бір түрі. Әрине мұндай отбасы баланың туған әкесінің тікелей қамқорлығында болатын.

Асырап қалған бала ержеткен соң оз еліне не өз әке-шешесіне кетем десе, оған қарсылық білдіре алмайды. Әсіресе үйленгеннен кейін бөлек тұруға өбден ерікті. Асырап алған баланың тегі бөтен рудан болса, әкесі өлген соң басқа балалармен бірдей мұра үлесін алып, өз еліне кетуге болады. Өз туыстарынан алынған бала болса, ол занғы түрде мұрагерлік етеді. Туысқан адамдар бір-бірнен бала асырап алған жағдайда – ол балалар тел емген құлын сияқты, екі отбасының да қамқорлығында болады. Мұның озі, ең алдымен, әйелге байланысты. Өгей шеше өгейлігін жасаса, асырап алған баладан да ши шықпай қоймайды. Әсіресе әке өлген соң, оның туған балалары мен асырап алған балаларының арасында бірлік болмайды.

Әкелерінің тірі кезінде, әр түрлі жағдайларға байланысты, берген ұлын да, қызын да келісе отырып қайтадан алуы мүмкін. Мысалы, бір ұлын туысына берген адамның өзіндегі ұлдары өлген жағдайда, әсіресе өлген ұлдың жесірі қалса, асырауға берген ұлын қайтып алуына болады, асырап алған әке де бұған қарсы болмайды.

Ал туысына қыз берген жағдайда, қолындағы айттырылған қызы өліп, оның орнына берер басқа сінлісі болмаса, ал асырауға берген қызы айттырылмаса, екі жағы келісіп қыз оз үйіне келіп үзатылады. Әрине, қалынды да бөліп төлеуі, жасауды да бірігіп дайындауды мүмкін.

## ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ЖАҒДАЙЫ

Әйелдердің отбасындағы орны мен олардың күнделікті жағдайы отбасы тарихындағы маңызды мәселенің бірі. Қазан төңкөрісіне дейінгі әдебиеттердің көпшілігінде қазақ әйелдерінің қоғамдық қатынастарда құқсыздығын орынды баяндаумен бірге, олардың отбасындағы орнын, Орта Азия халықтары әйелдерімен салыстырғанда әлдеқайда еріктілігін негізінен дұрыс көрсетеді.

Солай болғанмен де, қазақ әйелдерінің отбасындағы орнын анықтауда оны әлеуметтік қатынастармен байланысты қарамай, бүкіл қазақ әйелдерінің көрген күні қаран, тұрмысы ауыр, өмірі азапта өтеді деген үстірт пікірлер де бой көрсетпей қойған жок (Н.Малышев).

Сондықтан төңкөріске дейінгі қазақ отбасындағы әйел орнын анықтауға, оның қоғамдық және үйдегі жағдайына тоқталған уақытта әлеуметтік қатынастарды, ислам дінінің және халықтық әдет-ғұрыптардың ықпалын дұрыс ескерсе ғана өткен өмірді объективті түрде корсетуге, ол туралы дұрыс тұжырымға келуге болады.

Төңкөріске дейінгі қазақ қауымындағы қоғамдық мәселелерге байланысты әйелдердің орны еркектерге қарағанда әлдеқайда кем саналғандығы кімге болса да аян. Оны біз әйелдердің қоғамдық мәселелерді шешүге араласпайтындығынан, сайлауға не сайлануға қақысының жоқтығынан, ең акыр аяғы “әйел құны ерлер құнының жартысына тең” болатындығынан көреміз. Ел арасындағы әр түрлі мәселелер және ауыл отбасы тағдыры көбінесе әйелдердің араласынсыз, тек ерлер арасында, онда да аксақалдар мен билер арасында шешілетін. Мұндай мәселелерде әйел тілін алу, оған акылдасу деген атымен болмайтын.

Ел арасындағы қоғамдық маңызы бар үлкен мәселені шешуде үйдегі әйелдерді былай қойып, ерлердің өзі түгелдей қатысты ма? Әрине, жок. Әр елдің өз ішінде басшысы, аксақалы, қала берді әкімі болады да, көптеген мәселелерді солар өзді-өзі шеше береді. Ал толып жатқан қатардағы ауыл ерлері оны мұлтіксіз орындауға тиісті болды. Олай болса, қоғамдық мәселені шешүге араласпау төңкөріске дейінгі қазақ әйелдерінің ғана басындағы, яғни олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізгі патриархалды-феодалдық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Ал енді үй ішінің тағдырына әр қазақ әйелі

белсene қатынасып отыруға міндетті. Үй ішінің көптеген тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін үстайтын да, өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағызы көмекшісі болатын.

Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі ол отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөлөнетін.

Төңкеріске дейінгі қазақтың көшпелі және жартылай көшпелілікке сай үй шаруашылығының көвшілігін ақ әйел еңбегіне байланысты болатын.

Шаруаның негізгісі мал есіру, егін салу болса, малды түзде бағып-қағу, оған жемшөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындау, киім тігу, жұн сабау, киіз басу, жіп иіріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бүйімдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көшқонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата-енесіне қарау т.б. үй ішінің ұсақ-түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болады. Үй шаруасына жалышылар үстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруалар істемейтін. Олар тек басшылық етіп, женіл-желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал орта шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты құні үйде тұрған малға қарау да көбінесе әйелдер мен бала-шағаның міндетіне жататын.

Қазак әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанмен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде карайтынын архив қазнасынан да қордік. Ері үйде жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс-жанжал шықпайтын. Үлкен-кішіні бірдей сыйласап, керек жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жығылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын.

Төңкеріске дейінгі көптеген әдебиеттерде қазақ әйелді сыйламайды, ұрып-соғып, күндікте ұстайды деген жаңсақ, бір жақты айтылған пікірлер де бар. Әрине, мұндай жағдай бүкіл халыққа тән қасиет деу қисынға келмейді. Оған дәлел ретінде С.Г.Рыбаков: “Әйелдеріне ерлері тарапынан қаталдықты мен кездестірмедім, соған қарағанда мұндай жағдай тым сирек кездесетін” десе, XX ғ. басында патриархалды-феодалдық қалдықтың Қазақстанның өзге өніріне қарағанда әлдеқайда молырақ сақталған Маңғыстау қазақтарының өзінде ерлі-заяыптылардың арасындағы қатынастар солайымен қожа мен күннің арасындағы қатынасқа мүлдем ұксамайтындығын, көбінесе бірін-бірі құрмет тұтып, сыйлауға негізделгендейдігін, қазақ әйелдері өздерін әрдайым еркін ұстайтындығын неміс ғалымы Р.Каружц те атап өткен.

Негізінен қазақ салты әйел салтанатына көп көңіл болетін десек – қателеспейміз. Жоқшылық зардабын шеккен кедей әйелдерінің халінің мұшкіл, тағдырының адам төзгісіз аяныштылығын халық харakterінің қаталдығынан емес, әлеуметтік тенсіздіктен іздеу керек. Өйткені үй жұмысының ауырлығын жеке көтерген кедей әйелдерінің жағдайы тым нашар деген күнде, олардың ерлерінің көрген күні қандай? Әмір ауыртпалығын тен қөтеріп жүрген жоқ па еken олар? Міне, осы жағдайға көптеген орыс чиновниктері жазған еңбектерде мән берілмей, халық өмірін теріс, бір жақты баяндаған.

Сән-салтанат құруды көксейтін ірі байларды былай қойып, өз шаруасы өзіне жетерлік орташа отбасының, ең алдымен, әйел салтанатына көңіл бөлгендігін кім жоққа шығарады? Шамасы келген отбасында киімнің асылын әйел киетіндігі, алтын-күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлердің әйелге арналатындығын, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалардың, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелердің әйелге арналатындығы кімге құпия? Әйел сыйламайтын халықта мұндай жағдай кездесер ме еken? Әрине, жоқ. “Әйел – ердің көркі” деген мәтел тегін тумаған болар. Аты анызға айналған ақылды, тапқыр аналардың ісін кейінгі үрпаққа үлгі есебінде әңгімежыр ету ауыз әдебиет үлгілерінде өте жиі кездеседі. Халық оларды мадақтап, мақтан етеді.

Төңкеріске дейін қызды жастайынан құда тұсу-шілердің балаларымен атастыру – әке мен оның жасы үлкен ықпалды туыстарының еркінде болатын. Жас

мөлшері тең балаларды бір-біріне атастыруды былай қойғанда, әйелі өлген немесе тоқал алғысы келген байлар малға жығып кедейдің жас қызын айттырудың өзі көптеп кездесетіндігі толық дәлелдейді. Осы дәстүрге байланысты 15–16 жасар қыршын қыздар 60 жастағы шалдарға екінші не үшінші тоқалдыққа барса, оның хал-жағдайы қандай болмақ? Немесе 30–40 жасқа келген жесір әйелді бөтен елге жібермеу үшін 12–13 жасар жас балаларына қосып, оған сол үйдің бүкіл шаруасын істеумен бірге, бала құйеуін тәрбиелетіндігін қайтесіз? Мұндай жағдайда бала құйеу ержетіп, әжетке жараған кезде женге алған әйелі кемпір болатын да, ол жас тоқал алатын. Бірақ негізінен ата-ананың еркіне сезсіз бағыну рухында тәрбиленген, тіпті көпшілік жағдайда он-солын өлі айырып үлгермелеген жас қыздар не істерін білмей, жылап-сықтап отырып, көрі құйеудің жетегіне еріп, айдауына көніп жүре беретін.

Қазақ дәстүріндегі неке құрудың тағы бір түрі – әменгерлік әдетке байланысты, жесір женгеге не келінге үйлену, немесе әйелі не қалыңдығы өлсе, балдызын алу. Құйеуі өліп, оның туысына шығуды ғылым тілінде “левираг” десе, балдыз алуды “сорорат” дейді. Ал әменгерлік құқ өте көне топты некенің қалдығы. Әменгерлік әдетпен өлген құйеуінің жақын туысына шыққан жесір көбінесе екінші, не үшінші әйелдікке барады. Ал бұл әдетке көнбей, құйеуінен жастай қалған жесір бөтен елдегі сүйгеніне шыққысы келсе, оған қолдан келгеніше кедергі жасайды. Ең акыр аяғында балаларын, мал-мұлкін алып қалуға дейін барып, тиетін құйеуінен қалыңмал, айып алуға тырысады. Сондықтан да жесір мәселесіне байланысты ел арасында дау-шар, барымта өте жи болып тұратын. Әйелдің адамшылық арына нұқсан келтіретін мұндай әдетке мойысұнбай, өз еркімен қалаған теңіне қосылуды армандаған қазақ әйелдерінің шағымдары архив қазынасынан көптеп кездеседі. Онтүстік Қазақстан аймағында ислам дінінің күштірек белен алуына байланысты, діни адамдарға бір жағдаймен тәуелді болғандар нәзір (тарту) деп қыздарын қалыңсыз берген. Мұндай жағдай нәзір берушінің ишанға ісі түскенде немесе оның қыз әкесіне көрсеткен ерекше қызметі үшін берілетін тарту болуы керек. Бұл өте сирек кездеседі.

Жаңа түскен жас келіншек құйеуінің әкесіне, үлкен әкесіне және жақын ағаларына, яғни қайын атасы мен

ұлкенді-кішілі жақын қайнағаларына көрінбей жасырынатын. Кейбір жағдайда өмір бойы көрінбей жасырынып өтетін келіндер де болады. Бұл әдет барлық халықтардың да бір кезде басынан өткізген топты некеден жұпты некеге өту дәүірінің қалдығы ретінде сақталған. Мұның өзіне моногамиялық отбасының топты неке дәстүрлеріне қарсы жүргізген күресінің айғағы есебінде қарau керек.

Қазақ әйелдерінің (келіндерінің) қоғамдағы салмағының сөл төмендігі іспеттес болғанымен, олардың әдептілігін көрсететін көптеген әдет-ғұрыптар да бар. Мәселен, қүйеуінен басқа бөгде ер адамдарға беті мен екі қолының ұшынан басқа денесін көрсетпеу; жалаңақ, жалаңбас жүрмеу; еркектер алдынан кесе өтпеу; ұлкендер отырған үйге кірмеу; өз үйіне ұлкендер келіп әңгімелесіп отырғанда олардың әңгімесіне араласпау; тіпті оларға шай құйып отырғанның өзінде бір тізерлеп қырын қарап отыру; үйде кісі барда малдас құрып не жүресінен отырмау; ұлкендер көзінше дауыстап сойлеспеу немесе балаға шаңқылдан ұрыспау – ұлken әдептілік деп есептелген. Шынында да, мұның бәрі әйелдің көргендігін дәлелдейтін ұнамды салт болған. Ал әйелдің өз қатарының алдында мұндай қатал тәртіп сақтала бермегенмен, белгілі бір межеден аспау керектігіне ұлкендер көп көңіл бөлген.

Отауы бөлек келіндер ата-енесі тұратын ұлken үйдің төріне шықпайтын, олардың төсегіне жатпайтын, отырмайтын да. Тіпті олар өлген күннің өзінде ұлken үйдің төрі, ата-ененің төсек-орны келіндер үшін өте киелі деп есептелетіндіктен, бұл ғұрыпты бұзушылар ауруға ұшырайды деп ойлайтын. Бұл әдет ата-ана отырған ұлken үй, қара шаңырақты сыйлау, құрметтеу, оған табынудың нышаны тәрізді.

Қазақ арасында әйелін болымсыз жазығы үшін ұрып-соғып жәбірлеу де болып тұратын. Еркектерді мұндай қаталдығы үшін әке-шеше, жақын-жанашыр аксақалдар тәртіпке шақыратын. Әсіресе әйел үстінен тоқалдыққа тиген кедейлердің жас қыздары қүйеуінен, қала берді айлалы күнестерінен де жазықсыз сөз есітіп, таяқ жейтін. Мұндай жас тоқалдардың өмірі шын мәнісінде күндікте өтетін. Тек балалары ержетіп, бәйбі sheden бөлініп шыққандаған зорлық пен қорлықтан құтылады. Қыздарының жазықсыз жапа шегіп жүргенін естіген кедей әке-шешенің де ара түсуге

дәрмені болмай, жігері құм болатын. Әйел тәркіні әлді жер болып, азулы адамдар болса, ара-тұра қыздарының хал-жайын біліп тұратын да, қолдан келгенінше жапа шектірмейтін. Жазым болып өліп кетсе немесе көзі шығып, қолы сынса, күн даулайтын. Қыскасы, қазақ әйелге көп талап қойып, олардың орындалуын талап ететін. Әйелдердің әрбір оғаш қылығын қалт еткізбей бағып отыратын. Сондықтан да “Әйел жолы жінішке” деген мақал қалыптасқан. Тіпті қызыңде де әкешеше, туған-туыстары оның әрбір аяқ басқанын аңдып, кейін ел жұртына сөз келтірмеуін қадағалайтын. “Қызға қырық үйден тыю” деген мақал осыған орай қалыптасса керек.

Әйелдердің мінез-құлқында кездесетін жағымды, жағымсыз қызықтарын сипаттау халық шығармашылығында жиі кездесіп отырады.

Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,  
Дауысы жіп-жінішке жұмсақ сөзді.  
Мінезі майға еріткен қорғасындей,  
Көрсөң де ертелі-кеш бір мінезді.

Жүзінің ағы аралас қызыл беті,  
Жаман сөз сейлемейді сірә тіпті.  
Ақ тісті, ұзын шашты, пісте мұрын,  
Ауызы өзіл сөзге тым-ақ епті.

Саласы он саусағы, бойы жазық,  
Жінішке бір-ақ тұтам белі нөзік.  
Күле сөйлеп тұрады еріменен,  
Әдеппенен жығылып кете жаздал.

Айтпайды “пәлен жоқ” деп шапшаңдатып,  
Білдіре ақырындал жауап қатып.  
Ерінің не айтқанын қабыл көріп...  
Шаңқылдап сөз айтпайды асып-сасып...

Даладан ертелі-кеш ері келсе,  
Тап-таза үйдің іші сыйырылған.  
Шынымен есек сөзден сақтанады,  
Шаңқ етіп даусы шықпас баланы үрган.

Сипатын жақсы қатын жазсам бітпес,  
Құрмет қып жаман қатын ерін күтпес.

Өүралтып ер тапқанын ұстай білген,  
Жоқшылық жақсы әйелге дөнене емес.

Болмайды адал ниет жаман қатын,  
Білмейді қанша айтсаң да сөздің затын.  
Ыржыңдарап салған жерден күле сөйлеп,  
Қылады ұрыс, жанжал сөздің артын.

Дегенмен, әйел тараپынан күйеуінен айырылысу үшін қойылатын талаптардың міндетті түрде орындалатын түрі де болатын. Біріншіден, жас әйелдің күйеуі өзінің күйеулік міндеттін орындауга дәрменсіз, кемқуат болған жағдайда, күйеудің мұндай дәрменсіздігі куәлар алдында сарапқа салынып дәлелденген жағдайда, билер алдында әйелдің талабы орындалады. Екіншіден, күйеуі 10–12 жасар бала болып, әйелі (әменгерлік әдетпен қосқан жесір женгесі) 25–30, тіпті 40 жаста болса, немесе баласы тым жас бай адамдар кедейдің бойжеткен қызын қолқанат ету үшін қалыңын беріп, “қол бала” етіп кіргізіп алған жағдайда (әйелдер жас баланың ержетуін күтсе, әбден қартайып, өмірден еш қызық көрмей өту қаупінен сессенуден) билер кеңесі мұндай әйел талабын қолдайтын. Үшіншіден, күйеуі әйелін жазықсыз жәбірлеп, ұрып-соға берсе, әйел, ең алдымен ата-енесіне айтады. Бұл нәтиже бермесе, беделді туысқандарына шағым береді. Одан да нәтиже шықпаса, төркініне хабарлап, олар өз тараپынан құдасының алдынан өтеді. Содыр күйеу бұған да құлак аспай, жазықсыз әйелін жәбірлеуді ұдете түскен жағдайда әйел төркіні билер алдында жүгінісіп, тендік алуға мүмкіндігі болады.

Егер күйеуінің қатал жаза қолдануы әйелінің аздап болса да кінәсіне байланысты болса, онда тіпті әйел басқа біреуге қашып кеткен күннің өзінде, билер үкімі бойынша, әйелді күйеуіне қайтарып, оны азғырып, айнытуши айып төлейтін.

Күйеуі аз ғана мал-мұлкіне қарамай, оны орынсыз шашып рәсусасын шығарса, әйелдің де жағдайына қарамаса немесе кедейліктің салдарынан әйелін асырауға шамасы келмесе, күйеу туыстарын неше дүркін ескерткенмен еш нәтиже болмаса, әйел билер алдына барып күйеуінен ажырасуға ерікті болған.

Әйелдің бұл айтылған себептерден басқа да, яғни шарифат жолымен де некелескен күйеуінен ажырасуына

мүмкіндік болатын. Бұлар негізінен күйеудің әйелге күнкөріс қалдырмай кетіп қалуына байланысты. Еш күнкөріссіз 6 ай 10 күн хабарсыз қалдыrsa, немесе 7 жыл бойы із-тұзыз жоғалып кетсе, күн көріс болған күннің өзінде екі кісі куәмен қазылар алдында жоғарыдағы айтылған шарттардың шындығы туралы ант берсе болды, әйел күйеуінен ажырасуға рұқсат алады.

Ал енді еректер тарапынан әйелін тастау әлдекайда оңай болатын. Әйел тастау қазақ арасында көп болмағанмен, кездесіп тұратын. Оның да бірнеше себептері болатын. Біріншіден, әйел женілдікке салынып, күйеуінің көзіне шөп салса, ол жағдай бұлтартпастай дәлелденген кунде айырылысдан басқа ештеңе қалмайтын. Ертеректе басқа біреумен көнілдестік үшін әйел де, оның көнілдесі де өлім жазасына бұйырылатын болса, XIX ғ. мұндай жаза қолданылмайтын. Көнілдестік үшін айырылысқан әйелге мал-мұліктен ештеңе берілмей, қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз іліп, ауыл алдында масқаралап төркініне апарып тастайтын. Екіншіден, әйелі үй шаруашылығын басқара алмайтын топас немесе ешкімді де сыйлай білмейтін көргенсіз болса, ауқатты күйе мұндай әйелден құтылуды дұрыс деп табатын да, үйінен әкелген жасауын түгел беріп, төркініне апарып салатын. Әйелімен шын мәнісінде айырылысқысы келген ерекк алақанымен тас уыстап, екі қолын төбесіне қойып, қуәлар алдында “талақ еттім” деп үш рет қайталаса болды, олардың арасындағы некелестік қатынас дереу үзілу керек те, ажырасу актысы яқталған боп саналады. “Талақ еттім” деу – Ислам дініне байланысты қалыптасса, төбесіне тас уыстаған екі қолын қою “тәнір алдында шын пейіліммен сенен безетіндігімді айтып отырмын” деген пиғылын білдіру ишараты, яғни тәнір алдында әйелін тастайтындығына берген анты сияқты.

Ерлі-зайыпты адамдар қандай себеппен ажырасса да, балалар әкеде қалатын. Тек кейбір жағдайда ғана емшектегі жас нәрестені шешесімен жіберетін. Ал мал-мұлік жағына келсек, әйелін күйеуі тастаса, киім-кешек, төсек-орын, мінер ат, кош көлігі т.б. жасауымен келген дүниесі өзіне беріледі, қалыңмал қайтарылмайды; күйеуін әйелі тастап кеткен уақытта ештеңе берілмейді де, қалыңың қайтарылуын талап етеді; әйелдің кетуіне күйеудің өзі кінәлі болған жағдайда, әйел өз дүниесін алғанмен, қалың қайтарылмайды.

Әдет бойынша қазақ әйелдерінің билер алдына жеке өз басының мәселесі болмаса, басқа іс туралы ба-руға қақы болмады. Би алдында куәлік беруге, ант ішіп, жан беруге әйел жіберілмейді. Ал Шарифат заны бойынша, тіпті қажет боп қалған уақытта әйелге ерлер күмін кигізіп, одан ант қабылдауға рұқсат берілетін көрінеді.

Жоғарыда біз әйелдің үй шаруашылығының барлығына бірдей қатынасатындығын айттық, ал әдет бойынша әйелге мал бауыздауға рұқсат берілмейді. Өйткені әйел бауыздыған мал һарам болады деп есептейді. Сондықтан ауылда мал бауыздауға жарайтын ерек немесе ер балалар болмаған уақытта, әйелдер дәрет алып, тазаланып бауыздай береді. Кейде тіпті ер балаға пышақ ұстасып бауыздау ырымын жасатып, қалғанын әйелдер өздері-ақ жасай береді.

Сейтіп, қазақ қауымындағы патриархалды-феодалдық қарым-қатынастың салдары мен ислам дінінің әсеріне байланысты әйел атаулыны төмен санап, оларға байлар мен билер тарапынан тәқаппарлықпен қарау да орын алды. Бірақ жалпы халық арасындағы ежелден қалыптасқан ұғым бойынша ереккек бергісіз әйелдердің болғандығын жоққа шығармайды. Қайта ақылдылық, тапқырлық, адалдық және коріктілікпен аты аңызға айналған әйелдерді барынша дәріптей де білетін. Бұған ауыз әдебиетінде кездесетін көптеген тамаша кейіпкерлер бейнелері (Қызы Жібек, Құртқа, Айман, Кенжекей, Қарааш т.б.) толық дәлел болғандай.

## КӨП ӘЙЕЛ АЛУ

Моногамиялық отбасы ежелден бері үстемдік еткенмен, қазақ қауымында көп әйел алу салтының түп та-мыры әрірек кетеді. Оған қазақ шежіресіндегі ру басылары болып саналатын ата-бабалардың бір қатары бірнеше әйел алғандығы дәлел болғандай. Мәселен, Арғын тайпаларының “Бес мейрам” атанған үлкен бөлігі Мейрам үрпағы болып саналады. Шежіре деректері бойынша Мейрамның бәйбішесі Нұрпаядан – Қуандық, Сүйіндік, бірінші тоқалынан Бетендік (Қозған), Шегендік (Қақсал) туады да; екінші тоқалы Қарқабаттан – Болатқожа (Қаракесек) Жалғыз туады. Ал 1950–1960 ж. туған балалар Мейрамның 16-үрпағы болып

есептегенді. Соңда әрбір төрт үрпакты бір ғасыр деп есептегенді, үш әйел алған Мейрам XVI ғасырда өмір сүрген болып шығады. Олай болса, шежіре деректерінің өзі көп әйел алу салтын қазақтың өз алдына халық болып бірігіне дейін апарады. Ал Мейрамнан да көнерек ру басыларының бірнеше әйел алмағанына кім кепіл бола алады. Әрине, болған. Бірақ көп әйел алудың қай уақытта болсын өзіне тән әр түрлі себептері болды. Ондай себептердің біздің заманымызға дейін үштасып келуі көп әйел алу салтының сілемін Қазан төңкерісі қарсанына дейін жеткізді. Олай дейтініміз казақ отбасы негізінен моногамиялық болды, яғни бір әйелмен ғана қанағаттанады. Ал, көп әйел алу әркімнің қолынан келе бермейтін. Өйткені әйел алудың негізгі жолы қыз үшін қалыңмал төлеп айттырып алу болса, қөвшілік халықтың қалың беріп бір әйел алуының өзі құшке түсетін. Нәтижесінде кедейлердің 30-40 жасқа дейін көп әйелді қойып, бір әйелге де қолы әрең жететін. Көп әйел алу тек қана малы көп, ақшасы мол байлардың ісі. Өйткені әр әйелге қалыңмал беруді былай қойғанда, бірнеше әйелді балаларымен асырап-сақтауға да қанша қаржы керек? Ал әйел үстіне айттырылатын қалыңдықтың қалың мөлшері де әдеттегіден 2-3 есе артық болатындығын ескерсек, көп әйел алудың қындығы айқындала түседі. Олай болса, қыруар шығынға көніп, көп әйел алудың ежелден бері тек ірі байлардың ғана үлесіне тигендігі XIX ғ. басынан бері біздің заманымызға дейінгі жазылған әдебиеттерде де, архив қоймаларында да орынды көрсетілген. Мәселең, 1897 ж. халық санағы бойынша бүкіл Қазақстан көлемінде әрбір некеде тұратын 1000 ереккек 1071 некеде тұратын әйел болған. Бұл деректі облыстар бойынша жіктесек, Жетісуда – 1086, Торғайда – 1086, Сырдарияда – 1076, Оралда – 1064, Ақмолада – 1053 және Семейде – 1045 некелі әйелден келетін. Осы деректердің өзі қазақ қауымында көп әйел алудың жалпы халықтық сипатта болмағандығына бұлтарта пас дәлел болғандай.

Көп әйел алу салты тек қазақ халқының байларына ғана тән емес, онымен бірге бүкіл мұсылман жұртшылығына тән салт екендігін еткен ғасырдың 70-жылдарында саяхатшы Г.Вамбери де баян еткен болатын. Бұдан көп әйел алу бұрын-соңды тек мұсылман жұртшылығына ғана тән деген үғым тумауы тиіс. Өйткені XIX ғ. соны мен XX ғ. басына дейін көп әйел

алу дәстүрі христиан және будда дініндегі көптеген Азия халықтарында (бурят, якут, алтайлықтар, хакастар, тубалықтар, ненецтер, монголдар және т.б.) сақталып келеді. Олай болса көп әйел алу дәстүрінің қалыптасуы дінмен байланысты емес. Оның тұп тамыры қоғамда ерлердің үстемдігі орнаумен, әлеуметтік теңсіздіктің тууына байланысты қалыптасқан.

Қазақ арасында да көп әйел алудың бірнеше жолдары болған. Байлыққа мастанған байлар төсек жаңғырту мақсатымен әйел үстіне қыз айттыру арқылы бірнеше әйел алатын. Халықтық әдет бойынша әйел саны шектелмейтін, ал шариғат бойынша да бір кісіге 4 әйелмен некеде болуға рұқсат етілетін.

Н.Гродековтың айтуынша, төрт әйелден артық әйелі бар ерлер соңғы төртеуімен ғана ерлі-зайыптылық ғұрпымен тұруға хақы бар, ал қалған әйелдері сопылых қолға түсіп, шариғат бойынша ерімен ажырасу кепек болған.

Әдетте әр әйелдің еншісі – үйі-жайы, шаруашылығы болек болады. Iрі байлар мен төрелер әр әйелін бір-бір ауыл етіп, қасына қоңсы қондырып болек үстайтын. Өйткені көп әйелді бір үйде үстаса, араларында ұрыс-жанжал болып, үй иесі өлген күнде әр әйелден туған балалар мал-мұлқіне таласып, дау-шар басталуы мүмкін. Қазақ хандары мен төрелері, аса ірі байлар шариғат қагидасын да ескермей, әйел санын төрттен әлдекайда асырып жіберген. Мәселен, А.Левшин Кіші жүздің XVII ғасырдағы ханы Нұралының 16–17 занды әйелі мен 15 көнілдесінің болғандығын атап өткен.

Әйел үстіне тоқалдыққа айттырылатын қыздардың қалыңмалы да әдettегіден жоғары болады. Кейбір қыздарды тек малға жығып алады. Ал ел ішіндегі болыс, би сияқты беделді әкімдердің мансабына жығылып, кейбір жарамсақ байлар қыздарын онша бұлдамай-ақ тоқалдыққа беретін. Жас тоқал мен күйеуінің жас алшақтығы көбінесе осындай некелерде кездесетін. Бір кісідегі көп әйелдің ең алғашқысы бәйбіше деп аталаған, өзгелердің бәрі тоқал делінеді. Бірнеше тоқалдар үлкен тоқал, кіші тоқал немесе олардың ерекше қасиетіне, түсіне, пішініне байланысты әрқайсысына дара ат қойылатын. Айталық: ақ тоқал, қара тоқал, әнші тоқал т.б. Бұлардың бәрі де бір-бірімен бәсекелес болғандықтан, күндестер арасы өсек-аянсыз бол-

майды. Олардың балалары да көбінese бір-біріне сұық, қырги-қабак келеді. “Екі қатынның баласы, екі рулы ел” деген мақал осыдан шыққан. Бірнеше әйелдің ішіндегі ең сұлуы, қолынан бал тамған өнерлісі, ақылдысы немесе ең жасы күйеуінің “нақ сүйері” атанады. Ондай әйелді қалған құндыстар көре алмайды. Құндыстар талқысына түскен арулар көбінese бақытсыздыққа үшірағыш келеді. Оны халық азындағы көптеген аңыздар, жырлар ашық сипаттайды.

Алғашқы әйелінен ер бала болмай, ылғи қыз, оның үстіне ер балалы туыстарынан жәбірлік көрген жағдайда, үй иесі қарт болса да тоқал алады.

Ел арасындағы аңыз әнгіме бойынша XVIII ғ. екінші жартысында Баянауыл жерін мекендеген Күлік руының Самырза деген байының Байғана, Тайғана, Айғана және Мешітбай атты балалары мал мен басқа бірдей шалқыған байлық иелері болыпты. Алғашқы үшеуі ұлды болғанда, Мешітбайдың бәйбішесі тоғыз қыз тауып, ұлды ағайынан зәбір шегеді де, бәйбіше мойнына белбеу салып: “егер құдай Мешітбайға бір ұл берсе, екі көзден айырылып ел актап кетсем арманым жок”, – деп зарлапты. Құндердің құнінде күйеуіне тоқал әперіпті. Жас тоқал келесі жылы бір ұл туыпты. Бәйбіше “көтеншегім түскенде туды” деп оның атын Көтен қойыпты, құдайға берген уәдемді орындаимын деп, екі көзін құрым киізбен байлаپ, бір көш жер жаяу жүріпті. Кешікпей бәйбішениң өзі де екіқабат болып, тағы бір ұл туыпты. Оны “бүйеншегім түскенде туды” деп атын Бүйен қойыпты. Бұдан соң тоқал екінші ұлын уақытына жеткізбей шала тұған соң Шалақазақ қойыпты да, өзінен тұған қара түсті екінші ұлының атын “енді Көбенсідім” деп Қаракөбен, ең кенжесінің атын “әлде би, әлде бек болсын” деп Әлдебек қойыпты. Сөйтіп, екі әйелден бес ұлды болған Мешітбай бұдан былай ағайыннан жәбір көрмей дүниеден отіпті.

Ауқатты адамның алғашқы әйелі шаруашылыққа басшылық етуге қабілетсіз – салақ, ауру, кемтар не кәрі болған жағдайда, үй шаруасын істету үшін де кедей қыздарын айттырып, тоқалдыққа алатын.

Әйел саны неғұрлым коп болса, байдың шаруасы да шалқып осе берген, жұмысшы қолынан мұқтаждық кормеген. Орта дәулетті адамдар да әмендерлік әдеті бойынша женге алып, шаруасын нығайтуға тырысқан. Жесір женгесін мал-мұлқі, балаларымен алу асқан бай-

лыкты керек етпейді, қайта олардың ортақ шаруасын нығайтуға себін тигізетін. Жесір қалған әменгерін бір не екі әйел үстіне де ала береді. Көбінесе мұндай әйелдер өз үйінде балаларымен бөлек тұра беретін де, күйеуі оның шаруашылығына қамқорлық жасап, өзінің бір үйі есебінде келіп тұратын.

Әменгерлік әдettің құрбаны болу арқылы көп қатынның бірі болу тек күйеуі өлген әйелдердің ғана үлесіне тиғен ғұрып емес, мұндай аянышты тағдыр айттырылып, он җакта отырған қалындыққа да ортақ болатын, яғни атастырған болашақ күйеуі өлген жағдайда жесір қалындық күйеуінің аға-інісінің біріне тоқалдыққа берілетін.

Жаугершілік заманда қолға түскен қыз-келіншектерді әйелдікке алу арқылы да қазақ әйелдерінің санын өсіретін. Мұдай сауғаны да атақты батырлар, билер мен байлар алатын. Өйткені жаугершілік кезінде қолға түскен тұтқында киім-кешек те, мұлік те, үй де, мал да болмайтын. Тек қалынмалсыз дегені болмаса, ондай қыз-келіншектерді де иемдену үшін мол қаражат керек болатын. Осы себептерден де әйел көбейтудің бұл түріне хандар, төрелер, ірі байлар, батырлар мен билер ие болған. Абылай ханның 12 әйелі қазақ, қырғыз, қарақалпақ және қалмақ қыздарынан болғандығы мысал болғандай. Абылай соңынан ерген атақты батырлардың әрқайсысында жауласқан халықтардан тұтқындалған қыз-келіншектерден бірнеше әйелдерінің болғандығы даусыз. Бұған Абылай өлгенде атақты Бұқар жыраудың жоқтауында “Қалыңсыз қатын құштырған Абылай” делінуі мен С.Сейфулиннің “Көкшетау” поэма-сындағы қолға түскен қыз-келіншектерді олжа ретінде бөлісуі дәлел бола алады.

Қазақ қауымында патриархалды құлдықтың жойылмай тұрған кезінде хандар, төрелер, ірі байлардың қарауында көптеген құлдар мен күндер болатын. Қарауындағы күндердің бала табуға қабілетті жастарын, өсіреле сұлуларын үй қожасы иемденетін, көп қатынның біріне айналдыратын. Қарауындағы күнімен көніл қосып жүруді “аяқ салу” деп атайдын. Бала туғаннан соң оның алдына мал салып, төбесіне үй тігіп, күнтоқал ретінде пайдаланатын. Осыған орай әр түрлі аныз-әңгімелерге қарағанда, иесі “аяқ салған” күннен туған балалардың рулы сл болып кеткендері аз емес. Мәселен, Арғын тайпасының Бес Мейрам бірлестігіне

кіретін Қаракесек атты үлкен рудың шығуы оған ашық мысал. Аңыз бойынша Мейрам келіншегіне еріп келген күтуші қыз қарқабатқа аяқ салып, одан Болатқожа туады. Кейін ол бәйбіше балаларының қысымына көнбей, өзге ұсақ руларды өз қосына топтап, ерлік көрсеткені үшін “Қаракесек” атанған. Оның ұрпағы Арғын ішіндегі ең көп елге айналған.

Қазақ тәжірибесінде көп әйел алғандардың әр әйелі көбінесе өз еншісімен бөлек түрғанмен, өзге әйелдердің бәріне бәйбіше ұstemдігін жүргізетін. Бәйбішені күйеуі тіпті сүймеген күннің өзінде, ол өзге әйелдеріне қарағанда ерекше жағдайда болған. Егер іс насырға айналғандай жағдайда бәйбіше балаларымен төркініне кетіп қалуға дейін ерікті болған. Тоқалдарда мұндай ерік болмайтын.

Сөйтіп, әйел үстіне айттыру арқылы тоқал алу не әменгелрік әдет бойынша әйел үстіне жесір келінін не женгесін алу тіпті Кенес өкіметінің алғашқы жылдарына дейін сақталып келді де, ал қолға түскен тұтқын әйелдерді және қарауындағы күндерді алу өткендеңі жаугершілік заман мен патриархалдық құлдықтың келмеске кетуімен бірге жоғалған.

## БАЛА ТӘРБИЕСІ

Қай халықта болсын отбасы құрған соң, баласы болуды арман етеді. Сол сияқты қазақ халқы да баласын үйлендіріп, қызын ұзатқан соң олардың ендігі тілейтіні бала-шағалы болуы. Жаңа үйленген ерлі-зайыпты жастар алғашқыда бала мәселеісіне онша мән бермегенмен, жас келіннің аяқ басқаны, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы тәжірибелі ененің көз қызығынан қалыс қалмайды. Жас келіннің бойына бала біткенін сезісімен, енесі оны өз қамқорлығына алып, оны пәле-жалаған сақтап, ауыл әйелдерін жинап “құрсақ” тойын өткізеді. Мұны “құрсақ шашу” деп те атайды. Өйткені оған жиналған әйелдердің әрқайсысы шашуларын әкеліп, келіннің үстіне шашады. Өмір тәжірибесі мол карт аналар жас келінге білгендерін айттып, екіқабат кездегі әр түрлі құбылыстарға шыдамдылықпен қарауға үйретеді.

Тіл-көз тимесін деп молдаға дұға жаздырып, бой тұмар жасап береді. Оны былғарыға тігіп, бау тағып, мойнына салып жүреді. Немесе ылғи үстінде жүретін

киімінің омырауының астынғы жағынан қадап қояды. Жетісу төңірегінде жеті ұсақ тасты түмарша етіп шуберекке тігіп, шолақ жен камзолының желкесіне астынғы жағынан көзге түспестей етіп жapsыра тігіп қояды. Бұл да тіл-көзден сақтау шарасы. “Тіл-көзің тасқа” деген қарғыс осыған байланысты.

Тұн қараңғысында екіқабат келіншекті далаға, қараңғы қорага шамсыз жалғыз жібермейді, үйде ері жоқта бір өзін жатқызбайды. Өйткені халық түсінігі бойынша, қараңғыда есік алдында, қорада, тіпті кісі тұратын үйде жын-шайтан, пері, алbastылар жүреді, олар жаңа түскен жас келінге үйір келеді-міс. Бұлардың қастандығынан түрлі ауруларға шалдығып, іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін деп ойлағандықтан, жас келіншектің төсегінің іргесіне, жастығының астына темір қару қойғызады. Тіпті жас келіннің отауына әр түрлі қару-жарақ, қамшы, балта, қасқырдың азы, бүркіттің тұмсығын іліп қояды. Мұның бәрінен халық түсінігі бойынша жын-шайтан сескенеді-міс.

Әдетте ағасы үйде жоқта женгесінің жанында қайнылары мен қайын сінлілдері болады. Әсіресе жастау болса да ереккі кіндікті баланың екіқабат келіннің қасында бірге болуы келіншектің өзіне де, әр нәрсеге сенгіш ата-енесіне де әжептәуір медеу болады. Халық түсінігі бойынша, баланың кіндігі бүралып қалмау үшін әйел екіқабат кезінде бақан, арқан аттамау керек, баланың бір мүшесі кем болып тумау үшін іштегі бала қимылдағанша – жерігі қанғанша итке кет демеуі қажет деген ырымдар да бар.

Қазақ арасында кең тараған діни сенім бойынша, екіқабат әйел түйе етін жемеу керек. Түйе етін екіқабат кезінде жеген әйел 9 ай 9 күнде босанбай, 12 ай көтереді-міс деген сенім де болған. Түрлі биологиялық себептермен босану мерзімінің кешеуілдеуіне байланысты немесе анық мерзімінен жаңылған әйелдерді түйенің бауырынан не алдына өткізіп, оның тезірек босануына мүмкіндік туғызамыз деп ойлайтын. Осы сенімдерге байланысты келіндерінің аяғы ауыр кезінде оған түйе етін жегізбейтін (Атырау, Ақмола, Қарағанды, Семей, Шымкент).

Ай, күні жеткен кездे ауыр жұмыс істепеген. Әсіресе жас келіннің алғашқы баласында үлкендер таралынан көп көңіл бөлініп, қамқорлық көрсететін, ойткені, біріншіден оның өз тәжірибесі болмағандықтан

болса, екіншіден, алғашқы немересі ата-анаға ыстық болып, оның әрқашан үлкен әкесі мен шешесінің баурында жүретіндігінен де болса керек.

Қазақ отбасында тұнғыш баланы көпшілік жағдайда әбден ер жеткенше үлкен әжесі мен әкесінің қамқорлығында болып, солардың баласы есебінде тәрбие-ленгендіктен, өз әкесінің інісіндей бол өсетіндігі ежелден бері келе жатқан көне ғұрып. Мұндай әдептің Еділ бойында мекендереген көне болгар және түрік халықтарында болғандығын ибн-Фадлан да байқаған болатын.

Баласы тұрмай жүрген әйелдердің күтімі жақсы болады да, аман-есен босанып, оның балалы болуына себін тигізгісі келген әрбір туысының, әсіресе енесі мен тату абысындарының жаны қалмайтын.

Толғақ басталысымен ауылдың үлкен әйелдері шашуларын алып жиналады. Көрші әйелдер мен жақын абысындар үй шаруасын өз міндеттеріне ала бастайды. Толғатқан әйелдің үстіне еркектер кірмейді. Толғатушының енесінің не үлкен абысының басшылығымен үйге арқан керіліп не бақан байланып, толғақ қысқан әйел екі қолтығымен асыла сүйеніп, тізерлеп тұрады. Толғатқан әйелдің шашын тарқатып, беліндегі белбеу мен бауырлардың барлығын босатып, тәжірибелі кемпірлер неше түрлі ырымдарын жасай бастайды. Толғақ үстіне келген кемпірлер шашу шашып, келіншек енесіне құтты болсынын айтып, әйелдің қиналмай, тезірек босануын тілесіп жатады. Енесі дереу қазан көтеріп, сақтап жүрген жылы-жұмсағын салып, “жарыс қазан” асуға кіріседі. Самаурынға шай қойылады, сүт пісіріледі. Үй ішіндегі әбдірелер ашылып, май, қаптың аузы босатылып құрт алынады. Ұзын арқанды өткермелеп байлан шығады да, екінші ұшынан тартып оп-онай тарқатып жібереді. Арша тұтатылып, толғатушы әйелдің басынан айналдырып аластайды. Етек жағынан құқірт тұтетеді. Мұның бәрі толғатушы оп-онай – әбдіре ашылған, тең шешілген, түйін тарқатылған тәрізді, шай қайнатым, сүт пісірім немесе ет асым уақытта, қазанмен жарыса тез босансын деген ниеттен тұған әрекеттер екені даусыз. Ал арша тұтатып аластау, құқірт тұтету толғатқан әйелден әр түрлі жын-шайтан, албасы-мәртулар аулақ болсын деген ниетке байланысты жасалатын. Мұндай женіл-желпі шараларды орындағанымен, әйел босана қоймаса, қарулы әйелдерге немесе қайын інілерінің біріне оның белін тартқызады. Ол үшін бел тар-

тушы адам әйелдің арқа жағынан отырып, сегіз көзден тізесімен сүйемелдей, белінен қаусыра құшақтап, арам шеміршектен төмен қарай қойдың құйрық майымен сылап отырып, балаға зақым келмейтіндей етіп, еппен тартады да, баланың тууын тездетеді.

Өткен ғасырдың сонында Қапал уезінде дәрігерлік қызмет атқарған И.С.Колбасенко қазақ тәжірибесіндегі бел тарту әдісі баланы жылдам туғызуға шын мәнісінде көмегін тиғизетініне өз көзімен күә болғандығын айта келіп, оны ғасырлар бойы дұрыс нәтиже беріп келген халық тәжірибесі деп бағалаған. Мұндай әдістің дұрыс нәтиже беретіндігін және оның толып жатқан Азия, Европа, Солтүстік және Оңтүстік Америка халықтарында да болғандығын төңкеріске дейінгі бірнеше зерттеушілер айтқан.

Бел тарту да еш нәтиже бермей, бала тумаса, әйел біртіндеп өлсірейді, ышқынудан да қалады. Мұндай жағдайда ескі сенімдер бойынша әйелді босандырмай түрған алbastы, яки мәрту деп есептеледі. Халық түсінігі бойынша – алbastы (мәрту) екі емшегін салбыратып әйелдің жанына қыз кейпінде келеді де, оның қеудесінен басып тұншықтырады, талықсып кеткен әйелдің өкпесін суырып алып, көлге апарып тастауға тырысады. Егер өкпені суға тастап үлгерсе, әйел қайтып есін жимай өледі деп ойлайтын. Мәрту басу деген осы. Мәртуды куу үшін қылышты қынабынан шығарып, әйелдің басына ойнатады, үкі әкеледі (Х.Қостанайев, 35–36). Үйдің алдына шағыр көзді айғыр әкеп байлайды. Үйге еркектер көбірек кіріп, етектерін екі қолымен қағып, үлкендері төрге шығып, билетін аяттарын оқыды, жастары қайта тысқа шығып, кару-жарактарын салдырлатып, бар болса мылтық атады, әйелдер отқа түз тастап, үйдің іші-тысын азан-қазан етеді.

Ата-бабалардан қалған сауыт-сайман, кісе, айбалта, найза, қылыш, қамши тәрізді бүйымдар болса – соларды әкеліп үйге іледі. Кейде тіпті қамшымен ақырындалп әйелді арқадан жанай тартып та жібереді. Мұның бәрі нәтиже бермесе, құраның құшақтап арнайы шакырылған молда келіп, құран оқып әйелге ішірткі жазып ішкізеді. Ол үшін кесенің не кішкене тәрелкенің түбіне сия қарындашпен дүға жазады да, оның үстіне су құйып, суға еріген сияны әйелге “ішірткі” деп ішкізеді. Молданың окуы көмек бермесе бақсы шақырылады. Бақсылар қобызымен зікір салып, жын-шайтан

мен мәртуды қууга кіріседі. Бірақ бақсы зікірінің зиянынан басқа, пайдасы болмайды. Өйткені ол халық тәжірибесімен жанаспайтын шаман дініне байланысты жасалатын зиянды әрекет. Амал не, зікір құшіне сенген қараңғы халық талай аяулыларының тағдырын бақсы қолына беріп, өкінішті жағдайға үшірайтын. Немесе бақсы әрекетіне байланысты өз бетімен босанса да зікір әсері деп білетін. Темір дүкенін, ұсталық өнерді, онымен бірге ұсталардың өздерін де қасиетті санап, құрмет тұтатындықтан, одан алbastы да қашатын деген оймен қиналып жатқан әйелдің жанына ұстаны әкеліп қызырылған темірді төске қойып соққызып та көретін.

Баланың теріс келуіне байланысты босана алмаған әйелдерге қазақ оташылары сәті түскен жағдайда, яғни бала өлмей тұрып кез келгенде, сыртынан түзететін немесе баланың өлгендігіне көз жеткенде, ананы сақтап қалу үшін қол салып суырып алатын. Шебер оташылар мұндай операцияны кейде тым сәтті орындағытын да, әйел тірі қалатын. Әрине, мұндай жағдай өте сирек кездесетін.

Толғатқан әйелдің жанына бала таппайтын әйелдерді жібермеуге тырысатын. Толғатушы әйелдің қасында көбінесе оның ниеттес жанашырлары бірге болатын. Бала туысымен оны жерден көтеріп алу бірнеше балалы болған мосқал әйелге тапсырылады. Халық сенімі бойынша баланың мінезі баланы жерден алғаш көтеріп алған адамға тартады деп есептеледі. Сондықтан жерден көтеруші мүмкіндігінше өзінің жағымды мінезділігі, мейірімділігімен ағайынға жаққан әйел болу керек. Ол баланың үл не қыз екенін айтып сүйінші сұрайды. Баланың кіндігін кесетін адамды шешенің өзі не енесі, күйеуі күнібұрын белгілеп қояды. Кейбір ауылдарда кіндік кесуге әбден машиқтанған тәжірибелі әйелдер де болады. Олар толғақ басталысымен кіндік байлайтын тарамыс пен кездігін әзірлеп дайын тұрады. Баласы тұрмай жүргендер кейде ереккек балтамен кестіретін де әдет болған. Кіндік кескен адам баланың кіндік шешесі деп аталады.

Босанған әйел әбден көтеріліп кеткенше кіндік шеше сол үйдің шаруасын істеп, ана мен балаға қарайды. Бір жеті шамасында босанған әйел көтеріліп, шаруасына жараған соң кіндік шеше балаға иткөйлек тігіп әкеліп, кіндік баласының әке-шешесінен койлек киеді. Бір жылдан соң қара табан болып жүргуге жарағанда

кіндік шеше бір қойын сойып, көйлегін алды, құттықтап келеді де, кіндік баласының әке-шешесінен қалағанын алады. Мұны қазакта “қалау” дейді. Әдетте кіндік шешенің қалаған малын не дүниесін екі қылмай беретін. Кейде қалау дәстүрін бланың жылға толуына қарамай-ақ жасай беретін.

Халық түсінігі бойынша, бланың, әсіресе мінезі мен іс-әрекетінде жағымсыз қылықтары болса немесе тым жуас болса, кіндік шешесіне тартты дейді. Әрине, егер кіндік шешеде ондай қасиеттер болса. Ал бланың тәуір жағын әр әке-шеше, туған-туыс өз қандастарынан іздейтін. Кіндік шешеге деген бланың ықыласы кейін есейгенде де қалмайды. Өйткені кіндік шеше де өзінің кіндік баласына әр уақытта қолынан келген қамқорлығын жасап, жылы шырайын білдіретін. Бланың әке-шешесі де кезінде шын ниетімен қызмет көрсетіп, қалаған қалауын алған кіндік шешенің қызметін ұмытпайтын, әсіресе балалары ауырмай-сырқамай, жақсы ержетіп, артынан басқа да балалар ерсе, қолы жеңіл болды деп ырым ететін.

Иткөйлекті жұмсақ сисадан не жұқа ақ бәтестен жеңі мен бойын тұтас пішіп, жағасын ойып алатын да, шет-шетін бүкпей, екі жанын қолмен тепшіп жас бланың нәзік етіне тігістің батпау жағын қарастыратын. Иткөйлектің етегін бүкпей әдеті – бланың жақсы осіп, жасының ұзак болуын тілеген ырымға да байланысты. Әдетте иткөйлекті бланы қырқынан шығарғанша кигізетін.

Әйел босанған соң бланың жолдасы түсісімен, оны тазалап жуып, бөтен біреулерге көрсетпей, адам баспайтын таса жерге мүқият көмгізеді. Ол үшін тереңдігі бір метрдей шұңқыр қазғызып, оның бір бүйірін үңгіп ақым жасайды. Сол ақымға бала жолдасының кіндігін жоғары қаратып салады да, шұңқырга жолдас жуылған қанды суды төгіп көміп тастайды. Бланың жолдасын ит ашып жемеуін қадағалайды. Ал бала жолдасын көмуді бөтен көзден жасырып істеудің өзінше себебі де бар. Халық түсінігі бойынша, туған бланың кіндігін (жолдаста қалған кіндігінің жартысын) бедеу әйел аяғымен басса, босанған әйел бұдан былай бала таппайды, оның бала табу қасиеті бедеу әйелге ауып кетеді деген сенім бар. Бедеу әйелдерді толғатқан әйелдердің маңына жолатпаудың озі де осыған байланысты. Бала таппайтын бедеу әйел бланың жолдасы

түсісімен бала табу үмітімен кіндіктің кесілген ұшын басуды өте қалайды. Бірақ үй иесі оған көрсетпей, жырақ жерге апарып көмеді. Бедеу әйелі жоқ ауылдарда бала жолдасын жасырып көмудің қажеті де болмайтын. Бұл ырым көбінесе Ұлы жүз қазақтарының арасында кездеседі (Талдықорған, Шымкент және Алматы).

Бала жолдасы түскеннен кейін босанған әйелді шомылдырып жатқызады, үйді жылы ұстаяға тырысады. Басын сөлімен бүркендіріп, ылғи терлең жатуын қамтамасыз етеді. Дереу қалжасына семіз қой сойып, жас ет пен жылы сорпа ішкізіп қалжалайды, керек болған жағдайда қойдың құйрық майын шылжырып ішкізіп, аз күннің ішінде көтерілуіне жағдай жасалады. Қалжаға сойған қойдың мойын омыртқасын тұтас асып, тіс тигізбей мұжиді де, омыртқаларды бір-бірінен бөлмей сол күйінде қыскы үйдің маңдай алдына не кереге басына іліп қояды. Баланың мойны бекігенше оны тастамайды. Осылай етсе баланың мойны жылдам бекіді де ген сенім болған. Халық түсінігі бойынша, жақсы қалжалаған әйелдің өзі де жылдам көтеріледі, емшегінен сүт те көп шығып, жас бала уызға бөгеді.

Кіндігін кесіп, жергөкке орап алған баланың кіндігіне су тигізбей, сабынды сумен шомылдырып, үстін құрғатып болған соң жұмсақ шүберекке құндақтап орап қояды. Бұдан соң баланың кіндігі түскенше оны шомылдырмайды. Кіндіктің тез түсуін қамтамасыз ету үшін Жетісу өлкесінің қазақтары иіс сабынның үгіндісімен қалжаға сойылған қойдың құлақ түп не тіл асты бездерінің ұсақ турандысын араластырып жасаған қоймалжынды кіндіктің үстіне жапсырып қоятын көрінеді. Осының нәтижесінде кіндік үш күнде, кейде тіпті одан да ерте түсіп, жарасы жылдам жетілетін болған.

Ал ел арасында жинаған деректерде күндікті қара сабынмен сылап, құйдірлген көк шүберектің күлін себу әдеті де бар. Қара сабын болсын, көк шүберектің күлі болсын, кіндікке микроб түсірмейтін, ушықпауын қамтамасыз ететін пайдалы шара. Халық тәжірибесі бойынша, мұның бәрі өзінің дұрыс нәтиже беретіндігін әлдеқашан дәлелдеген. Үзіліп түскен кіндікті баланың шешесі таза шүберекке орап, белгілі жерге тығып, ұзақ уақыт сақтайды. Мұны сақтаудың себебі де, жогарыда айтылғандай, бала шешесінің денсаулығына зақым келмесін, бала табу қасиетіне нұқсан болмасын деген қауіптен шыққан. Кейде ырымшыл кемпірлер кепкен

кіндікті турап-турап қуырған етпен араластырып бала таппай жүрген бедеу әйелдерге білдірмей жегізіп те жібереді. Бұл, әрине, бедеу әйелге пайдасы тиеді деген діни сенімге байланысты қалыптасқан ырым. Мұның өзі ибн-Фадланның оғыздар неше алуан көріністі қасиеттейді дегені сияқты, соның қазақтарда сақталып келген бір түрі. Жоғарыда айтылған, бала жолдасының кісі баспайтын жерге адамша жерленуі, бөтен адамнан оны бірнеше күнге дейін қорып жүруі, баладан үзіліп түскен кіндікті көп уақытқа дейін сақтау әдеті Хорезм олkesінде де болған әдеттерге өте ұқсас. Бұл екеуі де қазақтарды бір кездे Сырдария мен Ургеніш төнірегін мекен еткен оғыздар тіршілігіне жалғастырады. Бұл туралы Г.П.Снесарев магиялық, не ислам дініне дейінгі сенімдер бойынша көмілетін жолдас та, сақталатын кіндік те – бала жанының бір бөлшегі деп сенуден шыққан дейді. Оның бұл пікіріне күмәндануға болмайды. Өйткені қазақ өмірінді сақталған ырымдар оның дұрыстығын дәлелдей түседі.

Әйел аман-есен босанған күні кешке ауыл жастары шілдеханаға жиналады. Шілдехана кейде үш күнге дейін созылады.

Шілдехананы Жетісу жерінде “шілде күзет” деп те атайды. Шілдеханаға ауыл ұлкендері әдетте қатыспайды. Жаңа туған нәрестені әр түрлі жын-шайтан, перілердің салқыннынан қорғап, күзету халық сенімі бойынша тек қана жастардың міндеті. Ерте заманда бесіктері нәрестені күзету Ұмай анаға жүктелген. Оның сілемі қазақтарда соңғы уақытқа дейін келген. Шырак жағып күзету соның бір түрі. Жаңа туған баланы алғашқы күндері шырак жағып күзетпесе, оны перілер әкетіп, орнына басқа бала тастап кетеді деген сенім болған.

Біреудің қылығына наразылық білдіргенде казақ арасында “оі, пері тастап кеткен”, не “перінің қызы” “перінің баласы” деп балағаттау осы сенімнен шыққаны ақиқат. Бала туғанда үйымдастырылатын шілдехана оның тууына арналған мереке болса да, мұның түбебейлі мәні бала мен ананы тіл-көзден сақтап, ол үйдің маңайына қырық күн (чіллә) бойы жын-шайтанды жолатпау мқсаты бірінші орында болады. Бұның исламнан бұрынғы наным түрлери екені даусыз.

Туған балалары өле беріп, баласы түрмай жүрген ата-аналар оның себебін алып қарақустан көрген. Алып

қара құсттан жаңа туған баланы сақтап қалу үшін жергөкке орап, жілкө байлап тігулі тұрған жеті киіз үйдің шаңырағынан, егде тартқан жеті адамның тақымынан өткізеді. Олай ету баланың қай үйдің, кімнің баласы екендігін алып қаракүс білмесін деп ырымдау және осылай етсе, бала көп жасайды деген наным да болған.

Бұл ырымдарды жасаған соң кіндік шеше баланы өз үйіне әкетеді, ал бала әкесі оған бір арқа отын, бір қой беріп, баланы сатып алады.

Отын беру – отқа табынудың сілемі, ол – халық сенімі бойынша ұлы күш. От баланың қасында болса, жарық сәуленің панасында өсе береді деген сенім.

Босанған әйел көтеріліп өзіне-өзі келген кезде той жасалады. Тойға ауыл адамдары, көрші қауымдар түгел шақырылады. Мұндай той әдетте тек күндіз өткізіледі. Шақырылған кісілердің мөлшеріне, той иесінің шамасына қарай мал сойылады, палуан күресі, құнан бәйгесі үйимдастырылады.

Кіндігі түскеннен соң баланы қырқынан шыққанша етін шынықтыру үшін күнде тұзды сумен шомылдырып, денесін қойдың құйрық маймен сылап, аяқ-колын әрлі-берлі созылап отырады. Халық түсінігі бойынша, тұзды сумен шомылдырылған баланың денесіне әр түрлі жара, қотыр түспейді. Фылым көзімен қарағанда да, баланың етін ширату үшін мөлшермен еріткен тұзды судың пайдасы бар. Сондай-ақ халық тәжірибесіне байланысты жас баланың денесін маймен сылап-сипап, қол аяғын созылауы – дene шынықтырудың бір түрі, оны баланың жауырыны жабыспау үшін керекті шара деп біледі. Мұндай массаждың өте керектігін және тұзбен шомылдырудың пайдалылығын казіргі медицинағылымы да жокқа шығармайды.

Баланы қырқынан шығарып, қаракұлақ болғанша шомылдыру, сылап-сипап, құрғатып, дұрыстап бөлеу әдісін тұмса босанған жас келіншектерге олардың енелері немесе тәжірибелі абысындары үйрететін болған.

Бір жеті ішінде баланың кіндігі түсіп, кіндік жарасы жазылысымен, оны бесікке салады. Ол үшін абысын-ажындары, ауылдың үлкен әйелдері шақырылып, “Бесікке салар” ырымын жасайды. Ет асылып шай қайнатылады. Шақырылған әйелдер шашуларын әкеліп, куанышқа ортақтығын білдіреді. Жиналған әйелдердің ішінен жасы үлкен, мінез-құлқы, іс-әрекет жағынан парасатты, балалы-шағалы болған бәйбішелердің біріне

баланы бесікке салғызады. Бесікке салушы бесіктің барлық жабдығын орын-орнына қойып, әбден жасап алған соң, шашуға әкелген құрт, май, бауырсақ, қант-кәмпіт, күміс ақшаны уыстап алып бесіктің түбек байланатын тесігінен төмен өткізіп, бесік астынан қолын тосян әйелдерге береді, олар жиналған бала-шағаға, отырған әйелдерге үlestіреді. Осы шашылатын шашулардың өзіндік қасиеті бар деп есептеледі. Балалы болғысы келген жас әйелдер, әлі бала таппаған жас келіншектер ырым етіп, үлкен сеніммен шашудан татады. Шашу үlestірлігеннен кейін бесіктің түбегін орнатып, сіріңке тартып, бесікті отпен аластайды. Аластауышы әйел: “Ә, аруақ, құдай, пәле-жаладан сақта, тіл қөзіңнен сақта” деп сыйыну айтады, қолына берген баланы “биссимиллә” деп бесіктің оң жағынан жатқызып, жанындағы бір-екі әйелдің көмегімен бөбекті бірінші рет бесікке бөлейді.

Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. Эрбір жабылатын нәрсенің өзіндік мәні бар. Мәселен, ең бірінші етіп бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон жабу, жүген және қамшы сиякты бұйымдармен жабылады. Тон, шапан жабу – ержеткенде баланың елшіл, халықшыл болуына білдірілген тілек, жүген – тез өсіп, ат үстінде ойнак салсын, кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілекті аңғартады.

Бесікке салғандарға бірнеше білезік, сақина, жүзік және екі-үш әйелге көйлектік мата береді. Ең қымбат мата бесікке салушы бәйбішеге беріледі. Қалғандары білезік, сақина, жүзіктерді бөліседі. Сый-құрмет біткеннен кейін жиналған әйелдер үйді-үйіне тарасады.

Қазақстанның барлық жеріне бірдей тараған қазақ бесігінің бір-ак түрі бар. Қөшпелі не жартылай көшпелі өмір сүрген қазақ халқы үшін бесіктің қолайлылығы сөзсіз. Қөшкен кезде бала бөленген бесікті арбага салады, ұзак жерге көшетін арбасы жоқ қайсыбір елдер түйенің комына орнатқан шомға бекітеді, жақын жайылымдарға қөшіп-конатын елдерде салт атқа мінген анасы алдына өңгеріп те жүре береді. Бесікке үйренген, жақсылап бөленген балаға ашылып қалып сұықтию қауіпті болмайды.

Шумек пен түбек қойылған бесік әрі құрғақ, әрі таза болады. Баланың жақсы үйықтауына мүмкіндік туғызады. Баланы бөлегенде екі қолы мен денесінің, екі тізесінің аралығына жұмсақ шүберек не арнаулы құс жастықшалар қою әдісі бала денесінің терлеп немесе

дымдалып қызаруынан сақтайды. Қазақ бесігіне бөлөнген баланың қол-аяғы қозғалмай бесікке таңылып қойылатындықтан да, денениң бос жатып еркін өсуіне біраз кедергі жасауын еске алмасақ, тазалық жағынан қазақ бесігінің халық творчествосының көшпелілік жағдайындағы үлкен жетістігі деп қарау керек. Бірақ бесіктен шешілген баланың қол-аяғын созғылаپ, сылап-сипап, майлау шараларын үнемі орындана отыру нәтижесінде баланың денесінің өсуіне, қан жүруіне қазақ бесігі зиянын да тигізе қоймайды. Бесіктен баланы бір жасқа толмай шығармайды.

Қазақ бесігі талдан, қайыннан иілсе, бұрышы имек болып, ал қарағайдан жасалса, тік бұрышты болып келеді. Иіп жасалған бесік – қазақ бесігінің негізгі түрі. Ең әуелі бесіктің екі басын тұтас қайыннан, талдан иіп не төрт бөлек қарағайдан қыстырып, доға тәріздендіріп жасайды да, оның сирақтарының ортасынан бір шыбық салып, томенгі үштари дөңес жағы астына қаратылған табанмен біріктіріледі. Бұдан соң доға тәрізденген бесіктің екі басын бір-біріне қарама-қарсы қойып, араларын екі қатар ұзын шыбықтармен біріктіреді. Шыбықтар үстінен тақтай төсеп, оның түбек орнататын жерін дөңгелетіп қояды. Бесіктің доға тәрізденген екі басы дәл төбесінен жіңішке жұмыр арқалықпен біріктіріледі. Бесік болшектері бір-бірімен желім, ағаш шегелер арқылы берік қыстырылатындықтан, тербетіп қозғаған уақытта одан сықыр, шиқыл сияқты бөтен дыбыс шықпайды. Бесіктің әр басының аяқтарын дөңес табанмен біріктіру – оның зіркілсіз, жұмсақ тербетіліп, баланың мазасын алмау жағын қарастырғандық. Бесік арқалығы: біріншіден, оның үстіне жапқан көрпені баланың бетіне түсірмеу үшін, екіншіден, бесікті тербету үшін, үшіншіден, оған әр түрлі сылдырмактар, ойыншықтар іліп, тұмаршалар тағу үшін аса қолайлы. Бала бесікте ояу жатқан кезінде сол сылдырмактармен ойнайды. Ол үшін оянған баланың екі қолын бос қояды.

Қазақ халқы бесікті көпке дейін сақтап, бірден-бірге мұра есебінде қалдыра береді. Кездейсоқ жағдайға байланысты кирап қалмаса, өздігінен оны сындырып, отқа жағуға болмайды. Ата-бабалары жатқан бесіктерді олардың үрпағы ырым коріп, ешкімге бермей, көпке дейін сақтайды. Мәселен, Баянауыл ауданында тұратын Қадыр Байжановтың үйінде XIX ғасырдың ортасында туған Байжанның ағасы Қарабайға арнап жасалған

бесік осы күнге дейін сақталған. Қарабай – Мырзабек-тің алты баласының тұнғышы. Осы бесікке солардың бәрі жатқан. Ал Байжан кенжесі болғандықтан, бесік қарашанырақта қалып, онда Байжанның үш баласы жатқан. Одан кейін Шадырға ауысып, оның бес баласы жатып, енді Қадыр немерелері пайдаланып келеді. Өлар бұл бесікке аталар ескерткіші есебінде қарап, ырым етеді.

Біреулерден ауысып келген немесе жаңадан жасатқан бесікке ең алғаш бөленген бала қайтыс болса, оны еш уақытта пайдаланбайды, бесікті өлген баланың қабіріне бірге апарып қояды.

Қазақ бесіктерінің екі жақ басында, арқалығында қыздырылған темір басып қарыған таңбалар өте көп кездеседі. Бұл да отқа табынудың бір түрі. Бесікті қару Әдеті баланы алғаш рет бесікке саларда, бала әлде қалай ауырып қалған жағдайда жасалады. Бесік көбінесе қыздырылған шүмшүірмен қарылады.

Бесіктің түрлі жабдықтарын шама келгенше әр ба-лаға арнап жаңартып, өзгертіп отырады. Бесік көлеміне шақ етіп құстосек, жастық құстосектің үстінен кір котеретін жұмсақ матадан екі қабат етіп жөргек жасалады. Баланы жөргекпен құндақтыйтындықтан, оның екі жанынан және аяқ жағынан қолтықшылар қалдырылып, бала сонымен оралады. Бұдан басқа тізесінің үстінен салатын жұннен не құс мамығынан жасалған тізе жастықшылар, баланың кеуде тұсынан және тізеден бастырып қою үшін шүберекпен әдемілеп сырған жалпақ қолбау және тізебау жасалады. Баланың дәреті құйылып түру үшін ішіне күл, күм салынған киіз түбек орнатылады. Кіші дәрет астына жайылмай, түбекке құйылу үшін үлкен қойдың астық жілігінен жасалған шүмек орнатылады. Шүмектің ұзындығы 10–12 см шамасында болады. Асық жіліктің жінішке жағынан тесік жасалып, екінші басы шорт кесіліп жұмырланады. Түбектегі күл бала қайта бөленген сайын тазартылып отырылады, сондықтан бесіктे бөтен иіс-қоңыс болмайды. Бесіктің үстін қысты күні жұн тартылған бесік көрпемен, жазда жұқа көрпешемен жауып қояды.

Бесікке бөленген бала шошымау үшін оның бас жағына пышақ қойып, тұмар тағып немесе үкінің тырнағын, шүберекке түйілген қасқырдың кептірілген өтін, әр түрлі асыл тас, таналар іліп қояды. Мұның бәрі бала тіл-көзден, жын-шайтаннан салқынынан аман болсын деген нанымға байланысты. Бұдан ескі сенімдер мен

ислам шарифатының біте қайнасып араласқанын бай-  
қауға болады.

Әдете, бесіктегі жас баланы үйықтап жатқанда, мұм-  
кіндігінше, иесіз үйде оңаша қалдырмауға тырысады.  
Егер бала жанына қалдыратын ешкім болмай қалған  
жағдайда, жоғарыда айтқандай, жастығының астына  
пышақ тығып, кешке қарай болса шам жағып қоятын.

Баланың туғанына қырық күн толысымен, оны қыр-  
қынан шығару ырымын жасайды. Ол үшін ауқатты  
адамдар ауыл-үйдің мосқал әйелдерін шақырып, жинал-  
ғандардың ішіндегі өберелі-шөберелі болған кемпірдің  
біріне қырқынан шығару ырымын істетеді. Баланы  
қырқынан шығару ырымын өткізгенде оның қарын ша-  
шын қалаған адамына алғызады, одан кейін 40 қасық  
суды үстіне құйып тұрып “30 омыртқаң жылдам –  
бекісін, 40 қабырғаң жылдам қатсын” деген тілекті ай-  
тып, баланы бөлеуге шешесіне береді. Бала шомылды-  
ратын легеннің яки тегештің түбіне 40 құмалак тас,  
сақина, жүзік сияқты заттар салынады, сақиналарды  
бала шомылдыруға көмектескен әйелдер өзара бөліседі.  
Кейбір қарт әйелге көйлектік маталар береді. Баланың  
“қарын шашын” алған еркекке де азын-аулақ сыйлық  
береді. Қарын шашты шүберекке тұмарша етіп тігіп,  
баланың киімінің иығына қадап қояды.

Сөйтіп дәстүрлі 40 күн өткен соң, халық санасын-  
дағы ескі нағымнан туған балаға деген сан қили  
қауіп-қатер бірте-бірте сейіліп, “қарақұлақ” болған  
сайын кеми береді-міс, өсіреле бұрын баласы тұрмай  
жүрген ата-аналар көңіліне үлкен медеу болады.

Баланы бір жасқа дейін емшектен шығармайды.  
Бірақ 5–6 айға толысымен бие, ешкі, сиыр сүттерін  
бере бастайды. Бір жастан асқанда басқа тамаққа  
үйретіп, бірте-бірте емшекке бұрыш, тұз себу, қүйе жағу  
арқылы емшектен жирендіру немесе бала мен шешені  
оншақты күн біріне-бірін көрсетпей, емуді ұмыттыру  
арқылы шығарады. Басқа тамактарды ішіп-жеуге жақсы  
Үйренген балалар, әдете, емшектен тез шығады.

Қазақ салтында бебектің өсуіне байланысты толып  
жатқан ырым-жорасы болады. Айталық: бала қүйрығын  
басып отыруға айналған кезде күріштен не тарыдан  
ботқа пісіріп, табаққа салынғаннан кейін үстінен таза ак  
шүберек жауып, оның үстінен баланы қүйрығымен  
отырғызған болады да, қайта көтеріп алады. Мұны  
Жетісү төнірегінде “қүйрық ботқа” дейді. Бала еңбек-

тей бастағанда “бауыр аяқ” деп аталатын тағы да ауыл-үй әйелдерінің басқосу мәжілісі өтеді. Тұрлі тағамдардан кейін жиынға қатысушыларға жыртыс береді. Бала қаз тұрып аяғын апыл-тапыл баса бастаған кезде “тұсауын кесу” ырымын жасайды. Бұған көп адам шақырмай-ақ, баланың шешесі абысын-ажындармен жиналып, ауылдағы аяғы женіл адамға баланың тұсауын кестіріп, шашу шашып, женіл-желпі сый-құрмет көрсетеді.

Тұсау кесуге қойдың көтен ішегін не жіңішке ала жіпті пайдаланады. Тұсау кесушілер тек қана женіл аяқ, жүйрік адамдар болуы қажет. “Көп жерлерде бала жүруге айналғанда оны қанлы кемпірінің бұтынан өткізетін болған. Осылай етсе, бала бақытты болып, ел басқаруда оған еш нәрсе бөгет болмайды деп ырым еткен” дейтін еді академик Әлкей Марғұлан. Білікті бәйбішелердің айтуынша, тұсау жіп орнына көтен ішекті қолдану себебі: бала “малды болып, дастарқаны майлы болсын” деген тілекті білдіреді, ала жіпті қолдану – оның киесіне сыйынып, баланың аяғы шыққан кезде пәле-жаладан сақта деген пиғылды білдіретін корінеді. Шынында да, баланың тұсауын кесуге ала жіп қолдану магиялық діни нанымдарға байланысты оның киелілігіне сенуден шыққан көне әдеттердің бірі.

Тұсау кескен кісіге әркім өз шамасына қарай ырымын береді. Бірелерге көйлектік, енді біреулер орамалдық қана кездеме береді. Тұсау кесуші не берсе де разы болады. Өйткені әркім бұл әдетті орындауды өзіне сеніп тапсырғанға риза болатын. Егер нәресте тез жүгіріп кетсе, тұсау кесушінің қолы женіл болды десетін.

Қазақ әдетінде, балалар тісегенде, олардың тұскен тістерін қайда болса, сонда тастай салмай, бауырсақ арасына тығып итке жегізеді. Бұл ырымды баланың өзіне жүктең, “жаман тісімді алып, жақсы тісінді бер” дегізіп, итке әлгі бауырсақты тастатады. Бұлай етудің де белгілі бір сенімге байланысты болғаны даусыз.

Баланы 5–6 жасынан атқа мінгізіп үйрету тарихи замандағы қазақ қауымының белгілі дәстүрі болса, атана үшін ол үлкен қуаныш болған. Жас баланы салт атқа үйреткенде алғашқыда жай ерден гөрі ашамайға мінгізу қолайлырақ болумен бірге, көне дәстүрмен де байланысты болатын. “Ертерек кезде ашамай (қолтырмаш) тек баланың ері болып есептелетін. Бұл мән қырғыздарда кейінгі заманға дейін сақталған” дейтін Әлкей Марғұлан. Ашамайды оте жуас қолға тұратын

жылқыға ерттейді де, соған баланы мінгізіп, алғашқыда ауыл арасында жаяу жетектеп үйретеді. Ашамайға бірінші мінген балаға да жақсы тілектер айтылып, шашулар шашылады, бала әкесі жаттықтырушыға сыйлық беріп, сол күні баланың бірінші қадамын ардақтап қуаныш кешін өткізеді. Бірер күннен соң бала тізгінді өз қолына алып, өз бетімен салт жүргуге үйренеді. Бара-бара аттың құлағымен ойнайтын дәрежеге жетеді. Тіпті 7–8 жасында бәйгеге де шабады. Он – он бір жасында асau тайларды үйретуге жарайды.

Қыз балалар 5–6 жасынан бастап апаларынан, шешесінен, әжесінен және ауылдас әйелдерден, “іс тігу, тамақ пісіру, үй жығу, үй тігу, киіз басу, өрмек тоқу, кесте тігу” шеберлігіне үйренеді, үй жиып, кір жуу, өн салып, күй тартуға, айтысқа және қыз-келіншектерге тән басқа да әдет-ғұрыптар мен жағымды қылыштарды үйренеді.

Ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше болатын. Әке ұлына өзінің бар өнерін, естіп-білген білімін түгел үйретуге тырысқан. Ал әр үл өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеп, одан үйренген. “Ата көрген оқ жонар...”, немесе “Ұяда не көрсе, үшқанда соны алады” деген мақалдар бала тәрбиесіндегі ата-ананың, есken ортасының алатын орны толық сипаттайды. Сөйтіп, қазақ халқы үл-қызын 13–15 жасқа толғанша өмірге дайындал, білгенін үйретіп шығаруға тырысқан. “Он бесінде отау иесі” деп, қызды он үшінен бастап-ақ ұзатса, ұлының он бесінен бастап отауын да түсірген.

Қазақ отбасында ер баланы ерекше қадірлеген, тіпті оның алғашқы рет атқа мінгенін де, бір жаққа жолаушы жүргенін де, алғашқы рет шаруашылыққа араласуын да шашу шашып, қуанышпен атап өтетін, “тоқым қағар”, “тырнақ алдысы” деп жақын туыстары мен көрші-қоландарын шақырып кішігірім той-томалағын жасайтын. Әсіресе байдың зарығып көрген жалғыз баласы болса, оған деген сылтаулар тіпті көп болатын да, қия басқанның бәрін мадақтап той істейтін.

Бай балалары балалық шағында көп ойнап, ойын-сауық жағына көп араласса, кедей балалары жастайынан еңбекке дағыланатын. Ойын-сауыққа кедей балаларының тек асқан өнерлілері ғана араласатын.

Қазақ халқы ислам дініне сенетіндіктен, мұсылман-дық парыз ретінде ер балаларын міндетті түрде 5–6 жасқа толысымен сұндетке отырғызады. Баланы сұн-

детке отырғызу төңкеріске дейін негізінен қожалардың кәсібі болатын. Әркім өз еліне қарай баласының сүндегі тойын үйымдастыратын. Байлар болса рулы елді шақырып ат, құнан шаптырып, балуан құрестіріп, мергендер өнерін сыйнастырып, оларға айтартықтай бәйге тігіл үлкен той жасаса, кедейлер шағын ғана қонақ шақырып, құрмалдық берумен шектелетін. Бала пішуші қожаларға да әркім әліне қарай: біреуі ат, біреуі қой сияқты актық беретін.

Қазақ халқының тағы бір нақылы “Ата балаға сыншы” дейді. Әр әке өз балаларының жеке ерекшеліктерін, яғни қандай іске, өнерге бейімділігін ерте аңғарып, шамасы келгенше әрқайсысының бойындағы табиғи қасиетін дамытуға тырысатын. Мәселен, сөз үғарлық ойлы болса, ел адамы етуді қөздеп, жақсыларға жанастыратын, ән мен күй өнерінің нышаны болса, өнер қуған сал-серілерге ертеді, ал шаруа қуарлық қана мүмкіндігі болса, үй шаруасының тізгінін беріп соған мензейтін. Парасатты әке балаларына ата-бабаларының іс-әрекетін, үлгі боларлық өнерін айтып, ағайынның туыстық, жақындық қатынасын түсіндіріп отыруды өзінің парызы деп біледі. Балаларын да осыған баулып, әркім өзінің ата-тегі туралы әңгімеледі, оның өнегелі жақтарын уағыздауды дұрыс деп біледі.

Жаңа туған балаға ат қою қазақ қауымының көп ойластыратын мәселесінің бірі, солай болғанмен де қыз балаға ат қою қызын болмаған, оны әке-шешенің өзі де қоя салған. Қазақтың қыздарға қоятын аттары ер балаларға қоятын аттарға қарағанда әлдеқайда нәзік, әдемі, айтуға женіл, сыпайы болады. Халық түсінігі бойынша, қыз балаға тіл-көз онша көп тие қоймайтын болған, сондықтан оларға ең жақсы аттарды таңдайтын. Қыз аттарына аспан әлемінің, сұлу-момын андардың, асыл тастар, қымбат маталар, құнды маталар, нәзік және сирек кездесетін өсімдік аттары т.б. пайдаланылатын. Мәселен, Айман, Шолпан, Жұлдыз, Құралай, Тоты, Маржан, Алтынай, Күміс, Жібек, Мақпал, Шынар, Раушан, Қызғалдақ т.б.

Ер балаларға ат қою бұдан гөрі жауаптырақ саналатын. Еркек баланың атын көбінесе үлкен әкесі, ауылдағы қариялар, оның бірі болмағанда баланың өз әкесі қоятын, кейде зәүде келіп қалған жолаушыға да қойғызыатын. Ер балаға бұрынғы өткен ата-бабаларының батырлар мен билердің, ақындар мен жыраулардың ат-

тарын; баласы түрмай жүрсө ешкім ескеріп көзге түспейтін жұпны аттарды (Көтібар, Бүйен, Үлтарақ, Малбағар, Бокбасар т.б.); бала туған жер, су, күн, ай аттарына байланысты (Шағамбай, Бұлақбай Көлбай, Ілебай, Дүйсембай, Қантарбай т.б.); төрт түлік малдың, жабайы андар мен құстардың атауларына байланысты (Қойлыбай, Серкебай, Жылқайдар, Бұқабай, Ақтайлақ, Бұркітбай, Құндызыбай т.б.); әкесінің жасына байланысты (Қырықбай, Елубай, Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай т.б.); дені сау, жаны берік болуын мегзеп (Темірболат, Шойынбай т.б.) бұрын-сонды болған қаружарап атауларына байланысты (Найзабай, Қылышбек, Шоқпар, Балтабай т.б.); ислам дінінің әсеріне байланысты толып жатқан аттар қойылатын. Мәселен, әйел аттары – Фатима, Жамал, Зылиқа, Қадиша, Әсімә, Әсия, Шарбану т.б.; ерлер аттары – Мұхамбет, Фали, Сүлеймен, Омар, Оспан, Обырай, Иса, Әубәкір, Мәді, Жұсіп, Әбдіхамит, Бәйділдә, Фабдолла т.б. Мұсылман аттарын көбінесе құранға қарап молдалар қоятын да, баланың құлағына азан шақырып жариялайтын.

Қоғамдық дамудың ең төменгі сатысында тұрған отбасылардың өздері бала туу арқылы түқымын үзбеуді көксегендігі дәлелдеуді керек етпейді. Жеке менишіктің шығып, байлықтың жеке отбасылардың қолына шоғырлануы – ғұмыр бойы жиған-терген азды-көпті мұлкі мен малдарын тікелей өз мұрагерлеріне қалдыру мақсатымен де әр отбасында баланың керектігі артты. Әсіреле ер баланың керектігі сонау патриархалды отбасының шығынан бері, тіпті осы уақытқа дейін мәнін жоймай, атадан балаға беріліп келе жатқан дәстүр. Сондықтан қай замандағы болсын некелес адамдар бала тууга, оны есіріп ер жеткізуге зор мән берген. Ең алдымен, әр дәүірдегі отбасы балаларын өмірдегі өз қараетін, өз тәжірибесін, айнала коршау, құбылыс туралы өз білгендерін үйретуді парыз санаған. Халықтар арасындағы қарым-қатынастың артуы олардың кең дүние туралы түсінігінің молаюы азаматтардың тек отбасы мақсатымен ғана емес, бүкіл қауым, қоғам алдындағы ардақты міндеп – парызының молаюы бала тәрбиесі үшін әр отбасының өз тәжірибесі мен білімінің жеткіліксіздігін түсінудін нәтижесінде баланы әр шаруаға, өнерге, ғылым-білім салаларына, ел қорғау ісіне т.б. толып жатқан өмір қажеттіктеріне үйрету үшін басқаның көмегін керек етті. Осы айтылғандар-

дың бәрі қазақ халқына да тән екендігін жоғарыда ба-  
яндалған материалдар толық дәлелдейді.

Тұған баланы дұрыс тәрбиелеп, ата-ананың, рулы  
елдің, қала берді бүкіл халықтың ұлы етіп өсіру кімді  
болмасын ойландыратын.

Қандай ата-ана болсын өз балаларының үлгілілерге  
елікте, жақсы болуын көксегендіктен, жақсының бата-  
сын, алғысын алған, сарқытын ішкен бала теріс бол-  
майды деген нағымға сенетін де, әр түрлі әдет-ғұрып-  
тарды да берік сақтайтын болған. Тіпті баласының  
тәуір болуын армандаған ата-ана оған ел ішінде жақсы-  
лығымен аты шыққан адамның атын қою немесе оған  
баласының атын қойғызу, тұсауын кестіру, қырқынан  
шығарып, бесікке салғызу, тағы осылар сияқты син-  
диасмилік магияға негізделген әдеттерді де қолданатын.  
Мұндағы мақсат бала сол тәуір адамға тартып, тәуір  
болсын деген сеніммен байланысты болған.

Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі көңілге ең  
қонымдысы, бала келешегінде ең пайдалысы — айнала  
қоршаудың үлгілі болуын көздейтіндігі, шама келгенше  
еңбекке, білімге, адамгершілікке, керек болған жағдай-  
да, ел қорғауға дағдыландыруға байланысты қамкор-  
лықтары деуге болады. Осы ізгі мақсат, асыл арманға  
байланысты “Ұлың ер жетсе — ұлы қылықтымен, қызың  
бой жетсе — қызы қылықтымен ауылдас бол” деген  
мақал да қалыптасқан. Мұның өзі олардың балаға,  
оның тәрбиесіне көп көңіл бөлетеңдігінің айғағы екені  
шынайы шындық.

## ҚОНАҚ ҚАБЫЛДАУ

Қазақ отбасына ерекше тән абзал қасиеттердің бірі  
ежелден бері келе жатқан қонажайлыш. Қандай жағдай  
болса да құдайы қонақпын деп келген адамды кеудесі-  
нен итермей, жылы шыраймен қарсы алып, “барымен  
базар” дегендей, шамасы келгенше сый-құрметін көрсে-  
тіп аттандыру әркімнің парызы сияқты болатын. Қонақ  
булу үшін оның таныс болуы, тенденс болуы шарт емес.  
Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақсыны  
“бөлінбекен еншім” деп талап етуге еркі болған.

Қонақсыны “бөлінбекен енші” деудің өзі қазақ ара-  
сына кең тарап, дәстүрге айналып қалыптасқан халық  
жорасы екенін көрсетеді. Бұл дәстүрдің шығу тегін ха-

лық аңызы Алашқа апарып тірейді. Алаш қартайған кезінде қолындағы бар малды төртке бөліп, үш бөлікті үш баласы – Ұлы, Орта және Кіші жұзге беріпті-міс. Ал өзінде қалған төртінші бөлікті қонақ сыбағасы болсын деп, үшеуінің ортақ меншігіне беріпті. Өйткені жолаушы жүрген адам өзімен бірге барлық азығын алған жүргүре мүмкіндігі жок, сондықтан да әр жолаушыға қандай қазак болмасын тегін тамақ, жылы орын т.б. қажетті қамқорлықтар жасап тұруға міндетті болса керек аңыз бойынша.

Әр қонақ өзіне лайық күтім болмағандығы үшін, орынды мүшесі берілмегендігі үшін немесе шамасы келе тұра, арнайы мал сойылмағандығы үшін билер алдында үй иесінен айып алуға ерікті болған. Қазақтың әдettік құқы бұл арада қонақ жағында болады. Сондықтан шамасы келетін отбасы әрбір қонған қонақтың өз дәрежесіне қарай жеке сыбағасын беру керек. Бір қонақтың сыбағасына екіншісін ортақ етіп, екі қоянды бірден атып алмақ болған сараң бәйбішелердің кешік-пей-ақ жазасын тартатындары жиі-ақ кездесетін. Сондықтан әйелдің жақсысы күйеуінің жоғында оның жоқтығын білдірмей, үйге түскен қонақты күтіп, жолынан жығылмайтын әйелдер бүкіл әйел қауымына үлгі ретінде ел аузында мақтаныш болатын. Күйеуі жоқта қонаққа жөндеп қонағасы бере алмаған әйелдер де ел аузында сөз болып, сараптымен аты шығатын.

Қонақасы беру мәселесіне байланысты ел арасында кеңінен жайылған коптеген аңыз-әңгімелер бар. Соның бірі “Бошанның бұлбұлы” атанған Жаманкөт деген кісі туралы Баянауыл мен Қарқаралы төнірегінде осы күнге дейін ел аузында сакталған әңгіме. Жаманкөт қаракесек ішінде Бошаннан шыққан ел адамы, Мұса Шормановтың замандасы болған. Ол Қарқаралы дуанындағы бір жиынға келе жатып, Мыңғыш дейтін атақты байдың ауылында қонақ болады. Мыңғыш үйінде болмайды, бәйбішесі қонақты күтіп, құрмет көрсете алмайды. Ертеңінде Қарқаралыға жақындей бергенде ауылына қайтып бара жатқан Мыңғышқа жолығып, аман-есен айтысканнан кейін өз ауылының амандығын сұраған Мыңғышқа Жаманкөт: “Ауылың дін аман, жалғыз-ақ бір кәрілік, бір жауырын ғана шығының бар”, – деп жүріп кетіпті. Бәйбішесінің Жаманкотке берген қонақсының сыйқын түсінген Мыңғыш ештеңе айта алмай, үйіне келген соң сараң бәйбішени жазаласа керек. Бұл

оқиғаның болғанына жұз жыл шамасы өткенмен, оның бүгінгідей ел аузында сақталуының өзі қазақ қауымының қонақасы мәселе сіне аса мүккият қарайтындығының айғағы тәрізді. Қонақ күту – қазақтың қанына сіңген тамаша бір дәстүр.

Қазақ “қырықтың бірі қыдыры” дейді. Мұнысы қонақты құма, оның шарапаты тиеді, бірінен болмаса екіншісінен құт келеді деп есептегендіктен болса керек. “Қонақты қуа берсөн, құт қашады” деу де содан шығар.

Баянауыл өнірінің атақты би Шоң күздікүні қыстауының жаңындағы төбе басында ауыл ақсақалдарымен әңгімелесіп отырса, күн еңкейіп қалған кезде бір салтатты адам қыстау іргесіндегі шағын қорыққа келіп, атынан түсіп, атын түсап жатқанын көрген Шоң жаңындағы бір пысық жігітті жұмсап, “арық тоқтыға деген қорық еді, атын онда қоймасын” – деп сәлем айттыпты жолаушыға. Жігіт дереу жетіп келіп, оған Шоң сәлемін айттыпты. Сонда жолаушы “биге айта бар: қонақты қуа берсөн – құт қашады, атымды байлап қойсам қарны ашады; қорыған алақандай қара жерді, бұл шығып аспаннан мұз басады”, – деп, аттанып жүре беріпті. Бұл сәлемді естіген Шоң: “Мынау Көтеш еken ғой, ақынның аузы дуалы еді, қыстың арты жұтқа айналар ма еken, шақырындар” деп жігітті қайта жұмсапты. Бірақ “аттанып кеттім ғой, рахмет” деп ақын қайта оралмапты Шоң аулына. Ақсақалдардың айтуынша, сол жылы қыс қатты болыпты-мыс.

Қазақ ұғымында қонақ үй иесінің қамқорлығында болу керек. Қонақ болып отырған адам ол үйдің жауы болса да, өз үйінде оған өзі түгіл, басқаға да қиянат жасатпайды. “Өз үйінде таудай дауынды айтпа” деген қағида да осыдан болар. Қонақ аттанысымен, үй иесі оның қамқоршысы болудан қалады, тіпті жаңа ғана асты-үстіне түсіп күтіп жіберген мейманмен мүқатысуына да болады.

Әдетте жолаушы қонаға келіп қалғанда бөтен ауылдың ең тәуір деген ақ үйіне, яғни қонақасы беруден қысылмайтын бай үйіне түседі. Сондықтан да “Қонақ таңдал қонады” дейді халық. “Түскенше қонақ ұладады, түскен соң үй иесі ұладады” деген мақалға сай, қонған қонақты күту міндеті үй иесіне түседі. “Қонақ қойдан да жуас, май берсе де жей береді” деп, қонақ жатады. Жаздықүні қонаққа ең болмағанда марқа сойылса,

қыстықұні соғым етінен тартылған мүшелі табаққа риза болатын.

Ал ірі байлардың үйіне өздерінің бастас адамдары келіп нөкерімен қонғанда, оларға құлын, тай сойылатын да, бай ауылындағы туыстары мен қоңсылары келіп қызмет ететін. Қонаққа берілген қонақасын қонақ тауысып қойса, үй иесінің жүні жығылып, қонақты құрметтей алмағаны іспетті болатын. Тартылған табақ ойсырамай, ет қонақтардың аузынан қайтса, үй иесі оған масаттанып, шоктығы көтеріліп қалатын.

Қазақ халқы қонақ күтуді де, қонақ болып қыдыруды да қызық көрген. Сондықтан халық мәтелі: “Асың барда ел таны – беріп жүріп, атың барда жер таны – желіп жүріп”, деп ер азаматқа үйінде отыра бермей, ел көр, жер көр, көппен аралас деп кенес бергендей сыңай білдіреді. Бала жасынан осындағ рухта тәрбиеленген жас жеткіншектер ержеткенде сол ғұрыпты берік үстап, әр уақытта көргенділікпен ел аузына ілінуге тырысатын.

Қазақ отбасында балалар жастайынан қонақжайлыққа тәрбиеленеді. Өйткені халық дәстүрі бойынша, қонақасы берілген соң, қонақтан әңгіме сұрайды, өнерлі болса ән салғызып, күй тартқызады, ертегі, қиссалар айтқызады. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. “Адам болар бала қонаққа үйір” деп те қазақ тегін айтпаған. Өйткені әр қонақтан естіген жаңалықтарын есіне сақтай білген жастың өмірді білуі, түсінуі кеңейіп, дүниеге көзқарасы қалыптасады. Көптеген нақыл сөздерді, пайдалы кенестерді үрленумен бірге, жаманшылықтан жиренуге де үйретеді. Олай болса қонақжайлықтың тәрбиелік мәні де аз болмаған.

Қазақ халқының қонақжайлығын бұрын-сонды қазақ арасында болған саяхатшылар, ғалымдар және қызмет бабымен келген орыс әкімдері түгелдей, бірауыздан жоғары бағалап, қонақжайлық қазақ халқының тамаша қасиеттерінің бірі деп есептеген. Ауызға аларлық ел алдындағы басқадай өнегелі ісі болмағанмен, қонақ түсетін, дастарқаны мол, пейілі кең үй болды деп өткендегі кейбір отбасыларын мадактаумен қазақ халқының қонақжайлылығын өзге істен кем көрмегенін анғартады.

Қонақжайлық дәстүр тек қазақ халқына ғана тән қасиет емес. Басқа да халықтар өзінің қонақжайлық салтымен қашаннан зерттеушілер аузына ілінген болатын. Сондықтан бұл дәстүрді Н.Сәрсенбаев бүкіл адам-

зат қауымына ортақ деп қарайды (199-б). Бірақ жер шарының әр жерінде мекендер, түрлі даму сатысында тұрған халықтарда қонақжайлық дәстүр де түрліше дәрежеде сақталған. Төңкеріске дейінгі көшпелі қазақ өмірінде қонақжайлық дәстүрдің ерекше сипатының болуына әсерін тигізетін жағдайдың бірі – құдайы қонақтың айналада болып жатқан үлкенді-кішілі оқиғалардың бірден-бір хабаршысы болғандығында. Қазақтың ұшы қыры жоқ кең сахарасында көшіп жүретін ауылдар ел ішіндегі жаңалықтардың бәрін, ең алдымен, ел арапап жүрген жолаушылардан ғана еститін. Сондықтан да болар, қонақ түскен үйге ауыл адамдары шақыртпай-ақ келіп, әңгіме тыңдал, алуан түрлі жаңалықтарды еститін. Мұндай хабарлар бір ауылдан екінші ауылға өте тез тарайтындықтан, қазақ оны “ұзынқұлақ” атандырған.

## МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АРТЫН КҮТУ

“Тумақ болған соң, өлмек парыз” дей отырып, қазақ халқы өлімді шамасы келгенше туған-туыс, ауыл-аймак, ел-жүрт болып аса құрметпен аттандыруға ат салысады. Әрине, әрбір өлген адамды соңғы рет алыс жолға аттандыру оның жасына, жынысына, дәuletіне, қоғамдағы орнына және жеке басының беделіне, адамдық қасиетіне, қала берді артында қалып бара жатқан әке, бала, туған-туыстардың дәuletіне, олардың беделіне, қоғамдағы орнына байланысты. Әсіресе ауыр қүйзеліс шаңырақ иесі, яғни отағасы өлген жағдайда болады.

Халық дәстүрі бойынша науқас адам әлсіреп, өлім халіне жеткен кезде ағайын-туғандар жиналып арыздасып, бір-біріне кешірім айттысып, дүниеден өтер алдындағы өсиетін, тілегін сұрап қалуға тырысады. Әдетте өлерде айтқан өсиет, тілек әр уақытта орындалады.

Адам өлісімен, жанында отырған ақсақалдар, оған иман тілеп, бетін жауып, үйдің он жағына құрылған шымылдық ішіне кіргізіп, басын солтүстікке, бетін құбылаға қаратып шалқасынан жатқызады да, үстіндегі киімдерін шешіп, үстін ақ шуберекпен (ақыретімен) жабады.

Мүмкіндігі бар ауқатты адамдар дереу мәйітке арнап үй тіккізеді де, оның денесін сол үйге шығарып, онда да шымылдық ішіне қояды. Мәйітті жерлегенше жеке қалдырмай, ауыл ақсақалдары кезектесіп күзетіседі, әсіресе

түнгө қарай шырақты сөндірмей, мәйіт күзетушілер көз ілмей, әңгімелесіп таң атқанша отыру керек.

Мәйіт шығатын үй иелері мен ауыл ақсақалдары кеңесіп, жаназаға қай ауылдардан кімдерді шақыру көрек екенін шешеді де, дереу мықты аттармен жанжаққа пысық жігіттерін аттандырады. Бұлар барған жерінде үй-үйге кірмей, ат үстінен жүріп әр ауылды жаназаға шақырады. Халық жаназаға жиналып болғанша өлікті жөнелту қамы жасалып бітеді. Шығарылатын мал, киім, жыртыс, ақша, берілетін ас – бәрі ескеріледі. Ауыл адамдары бірінен соң бірі түгел келіп, өлген адамға иман тілеп, үй-ішіне, туған туыстарына көніл айтып жұбатқан болады. Ауыл әйелдері өлген кісінің әйеліне, қыздарына көрісіп жылайды. Жетісу төңіре-гінде еркектер де көріседі.

Өлген адамды мадақтап оның әйелі, қыздары, апа, қарындас және келіндері шаштарын жайып салып, бүйірлерін таянып, қара салып, жоқтау айтып ылғи жылаумен болады. Өлген адамның әйелінің, туған қыздарының шаштарын ауыл әйелдері тарқатып, жайып беретін де, жетісі өткен соң сол әйелдер кайтадан өріп береді екен. Ал келіндері болса, олар шаштарын жетісіне дейін өздері тарқатып, керек болғанда өздері өріп алатын.

Қаралы әйел, өлген адамның қыздары және туыстық жақындығы бар әйелдер, қыздар, тіпті барлық ауыл әйелдері қаралы күндері білезік, сырға, жүзік алқа сияқты әшекейлерін салмайды, тағылған үкіге дейін қызып алатын, тіпті киетін қызылды-жасылды күімдерін де бұл күндері кимейтін. Бұл әдет қаралы адамдардың қайғысына жалпы жұрттың бірге қайғырысып, уайымына ортақ екендігін білдіретін халық ғұрпана байланысты қалыптасқан.

Күйеуі өліп, қаралы болған әйел күйігінің күштілігін білдіру үшін бетін қан шығара тырнайтын. Бұл көне түріктердің заманынан бері келе жатқан ескі әдettің қалдығы. Көне түрік хандары өлгенде, тек олардың әйелдері ғана емес, онымен бірге оның көптеген жанкүйерлері де шашын, құлағын және бетін қескілейтін болған. Мұны қазактар “бет жырту” дейтін де, оны тек өлген адамның әйелі ғана орындаштын. Бұл оның өлген еріне жұрт алдында “сенің артында қалып бара жатқан мен бейбаққа сән-салтанаттың да, көріктің де керегі не” деген анты іспеттес әдет болатын.

Жаназаға шақырылған адамдардан басты-басты

адамдар, қожа-моддалардың бас-аяғы жиналып болған соң, өлік иелері ақылдасып, әр атанаң үрпағынан бір-бір адамның сүйекке түсін сұрайды. Бұл арада айта кететін тағы бір жағдай: кейбір адамдар өлер алдында өсиетінде сүйегін кімдерге ұстаратындықтарын да айта кететіндігі. Мұндай өсиет міндетті түрде орындалады. Тіршілігінде бір-бірімен сыйлас болған адамдар, әсіресе қатар өсіп, тату болған абысын-ажын арасында қайсысы бұрын өлсе, тірі қалғаны оның сүйегін ұстau тура-лы келісіп те қоятын. Мұндай өсиет болмаған жағдайда, туыстардың шешімі бойынша, жоғарыдағыдан тәртіппен орындалатын. Ал жаназаға жиналғандар ішінде көптеген рулар болса, олардың сүйекке түсे алмағандарына жолын береді. Ер адамның сүйегіне еркектер түссе, әйелдер сүйегіне әйелдер ғана түсіріледі.

Мәйітті жуып болған соң, оны ақыретке (кебінге) орайды. Әдетте еркек кебіні үш, әйел кебіні бес қабат болатындағы етіліп пішіледі. Сыртынан үш жерден әрқайсысы кез жарымдай ақ матамен байлайды. Әдетте, мәйітті қабірге түсіргенде осы шүберектерден ұстап түсіреді де, орнына жатқызған соң, қабір ішіндегі үш адам оларды шешіп өздері алады. Ақыретtelген мәйітті кілемге орап, тағы да үш жерден байлап, сыртынан таза, жібек маталар жауып сыртқа алып шығып, таза жерге қойып, жаназасын шығарады. Үстіне жапқан маталар мен шапандарды молда-қожалар алады. Жаназа шығарып болған соң, молда-қожалар ысқатқа отырып, підиясын алады. Бұдан кейін марқұмның денесін зиратқа алып журеді. Мәйітті үйден шығарада әйелдер міндетті түрде дауыс шығарып жылайды. Бейіт алыс болса, керегеге салып бірнеше адам көтеріп барады. Қабір басына жетісімен мәйіт оралған кілемді шешіп алып, алты қабірші мәйітті қабірге түсіріп, жайлап жатқызады. Лақат аузызы жабылмай тұрып, жиылған халықтың әрқайсысы бір-бір уыс топырақ тастаған соң, қабір шұңқырын көмеді. Қабірге уыстап топырақ тастау тек қазақ халқына ғана тән емес, ол басқа да көптеген халықтарға кеңінен тараған.

Көміл болған соң, молда құран оқиды. Жасы келген адамның өлімінде бейбіт басында тәбәрік ретінде жыртыс жыртылады. Бейіт басына әйелдер бармайды, олар ауылда тосады. Ауыл әйелдері мәйіт шыққан үйді дереу басқа жерге ауыстырып, оның орнын тазалап, от қойып арулайды. Одан соң ол жерді қазып, үстіне топырақ, тас-

үйіп, кішігірім оба жасайды да, оны мал, адам баспау үшін маңайын орап тастайды. Халық сенімі бойынша мұндай жерді басқан мал да, адам да өр түрлі ауруларға ұшырайды деп үққан. Ал мәйітті жуып шығарған мұндай орынды “арулаған жер” дейді. Мұның өзі ескі көшпелі тайпалардан қалған салт-сананың бір түрі. Алғашқыда өлік шығарған орынды ғана емес, мәйіттің өз денесін отпен тазартып, аластап шығаратын болған.

Ертеректе мәйітті жерлеп болған соң, аттарына мініп ауылға таянғанда, “ой, бауырымдап!” марқұмның үйіне “иен қайда?” деп жыласып, әйелдерімен көрісегін әдет болған. Мұндай әдет осы уақытқа дейін сақталып келеді.

Мәйітті жерлеп келген соң, оны тазартып жууға қатысқан (сүйекке түсken) кіслерге, қабіршілерге ақшадай, матадай не малдай сыйлықтар береді. Әркім дәүлетіне қарай, жиналған адамдардың санына қарай мал сойып, марқұмның қонақасын береді.

Мәйітті үйден шығарарда алдымен ысқат оқып, оның тіршіліктегі күнөсін басқаларға аударады. Ол үшін мәйіттің үстінен ала арқан тұтамдатып, оның күнәсін “сатып алушыларға” өткізген болады. Бұл исламнан бұрынғы салт. Өліктің дәuletіне қарай ысқатқа шығарылған мал санына сай мұсәпір адамдарды мәйіттің ар жағына отырғызып, екінші жағында отырған абыз ала жіпті бұрай отырып арбау айтады: “Ала жіп, ала жіп, бұл кісінің бар жазығын алып біт! – бетін қасында отырған кісіге бұрып, – мынау бейбактың жазығын аласың ба?” деп сұрайды.

“Аламын”.

“Алсаң – мә!” – деп ала жіптің үшін оған ұстатауды. Ол ала жіпті көтере тастап үш рет: “алдым, алдым, алдым” дейді. Підияны шарифат кедейлерге қосқанмен, көбінесе оны молдалар алатын. Жаназасын шығарған молдаларға түие жетектетіп, ат мінгізеді, бұған шамасы келмегендер сиыр, қой беріп не шапан кигізіп риза етеді.

Олген адамның ағайындары, тамырлары, құдандалы жақындары оны жерлеуге келгенде өрқайсысы өздерінің әлінше мал әкеледі. Бұлардың бәрі мәйітті жерлеу кезіндегі шығынға арналады. Ескі әдет бойынша, өлік шыққан үйде үш күн бойы қазан асылып, тамақ істелмейді. Сондықтан бұл күндері туыстары мен көршілері молдарын сойып, еттерін пісіріп, шай-қантын дайындалап кезекпен бата істейді. Мұндай мүмкіндік болмаған

күнде қаралы үйді орнынан қозғап, жұрт жаңарту өдеті де болған. Мұны орнынан қозғалмаған үйде алғашқы үш күн ішінде тамақ пісірсе, өзірейіл мәйітті буындырып, киіз үй қанға былғанады-мыс деген нағымға сенгендіктен жасайтын. Жер шалғайлышына немесе әр түрлі басқа себептерге байланысты уақытында бата істей алмаған ағайын-туыстар кейінрек, жылы өткенше келіп бата жасауына бола береді.

Мәйіт жерленіп, қонақасы беріліп болған соң артында қалған балалары, ағайын-туыстары оның жылдық асын беруге қам жасайды. Өлген ер адамның тіршілігінде тақымына басқан атының жалын құзеп, құйрығын тірсектен жоғары кесіп, кекілін төбесіне түйіп жібереді. Мұны “тұл ат” дейді. Бұл ат дәстүр бойынша марқұмның асында сойылу керек. Мұндай жағдайда оның үйі де қаралы қалпында жыл уақытына дейін тұруы керек. Ол үшін киіз үйдің сол жақ жабығынан қара шүберек байланған найзаның ұшы шығып тұрады. Найза басындағы шүберектің түсі өлген адамның жасына қарай әр түрлі болады: жас жігітке қызыл шүберек, орта жастағы жігіт ағасына – қара шүберек, жасы келген қартқа ақ шүберек байланады. Үйдің ішіне өлген адамның ер тұрманын, сауыт-сайманын, тәуір киімдері мен басқа да бүйымдарын іліп, көрсетіп қояды. Мұның бәрі жыл бойы мұнда келген адам не өтіп бара жатқан жолаушы қаралы үйді бірден аңғарып, кім өлгенін айтқызыбай-ақ біліп, көңіл айтып, құран окуы үшін жасалады.

Жасы 60-тан асқан қарттардың артында қалған әйелі қаралы күннің өзінде қара көйлек киіп, басына қара салмайды. Орта жастағы күйеуі өлген жесір не оның қыздары жыл бойы қара көйлек киіп, басына қара салып жүретін. Жасы 20–25 шамасындағы үйленген жігіт өлген күнде, оның артында қалған жас әйелі жыл бойы қаралы болып отырғанмен, қара көйлек кимейді, басына қызыл орамал тартады. Мұндай жастардың жылы өткізілгенмен, ол ас делінбейтін. Әр түрлі ойын-сауық, әсіреле ат бәйгесі болмайды. Әдет бойынша жыл уақыты өтіп, қаралы күндер аяқталғанша жесір де, бой жеткен қыздары да күйеуге шықпайды, тойға бармайды, жұрт көзіне тыста жүріп көп түспейді, үй шаруасымен де көп айналыспайды. Қаралы болған үрпақтары, жақындары марқұмның жылы өткенше мал сүйегін отқа тастамайтын. Қаралы үйде

қырқы өткенше күн сайын шырақ жағылып тұрады, кейде тіпті асы өткенше жағылады. Өлген адамның артын күтүге байланысты қалыптасқан тағы бір әдет болынша – ер адамның өлер алдында жатқан төсек орны, төсағашы жесірінің иелігінде қалады. Ал өлген әйелдің осындай төсек орны, төсағашы міндетті түрде үлкен қызына беріледі. Әйелдің артында қалған күйеуі төсек-орынды үйленгенше ғана пайдаланған.

Бұл әдет өлген әйелдің мұлкі қыздарына, ал балалары болмаған жағдайда төркініне мұра ретінде қайта-рылуғының мүнделік болып саналады.

Қазақта берік қалыптасқан дәстүрдің бірі – дүние салған адамның басқа жердегі жанашыр туыстарына немесе басқа жақта жүріп қайтыс болған адамның ауылдағы үй-ішіне, әке-шешесіне ауылдың жөн білетін қарттары жиналып келіп, әр түрлі әңгімелердің айта отырып, қайғылы хабарды естіртуғы.

Естірту қара сөзбен де, өлеңмен де, тіпті күймен де орындалады. Қазақтың ауыз әдебиетінде естіртуудің көптеген тамаша үлгілерін былай қойғанда, атышулы “Ақсақ құлан” күйінің шығу тарихы кімге болсын аян. Қазак халқының естірту дәстүріне соншалық мән берілуін Мұхтар Әуезов: “Қазак халқының жан дүниесінің тазалығын, қайғы көріп, қаралы болғанға қабырғасы қайысып, ауыртпалықты бірге көрісетінін, оның адамның күйініш-сүйініштерін терең сезінген сыпайгершілігін, көрегендігін танытады” – деп аса жоғары бағалаған.

Қаралы үй жыл бойы туыстар назарынан тыс қалмайды. Қысы-жазы оның шаруашылығына көмектесумен бірге, той-думан, астарда болған балуан жүлдөлдерінен, ат бәйгесінен үлес тисе, тұтасымен қаралы үйге беретін.

Марқұмның жыл уақыты өткенше оның артында қалғандарға көңіл айту, мәйітке арнап құран оқыту аяқталмайды. Өлгеннің жасына, жынысына қарай көңіл айтудың да үлгілері бар. Мәселен, балиғатқа толмаған жас бала өлгенде, оның әке, шешесіне, ата, әжесіне: “Балаларың шапағатшы болсын, екі арыс аман болып, құдай бергенінен жазбасын” дейді. Өйткені халық сенімі бойынша балиғатқа толмаған күнәсіз сәби ана дүниеде тек жұмақтан орын алады да, әке, шеше, ата, әжелеріне де қол үшын беріп, күнәсін женілдетуге себін тигізеді деген ұғымды білдіреді.

Ал әке өліп, оның балалары мен жесіріне, туған-тұстарына айтылатын жұбату (көніл) оның иманды болуын, артының жақсы болуын, артында қалған бала-шаға, туған-тұстарының бірлігін, амандығын тілеу тоңірегінде болатын. Әркім өзінің сөзге шеберлігіне қарай жылы сөйлеп, қаралы адамның көнілін айта отырып, оған қайрат бере, көнілін көтере айтылатын парасатты сөздер өр адамның аузынан да шыға бермейтін. Ештеңеден қаймықпай шындыққа тұра қарап, шын көнілден айтылатын сөздер қара тасты жібітіп, қамыққан көнілге үлкен медеу болатын. Аттары аңызға айналған Едіге, Байдалы, Саққұлақ билердің, Досбол датқаның, Қараменде бидің есімдеріне байланысты көніл айтудың тамаша үлгілері ел арасында атадан ба-лаға беріліп, осы күнге дейін ұмытылмай келеді. Бұларды қөрікүлақ қарттар реті келген жерлерде айтып жүреді.

XIX ғасырда бағаналы елінен шыққан Ерден батырдың Бәйменде дейтін баласы өліп, Ерден ас-су ішпей, етпетінен түсіп жатып алышты. Мұны естіген Шокай би (арғын), Досбол датқа (қыпшак) және Қараменде би (бағаналы) үшеуі бас қосып, Ерденге көніл айтуда келіпті. Ерден бұлардың сәлемін де алмай, басын көтермепті. Сонда Қараменде:

“Ей, Ерден, хан емессің, қара едің ғой,  
Қарадан туған сен бір нар едің ғой.  
Кешегі Сандыбайдың заманында  
Мына мен де бар едім ғой.

Сонда сен жап-жас қана бала едің ғой,  
Енді, міне, бір сиіп тастаған сідікке  
Ерден бүйтіп бүгіліп жатыр деген  
Сырттан қараганда ар еді ғой”, –

деп, жанындағы Шоқайға қарайды. Сонда Шоқай:

“Ау, шырағым Ерден,  
Кеткенің бе керден?  
Әкен Сандыбай өлген,  
Оның өлгенін мына  
Таз Шоқай көрген”, –

деп, Досболға қарайды. Сонда Досбол:

“Уа, өлмесе қайда кетті  
Бұрынғының көрісі?  
Пайғамбар, шәдиярдың бөрісі?  
Дүниенің бөрін жұтса да,  
Толмайды қара жердің талсы.  
Өлген жан қайтып келмейді,  
Өлім – ұзак жолдың алысы.  
Е, Ерден, басынды қөтер жерден,  
Қолынды бер бермен!” –

дегенде, Ерден басын қөтеріп, сәлемдесіп болған соң:

“Өлген жан қайтып келеді деп  
жатқаным жоқ.  
Өлген жалғыз менің балам да емес.  
33 мың сахаба, 124 пайғамбар да өлген,  
Тарихтан көргем.  
Әкем Сандыбай да өлген,  
Қолымнан көмгем.  
Айтылатын сөз – айтылмай,  
Келетін кісі – келмей,  
Наз ғып жатқан жатыс қой”, –

дейді. Бұдан кейін Досбол үшеуінің атынан:

“Бәрекелді, Ерденжан,  
Қадамыңа нұр жаусын!  
Жақсы атан басқа ұрғанда – бақырмайды,  
Жақсы ат жетелесен – тартынбайды.  
Туганына ел куанады,  
Өлгеніне жер куанады.  
Қайырлы шапағатшы болсын”, –

деп көніл айтыпты. Бірнеше күн Ерденмен әңгімелесіп, көнілін сергітіп, сый-сыяпатпен аттанса керек.

Арғын ішіндегі Сүйіндік руының атақты би Едіге Кіші жүз ішіндегі құдасына қонақта барса, үлкен өзеннің бір жағында шулаған төрт түліктің төлі, екінші жағында енелері судан өте алмай желіндері сыздап, өзен бойын азан-қазан етіп жатқанын көреді. Мұның мәнісін сұраса, ханның жалғыз баласы өліп, “құдай мені баламнан айырса, мен төрт түлікті төлінен айырып шулатам”, – деп әмір етіп, өзі бас қөтермей жатып алды дейді. Ертеңінде Едіге құдасын ертіп ханға барып:

“Ей, хан, көтер басыңды, іш асынды,  
Қас нардың қабыргадан қолы сөгілсе де –  
елемес,  
Тағдырдың ісіне көнбейтін пасық адам –  
сен емес.  
Өткен қайтып келмейді,  
Өшкен қайтып жанбайды”, –

дегенде, хан басын көтеріп: “Көз таңбалы арғында ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен Едіге атты бала бар деп еді, соның өзімісін, жоқ сөйлеп бір кеткен сөзімісің” дегенде, Едіге: “Кім болатынымды өзім де білмеймін, әйтеуір атым Едіге”, – деген екен. Хан Едігені бірнеше күн қонақ етіп, райынан қайтып, төрт түлікті қайта жамыратып, сабасына түскен екен. Едіге аттанарда хан осы қайғысын қайтсе ұмытатынын сұрайды. Сонда Едіге:

“Ей, ханым, бұл қайғын  
Келелі бидің кенесінде,  
Алқалы топта қалады.  
Биік таудың тәбесінде,  
Өзен судын көбесінде,  
Қыран құстың қыяғында,  
Жүйрік аттың түяғында,  
Сұлу жардың қойнында қалады.  
Осының борін істемесен,  
Хан, өзіннің мойнында қалады” –

депті.

Мұны естіген хан: “Ендеше осының бәрін өзің істет маған” деп Едігенің қайтуына рұқсат бермеліті. Ең алдымен, Едіге ханға қызы айттырып, той жасап, тойдан соң сейіл құрдырып, түрлі қызықты көрсете береді. Жыл уақытында жетпей-ақ ханның жас әйелі ұл тауып, хан қайғысын ұмытыпты да, Едігені көп олжамен күншілік жерге шығарып салыпты.

XIX ғ. аяғында Баянауылда Мұса Шорманов өледі. Ерейментауда қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі Саққұлақ бидің баласы Нұралы өледі. Осыған байланысты екі жағы бір-біріне көңіл айттысып, бата жасаса алмай жүрсе керек. Ақыры, Мұсаның асына келген Саққұлақтың алдынан даяши шығып, арнаулы үйге түсіреді. Бұл үйге Мұсаның Сәдуақас, Біләл деген ба-

лалары Саққұлаққа сәлем беруге келеді. Сонда Саққұлақтың айтқаны:

“Атаң өлді барлықтан,  
Көтердің оны нарлықтан,  
Жеріміз шалғай болған соң,  
Келе алмадық сондықтан.  
Ей, Садуақас пен Білол —  
Сөзіме құлағың сал.  
Сендер атам-ай дейсін,  
Мен ботам-ай деймін.  
Жөн менікі еді,  
Менің тойыма Мұсажан келіп,  
Мұсажанның тойына Нұралыжан келетін  
Жөні бар еді.  
Пенденің сұрағаны болмай,  
Алланың қалағаны болады деген осы,  
Шүкіршілік етіндер...” —

деп көңіл айтыпты.

Қанжығалы ішінде өзімен үзенгілес ел адамы өліп, артында қалған жас балалары мен жесіріне көңіл айта келген Саққұлақ:

“Нар жығылды жарға,  
Тұрмастай тарға.  
Алла өмір берсін,  
Артында қалған барға.  
Жас өсер, қайғы кетер,  
Жетерсің ойындағы зарға”, —

депті.

Аты-шулы Байдалы шешеннің Уәли хан өлгенде бәйбішесі Айғанымға айтқанын келтірейік. Дер кезінде келе алмай, қырқы өткен соң келген Байдалыны Айғаным қарсы алмайды, сонда ол сыртта тұрып:

Хан өліп,  
Қайғырып жатқан Айғаным,  
Қара жамылып,  
Ай-күні батқан Айғаным,  
Ханға сүйеніп,  
Қоқай көрмеген Айғаным,  
Қамқаға оранып,  
Шоқай кимеген Айғаным.  
Мен бір сөз айтайын, тындашы! —

депті. Мұны естіген Айғаным Байдалының сөзін әрі қарай тыңдайды.

“Ер қартайды, мал тайды,  
Екеуледі, Айғаным.  
Қатын жалқау, үл ынжық  
Төртеулемі, Айғаным.  
Келін қатал, кер болды,  
Алтаулады, Айғаным.  
Көрлік пен кедейлік  
Егіз келді, Айғаным.  
Мұның бөрін санасан  
Сегіз болды, Айғаным.  
Қаусаған жақ, иек бар,  
Саудыраған сүйек бар.  
Ауыл алыс жер болды,  
Оннан асты, Айғаным.  
Шығар жолды осыдан  
Өзің тапшы, Айғаным.  
Құла бие құлындаң  
Келе алмадым, Айғаным.  
Келдім, енді кетемін,  
Ықылассыз ордаға,  
Ене алмадым, Айғаным”, –

деп жүре беріпті.

Айғаным жүгіре шығып, шешенді үйге түсіреді. Айғанымның жоқтау айтуға ыңғайланғанын байқаған Байдалы: “Айғаным, сен жоқтау айтқалы отырысың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып, тоқтау айтсам қайтеді” деп:

Қайрат деген қыран бар,  
Қайғыға тізгін бермейтін.  
Қайғы деген жылан бар,  
Өзекті шағып өртейтін.  
Үміт, сенім, тілек бар,  
Куантып, қуат алдырар.  
Жылау деген азап бар,  
Куартып отқа жандырар.  
Мен қайғынды қозғалы келгем жок,  
Қайратынды қолдағалы келдім, –

депті.

Мұндай шын көніліне разы болған Айғаным шешенге бірнеше күн сый құрмет көрсетіп, аттанарда ханның қамқа тонын кигізіп, Көксырғанақ деген жорғасын мінгізіп аттандырыпты.

Өлген адамды жоқтау қазақ салтында елеулі орын алады. Жоқтауды ылғи әйелдер айтатын. Әсіресе қаралы жесір мен марқұмның бойжеткен қыздары өлген қүннен бастап қырқына дейін күніне ертелікеш екі реттен, әрбір бата оқырға жиналып келгенде, үшінде, жетісінде, қырқында, асында және жыл бойы көш-жөнекей қосылып айтатын. Жоқтауды халық арасында “дауыс қылу” деп те айта береді. Жоқтаудың сөзін көбінесе айтушылар өздері құрастыратын. Кейде ақындар шығарып беретін де, әйелдер жаттап алатын.

Жоқтаудың мазмұнына келсек, марқұмды мадақтаумен бірге, туған-туысқанының, жас жесірі мен балашағасының, дәрменсіз қарттарының болашағы туралы уайым айтылса, ақырында қайғыға көндігіп, марқұмға иман, жұмақтан орын тілеумен аяқтайтын. Жоқтау “мейлінше көркем болғандықтан, олар халық арасына кең тарапып, саф асыл шығармалар ретінде біздің заманымызға жетті”, – дейді М. Әуезов.

Өлген адамды негізінен оның ата-бабасы жерленген өз сүйегінің бейітіне қояды. Мұндай бейіттер негізінен әр рудың қыскы және жазғы қоныстарына жақын, сусы бар көрнекті биік жерлерде болатын. Дөң басына жерленген атақты адамдарға күмбезделіп салынған биік зираттардың жол жүрген жолаушыға, көштер мен керуендер үшін жөн сілтерлік мәні де болатын. Рұлы елдің бейіттері мен көрнекті зираттары сол қоныстың, сол өлке тиістілігінің мәңгілік айғағы ретінде де маңызы бар. Сондықтан бөтен жerde, жол-жөнекей опат болған адамдарды да өздерінің рулық бейіттеріне апарып жерлейтін. Өйткені ерекше бір жағдайларға байланысты болмаса, әдеттік құқық ережелері бойынша, бөтен ру басқа елдің өлігін өз қонысына жерлетпеуге өбден ерікті болған.

VIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында жарияланған кейбір әдебиеттерде “қыстығұні өлген адамдарды жаз шыққанша ағаш басына іліп қояды” деген қате пікір айттыған (И. Андреев, А. Левшин, С. Броневский). Шынында қыстығұні қайтыс болған адамдар сол уақытында қыстаудардағы бейіттерге жерленетін. Қыстығұні тоң қан-

ша қалың болғанмен, қабірді кеудеге жеткенше қазып көму қазақ халқының берік дәстүрі.

Ал қыстығуні Арқа жерінде дүние салған атақты билер мен төрелерді жаз шыға Түркістанға апарып жерлеу тарихи дәстүр болған. Қыста Түркістанға жеткізу мүмкін болмағандықтан, ондай атақты кісілердің денесін жерге көмбей, былғарыға тігіп, биік етіп жасалған сөреге аманат қойған. Ондай аманат қойған мәйітті еш уақытта бейітке апармаған. Сондықтан сөре көбінесе қыстаудың қасында жасалып, кейде оның басына киіз үй де тігіп қойған. Жаз шыққанша биік сөредегі мәйіт денесі кеүіп тұратын.

Ереймен тауының сыртында Олжабай сөресі, Едіге сөресі (Едіге биігі деп те аталады, қазіргі Елтай болімшесі) XVIII ғ. жасаған атақты Олжабай батыр мен әйгілі Едіге бидің сол жерлерге аманат қойылуына байланысты шыққан.

Осы кісілердің тұстасы – атақты Қазыбек би өлеңтін жылы сүйіндік руының қыстаудында, қазіргі Баянауыл ауданының жеріндегі Далба тауының қойнауындағы Мұрынтал деп аталатын қорымды қыстап қалып, сол қыста дүние салған. Сол жер “Қазыбектің сөре тасы” атанип кеткен. Қазыбек биді, сол сияқты XIX ғ. бірінші жартысында айдабол Шоң биді де Түркістанға апарып қойғаны – тарихи шындық. Қазақстанның қай жерінен болсын, атақты адамдарды Әзірет Сұлтанға апарып қою – XIX ғ. ортасына дейін болып келді.

Мәйітке қабір қазудың өзінде біраз жергілікті ерекшеліктер бар. Қай жерде болсын, қабірдің бас жағы солтүстікке қаратылады да, терендігі кеудеден келетіндей болады. Ал Қазақстанның көптеген жерінде қабірдің батыс бүйірінен ақым қазып, соған жатқызады да, бер жағын таспен, кірпішпен қалап, содан кейін қабірге топырақ толтырылады. Солтүстікте қабір шұңқырына топырақ салмай, оның бетін тақтаймен немесе жалпақ тастармен жауып, үстінен топырақ үю де өте жиі кездеседі. Ал Жетісу мен оңтүстіктері Ұлы жүз тайпалары қабірдің батыс бүйірінен дөңгелентіп ойып теседі де, ар жағын үнгіп лақат жасайды. Өлікті лақатқа қойып, оның аузын кірпішпен бекітіп, бер жағындағы шұңқырды топырақпен толтырады.

Қабірдің бүйірін қуыстап яғни ақым жасап жерлесу көне шығыстағы ежелгі өдет болса, лақаттап жерлеу ислам дінінің ережелеріне байланысты келген. Лақат

қуысының кең және биік болу себебін проф. А.П.Ковалевский ислам докторына байланысты жерлеушілер қабірден 40 қадам ұзасымен мәйітті тергеуге алатын екі өзірейіл (Мұнқір мен Нәнкүр) келгенде марқұмның отырып жауап беруіне мүмкіндік жасау қамына сай қалыптасқан әдет екенін ескертеді.

Қабір басына шамасы келген адам зират тұрғызбай, жалаңаш қалдыруды ар көретін. Сондықтан әр жерде, сол жергілікті жердің сан қылыш ерекшеліктеріне қарай, зираттар да бір-бірінен ерекшеленетін. Жергілікті жердің өзінде де халықтың өл-ауқатына байланысты айтартылғанда өзгешеліктері болатын. Осындай жағдайларды ескере келе, Қазақстанның қай өңірінде болсын, жергілікті жердің табиғат өзгешелігіне және халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты зираттар ерекшеліктеріне қысқаша болса да тоқтала кетуді жөн көрдік.

Қазақстанның солтүстік, солтүстік шығысқандағы орманды аймақтарда ежелден бері зиратты ағаш шарбақпен қоршайтындығы туралы XVIII ғасырда И.Андреев айтса, өзіміздің жинаған деректеріміз де аталған жерлерде осы уақытқа дейін зиратты ағаштан жасайтындығын растиады. Ағашы жоқ аудандарда бейіт балшықтан, не тастан шошақ бейіт, болмаса торт құлақты мазар түрінде жасалады. Күйдірілмеген кірпіштерді қойдың, ешкінің сүтімен илеп, оған жұн, қыл, сабан қосып құятын болған. Әр түрлі жағдайларға байланысты халық күйзелген кездерде күмбез тұрғыза алмағандар, тас үйіп, оба тұрғызған. Мұндай аласа тас обалардың XVIII ғ. көп болғанын капитан Андреев кезінде атап көрсетсе, біздің деректеріміз де мұның растығын дәлелдей отыр. Мәселен, Баянауыл ауданындағы Қызылтаудың бір қойнауында Молалы қуыс деп аталатын қөлемді бейіт үйінділерден тұрады. Қарттардың айтуыша, бұлар XVII ғ. тұрғызылған қазақ күмбездері Қазақстанның көп жерлерінде кездеседі. Олар туралы өткен ғасырдың орта кезінде Ш.Уәлиханов жазған. Ал XIX ғ. мен осы ғасырдың басында жасалған зираттар Баянауыл аймағында жиі кездеседі. Олар көбінесе күйдірілмеген кірпіштен күмбезделіп, тастан торт құлақты там түрінде салынған. Әрбір күмбезben тамның іші 3–4 адам қойылатында кең болады. Таулы жерде тастан, жазық далада кірпіштен салынады. Бұған мысал ретінде Қызылтаудағы тастан жасалған Өміртай әuletінің бейіттері мен

Еспедегі кірпіштен салынған Мешітбай әuletінің “Ақмола” деп аталатын бейіттерін айтуға болады.

Бұл аталған бейіттердің өзінде ірі байларға жасалған зираттар өзінің үлкендігімен де, беріктігімен де бірден козе түседі. Мәселен, Ақай тауындағы тастан салған Бейістің зираты, Өулиедегі Әкімбековтің зираты, Ақмоладағы Ақылбек зираты, Жырадағы Көтен зираты осы уақытқа дейін сол қалпында сақталған.

Орталық Қазақстанда орта ғасырлардан бері сақталып келе жатқан күмбездер де аз емес. Мәселен, Ұлытауда XV ғ. Жошы хан, Алаша хан кесенелерінің үлгісімен күйген кірпіштен XIX ғасырда салынған Дүзеннің, Ердениң зираттары қазақ архитектурасының (сәүлет өнерінің) тамаша үлгісі болса, сол Ұлытаудағы Домбауыл батыр бейіті мен Аяғөздегі Қозы Көрпеш – Баян сұлу зираты тастан биік етіп күмбездеп салынған сол замандағы аса алып құрылыштардың қатарына жатады. Жетісу өнірінде де XIX ғ. салынған тамаша зираттардың сілемі осы уақытқа дейін сақталған. Мәсслен Қапал маңында XIX ғ. соңында дүние салған Тәнеке Доссетовтың күмбезі мен оның көптеген үрпактарының зираттары, Сарбұлактағы Кенсабаның күмбезі кірпіштен салынған зираттардың тамаша үлгісі сияқты. Мұндай зираттар Қазақстанның басқа жерінде де толып жатыр, олардың бәрін атау мүмкін де емес, тіпті оның қажеті де жоқ. Бұл күмбездер, әрине, ірі байлар мен билерге жасалған, ал көпшілік жағдайда орта байлардың зираты, қай жерде болмасын, төрт құлақты там ретінде салынса, кедейлер қауымының басына әр түрлі белгі қойылған топырақ үйіндісі ғана болатын. Мұндай зираттар аз уақыттан соң жойылып кететін.

Өлген адамға зират түрғызу, басына түрлі ескерткіштер қою дәстүрі Манғыстау, Үстірт және Сам төңірегінде ежелден бері ерекше орын алған. Олай дейтініміз – Каспий теңізінің жағасында зираттар жасауға қолайлы жұмсақ тас қоры мол. Сондықтан халық шеберлері жұмсақ тастан мәйіт басына қоятын сан қылышкіштер жасайтын. Манғыстау, Үстірт және Сам құмында көптеген бейіттер бар. Олардың әрқайсысы мұсылман өулиелерінің немесе жер аттарымен аталады. Мәселен, “Тас астай – қайнар”, “Ұшқан ата”, “Шопан ата”, “Сейсен ата”, “Шақпак ата”, “Қараман ата”, “Масат ата”, “Бекет ата” т.б. Сыртынан қарағанда, олардың барлығы дерлік жұмсақ тастан жасалған

сан алуан ескерткіштер және түрлері де бір-біріне ұқсас, жасалу техникасы да бір болып келеді. Жоғарыда көлтірілген бейіттердің бәрінде де құлпытас, қойтас, сандықтас, сағана, ұштас, сағанатам, күмбез сияқты ескерткіштер бар. Ал Масат ата бейітінен арқартас деп аталатын ескерткішті де кездестірдік.

Бұл ескерткіштердің бәріне оюлар ояды, өр түрлі бояумен өрнектер салынады. Мұнымен бірге әсіресе құлыптастарға кімге қанша қойылғандығы араб әрпімен жазылады, өлген адамның жынысына, кәсібіне байланысты бейнелер салынады. Мәселен, жас келіншектің құлыптасына сөукеленің бейнесін ойып салса, киім тігетін шебер әйелдің құлыптасына қайши түрі, әшекейлердің бейнесін ояды. Ал ер адамның құлыптасына қылыш, пышақ, мылтық, садақ, айбалта, наиза қалқан ойылса, зергерлер мен тас ісінің шеберлеріне қойылған құлыптастардан олардың көптеген сайдандарының бейнесі кездеседі. Бұл атыраптағы бейіт ескерткіштерінен адай, табын таңбалары өте жиі кездеседі. Бұл ескерткіштердің қай-қайсысы болсын халқымыздың шынайы өнер туындысы екендігіне күмән жоқ. Зират салу ісіне қазақ арасында мұншама өнерін жұмсаудың өзі халқымыздың өлген адамдар аруағын сыйлап, қадір тұтынатындығының айғағы тәрізді.

Мәйіт жерленіп, конақасы берілген соң жетісі, қырқы, жүзі және жылы өткізіледі. Бұл ырымдарды әркім шамасына қарай – мал сойып, құран аудартып, марқұмға тие берсінін айтып, еске түсіреді. Ұші деген ырымның тек аты ғана болмаса, алғашқы күндердің мәйіттің жерлену әбігершілігімен араласа өтіп кетеді. Бұдан соң біраз уақыттан кейін азын-аулақ дайындықпен жетісі, қырқы өткізіледі. Көп шығынсыз арзанға түсетін зираттарды негізінен қырқына дейін бітіреді. Ал үлкен күмбездеп жасалатын зираттар әдетте жыл бойына созылады.

Қазақстанның қай жерінде болсын, қандай ру-тайпалар арасында болсын, үлкен дайындықты керек ететін марқұмның жылын өткізу, яғни ас беру ғұрпы. Ас беру ислам дінінің шариғатымен байланысты қалыптасқан әдет емес. Ол қазақ арасында ислам дінінен бұрын болған көне діни сенімдерге байланысты бұз дүниенің жалғасы есебінде, ана дүниенің барлығына, өлген адамның жаны ол дүниеде өмір сүретініне, оған тіршілікте керек болған бүйімдардың бәрі ол дүниеде де керек

болатынына сенгендіктің салдарынан туған ғұрып. Осындаі сенімге байланысты ертеректе жерленген адамның қабіріне ыдыс-аяқ, тағам, қару-жарак, ер-түрман, әр түрлі әшекей т.б. бұйымдар қойылған. Қабір басына егілген ағаш қурап қалмай өсіп тұратын болса, халық тусінігі бойынша, ол адам өулие атанған. Осыған орай XVIII ғасырдың бірінші жартысында Әбілқайыр ханның қабіріне өзімен бірге қылыщ, наиза, садақ және жебелер қойылып, қабір басына ағаш егілгендігін А.Левшин айта келіп, ол ағаштың өсуіне байланысты халықтың Әбілқайырды өулие тұтатынын да ескертеді. Мұндай әдеттің қалдығы тіпті XIX ғасыр мен XX ғасырдың басына дейін келгендей кейір авторлар айтқан болатын.

Сөйтіп, ас беру өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрмалдықтар жасау арқылы өлілердің тірілерді жебеп-желеуін, қысылғанда сүйеп қолдауын керек еткен қараңғы халық сенімінен туған.

Жылын өткізу өлген адамның жыныс, жас ерекшелігіне байланыссыз міндетті түрде өз елін шақырып, ешбір ойын-сауықсыз, ат бәйгесінсіз өткізілсе, ас беру олай емес. Өйткені ас беру мөні марқұмның жылын өткізуден ерекше. Біріншіден, асқа қисапсыз көп адам шақырылады, екіншіден, аста міндетті түрде ақындар айтысы, балуан қүресі, алтын қабақ ойыны, құнан бәйгесі, ат бәйгесі болу керек, үшіншіден, сонша халыққа 3–4 құн бойы берілетін тағам, сусын, тігілген үй, асты өткізуге байланысты қызмет, ойын-сауық бәйгеге берілетін жұлдені есептегендеге қаншама мал, қаржы, мұлік және көп адамның еңбегі керек.

Астың осы айтылған ерекшеліктері оның жиі берілмейтіндігіне айғақ болғандай. Ас берудің бірінші шарты – дүниеден өткен адамның жасы 60–70 тен асқан, тіршілігінде өмірдің қызығын көрген адам болу керек. Мұндай адамның арты той дейді қазақ. Ал 60-ка жетпей кеткендер үшін оның жылында құліп-ойнау, олең айту, бәйге үйымдастырып, көңіл көтеру салтқа сыймайды. Ас берудің екінші шарты – дүние салған адам тіршілігінде абырай-атаққа ие болып, ел адамы дәрежесіне жетсе, оның өз дәулеті жетпеген күннің өзінде, ел болып асын айтарлықтай етіп өткізеді. Мәселең, XIX ғ. екінші жартысында шұбыртпалы Ағыбай батырдың өз дәулеті онша болмаса да, бүкіл Қарқаралы елі болып оның асына Ақмола, Семей, Павлодар

жөне Жетісу төнірегінен көп халық шақырып, үлкен ас өткізген.

Марқұмның өзі тіршілігінде ел адамы болмағанымен, мұрагерлеріне көп мал қалдышса, балалары байлықтың күшімен әкелеріне ас беруді өздерінің парызы деп білетін. Ал әйелдерге ерекше бір жағдайда болмаса, ат шаптырып үлкен ас жасамайтын, бірақ жылын міндегі түрде өткізетін. Елге қадірі өткен үлкен аяулы әжелерге балалары мен немерелері ас берген құннің өзінде, сол өз елінің шенберінен аспайтын.

Сонымен, ірі байлардың, атақты билер мен төрелердің астарын өткізу үшін оған рулы ел болып қатысады. Өлген адам жерленісімен, үй іргесінен қаралы ту көтеріп, жыл уақытында ас берілетіндігін сездіретін де, тұл атының құйрығын кесіп, кекілін төбесіне түйіп жіберетін. Тұл атты иесінің асына сойылғанша ешкім мінбейді, тек көш кезінде ер-тоқымды теріс қаратып ерттеп, қара жабу жауып, иесінің киімдерін артып, өлген адамның қаралы жесірі не туған қызы қолына қара ту ұстап, көш алдында жетектеп жүретін.

Астың қай жерде қашан берілетіндігі, қанша ел шақырылатындығы, ат, құнан бәйгесі мен балуан қүресіне т.б. ойындарға қанша жүлде берілетіндігі, олардың құрамы ас болардан ең кемінде бір ай, әйтпесе бірнеше ай бұрын арнайы жіберілетін адамдар арқылы хабарланатын. Өйткені асқа шақырылған ел алдын ала өзінің уақытын есептеп, асқа апаратын аза, жол жобасын дайындастын. Әсірепе бәйгеге қосатын аттарын бабына келтіріп жаратуға коп уақыт керек болатын. Онымен бірге ақындары мен балуандарын іріктеп, асықпай қамданып, ештеңеден қапы қалмайтындей, қысылып-қымтырылмайтындар мүмкіндіктері болуы керек. Мұның бәріне көп уақыт керек. Осы дайындықтың бәрі жөппелдеме орындалмайтындықтан, асқа келушілерден “хабар кеш берілді” деген сылтауды болдырмая үшін мүмкіндігінше ат жетер жерге ерте хабарлайтын.

Көп ел шақырып, үлкен ас беру – ас беруші елге, оның басшыларына үлкен сын болғандықтан, асты ешбір сөз келмейтіндей етіп өткізуге тырысады. Өйткені асқа келушілер ішінде неше түрлі қыныр, басбұзар, қисықтары да аз болмайды. Әдетте, ондай содырлар болмашыны сылтау етіп үлкен бүлік шығарып, астың шырқын бұзудан тайынбайтын. Әр түрлі жағдай-

ларға байланысты бір-бірімен дүрдарыз елдер де ас үстінде бас қосатын. Сондықтан да ас өткенше қонақтардың асты-үстіне түсіп, “жайылып төсек болып” дегендей, олардың қас-қабағына қарап, әркімнің қоғамдағы орнына, ата-бабасының жол-жобасын есептей отырып, қалтықсыз қызмет ететін. Әрине, үлкен ас үйымдастырып, көптеген елді өз асында тоғыстыру анау-мынау ұсақ елдің қолынан да келмейді. Соның өзінде, ас беруші елдің тегеуінділігіне байланысты, асқа келуші елдер де аяғын андан басатын. Сондықтан сылтау табатын ұсақтықты іргелі ел елең де қылмайтын. Мұндай үлкен асты басқаруды әдетте ең беделді, қолынан іс келетін көрші елдің басшыларына тапсыратын. Мұның өзі де асқа келуші елдердің құрамына байланысты. Мәселен, 1885 ж. қаржас руынан шығып, заманында дуанбасы болған Мұса Шормановтың асын атақты Саққұлақ би мен Жәпек Шоңмұрынұлы басқарады. Тегінде Мұса мырзаның асына бүкіл сүйіндік болып иелік еткен, өйткені ол асқа Орта жүздің басқа тайпаларын былай қойғанда, арғын тайпасының барлық рулары қатысқан да, ас өткізгенде бүкіл сүйіндік үрпағының мүддесі тоғысқан тәрізді.

Мұсаның асына төрт уездің халқы шақырылған, оның ішінде Қарқаралы, Ақмола, Павлодар, Көкшетау және Омбы ұлықтары бар. Келген қонақтарды күтіп алушылар: Ақмола мен Көкшетаудан келгендерді Қаржас баласы өзі күтіп алған. Қарқаралы мен Семейден келген топты Еспай мен Әкімбек Әлдебекұлы қарсы алады. Павлодар уезінен (ой бойынан) келгендерді Ақбеттау болысы көтереді. Ас Шүршіт-Қырған дейтін жерде, Шілдерті өзенінің бойында өтеді. Асқа 150 үй тігіліп, 200 жылқы, 400 қой сойылады. Бірінші ат бәйгесіне 100 жылқы тігіледі. Оны аттың алдынан келген Санырықтың құла бестісі алады.

Әдетте, ас кезінде көрші елдер арасындағы әр түрлі дау-шарлар да шешімін тауып жататын. Бұған дәлел болғандай бір уақиғаға тоқталайық. Ереймендегі қанжығалы елінің күлік руында кеткен бір айғыр үйір қысырағы болса керек. Бұған дейін күлік жағы тендік бермей жүреді екен. Асқа шақырылған қанжығалы елінің бір тобын бастап келген Кәрібай болыс ауылға түспей, адамдарын бір төбенің басына иіріп, ас иесі қаржас еліне кісі жіберіп, күліктे кеткен есесін қазір айдал келіп алдына салмаса, үйге түспейтінін айтып

қыр көрсетеді. Мұндай қатаң талаптың асты бұзам де-ген ишарат екенін түсінген қаржас жағы Әкімбек Мыр-зага келіп ақылдастырып. Әкімбек дереу өз жігіттерін түгелдей байлад алу жағын ойластырып алып, қанжы-ғалы жағынан келген елші жігітке: “Кәрібай маған сен-се – ас өткен соң есесін өзім қайтарамын, үйге түссін, ал сенбесе – не істеймін десе де өзі білсін” деп жауап қайтарыпты. Тегеуірінді елдің мұндай жауабын естіген Кәрібай жігіттерімен үйге түсіп, астан соң есесін алып бітіссе керек.

Ас беру қебінесе ел жайлауға қонып, мал семірген уақытта өткізіледі. Сондықтан ас беру мерзімі адамның өлгеніне артық, кемі жоқ бір жыл толуы міндетті емес. Жағдайға байланысты не жыл уақытына жетпей, не асып барып өткізле береді. Бұл әрине әдетті бұзғандық болып есептелмейді. Тіпті әр түрлі жағдаймен реті келмеген болса, асты бірнеше жыл өткен соң да өткізуге болады.

Тегінде ас өткізу мерзімі 3–4 күннен бір жетіге со-зылатын. Әдетте, асты сәтті күн сәрсенбі деп бастауды дұрыс көреді. Ал уақыты 4 күнге белгіленген уақытта бірінші күні жерошақ қазып, үйлер тігіліп, жерошақ майлар өткізіледі, екінші күні мал сойылып, ет асыла-ды, үшінші күні табак тартылып, ел арасындағы дау-жанжал қаралады, төртінші күні ойын-сауық өткізіліп, ат шабады. Әрине, мұндай күн тәртібі барлық жағдайда міндетті емес. Ас берілген кездегі түрлі жағдайларға байланысты ас өткізу уақыты не бір күнге қысқарып, не бірер күнге созылуы ықтимал. Дегенмен асты 4 күнге сыйғыза өткізу, кімге де болсын, қолайлы сияқ-ты. Ас беретін ауыл күнібұрын ас берілетін жерге ба-рып, дайындыққа кіріседі. Қонақтар үшін қоптеген ақ үйлер тігіледі. Әр елден келетін адамдарға бөлек үйлер белгіленіп, олардың арнайы күтушілері болады. Мал сойылып, ет асылатын үйлер қонақтарға арналған үйлерден оқшау орналасады. Үлкен астарға тігілетін киіз үйлердің саны кейде 200-ге дейін жетеді. Әдетте, әр үйдің иесі сол үйге түскен қонақтардың күтушісі есебінде болады да, қымыз бер шай жабдықтары со-лардың қолында болады.

Астың алғашқы күні қоптеген даяшылар тобы жан-жақтан ағылып келіп жатқан қонақтардың алдынан шығып қарсы алып, оларды алдын ала белгіленген үйлерге әкеліп түсіреді. Қонақтар, ең алдымен, қаралы үйге барып, ас иесіне ниеттерінің қабыл болуына

тілекестіктерін білдіріп, құран оқып, үйді-үйіне тарасады. Әр үйде қонақтарға арналған саба-саба қымыз болады, оның қай ауылдан келгендейгін даяшылар өлеңдетіп жарияладап жүреді. Сондықтан әрбір саба әкелетін ауыл қымызын дұрыстап әкелуге тырысады. Кейбір даңққұмар байлар асқа аппаратын сабаның піспегін күмістетіп, жүздеген литр қымыз сиятында үлкен етіп жасатқан. Мәселен, 1852 ж. Ембі бойында болған бір асқа бейсембі Бажықой дейтін бай 10 жылдының терісінен жасалған сабаға 10 шелек қымыз құйып әкелген. Мұндай сабалардың мойнын жабдықтан шығарып қойып, ат үстінен піседі екен. Асқа келушілердің бас-аяғы жиналып барлық үй қонаққа толған уақытта табақ тарту басталады.

Табақ тартуға ылғы сыпайы киінген, өзі аса епті, жылпос жігітер тағайындалады. Әдетте, олар табақтарды жорға аттарға мініп тартады. Табақ жасаудың да өзіндік мәні бар. Сондықтан кімге арналған табақ екенін табақ жасаушы алдын ала білуі керек. Дәстүр бойынша, малдың он екі жілігінің және басқа мүшелерінің мәні әр түрлі. Өзінің қоғамдағы орны мен жолына лайықты мүшесі тартылmasa, дереу наразылығын білдіре бастайды, сондықтан ас иесі мұндай жағдайды алдын ала болдырмауға тырысады. Мүшені келістіре таратып, бас табақтарға бас, шеке, жамбас, жая, асық жілік, ортан жіліктер салыну керек. Бұдан осы мүшелердің бәрі бір табақтан орын алу керек деген үғым шықпайды. Табақ сайын әр мүшелердің біреуі жүрсе болды, оның жаңында басқа еттер бола береді. Сонын өзінде қонаққа тартылатын табақтарға сирак, ішек-карын және мойын омыртқа салынбайды.

Қазак “тойға барсан, тойып бар” дейді. Бұл мақал асқа жиналған қонақтарға жүрмейді. Өйткені асқа қанша халық көп келгенімен, олардың бәріне 2–3 күн бойына ет пен қымыз жеткілікті болады. Сондықтан да болар, ас кезінде тамаққа өкпелеу болып тұратын.

Асқа сойылатын сойыс мөлшері жайында біраз тарихи деректерге тоқталайық. А.Левшин Кіші жүздегі атакты Сырым батырдың асына қатысқан адамдардың өз аузынан өстүі бойынша ол асқа 2500-дей қой, 200-дей жылқы сойылып, 5000 шелектей қымыз ішілгендейгін, немесе Орта жүздің ішінде Хангелді батырдың асында 500 қой, 250 жылқы сойылғандығын баяндайды.

Отken ғасырдың 70-жылдарында өзіне таныс бір

байдың асында 100 жылқы, 200–300-дей қой сойылып, 30 пүт күріш, 10 пүттай мейіз жұмсалғандығын И.Алтынсарин да айтқан.

1860 жылы Кіші жүз жаппас руының Құламбай дейтін байының Қаракөл басында өткізілген асында, В.Плотниковтың айтуынша, 140 үй және 200 кісі сиятын жібек шатыр тігіліп, 120 ас үй жерошақ басына тігілген. Екі қатар етіп 140 жерошақ қазылып, әрқайсынына бір-бір қазан асылған. Бұл асқа 60 жылқы сойылғанда, әр үйде бір-бір сабадан болғанда 140 сабақымыз жиналған. Әдетте, қымызды өздерінің сабаларымен асқа келушілер әкеледі. Ойткені ас иесі қанша бай болғанымен, асқа жиналатын бірнеше мың адамға жетерлікте қымызды даярлау мүмкін емес. Асқа алғашкы күні 1000 адам келсе, екінші күні 5000-ға жетеді. Жиналған жұрт әрбір тігулі түрған үйлерде 30–50 кісіден орналасады. Әр үйге 15 табақтан тартылады.

1869 жылы Көкшетау аймағында болған Шалдекенің асы туралы И.Ибрагимов бұл аста 30-дан астам үй тігіліп, көп мал сойылып, балуан күресінің, ат бәйгесінің болғандығын айтады. Аты-шулы Шөже мен Орынбай ақындардың осы аста кездесіп, айтысқанын өз құлағымен естігендігін де ескерткен.

XIX ғасырдың 80-жылдарында Сырдария облысында байлар асына 1000 ділдадай ақша жұмсаса, кедейлер одан әлде қайда кем жұмсайтындығын айта келіп, Н.Гродеков онтүстікте әйел, еркек демей, өлген адамның бәріне де жыл уақытында міндettі түрде ас берілетіндігін баяндайды. Әйелдердің жылын Қазақстанның қай өнірінде болсын өткізетін, бірақ оған көп жұрт шақырылмайды. Маңайдағы жақын ауылдарғана катысып, табақ тарту, женіл-желпі ойын-сауықпен шектелетін. Ат шаптыру сияқты шаралар болмайтын. Сол сияқты кедейлер де өз олігінің жылын шамасына қарай атап өтумен ғана қанағаттанатын.

Откен ғасырдың тоқсанынши жылдарының басында Сырдария облысының Қазалы, Перовский уездерінде Кіші жүз руладының арасында берілген бес асқа бірдей катысқан И.В.Аничков Шөмекей руында өткізілген Көрібай асы туралы жазған. Бұл ас шілде айының аяғында 4 күн бойы Куандарияның бойында откен. Бұған Қазалы, Ырғыз, Перовский уездері мен Әмудария бөлімінен арнайы шақыру бойынша 5000 адам жиналған. Қонақтар үшін тігілген ак үйлердің саны 200-ге дейін

жеткен, ал молдалар мен ишандарға Бұхар шатыры тігілген. Бұлардан болек жерошак басында бірнеше үйлерді екі-екіден тіркестіре тіккен. Әдетте, әрбір үйге бір-бір молда бекітіледі. Бұл асқа Кіші жұз құрамына кіретін Байұлы, Әлімұлы және Жетіру тайпаларынан көптеген рулардың үекілдері жиналған. Асқа 200 қой, 40 жылқы сойылып, 200 пүт күріш даярланған да, саба-саба қымыздардың көптігі сонша, әр үйге бір сабаданға қойғанда, оның саны 200-ден арттындығын айтқан.

1894 жылы Қарқаралы уезіндегі 2600 жылқы біткен Жаманбала Құрмановқа балаларының өткізген асына Қарқаралы, Павлодар және Ақмола уездерінен қонақтар шақырылған. Бұл ас Нұра өзенінің бір кең алқабында 100 жылқы, 160 қой сойылып, қап-қап қант, шай алынып, бірнеше ондаған қап бауырсақ дайындалып өткізілген.

ХХ ғасырдың басында Жетісу өнірінде ас әлі де болса солтүстік аудандарға қарағанда жиі болатын. Қапал уезінің тұрғыны Нұрмановтың деректері бойынша, орта есеппен бұл өнірдегі өткізілетін астарға малды ақшага шаққанда 1000–3000 сомға дейін ақша жұмсалатын.

Ас берілетін адам қаншалықты бай, беделді болса, істеген істерімен өз заманында алты алашқа әйгілі болса, солғұрлым оның асына келушілер де көп болады. Мәселен, халық арасындағы аңыз бойынша, XVIII ғ. соңында Абылай ханға берілген асқа үш жүзден түгел шақырылған. XIX ғ. алғашқы жартысында Кенесары әкесі Қасымның Торғай өзенінің бойында берілген асына Кіші және Орта жұз руларын шақырған.

XIX ғ. екінші жартысында Шұбыртпалы Ағыбай батырдың Қарқаралы уезінде берілген асына Ақмола, Семей және Жетісу облыстарынан көп адам шақырылса, Ерейментауда берілген керей Сағынайдың асына үш жүзден түгел жиналған.

Бұрынырақта өткен үлкен ас үстінде ел арасының дау-шары, қоғамдық мәселелер де билер алдында шешіліп жататын. Мәселен, ел аузындағы аңыз бойынша, Жетісудағы бір асқа келе жатқан екі жігіт ай далада кездесе кетіп жөн сұрасса, біреуі өзінің атын “Құдаймын” деп таныстырыпты. Сонда екінші жігіт “құдайлды мен саған көрсетейін” деп сабап-сабап қоя беріпті. Таяқ жеген жігіт астағы билер алдына барып, шағым етіпті. Билер тентекті шақырып сұраса, ол: “Мен бір анадан жалғыз едім, оның үстіне жарлы болдым. Осы-

ның бәрін істеп отырған құдай ғой деп, оған өшігіп жүруші едім. Кеше күтпеген жерден іздеғен құдайым кездесе кеткен соң, “Мен сенің жалғыз қылғандай, жарлы қылғандай, ненди алдым” деп, “құдаймын” деп кісі кейпінде жолыққан мына жігітті сабағаным рас...” депті. “О,батыр! Мұның қалай”,— деп билер шағым берген жігітке қараса, ол: “Менің атым Құдайберген еді, “құдайын” айтқызып, “бергенін” айтқызбай салды да кетті, салды да кетті”, — депті. Екі жігіттің де тапқырлығына риза болған билер екеуін достастырып жіберіпті. Бұл, әрине, аңыз, бірақ мұндай мәселелер ас кезінде билер алдына көп қойылатындығын былай қойғанда, кей уақытта үлкен қоғамдық мәселелерді шешу үшін асқа жиналған көпшілікті де пайдаланатын. Мәселен, жоғарыда айтылған асында Кенесарының хан сайланғандығы бұған толық дәлел болады.

Ас кезінде әрбір үйде тамақ ішкен сайын құран оқылады. Қаралы үйге әр рудың топтары құран оқытуға келген сайын жоқтау айтылады. Аста айтылағын жоқтаудың мазмұны өлікті жерлердегі жоқтаумен бірдей, негізінен оны мадактау, істеген істерін мадақтаумен тынады. Ас басталғаннан аяқталғанша кешке қарай ақындар айтысын, жыраулардың жырын, қүйшілердің күйін, әншілердің әндерін тындалап тамашалайды. Асқа жиналған адамдарға мүшелі табақтары тартылып болған кеште арнайы құран оқылып, ту ат сойылады. Жесір әйел атқа жармасып, ерінің сонғы белгісінен ажырасқысы келмей, қыздарымен қосылып дауыс қылады. Бірақ оған қарамай тоқтау айтып, атты союға әкетеді. Оның етінен басты-басты ақсақалдарға табақ тартылып, құран оқытады. Ту атты союмен бірге қаралы ту байланған наизаны жесірдің әменгерлері болмаса туыстарының бірі сыртқа алып шығып, сындырады да, әдейі жағылған отқа тастайды. Осы ғұрыпты орындаушыларға ат, шапан сияқты сыйлықтар беріледі. Қаралы туды өртеу әдеті — қаралы күн осымен аяқталды деген үғымды анғартады. Ал бұл істі жесірдің әменгеріне тапсыру әдеті бұдан былай оған әменгері иелік етеді, өлген күйеуінің орнын басады деген үғымды білдіреді. Қазақ халқында ертерекten қалыптастан әдет бойынша, асқа сойылған үлкенді-кішілі малдардың сүйектері, әсіресе жіліктері еш уақытта сындырылмайды. Асқа саба әкелгендерге түгелдей сарқыт есебінде бір-бір сындырылмаған бүтін жілікті сабаның түбіне салады. Мұны

салу дейді. Бұл қымыз құйылып келген ыдыстарды құрқайтарма әдетіне байланысты беріледі.

Kісі өліміне байланысты сойылатын жылқылар өсіреле жыл бойы ең жақсы атын тұлдаپ, құр жіберіп асында сою әдеті қөнетүріктерде болған ескі діни сенімдермен ұштасады. Ибн Фадланның айтудынша, көне түріктер, ескі нанымдарға байланысты, бұл атты сойып, етін жетін де, басын, сүйегін, терісін қалдыратын болған. Мұндағы мақсат марқұмның ана дүниеде ту атпен жұмаққа жылдам жететіндігіне деген сеніммен байланысты болған.

Асқа жиналғандардың ең үлкен қызығы — ат шабысы. Сондықтан шамасы келген адам асқа бәйгеге ат апармауды ар санайтын. Нәтижесінде әр елден небір жүйріктер жаратылып әкелінетін. Бәйге атқа бап керек. Сондықтан да қазақ “Ат шаппайды, бап шабады” дей отырып, оның қас-қабағына қарап мәпелейтін. Әдетте бірнеше ай жаратылған бәйге аттарды жабулап, жалқұйрығын тарап, тіл-көзден аман болу үшін үкі тағып, жетектеп әкеліп, кермеге байлайтын. Кейбіреулер арнайы киіз ала жүріп, атты құңсітпей, көвшілікке көрсетпей үйде ұстайтын. Дегенмен бәйге аттардың бәрін сыншылар көріп, әркім өзінше пікір айтатын. Қазақ сыншылары аттың бабына, мүшесіне, тұрысына, мінезіне, жұнінің реңіне т.б. көптеген ерекшеліктеріне қарай дұрыс болжаулар жасай білген. Ас иелері әр елден келген бәйге аттардың, құнан бәйгесіне қосылатын құнандардың санын есепке алатын. Бәйгеге шабатын балаларды да ат иесі өз елінен әкелетін. Әдетте олардың жасы 7–12-нің арасында болады. Бәйге атқа ерттейтін ер-тоқым да кішкене, жайлы және женіл болу керек. Бәйге балалар өз атының қыбын білумен бірге, жер жағдайын да білу керек. Сондықтан кейбіреулер ас кезінде балаларына шабыс жолын да көрсетіп, жер жағдайына қарай не істеуін үйретіп қояды.

Астың соңғы күні ат шабысы үйымдастырылады, яғни асты бәйгемен аяқтайды. Таңертен асқа жиналғандарға соңғы рет тамақ беріліп болысымен, ат айдаушы қарақшыны қолына ұстап көмбеге тартады да, тоғып жатқан жаршылар ат шабыстың қай жерде болатынын айтып, жүрттың сонда аттануын сұрайды. Әдетте, қарақшыны биік төбеге тігеді (сондықтан да Қазақстанның қай өңірінде болсын “Бәйге төбе” деген шабын төбелер толып жатыр).

Жер жағдайын білетін азулы билер өзінің ойлаған жерінен қарақшы тіккізіп, көмбе жасауды үлкен мәртебе көретін. Кейде тіпті әркім өзінің келген жағынан көмбе белгілетіп, бәйгеден соң сол жағынан еліне қарай жүре беру мүмкіндігін ескерген болып, ас иелеріне ықпал етуді, артында сөз қалдыруды ойлайтын. Осындай өзімшілдіктің негізінде ерекіс те туып кететін. Мәселен, атақты Шоң биге байланысты халық аузында мынадай бір аныз-әңгіме сақталған.

Шоң би қартайған шағында Ақмола дуанының төресі Қоңырқұлжаның асына бір топ кісімен аттаныпты. Ас берілетін жер жақындаған кезде бір ынғайлы тәбенің үстіне шығып, жетектеп келе жатқан Жәкеннің 25 жасар жүйрік қара ала атын “е, Қара ала! Сенің ақырғы бәйген, менің ақырғы тобым. Осы тәбенің басына қарақшы тіккізбесем – маған серт, бәйгеден келмесең – саған серт” – деп сауырынан үш тартып, журіп кетіпти... Шоң ас кезінде өзіне берілген жеке үйде болады да, енді соңғы күні ат айдауға кіріскеңде ас иелері көмбені басқа жерден белгілеп, соған қарай беттей береді. Мұны көрген Шоң қаракесектің атақты би Алшынбайға “Айыркезең есінде ме екен? Мен қартайдым, ат қағып қажып келдім, енді ауылға қайтар жолымдағы бәлен тәбеден қарақшы қойсын” деген сәлемін айтЫп, бір жігіт жібереді де, өзі тобымен қара ала атты жетектеп баяғы төбесіне кетеді. Шоң сәлемін естіген Алшынбай ас иелеріне барып, қарақшыны Шоң қалаған төбеге тігуді сұрайды. Бірақ төрелер көнбей, оларды да намыс қысып, “біздің асымызды Шоң билей ме? Ерік өзімізде емес пе?” деп ерекіс түседі. Сонда Айыркезенді ұмытпаған Алшынбай “қарабаттап” ұран салып, Шоң айтқан төбеге қарай беттегенде, оның соңынан бүкіл халық ілеседі де, аз ғана төре үркердей болып қалып қояды. Сөйтіп, төрелер амалсыздан Шоң отырған төбеге қарақшы тіккізіпти. Қара ала ат бірінші болып келіп, кешікпей дүние салыпты.

Ал Айыркезең уақиғасына келсек, ол туралы мынадай аныз бар: Алшынбайдың әкесі Тіленші би Айыркезең деген жерде отырғанда өліпті. Шоң би бата қыла келіп, Тіленшінің үлкен балаларын ұнатпай, кенжесі Алшынбайды би сайлапты да, оған тортуыл мен қаракесек арасындағы бір дауға билік айтқызып, батасын беріпти. Сонда Алшынбай Шоңның жолына қара нар, қалы кілем тартыпты, бірақ оны Шоң алмай: “Сен

көмелетіңе келген уақытында, мен ақылымнан танып, азұымнан шалған уақытымда есіңе алсаң болды”, – деп аттанған екен. Ал бұл сөз содан бері Алшынбайдың есінде жүріпті. Шоңның “Айыркезең есінде ме екен? – деп сұратқаны осы болса керек.

Үлкен астарда көбінесе құнан бәйгесі және ат бәйгесі болады. Құнан бәйгесінің қашықтығы 10–15 шақырым болса, аттардікі 30–40 шақырым, кейде одан да артық болатын. Кей уақытта құнан бәйгесін астың алғашқы құндерінде, жерошақ майлау кезінде, өз елінің шенберінде ғана үйымдастырса, көбінесе соңғы құні ат бәйгесімен қатар откіzetін. Құнандарға да, аттарға да төрт-төрттен айдаушылар тағайындалады. Олар барлық аттың ат қайтатын жеріне түгел барып, сапқа тұрып, бір уақытта қарақшыға қарай алдын ала белгіленген маршрут бойынша беттеуін, жолдан бөгде аттардың қосылмауын қадағалайтын. Сондықтан айдаушыға инабатты, сенімді адамдарды қоятын.

Жері жақын болған соң, аттарымен қатар айдалған құнандар келіп, аттар келгенше жұлделі орынға ие болғандардың иелері жұлделерін алып, өзара үлесетін. Ат келгенше балуан күресі, алтын қабак ойындары откізіліп, женғендегі бәйгесін алып жатады. Әр ру әр ата балалары өз балуандары үшін аруақ-құдайға сыйындып, олардың жеңісін тілейді.

Женіске жеткен балуан да, теңгелікті атып түсірген мерген де көбінесе жұлденеден ештеңе алмайтын. Әдетте, жұлдені ақсақалдар болісіп, жұлдегерлер атына ғана риза болады.

XIX ғасыр сонында Сырдария облысындағы шеме-кей руында өткізілген Кәрібай асында ат бәйгесінен қосылған 163 аттың отызына жұлде тағайындалып: бірінші бәйгеге 1000 бұқар теңгесі, 25 жылқы, 23 түйе (ақшага шаққанда барлығы 800–900 сом), ең соңғы 30 атқа 10 сом ақша, бір жылқы, бір шапан бергендейгін И.Аничков баяндайды. Ат бәйгесіне берілетін мал түріндегі жұлделердің көбінесе тоғыз-тоғыздан болатындығын айта келіп, И.Аничков Оңтүстік Қазақстан Ресейге бағынбай тұрған кезінде Орта Азия елдерінен сатып алған құлдарын да кейде ат бәйгесіне малға қоса беретіндердің болғандығын ескертеді.

Ат бәйгесінің мұншалықты мол берілуінің өзі астағы негізгі қызықтың өзі осы ат шабысы екенін дәлелдейді. Ат бәйгесінің негізгі бөлігін ат иесінің руы бөліседі де,

өзіне онша көп қалмайды. Ал ат бәйгесінің қайсысынан болсын белгілі мөлшерде қаралы үйге ырымын тастау міндепті түрде болатын. Асқа иелік етіп отырған рудың өзі аттарынан алған жүлдесі солайымен қаралы үйдің ошағына қалдырылатын. Жүйріктің бәйгеден келді деген аты болмаса, бәйгеге алынған жүлдеге ат иесі кедейдің байитыны болмайды. Өйткені асқа сойылатын малдың өзі ылғи кәрі-құрттан сырқаулардан тұратынын былай қойғанда, жүлдеге берілетін малдың өзі көбінесе өсім бермейтін кәрі, ауру малдардан сұрыпталатын.

Уақыт өткен сайын ат бәйгесіне берілетін шығын ықшамдала бастаған. XIX ғ. бірінші жартысы мен ортасында өткізілген астардағы бәйге мөлшерін XIX ғасырдың соңындағы бәйге мөлшерімен салыстырғанда, олардың арасы тым алшақ жатыр. Мұның өзі ас беру өдегінің барған сайын бәсендей бергенінің айғағы төрізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ арасындағы ас беру өдегі көркем өдебиетте де аз емес. Соның ішінде айтулы астың егжей-тегжейлі суреттеліп, сол уақыттың тарихи шындығын Илияс Жансүгіровтың “Құлагер” поэмасындағы Сағынай асы мен Мұхтар Әуезовтің “Абай” эпопеясындағы Бөжейдің асы көрсетеді.

Өлген адамға жыл уақытында хатым құран шығартып не жылын беріп, асын өткізуден кейін де өлген адам ұмытылмайды. Жетісі, қырқы, жүзі және жылы сияқты үлкен шығын шығарып, жұрт жиып еске алмағанымен, жыл сайын аруактарға арнап ораза айында садақа беріп тұрады, оразаның соңғы үш күні “шек” делінеді де, солайымен өлгендерге арналады, шелпек пісіріп, құран оқып, тие берсін айтылады. Жыл мезгілінде көш-қонның кезінде қыстаудағы не жайлаудағы ата бейітеріне, яғни олардың аруағына арнап құран оқытып, кейбіреулер құрмалдық шалып та жатады. Мұнымен бірге қандай болсын ауыртпашилық кезінде, ең алдымен, аруак-құдайға сыйынып, олардан қолдау таппак болатын. Мұның бәрі өлген ата-бабалардың еш уақытта ұмытылмайтындығының айғағы.

Қазақ арасында бұрын-соңды өте сирек кездесетін жағдай – өзін-өзі өлтіру. Мұндай өлімге халық еш қошемет білдірмейді, әсіресе дін адамдары оны жерлеуге өздері қатынаспағанымен қоймай, оларды ру бейітіне де қойғызбайды. Соңдықтан мұндай жағдайда ас беру деген атымен болмайды.



# Екінші тарау



Некелесу  
әдет-ғұрыптары



## НЕКЕЛЕСУ ДӘСТҮРІ

Қазақстанның кең байтақ жерін мекендереген қазақ халқының төңкеріске дейінгі некелесу және үйлену тойын өткізу дәстүрі жайында мол деректер бар. Қазақстанның әр өніріне жолы түскен саяхатшылар, белгілі ғалымдар, қызмет бабымен келген жергілікті қызметкерлер түрлі ру-ұлыстар арасынан сан алуан құнды деректер жинап, баспа жүзін көрсетсе, кейбір архив қоймаларынан орын алған. Кезінде ешбір зерттеушінің көзіне түсіп, құлағына шалынбай, ұмытылғаны да болған. Дегенмен ел арасында қазірге дейін сақталып келе жатқан дәстүрлер жайында осы деректерге, кәрі құлақ қариялардың айтқандарына, аузы әдебиетінің мұраларына сүйеніп, белгілі бір тұжырымдар жасауға болады.

Жастай некелестіру – қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Кей уақытта қыздарды 13–14 жасында ұзатса, ер балаларды 15–16 жасында балиғатқа толды деп үйлендіре берген. Бұл дәстүр халық арасында ашиқ көрініс тапқан.

Халық түсінігі бойынша негұрлым жастарды ерте үйлендіре, олар әрбір жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары көп, мықты болады деген сенім де болған.

Неке құрудың негізгі жолы – құда түсіп, қалыңмал төлеп үйлену, жасаумен тұрмысқа шығу. Ал малы тапшы шаруаларға, әсіресе кедейлерге 27, 17 бас мал төлеп келін түсіру оңайға түспейтін. Тақыр кедей балалары әуелі өздері бірнеше жыл жалға жүріп, қалыңға беретін мал жиятын немесе онтүстікте қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған. Әке-шешеден жастай айырылып, кедей туысының қолына қараған қыздар мен жесір қалған кедей әйелінің қыздарына

күдә түсіп, азын-аулақ малын беріп, күйеу әкесі қалыңдықты 9–10 жасқа толысымен өз қолына алған бағатын да әдет болған. Мұны қазақ “қолбала” етіп алу дейді. Қолбала болып жүрген қыз бала болашақ күйеуімен бірге өскенмен, балиғатқа толғанша ерлі-зайыптылық ғұрыпты құрғызбайтын.

Қыздарын 12–13 жасқа толысымен күйеуге беру, әрине, кедей-жарлылардың ісі. Өйткені көп баланы асырап бағу оларға оңайға түспейтін, оның үстіне құдасы ауқаттырақ болса, қалыңмалын төлесімен, қызды жас болса да, өз қолына алған, үй шаруасына үйретіп, қолканат ету жағын қарастыратын. Қалыңмалын алған қойған жарлының қызын бермеске амалы болмайтын. Бұдан тек әлді шаруалар, байлар ғана аулақ болған. Олар қыздарын 17–18-ге келмей ұзатпаған. Осы уақытта бай қыздары әбден бой жетіп, он-солын айырып, болашақ өмірге дайындалатын. Барлық әдет-ғұрыптарын айтартықтай етіп өткізіп, ырғап-жырғап ұзатуға байлар бір-бірімен бәсекелес болатын. Әсірепе еркек-шора болып өскен жалғыз қызды немесе көп ағаның ортасында өскен кенже қызды әлпештеп, кемеліне келгенше ұзатпай, он жақта ойнап-кулсін деп, күйеу таңдауға да ерік беретін. Елден асқан сұлу, өнерлі қыздар әрқашан күйеу таңдап, көп уақыт он жақта (әкесінің үйінде) отыра беретін.

Қазақ әдетінде қыз бен күйеудің жас шамаластығына көбінесе қарамайтын. Өйткені барлыққа мастанған егде тартқан байлар жоқшылықтың зардабынан қысылған жарлылардың жас қызын төсек жаңғырту ниетімен әйел үстіне немесе әйелі өлген соң малға жығып алатын. Мұндай жағдайда 13–15 жасар қыздарды 50–60 жасар шалдар айттырып алатын әділетсіздіктер жиі кездесіп тұратын. Осындай қыршын қыздар тағдырының тіпті әкесінен үлкен, озбыр қарттарға лушар болуының негізгі себебі қыз әкесінің сирағы шыққан кедейлігі, оғейлігі не жетім қыздың жалғыздығы екендігін көптеген архив деректері де дәлелдейді.

Айттыру арқылы қосылған ерлі-зайыптылардың жас ерекшелігі кейде керісінше болады, яғни әйел ерінен әжептәуір үлкен болады. Мұндай жағдай көбіне әменгерлік әдетпен үйлендіру тәртібіне байланысты болатын. Жасы келген уақытта женге алғандықтан, олардың жас арасындағы ерекшелік онша көзге түспейді. Ал ағасы өліп жесір қалған женғені, ержеткен әменгері

болмағандықтан, жас балаға қосып, некесін қиғандағы жас ерекшелігі кейде тіпті алшақ жатады. Мәселен 17–40 жасар әйелдерді 13–15 жасар балаларға қосу туралы деректерді тағы да архив қазынасынан және ел арасынан өзіміз жинаған деректерден кездестіреміз. Кейде үй шаруасына қарайтын кісісі жоқ байлар жас баласына бой жеткен кедей қызын айттырып алғы беретін. Мұндайда 16–17-ге келген қыздың қүйеуі 12–13 жастағы бала болатын.

Әрине, ерлі-зайыпты адамдардың жас ерекшеліктері тым алшақтығын көпшілік халық қолдай бермейтін. Байлықпен жас қыз айттырып алған шалға да, балалықпен өзінен көп үлкен келіншекке сырттан иемденіп жүрген жасқа да көлденең адам күле қарап, мысқылдайтын. Құр мысқылдан басқа әділетсіз некеден жапа шегіп жүрген жас келіншектерге қалыңмалы толық берілген соң, бақырдың өзінен басқа ешбір ара түсуші болмайды. Сондықтан, жалпы халық ұғымы бойынша, қыз айттыру кезіндегі қүйеу мен қалыңдықтың жасы көбінесе тең, ең болмағанда қүйеуі 5–10 жасқа дейін үлкен болуын ұнататын.

Құда түсіп қыз алысадағы бүкіл қазақ қауымына ортақ тәртіптің бірі – туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау. Мұндай тәртіпті этнографияғыныңда экзогамия дейді. Қазақ халқындағы экзогамиялық тәртіптің мән-жайы туралы қоптеген авторлардың еңбегінен деректер келтіруге болады. Мәселен, А.Левшин экзогамиялық тәртіптің қазақ арасында қатал сақталғандығы сондай, кей уақытта туыстық жақындығы тым әріге кететіндер арасында ғана некелесуғе болатындығын айта келіп, тіпті бір рудың адамдары бір-бірімен қосылмайтындығына мысал ретінде жағалбайлы руына жататын жігіттің қалыңдықты өз ішінен емес, басқа рулардан, ең болмағанда жеті рудың басқа руларынан іздейтіндігін келтірген.

XIX ғ. басында қазақ арасында туыстық экзогамия рулық дәрежеде, яғни жағалбайлы руы сияқты рулардың экзогамиялық ру болғандығына күмәндануға болады. Әрине, жағалбайлы жігіті басқа ру, тіпті басқа тайпа қызына да үйленуі мүмкін, тіпті ондай құдалықты кейбір әкелердің дұрыс коруі де ықтимал. Бірақ жағалбайлы руының озді-озі қыз алыспауы мүмкін емес. Бұл пікірдің дұрыстығын Левшиннің “бұл тәртіп жаппай әдет емес” дегені мен XIX–XX ғасырларда жа-

зылған басқа еңбектер, сондай-ақ біздің ел арасынан жинаған деректеріміз дәлелдеп отыр.

Бұдан кейін Семей облысының қазақтары жайлы көлемді еңбек жазған П. дейтін автор да қазақтарда рулық экзогамиялық тәртіптің болғандығын баяндайды. Оның айтуынша, қалындықты өз руының ішінен алмай, басқа рулардан, кейде тіпті 700 шақырымдық жырак жерлерден айттыратын болған. Бұл арада да ру деген атау орынсыз қолданылған. Мұндай жаңсақ айттылған пікір ру деген атқа ие болуы үшін неше атаға толудың керектігіне, яғни рулы ел қанша үрпақтан тұратындығына мән берілмегендіктен туған. Қазакта жеті атаға толмайтын ешбір ру болмайды. Тіпті 7–8 үрпақтан тұратын туыстық бірлестіктің өзі ру дәрежесіне жетпейді. Ру деп аталатын туыстық бірлестіктің дәл неше атадан болатынын, яғни неше үрпақтан тұратынын кесіп айту қын болғанмен, 7 атадан әлдекайда артық болатындығы даусыз. Қазақ арасында ежелден бери 7 атаға толмай қыз алыспау себебі туыстық қарым-қатынас, алыс-беріс, өзара көмек мәселесі жеті атаға дейін сиыр құйымшактанып барып аяқталатындықтан. Сондықтан жеті атадан әрі қарай туыстық жақындықтан гөрі, құдандалық жақындық басым болады. Ал туыстық қарым-қатынас үзілмей тұрып, аталар арасында құдандалық жақындықтың іс жүзінде керегі де болмайды. Тіпті қыз алысқан күннің өзінде, құдалық жақындықтан гөрі, туыстық қатынас басым болады. Осы себептерден туыстық қатынас әбден жойылғанша қыз алысудан бой тартатын.

Қазақстанның жері үлкен. Оның әр түкпірінде мекендейтін қазақ жұртшылығына сырттан тиетін экономикалық әсер мен ислам дінінің ықпалы әр түрлі болғандығы даусыз. Айталық, Россия шекарасына жақын жатқан солтүстік, солтүстік-шығыс және батыс аудандарында және онтүстікте ежелден отырықшы, қала мәдениетінің әсерінде болған Ташкент, Шымкент және Түркістан маңын мекендейтін қазақ жұртшылығының шаруашылығына товарлы ақша айналымының әсері мен ислам дінінің ықпалы тиіп, олардың арасындағы туыстық қарым-қатынастың бұрынғыдан әлдекайда әлсірей түсүі анық. Осыған орай Қазақстанның әр ауданына байланысты әр уақытта жазылған әдеби мұралардағы деректерге тоқталайық. Мәселен, ІІ.Алтынсариннің айтуынша, Қазақстанның солтүстік-батысын

мекендейтін қазақ жұртшылығының арасында XIX ғасырдың екінші жартысында 8 атаға толғанша қыз алыспаған (*Ы.Алтынсарин, 104*). М.Е.Маковецкийдің айтуынша, Қазақстанның солтүстік-шығысында бұрын 7 атаға дейін қыз алыспайтын болса, өткен ғасырдың 80-жылдарында үш атаға толысымен қыз алысқан (*П.Маковецкий, 2*). Біздін ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, П. Маковецкийдің үш ата арасындағы қыз алысу тәртібі жалпы қазақтар арасындағы қалыптасқан әдет емес, тек төрелер мен қожалар арасындағы қатынас екендігін дәлелдейді.

Сырдария облысын мекендейтін қазақтар арасында 7 атаға толғанша қыз алыспау тәртібі негізінен XIX ғ. сонына дейін сақталғанымен, 3–4 атадан да қыз алыса беру әдетінің орын алғандығын көптеген авторлар өз еңбектерінде көрсеткен болатын. XX ғ. басында өзіне дейінгі әдеби мұраны зерттей келіп, қазақ арасында 7 атаға толмай қыз алыспау тәртібінің мықты сақталуымен бірге, 3–4 атадан қыз алысатындардың кездесетіндігін Н.Малышев та атап көрсеткен.

Ал XIX ғ. сонында Жетісу оңірінен көптеген құнды этнографиялық деректер жинаған Н.Иразцов Жетісу қазақтарында 8–9 атаға толғанның өзінде қыз алысу өте сирек кездесетінін, кездесе қалса, төрелер арасында гана – немере туыстардың қосыла беретінін айтқан.

Сейтіп, жоғарыда келтірілген деректердің негізінен дұрыстығын ел арасынан жинақтаған өз деректеріміз де растай түседі. Ол деректер бойынша, жалпы қазақтың жеті атаға толмай қыз алыспағаны – дұрыс әдет. Дегенмен, кейбір себептерге байланысты, 4–5 атадан-ақ қыз алысу тәртібі сирек болса да қазақ арасында орын алған. Экзогамияның күшті сақталған жері өсіресе Жетісу өлкесі, Жтісудағы жалайыр тайпасына кіретін 12 ата үрпағының әрқайсысы және Албан тайпасына кіретін Сары тұқымы 12–13 атаға толғанмен, қазірге дейін өзді–өзінен қыз алыспайды. Бұл деректер жоғарыдағы Изразцов деректерімен толық үйлеседі.

Жеті атаға толмай қыз алыспау себебін халық өзінше топшылайды. Біріншіден, қандастық жақындық некелескен уақытта үриактың болмауына, яки аз болуына, тіпті оның азып, тәуір қасиеттерден жүрдай болуына да әсерін тигізетіндігін ескертсе, екіншіден, қандас туыстар арасында жыныстық қатынастарға байланысты әдепсіздіктердің кобейетіндігінен сескенетін;

үшіншіден, жеті атадан бергі үрпактардың өзара туыстық қатынастары созыла берсе, жеті атадан асқан ата-ластармен қыз алысу арқылы жақындасып, құдандалық қарым-қатынас бірлікті үлғайта береді деп қарайды. Шынында да, халық түсінігінде жаңсақтық жок. Ойткені алғашқы адамдардың табандық топтарында ретсіз жыныстық қатынастардың нәтижесінде болатын қанарапасудың биологиялық зияндылығын жүз мындаған жылдар ішінде тәжірибе негізінде, өсіреле бір төтемдік адамдар тобының екінші төтемдік адамдар тоғымен кездейсек болған жыныстық қатынастарының нәтижесінде туған үрпактың биологиялық артықшылығын байқағандықтан, өз тобының, кейінрек руының ішінде жыныстық қатынасқа тыйым салынып, рулық экзогамиялық тәртібі сонау көне замандарда-ақ қалыптасқан. Бұдан былай алғашқы адамдар арасындағы жыныстық қатынас топты неке негізінде жүрді. Экзогамиялық тәртіпті сақтау ісіне де өте қатаң қаралғаны сондай, оны бұзушыларды әрдайым өлім жазасына бүйіраратын.

Көптеген негізгі халықтардың өмірінен жиналған этнографиялық деректер негізінде экзогамиялық тәртіпті бұзудың нәтижесінде болатын қан арапасуы түкымның әлсіреп азғындауына, кемтарлардың кобеюіне, кейде тіпті түкым бермейтін бедеулікке душар ететіндігі дәлелденген мәселе.

Төңкеріске дейін жеті атаға толып, түқымы өскен елдің ақсақалдары жиналып, боз биені айтып сойып, бата істеп, қыз алысуга реcми түрде рұқсат берген. Бұдан кейін бірін-бірі ұнатқан жастарды қосып, не кезек айтыстырып, тойдан той жасап, ел іші мәре-сәре, той-думан құрған.

XVII–XVIII ғасырларда қыз алыспайтын аталас адамдардың тәртіп бұзғандары қatal жазаланатын, тіпті ондай адамдар елден қуылған. Ал жақын туыстар тәртіп бұзса, өлім жазасына бүйірылған. Бұған Тобықты елінде болған Қалқаман – Мамыр оқиғасы да жақсы мысал болғандай.

Екі өнерлі жас немере-шөбере туыстар болса керек. Бірақ екеуі бір-бірін сүйіп, бір түнде Мамырды Қалқаман алып қашады. Мұны естіген Мамырдың ағасы Көкенай екеуін де өлтіремін деп, ашу шақырады. Біраз уақыт бұлар жасырынып жүріп, қолға түспейді. У-шү басылып, ел іші тынышталған уақытта ата-ана, аға-

інісінен кешірім сұрап, ризалығын алып, бұдан былай ашық өмір сүрмек болған Мамыр ауылына аттанады. Ауыл шетіне жете бергенде ағасы Қекенай қарындасын садақпен атып өлтіреді. Қарындасымды өлтіріп дегеніме жеттім, енді Қалқаманды өлтірмей тынбаймын деп жар салады. Ел адамдары ақылласып, садақ кезенген Қекенайдың алдынан Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін де, бір атқанда тигізіп өлтірсе – Қалқаман құнсыз болсын, ал тірі қалса – дау осымен бітсін десіпті. Қекенай да, Қалқаман да бұған көніп, шауып өткен Қалқаманға оқ тимей, ердің алдыңғы қасын сындырыпты. Қалқаман болса, басын ажалға тіккен қалың елге өкпелеп, “Мамырсыз маған бұл елде не қызық бар” деп, Ұлы жүздегі нағашы жүртyna кетіпті де, кайтып оралмай, сол жақта өз алдына ел болып қалып қойыпты. Осы қүнге дейін Қалқаман үрпағы Алматы облысын мекендейді.

XIX ғ. мен XX ғ. экзогамиялық тәртіпті бұзған жастарға мұндан қатал жаза қолданбағанмен, халық оларға жирене қарайтын. “Басқа қызы жетпегендей, өз туысын алған бәленшеден сақтасын” десіп қанқу ететін.

Төре түкімбы болса қыздарын қара қазаққа бермейтін де, немере туыстар өзді-өзі қызы алыса беретін. Қазақ ішіндегі бағы мен дәулеті бірдей жүріп, аты шыққан адамдарғана төрелермен құдандалы болып, қызы беріскең. Мәселен, Сүйіндік руынан шыққан Шорман әuletі Уәлихан үрпағымен көп жылдар бойы сүйек-шатыс болды. Осында үзак байланыс Шорман әuletіне де әсер етіп, шебере туыстар бір-бірімен қосыла беретін болған. Бірақ мұндан оқиға өте сирек кездеседі. Сойтіп, қазақ арасында осы уақытқа дейін сақталып келе жатқан экзогамиялық тәртіп рулық экзогамиялықтың қалдығы екені даусыз. Батыс Қазақстан деректерінде дәл осындаі пікірді В.В.Востров, Алматы, жамбыл облыстарының деректері негізінде Н.Сәбитов те айтқан болатын.

Неке мәселесі жөнінде, шариғат қағидасы бойынша, қандастық жақындығы болмаса да, баласының енесіне әкесі үйленуге болмайды. Өгей шешеге, сондай-ақ өгей шешесінің артынан еріп келген қызға, яғни тумаған қарындасына үйленуге қақысы жоқ. Бірге туған апалысінлілі қыздар, бірге туған ағалы-іnlі адамдарға тұрмысқа шығуға болмайтындығын бірнеше авторлар көлтірген. Ал, ел арасынан жинаған деректерге қараған-

да, соңғы айтылған тыйымға халық арасында тым қатаң қарамаған сияқты. Өйткені апалы-сіңділі, абысынды-ажынды болып тұрмысқа шықса, күйеулерінің арасындағы туыстық байланысты үзбей, қайта біріктіре түсуге қомектеседі. Апалы-сіңділдерді ағалы-інілердің алғандығына мысалды қазақ ауыз әдебиетінен келтіруге болады. Айталық “Ер Төстік” өртегісіндегі Ерназар байдың 9 ұлына екінші бір байдың 9 қызын айттырып алып берген.

Тұған балдызына әйелінің тірі кезінде үйленуге болмағанымен, әйелі өлсе – үйленуге болады. Ал тұған қайынбикесіне ешуақытта үйленуге болмайды. Күйеу оліп жесір қалған әйел қайын атасына не тұған қайнысының балаларына тұрмысқа шығуға болмайды. Ал қайын атасының інісіне, қайнағаларына, олардың балаларына шығуға қақы бар.

Қыз бала шешесінің бірге тұған аға, інісіне тұрмысқа шықпайды, бірақ олардың балаларына шығуға болады. Сол сияқты жиен балалар нағашы апаларын алуға қақы жок, бірақ олардың және нағашы ағаларының қыздарына үйленуге болады. Мұны қазақ халқы бөлелер арасындағы және жиендер мен нағашы жұрт арасындағы неке десе, этнография ғылымында күзендік (кузенний) неке дейді. Бұл некенің екі түрі болады:

1. Кросскүзендік неке (шешесінің) аға-інілерінің қыздарына не әкесінің апа-қарындастарының қыздарына үйлену, яғни нағашы мен жиен арасындағы неке. Мұның осы көрсетілген екі түрі де қазакта болды. Бірақ қазақ дәстүрінде жиен алғаннан ғорі, нағашы алғанды дұрыс көреді. Сондықтан да қазақ арасында “жиен алған молықбас, нағашы алған тарықпас” дейді. Жиендерінің нағашы ағасының қыздарына үйлену құқы өте көне замандағы жиендердің тек қана шешелері шыққан топтан, рудан әйел алатын тәртіппен байланысты нәрсе;
2. Ортокүзендік неке (әкесінің аға-інілерінің қыздарына үйлену, яғни немерелер арасындағы неке не шешесінің апа-сіңділдерінің қыздарына үйлену, яғни бөлелер некесі. Мұның алғашқы түрі, яғни немерелер арасындағы некелесу құқы қазақ тәртібіне жат, ал екінші түрі, яғни бөлелер арасындағы неке кездесіп тұрады.

Ата-енеге екі жағынан да қайырымдылық мол болғандықтан, бөлелер некесі қазақ ұғымында өте берік болады. “Төрт аяқтыда – бота, екі аяқтыда бөле тату” деген мақал да осыдан қалыптасса керек.

Сөйтіп ағайынды үл мен қыздың балалары, яғни нағашы мен жиендер бір-бірімен қыз алысатын. Екі елге ұзатылған ағайынды апалы-сінлілердің балалары (бөлелер) бір-бірімен қосыла беретін. Өйткені шеше тарапынан болған туыстық қатынас қазақ ғұрпында экзогамиялық тәртіпті бұзғандық болып есептелмейді.

Ислам дінінің қағидалары бойынша, тұған ана, бірге тұған апа, қарындаас әкесінің апа, қарындастарына және емшектес туыстарынан басқа туыстарының бәрінің де алыс-жақындығына қарамай неке құруға болады. Бірақ неке құру мәселесіндегі шариғат қағидалары жалпы халыққа көп ықпалын тигізе қойған жоқ. Оған жоғарыда келтірілген көптеген көне әдеттердің біздің заманымызға дейін сакталып келуі толық дәлел болғандай.

Ислам діні мұсылмандардың басқа діндегі халықтармен некелесуіне тыым салды. Немесе басқа діндегі адам ислам дінін қабылдаған күнде ғана онымен неке құруға болады. Шариғат бойынша, басқа діндегі адамды мұсылман етіп үйлену үлкен сауап делінеді. XIX ғ. басында мұсылман дінін қабылдан, қазаққа шыққан орыс, украин қыздары Қазақстанның солтүстік шекара-сында жиі кездесетін. Өсіреле орыс казактарының қыздары қазаққа үйір болған. Мұнымен бірге орыс дерев-няларында жалда жүрген жарлы жігіттер орыс қыздарын алып, христиан дінін қабылдау да кездесетін.

## НЕКЕЛЕСУ ТҮРЛЕРИ

XX ғасырдың басында бүкіл қазақ халқына тән болған некелесудің ең негізгі түрі – қалындықты қалыңмал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру болды. Мұнымен бірге алғашқы қауымдық қофамда үстемдік еткен топтық некенің қалдығы ретінде қазақ арасында әменгерлік (левираг) және балдызы алу (сорорат) ғұрыптары бойынша неке құру әдеті де өте жақсы сакталып келді. Әр түрлі жағдайларға байланысты ел арасында қыз-келіншектерді алып қашып некелесу әдеті де болды. Бірақ бұл әдет XX ғ. басында құдалық арқылы неке құру ғұрпымен тығыз байланысты болды. Олай дейтініміз, кей уақытта құдалық арқылы некелесу тәртібі алып қашумен аяқталса, енді бірде алып қашу арқылы некелесу міндетті түрде құдалық ғұрпымен қалың төлеу арқылы бітетін.

Қазақ арасында, сирек болса да – XX ғ. басында кездесіп тұратын некелесу түрінің бірі – туған-туысы жок, қалың төлеуге шамасы келмейтін жалғыз басты жарлы жігіттер қызы әкесіне қалың орнына күшін сатып, белгілі мөлшерде қызмет істеу немесе қызы әкесінің ер балалары болмаған жағдайда – қолына күшік күйеу болып кіру арқылы неке құру болды. XIX ғ. бірінші жартысына дейін әр түрлі жаугершілік уақығаларға байланысты тұтқын боп қолға түсken қыз-келіншектерді жауынгерлер өзара бөлісіп немесе сауға ретінде сұрап алып некелесу түрі де болған.

Патриархалды құлдықтың жойылмай тұрған кезінде қарауындағы күнге үйлену әдеті де кездескен. Көбінесе алғашқы уақытта күнге ресми түрде үйленбей, тек көңілдес болып жүретін. Мұны қазақ күнге “аяқ салу” деп атаған. Аяқ салудың нәтижесінде күн балалы болса, ауқатты адамдар оны бөлек үй етіп, тоқалы ретінде зандастыратын. Осындай күннен туып, өз алдына терезесі тен өлімінде болған ата үрпақтары, тіпті үлкен рулар да аз емес.

Кісі өліміне байланысты екі елдің арасында даушарды кейбір билер қалыңсыз қызы берумен бітіретін. Күн орнына берілген қызы, міндетті түрде барлық жасауымен күн қуушыға ұзатылатын.

Енді жоғарыда айттылған неке құру тұрлеріне жеке-жеке тоқталайық. Қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алуға байланысты құдалық арқылы некелесудің өзі оны жан-жақты қарап, сан алуан сипаттарын еске ала отырып, оның мәнін толық талдауды қажет етеді. Құдалық деген сөздің өзі некелесудің бүл түрінің тек ата, әке не басқа туыстар еркіне байланысты, тіпті күйеу өз тізгінін өзі алған адам болған күннің өзінде, оның атынан сөйлейтін кісі тарапынан жүргізілетіндігін көрсетеді.

Әр әке өзінің шама-шарқына қарай, мүмкіндігінше өзіне тенденс адамды таңдайды. “Бай – бастас, батыр – білекtes, би – құлактас” деген халық даналығы тегін айттылмаған. Алайда құда болудың бірнеше жолы, тәртібі болады. Кейде тағдырлары үштасып достасқан екі адамның әйелдері екіқабат болса, олар босанбай тұрып – кімде үл, кімде қызы боларын білмей-ақ – ниет қосып құда болатын. Мұны “бел құда” дейді. Әдетте бел құдалар қалың алыспайтын. Қазақ арасында кең тараған аңыз “Қозы Корпеш–Баян сұлу” жырын-

дағы Қарабай мен Сарыбайдың тұмаған балаларын атастырып серттесуі осы бел құдалықтың анық айғағы: Онда:

Алланың әміріне көніселік,  
Көздің қыры түскенін көріселік.  
Ұл туар да, қыз туар заман болса,  
Уағдамен қалыңсыз беріселік, –

деп уәделескен.

Мұндай құдалықтың шарты екеуінің әйелі босанған уақытта бірі ұл, бірі қыз бол туса, екеуін қалыңсыз үйлендіру, ал екеуі де бір жыныстан болса, екеуін дос етіп, әкелерінің достығын әрі жалғастыра беру болатын.

Қазақ арасында ежелден келе жатқан құдалық түрінің бірі – бесікте жатқан екі нәрестені атастырып қою. Мұндай құдалықты “бесік құда” дейді. Балалары шыр етіп жерге түсісімен қыз айттырып, құда түсу – негізінен ерекше бір мақсатты қөздең әкелердің ісі. Кейбіреулер келешекте ісі түсетін адаммен жақындасты қөздесе, енді біреулері (өсіреке дәүлеті шағын орта шаруалар) бесіктегі балалары ер жеткенше қысылып-қымтырылмай қалыңмалды біртіндеп төлеуді қөксейді... Қыз әкесінің де өз есебі өзінде болады. Біреулері қызы үшін ерте алынатын қалыңмалдың өсімін пайдалану мен ол малды өз тарапынан керегіне ұстауды, тіпті ер баласына айттырған қыз үшін қалыңға беруді ойласа, енді біреулер шағын дәүлетін төгіп-шашпай, асықпай жасау жасап, уақыты келгенде баласын дұрыстап ұзату қамын ойлайтын. Төңкеріске дейінгі қазақ жұртшылығының басым көшілілігі орта шаруа болғандықтан, қазақ арасында балаларын жастай айттырысу жиекездесетін.

Қалыңмалды қай уақытта болсын өте қысылмай өтеуге мүмкіндігі бар ауқатты адамдар, өсіреке мың айдаған белгілі байлар төтенше жағдайға байланысты болмаса, бесіктегі балаларын атастырып, құда болуды құптамайтын. Өйткені ірі байлар құда мәселе сінде ел арасындағы рулық талас-тартыс, билік, ықпал, сән-салтанат, байлық т.б. жағдайларды ескеріп, құдалықты өздерінің ерекше мақсатына сай пайдаланатын. Әсіреке екі жактың да көбірек ойластыратын жайы – құдаларының мол байлығы мен қалыптасқан шаруашылығы болуы еді. Өйткені мұндай мүмкіндік жастардың

тұрмыс жағдайына, өміріне айтарлықтай өсер ететіні сөзсіз. Ендеңе, мұның өзі әркімнің сана-сезімін, оның тұрмыс жағдайы, болмысы билейді деген материалистік қағиданың қазақ арасындағы тікелей көрінісі іспеттес.

Бесік құда тек қазақ халқына ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбінде болатындығын Н.А.Кисляков атап көрсеткен. Қай халықта болмасын бесік құда болудың мәні мен мақсаты жоғарыдағы қазақтар арасындағы бесік құдалықтың мазмұнымен түгелдей үйлеседі. Кисляковтың айтуынша, мұндай құдалар шамасынша бір-біріне сый-құрмет көрсетіп, кейде балаларының койлектерінің етегіне ішек салып, олардың бірінің күйеу, екіншісінің қалындық болғанын әйгілеген. Мұндай құдалар арасында қалынмал мөлшері де кейде шағындау болған. Сайып келгенде, бесіктегі нәрестелерді атастыру әдетінің түп тамыры өте көне замандарға, яғни аналық дәүірге кететін тәрізді. Ана үстемдігі дәүірінде бір аналық рудың ұлдары тузымын екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналса, соңғы екінші рудың ұлдарының үшінші рудың қыздарының күйеулері болып саналатын неке түрін Л.Я.Штернберг ортодоксалды неке деп атаған. Сөйтіп ортодоксалды неке топты некеден дара некеге оту кезеңімен тығыз байланысты болған.

Бесік құдалықтың ортодоксалды некемен ұштасындығын гиляктар арасындағы деректер негізіне сүйене отырып, Л.Я.Штернберг “әрбір ұл тапқан әйел босанысымен қызы бар тузының балаларды атастыру кепек екенін дереу өтініп, құда түсетін де, олардың білектеріне иттің жүнінен иірілген жіп байлайтын” (28-б.) дейді. Қазақ арасындағы бесік құдалығы сонау аналық ру кезінде пайда болғанмен, патриархалды отбасының үстемдік еткен кезінде алғашқы мәнін өзгертукенін, қалың төлеп некелесу ісіне өзінше өсер ететін ғұрыпқа айналғандығын В.В.Востров та атап өткен.

Ел қорғаны болған ер-азаматтар, ел еркесі аталған сал мен сері, ақындар қалындықты өздері таңдаған. Құда тұсу қалындық таңдаудан кейін жүргізілетін. Бұдан қазақ арасында әрдайым ер азаматқа қалындық таңдауда ерік беріле берді деген ұғым шықпайды. Кейде қатығез әке өз үкімін жүргізіп, дегенін істейді. Бұған аты шулы “Қызы Жібек” жырындағы Базарбай сияқты феодалдың баласы Толегенге жасаған қatalдығы айғақ.

Жігітке қалыңдық таңдауда ата-ананың жанашыр жақын туыстары көмектесетін. Қыз таңдаушылар қыздың жағымды, жағымсыз жақтарымен түгелдей танысатын.

Қыз таңдау аяқталған соң, күйеу жағы қыз әкесіне құда түсіп, қалынмалын түгел төлеп, әдет-ғұрып бойынша толып жатқан алыс-берістер, жол-жобалар, орын-орнымен екі жағынан бірдей орындалған соң, қыз аулында ұзату, күйеу аулында келін түсіру тойы жасалып, құдалық арқылы неке құру түрі аяқталады.

Құда түсу арқылы некелесудің бұдан өзге де түрі болады. Оған, ең алдымен, қарсы құда болу әдетін жатқызу керек.

Некелесудің көне түрінің бірі – қызды алып қашып үйлену. Төңкеріске дейін қазақтар арасында бұл әдет болғанмен, өзінің алғашқы мәнін жойған.

Қазақ арасында қыз алып қашудың ең көп кездесетін түрі – өзінің айттырылған занды қалыңдығын алып қашу. Күйеу жағын мұндай іске мәжбүр ететін әр түрлі себептер болады: қыз әкесі құдасына не күйеу баласына көнілі толмай, немесе өзіне пайдалы басқа адаммен құдандалы болып, оны өз мұддесіне сай пайдаланғысы келеді. Мұндай жағдайларда әр түрлі сылтаулармен алғашқы құдасына қыз ұзату мерзімін соза береді. Тіпті қалыңмалдың түгелдей төленгеніне, немесе оның негізгі белігінің берілгендейдігіне де қарамай, қызын “әлі жас” деген сылтаумен дәйекті жауап бермей, кешеуілдете береді. Бата бұзуға дейін баратын қыз әкесінің мұндай жат ойын сезген жігіт жағы да бірнеше рет кісі салып, алдынан откеннен кейін қалыңдықты алып қашу шарасын қарастырады. Мұндайда қыз әкесі де қамсыз болмайды. Сондықтан қалыңдықты алып қашудың ең тиімді жағын ойластырады.

Егер қыз әкесі алғашқы құдасының кедейлігін менсінбей, қызын байлығына, мансабына қызығып жасы үлкен шалға немесе “аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін” дегендей, әкесі бай кемтарға, кейде тіпті токалдыққа бергісі келгенде, он-солын танып қалған қыз бұған көнгісі келмейді, шамасынша қарсылығын білдіреді. Мұндай жағдайда алғашқы атастырған қайын жұртының алып қашуына женілдеу болады.

Егер алғашқы айттырған жеріне қалыңдықтың да барғысы келмейтіндігіне көзі жеткен күйеу жағы

қалыңмалы төленіп не жартылай беріліп қойса, мүмкіндігі болса зорлықпен болмаса қапысын тауып ұрлап әкетуге дейін барады. Мұндайда күйеу жағы тегеуірінді ел болса – батыл келеді. Қызды еріксіз әкеткен жағдайда күйеудің өз ауылына тікелей апармай, басқа жерге бой тасалай тұрып, уақиғаның барысына қарай іс істейді. Қыз әкесі қандай мықты болғанмен, әдет-ғұрып алдында өзінің шеттігін сезіп, аса батыл қимылға бармайды да. Оған қосымша қалыңдықтың қалыңмалын толеп, енді керек болған жағдайда тартып әкету осал ел мен дәрменсіз күйеудің қолынан келмейді. Мұндай істі өзіне сенген, тәуекелге бел байлаған намысқой ауыл адамдары ғана істейді. Олар әрдайым болған іске бекем болуға түйінеді.

Құда тұсу салты бойынша қүйрық-бауыр жесіп, ақ бата жасалып, қалыңмал түгелдей немесе жартылай төленіп қойған жағдайда өз қалыңдығын алғып қашудың қандайы болсын кешірілмес күнө емес. Дегенмен мұндай жағдайда қалыңдықты алғып қашқан күйеуге әр түрлі мөлшерде айып кесіледі. Қалыңдықтың келісуімен әкетсе және әкетер алдында құда алдынан бірнеше рет өтіп, қалыңдықты беру туралы өтініш болса, айып мөлшері мықтағанда ат-тоннан аспайды. Ал мұндай ес-кертү болмаса, оған қосымша қыз төркіні әлді жер болса, айып мөлшері бір тоғыздан үш тоғызға дейін барады. Кейде намысқой қыз әкесі қызын қайтарып алғып, тез арада тойын жасап, жасауымен қолынан да береді. Қебінесе қалыңдығын алғып қашқан күйеу жағы айыбын мойындал, қыз әкесінің алдына келсе болды, әдет-ғұрып бойы занылық пішінге келетін. Сайып келгенде, өз қалыңдығын алғып қашу, әсіресе қалыңмалы төленген соң бата бұзғандық болып табылмайды.

Енді қыз алғып қашудың жоғарыда айтылғаннан басқа түріне токталайық. Біреудің айттырып қойған, керек десеңіз, қалыңмалы да төленген қалыңдығын алғып қашу да қазақ арасында кездесіп тұратын. Мұндай уақиғалар қандай жағдайларға байланысты болатындығына келсек: бірінішіден ер жеткен сұлу қыздар әрқашан ел ішіндең еті тірі өнерлі жастардың назарын аударатындығы занды. Ал қазақ дәстүрінде балаларын жастайынан атастырып қоятындығын еске алсақ, көркімен де, өнерімен де талай жанды тамсандыратын сұлу қыздардың бой жетіп қалған кезде басы босы не-кен-саяқ кездесетіндігіне күмәндануға болмайды.

Мұндаida ер жеткен қыздар өз бойына тәң санаған болашақ күйеуіне бар үмітін артып, сонымен бақыт табуды армандастын. Ал енді көрікті бойжеткеннің баар жері де, болашақ күйеуі де ойлаған жерден шықпаса ше? Тек қалыңмалын жыға беріп, сұлуды құшпақ болып жүрген жасы келген сасық бай не өнерсіз ез, яки кемтар болса не істемек? Міне, осында жағдайда ақ батаны аттап, сүйгенімен қашып кететін. Намысқа шамданған жесір иесі қыз алып қашқан жігіт ауылын шауып, жесірін тартып әкетумен бірге, мал-мұлкін, тіпті сол ауылдың басқа қыздарын қоса әкету сияқты зорлық жасалатын да, ел арасында бітпейтін барымта, шабыс басталатын. Нәтижесінде бүкіл қауым жазықсыз жапа шегіп, күйзелушілікке үшырайтын.

Кейде мұндаидай шапқыншылық қаупін болдырмау үшін кейбір қатыгез билер бірін-бірі сүйген екі жасты қорғай алмай, намыс кегі кернеген даугер жағына үстап беріп, аяғы өкінішті өліммен бітетін. Бұған мысал ретінде “Еңлік-Кебек” трагедиясын келтірейік.

Ал енді екі жақ сөзге келіп, билер алдына жүгініске баратында жағдай туа қалса, қыз жағы мен алып қашушы жігіт жағы кінәлі болып есептелетін де, даудың қандай ауыр салмағына болсын қонетін. Сондықтан көпшілік жағдайда бітім шартына жесір иесінің талабы мен ықпалы өсер ететін. Мәселе насырға шаппай, үш ел келісімге келсе, күйеу алып қашқан қызды өзінде қалдырып, оның бұрынғы айттырған күйеуіне қалыңмалын қайтарумен бірге, бір қызды айып ретінде беретін немесе қыз орнына қалың мөлшерін төлейтін. Сонда қыз алып қашушы жақ екі қалың беретін бол шығады. Кейде екі қалың орнына екі қыз беріп (бұрынныракта) құтылатын. Ал қалыңдықты қайтарғысы келсе, айыбына бір қыз не оның төлеуі ретінде қалың беретін. Қыз әкесі айыпты болмаған жағдайда, қыз алып қашушы оған да айыбын беретін. Қыз әкесі алып қашушымен үндес болса, бұрынғы құдасына қалыңын қайтарып, өз тарапынан айыбын төлеуге не басқа қызын беруге ерікті болатын. Қыз алып қашқан жігітке жоғарыда айтылғандай ауыр айып толеу ертеректе болатын. XIX ғ. екінші жартысында қазақ арасына Россия ықпалының күшеюі нәтижесінде қызды қайтарса, 1–3 тоғызға дейін айып берумен бітетін, ал қызды қайтармаса, айыпқа қоса бір қалың беріп құтылатын. Ал жесір үшін кезек шабысуға тыйым салынды.

Россия заны қаншалықты өсер еткенмен, XIX ғ. 70-жылдарында Жетісу өнірінде әлде де болса заңға бой-үсынбай жесір дауына байланысты кезек шабысу, барымталасу болып тұрды. Осындаи бір үлкен дау туралы қызық деректер Алматының архивінде сақталған. Қапал уезінің ірі байының бірі Тәнекенің Есімбекі жалайыр ішінен Дәулетбек дейтін байдың сұлу қызы Шәлипаны бір көргеннен ұнатып, сөз салыпты. Қызға да Есімбек үнап, оған түрмисқа шығуға қарсы еместігін білдіріпті. Бұдан соң Есімбек қыз әкесімен сөйлесіп, Шәлипаны сұрайды. Дәулетбек мұндай құдалықтан бас тартпайтынын білдіре келіп, Шәлипаның басы бос емес екендігін, қүйеу баласы Верный уезінің атақты шонжары Нарбота қалыңмалын да төлеп қойғандығын хабарлайды. Бірақ Есімбек алған бетінен қайтпай, барлық шығынын өзі көтеріп, мәселені өзі тындыратындығын айтады да, астыртын Дәулетбекке қалыңмал (40 жылдық, 30 түйе және 200 сом ақша) беріп, қыз әкесін елжұрт алдында ақ батасын бұзған кінәлі етпес үшін Шәлипаны кейінрек алып қашатынын айтып жөніне кетеді. Ұзамай Есімбек жігіттері Шәлипаны “алып қашып”, Қапалға әкеледі. Есімбектің үйретуімен Шәлипа онда уезд басқармасына кіріп, Нарботаны сүймейтінін айтып, одан ажыратуын сұрайды. Мәселеңің шын сырын білмеген уезд басқармасы Шәлипаға бас бостандығын береді. Бірнеше күннен соң Есімбек уезд басқармасынан Шәлипаға үйленуге рұқсат қағазын алып той жасайды да, Шәлипаның алдына мал салып, басына үй тігіп Қапалдағы бір үйі етіпті. Мұны естіген Нарбота – Есімбек қанша заңдастырғанмен, Дәулетбек елін әлденеше рет шабады. Екі ел арасында кезек шабысу, барымта күшійеді. Ақыр аяғында 1875 ж. уезд әкімдерінің ықпалымен билер съезіндегі жүгіністе Есімбек Нарботаға Шәлипа үшін 100 жылдық, 210 сом ақша төлеп, дау аяқталыпты. Ал Дәулетбек тек осы бітімнен соң қызының артынан жасауын (7 түйе, бір бәйге ат, 7 сиыр, 7 ішік, 7 көрпе және 25 шапан) апарыпты.

Ел ішінде байлығына масаттанып, өзінен әлсізге зорлық қылуды мақтан ететін есер жуандар жоқ нәрсені сылтау етіп біреудің айттырып қойған он жактағы қалыңдығын күшпен тартып әкетуден немесе қапысын тауып еріксіз үрлап әкетуден тайынбайтын. Мұндай зорлыққа қалыңдық қарсы болған жағдайда,

қыз төркіні қүйеу жағы бірігіп қалындықты айыбымен қайтаруды талаң ететін. Келіске көнбекен жағдайда ша-уып алуға дейін баратын. Шапқыншылық қаупінен сескеніп, қалындықты қайтаруға мәжбүр болған жағдайда өдег-ғұрыпты бұзғаны үшін міндетті түрде қалындық иесіне айып төлейді. Қалындықтың зорлық жасаушы жағынан зәбір көргендігі анықталса, айып мөлшері анағұрлым артық болады. Кейде тіпті қалың-мал құнына теңеледі. Әрине, мұның бәрі қыз төркіні мен қайын жұртының тегеуірінділігіне байланысты. Кейде қалындықты еріксіз әкеткен зорлықшыл елдің мерейі үстем болып, қыздың қалыңмалына қосып, азынаулақ айыппен шектелетін жағдай да болады. Мұндай жуан атаның зорлығына тап болған кезде, қыздар оларға еріксіз пенде болып, тағдыр азабына қоңдігетін.

Сөйтіп, біреудің айттырып қойған қалындығын оның келісімімен бе жоқ еріксіз бе – әйтеуір алғып қашудың қайсысы болсын, үш ел арасында араздықты үдетіп, өзара барымталасуды күштейтетін. Осыған байланысты ел арасындағы дау-шар көпке дейін токталмайтын.

Ал енді ешкімге айттырылмаған басы бос бойжеткен қызды алғып қашу – өз алдына назар аударапты мәселе. Басы бос қызды алғып қашу да әр түрлі жағдайларға байланысты болатын. Мұндай жағдай, көбінесе, бірін-бірін сүйген жастар арасында кездесетін. Өйткені қалыңмалды ойдағыдай төлеуге шамасы келмейтін жігіттерге өз қолынан қызын беруге қыз әкесі әрдайым қарсы болатын да, құдалықтан ат-тонын ала қашатын. Мұндайда бір-бірін ұнатқан жастар өз беттерімен қосылуға сертесіп, қыз ешкімге білдірмей уәделі жерге баратын да, жігіт сенімді жолдастарымен келіп алғып қашатын. Әке-шешесінің рұқсатынсыз қашқан қызды жігіт бірден өз ауылына апармай, басқа жақтағы сыр сақтарлықтай немесе құдандалы елдерге апарып, келіссөз аяқталғанша бой тасалай тұратын. Кей уақытта құғыншының келмейтіндігіне көзі жеткен іргелі ауыл өз еркімен келген келінді бірден-ақ ауылына түсіріп, тойын да жасата беретін. Қайткен күнде де мұндай жағдайдың көпшілігі жастардың ықыласын бұзбай, екі жақтың үйлесуімен аяқталатын. Мұндайда қыз түскен жерінде қалып, ол үшін қалыңмал, түйе бастатқан тоғыз не қалың мөлшеріне тең айып беріп, қыз әкесінің

оң батасын алатын. Қызының өз еркімен кеткеніне көзі жеткен ата-ана әменде “бетінен жарылқасын” дег шүкіршілік етіп, баласының бақытты болуына тілектерін білдіретін. Ал қалың мен айыбын алған соң, қызының жасауын беріп, қолынан ресми түрде ұзататын. Бұдан кейін жігіт әкесі келін түсіру тойын жасап, құдаларын шақырып, әр түрлі әдет-ырымдарын жасайтын, құдалар арасындағы алыс-беріс, қарым-қатынас әдettегідей қалпына түсіп, өмір көші өрі қарай жылжи беретін.

Қыз алып қашудың бұл түрі қайсыбір уақытта керісінше аяқталады. Қыз төркіні тегеурінді ел болған жағдайда, қызының өз еркімен кеткендігіне қарамай, алып қашушы елді шауып-жанышып, қыздарын тартып әкететін жағдай да болып тұратын. Мәселен, өткен ғасырдың 70-жылдарында Қапал уезінің байы Тәнекенің Мана дейтін сұлу қызын оның келісімі бойынша Аяқөз манының байы Тілеулі алып қашады. Тәнеке дереу Тілеулі ауылын шауып, қызын тартып алады. Көп шығынға ұшыраған Тілеулі Тәнекеге кісі салып құдалық сөйлеседі. Қызының бөтен елге барып қайтқандығын ескергендіктен ғана Тәнеке Тілеуліден 100 түйе қалың мал алып, Мананы қолынан қайта берген.

Махаббаты үйлескен екі жастың ата-аналарының құда түсіп, қыз беріп, келін түсіруге шамасы келмейтіндей жағдайда екі жағы астыртын келісіп, жігіт жағы жасырын алып қашқан болады да, қыз төркіні білмей қалған болып, қолдарынан аттандырып жібереді. Мұндай жағдайда құдалар арасында ешқандай келіспеушілік қаупі болмайды. Келін түсірген ауыл өз шамасынша той жасайды. Кешікпей қыз әкесінен кісілер жіберіледі. Әдетте одан кешірім сұралып, айын төленеді. Әр түрлі жол, жоралғы екі жағынан да әдettегісінше орындала береді.

Кейбір мықты ауылдың жігіттері қызben алдын ала келіспей-ақ алып қашатын жағдайы да қазақ арасында кездесіп тұратын. Еріксіз әкелінген қызды алдап-сулап сөзге көндіріп, беделді адамдар бастаған елшілер жіберіліп, айыбы мен қалыңмалын төлеуге әзір екендігін білдіретін. Мұның айыбы ауырлау болғандықтан, қыз төркіні айыбы мен қалыңмалын толық етіп алуға тырысатын. “Тас түскен жеріне ауыр” дегендей, еріксіз болса да, қыз барып қалған соң қайтып әкетуді

ар көріп, көбінесе ризашылығын беретін. Ал қыздың өзі көбінесе, екі ел арасында дау-шар басталып, билер алдына жүгінісетін де, кінәлыға айып кесіп, қызды үйіне қайтаратын. Мұндай жағдай сирек кездесетін, оның өзінде қызды алмақшы болған адам кемтар не тым көрі болса, немесе бірнеше әйел үстіне тоқалдыққа алмақ болса, ақыл тоқтатқан батыл қыздарғана мұндай қорлыққа ешқашан мойынсұнбайтын. Көпшілік жағдайда бүйіры өскен жас қыздарғана көндіге беретін. Бұдан кейінгі әңгіме тек төркінімен келісуде қалатын. Қызы көнген жағдайда, төркіні теріс кетпейтін. Алда-жалда қыз төркіні мен күйеу арасында шыққан дау қалыңмалдың не жасаудың толық берілмеуі төңірегінде ғана болатын. Ал қызды қайырып алу деген атымен күн тәртібіне қойылмайтын. “Қайыра шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман” деген мақал тегін айтылмаса керек.

Қазақ арасында неке құрудың бір түрі – ертеректе көрші халықтармен жи болып тұрган соғыстар мен шабыстарда қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерге үйлену болып табылады. Феодалдық қоғам қатынастарының үstem болған кезінде қазақ хандары мен билерінің мұддесіне сай қалмақ, қырғыз, өзбек, түркмен, қарақалпақ және башқұрт халықтарымен болған әр түрлі шайқастардың нәтижесінде қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерді, ең алдымен, соғыска қатысқан батырлар болісетін де, одан қалғандарын ел шетіне кірер-кірместе алдынан сауғалап шыққан туыстары алатын. Сойтіп, тұтқынға түсіп батырлар үлесіне тегін тиген жас қыздар мен келіншектер неке құратын болса, мосқал тартқандарының күні құндікте өтетін.

Жаугершілікте пенде болып қолға түскен Орта Азия халықтарын былай қойғанда діні, тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы бөлек қалмақ қыздарының қазаққа сіңісп кеткендері туралы қазақ арасында аныз-әңгімелер өте жи кездеседі. Аныздар бойынша кей уақытта қолға түскен тұтқын сұлуға көптеген батырлар таласып, өздерінің қолбасшыларының алдына баратын, енді бірде қыздардың өздеріне таңдау беретін. Мәселен, “Бөгенбай батыр” жырында немесе С.Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасында қолға түскен қыз-келіншектерді бөлісу мәселесінде олардың кейбіреулеріне таңдау беретіндігі сөз болады. Орта Азия және Қазақ-

стан жеріндегі халықтар арасындағы феодалдық шапқыншылықтардың келе-келе сиреуіне байланысты, біртіндеп қолға түскен тұтқын қыз-келіншектермен неке құру түрі де сиреді, бара-бара мұлдем жойылды. Әсіресе XVII ғ. ортасында жонғар мемлекетінің қүйреуіне және Қазақстан жерінде Россия үстемдігінің орнауына байланысты феодалдық соғыстардың тыйылуы тұтқындарға үйлену мүмкіндігін келе-келе жойды.

Ата-анадан ерте қалып, жетімшіліктің, жоқшылықтың зардабын басынан өткізген жарлы жігіт ес білісімен оз еңбегімен күн көруге кіріседі. Мұндай адамдардың әдетте қалынмал беріп әйел алуға, өз бетімен үй болуға көбінесе мүмкіндігі болмайды. Сондықтан олар көп жыл бойы жалға жүріп, үйлену үшін мал табуға кіріседі. Кейде олар қызы бар, ұлы жоқ адамдарға бірнеше жыл қалынмал үшін қызмет істеп, қызын алатын. Мұндайлар көбінесе қайын атасының қолына кіріп, қызына үйленетін, оларды “күшік күйеу” деген. Мұндай ат қою тегін емес.

Оз елінде жанашыр жақыны жоқ жарлы жігіттер ботен елде кәсіп қуып жүріп, үйленіп, қайын жұртында қалып қойса, оны кірме күйеу деп атандыратын. Бірақ барлық шаруашылығы қайын атасының шаруашылығынан бөлек болатын.

Сөйтіп, қазақ арасында кездесетін күшік күйеу де, кірме күйеу де негізінен жетімдік, жалғыздықтың нәтижесінде болатын. Қайын жұртында қалып, өз алдына ел болып, кейін сол рудың бір атасы болып сінісп кететін жағдай да жиі болған. Мәселен, Найман тайпасының ішіндегі қаракерей руының бір үлкен атасы Байжігіт деп аталады. Байжігіт үрпағы Тарбағатай, Зайсан атырабында мекендейді. Аныз бойынша Байжігіттің әкесі Тоқтар дейтін онтүстіктен келген жалғыз жігіт Байыс байдың қолында көп уақыт қызмет істей жүріп, оның Мақта дейтін қызына үйленіп, осы елде мұлде қалып қойыпты. Одан Байжігіт, Жанжігіт дейтін екі бала болыпты. Әкесі өлген соң Жанжігіт әкесінің елін іздел онтүстікке кетіпті де, Байжігіт нағашы жұртында қалып қойып, жоғарыда айтылған Байжігіт дейтін үлкен рулы елдің негізін салыпты. Қазір Байжігіт үрпағы түгелдей бұл ақызды білгенмен, оздерін найман, оның ішінде қаракерейміз дейді. Бұған қараганда некелесудің бұл түрі қазақ арасында ертеректен келе жатқандығын анғаруға болады.

Сөйтіп, қазақ арасында өлде де болса сақталып жүрген күйеудің қалындық әкесінің қолына енүі не сол елге кірме болып қалып қоюы патриархалдық қарым-қатынастан бұрын болған матриархалдық некениң жұрнағы болса керек. Сондықтан да патриархалдық некениң әбден жеңген кезінде оның ішінара бой көрсетуі оқшаулау көрінуі занды нәрсе.

\* \* \*

Неке құрудың ең бір көп түрінің, яғни алғашқы қауымдық қофамда болған топты некениң жұрнағы ретінде қазақ арасында әменгерлік (левиарат) және балдыз алу (сорорат) әдет-ғұрыптары бойынша үйлену тәртібі қуні кешеге дейін сақталып келді. Бұл әдеттер тек қазақ халқына емес, сонымен бірге көптеген түрік тілдес халықтар мен монгол халықтарына да тән. Ол туралы дүние жүзі халықтарының өмірінен этнографиялық деректер жинаған көптеген зерттеушілер жазған болатын. Қыруар құнды деректерді ғылыми тұрғыда талдай отырып, бұл әдеттердің тегі мен сипаты туралы дұрыс пікірлердің айтылуы біздің алдымызыдағы міндетті бірқыдыру жеңілдете түседі. Сондықтан біз деректердің жалпы түп тамыры, шығу тегіне көп аялдамай, тікелей қазақ өміріндегі деректерді баяндаумен ғана шектелеміз.

Әменгерлік және балдыз алу алғашқы қауымдық қофам қатынастарының жұрнағы ретінде осы күнге дейін өзінің алғашқы мазмұнын өзгертуей қойған жоқ. Қоғамдық қатынастардың өзгеруіне сай, бұл әдеттердің де мазмұны өзгеріп отырды.

Енді әменгерлік әдettің қазақ халқында қалай сақталып, қандай жағдайларда қалай орындалып келгендігіне біраз тоқталайық. Қазақта “Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра” деген мақалға айналған нақыл бар. Мұның негізгі мәні күйеу өлген жеңгені ағасының мұрагері есебінде қайнағасы алады немесе күйеуі өлген келінің қайнағасы алады деген сөз. Мұра есебінде тек өйел ғана емес, онымен бірге балашағасы, мал-мұлкі де өлген адамның ең жақын мұрагеріне тиеді. Ағалы-інілі адамдар бірінің баласын бірі өрдайым балам дейді. Әсіреле ағасына інісінің баласы тек қана бала қатарында болса, інісіне ағасының баласы іні қатарында болады. Сондықтан әкесі өлген жас балаларға жетімдік көрсетпеу үшін, әсіреле олардың жас шешесі бөтен елге кетіп, мал-мұлкіті бөтенге

олжа, жас балаларды жат бауыр етпеу үшін жесірді ешқайда жібермей, жақын өменгері иемденуге тырысатын.

Жесір әйелге күйеуінің барлық туыстары өменгер болып есептеледі. Бірақ олардың құқы туыстық жақындығына байланысты болады. Ең алдымен, күйеуінің бірге туған аға, інісі ағасының баласы, немере, шөбере туыстары, одан қала берді аталас жақындарының жесірге иелік етуге өменгерлік қақы болатын. Мұның өзі қалыңмал төленіп алынған әйел тек өзінің күйеуінің ғана емес, онымен бірге барлық туыстарының, тіпті рулы елдің иелігіне қошетіндігінің анық айғағы болып табылады.

Күйеуі өлген жесір әйелді өменгерлікпен алудың то-лып жатқан тәртібі бар. Өменгерлік – күйеуі өлген әйелдердің барлығына бірдей жүреді. Бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты бұл әдетті бірде пайдаланса, екінші жағдайда оны пайдаланбайды. Бұл мәселеге үңіле қарап, оның сыр-сипаты мен мәнін тереңірек талдасақ, қазақ арасына кеңінен тараған өменгерлік әдеттің қандай жағдайға байланысты қалай орындала-тындығын дұрыс түсінуге болады. Сондықтан төң-керіске дейінгі әлеуметтік құқық мәселесі туралы қalam тартқан авторлар пікірлеріне біраз тоқталайық.

Бізде бар әдеби деректерге қарағанда, қазақ арасында өменгерлік әдеттің болғандығы туралы ең алғашқы мәліметті қапитан И.Андреевтің енбегінен кездестіреміз. Онда “Өлген күйеуінің жылын өткізген соң, әйел күйеуінің бірге туған аға-інілерінің біріне немесе басқа жақын туыстарына тұрмысқа шығады” дедінген. Бұдан гөрі толығырақ деректі 1824 ж. қазақтың әдеттік құқы жайында Омбының уақытша комитеті жинаған мате-риалдардан да кездестіруге болады. Бұл құжатта бала-сыз қалған жесір, ең алдымен, күйеуінің ағасына тұрмысқа шығуы керек. Ал жесір қайнысына шыққысы келсе, оған қарсылық жасалмайды, бірақ женге алған інісі ағасына жолы деп 9 бас мал беретін болған. Жесір тұрмысқа шыққысы келмесе, оған ешкім зорлық жаса-майды. Бірақ бөтен біреумен байланыспауын катал ба-қылайды. Сонда да жесір басқа біреуге тұрмысқа шық-қысы келсе, оған тыйым салмағанмен, мал-мұліктен ештеңе бермеумен ғана шектелмей, оның тиетін күйеуінен толық қалыңмал алады.

Баласыз қалған жесірдің күйеуінің туған немере, шөбере туыстарына өз еркімен шығатындығын және

мұндағы әменгерлер болмаған күнде бөтен біреуге шығуна да қарсылықтың болмайтынын 1846 ж. Кіші жүз ішінен этнографиялық деректер жинаған ұлық Д.Андре баян еткен. XIX ғ. ортасында Кіші жүз қазақтарының арасындағы әменгерлік құқық жайындағы деректерде жесір әйел, ең алдымен, қүйеуімен егіз туған сыңарына шығуға міндettі де, ондай болмаған күнде жоғарыдағы дай туыстық жақындығына қарай шығатындығын Ф.Лазаревский келтірген.

Қазақтың әменгерлік құқы туралы егжей-тегжейлі деректерді Л.Баллюзек енбегінен табамыз. Ер балалары бар жесір қайнағасына, қала берді қайнұларына тиеді және барлық мал-мұлікті әменгердің қарауына өткізеді. Баласыз жесір әменгерінің біріне шыққан уақытында тек төсек-орын, киіз үй, азын-аулак малдан басқа ештеңе алмай, қалған мал-мұлік туыстар арасында бөлінетін. Жесірде бір ғана қыз болса, ол өз үлесімен шеше қолында болады, ал бірнеше қыз болған жағдайда, шеше қолында біреуі ғана қалып, қалғаны өз үлестерімен туыстар арасында бөліске түседі. Егер жесірдің бір үл, бірнеше қызы болса – барлығы түгелдей, мал-мұлкімен, шешесімен бірге әменгер қолына қошаді. Баласы бар егде тартқан жесір түрмисқа шықпаймын десе, оған зорлық болмайды. Ылғи қыз болған жағдайда бір туысының ер баласын асырап бауырына салады.

П.Е.Маковецкий болса әменгерлер тарапынан жесірге жасалатын зорлыққа баса көніл бөлсе, И.Аничков біршама асыра сілтеп, шындыққа қиянат жасауға бой ұрған. Мәселен, И.Аничковтың айтудынша, жап-жас жігіттердің әйел үстіне мосқал тартқан жесір женгесіне әменгерлік құқ бойынша үйлену себебі: біріншіден, женге үшін бір кезде төленген қалыңмалды босқа жібермеу; екіншіден, оның қызы болса, келешекте ол үшін алынатын қалыңмалды өзіне екінші әйел айттыру үшін пайдалану мақсатын қоздегендіктен деп түсіндіреді. Біздің қолымыздың көптеген әдебиет, архив деректері бойынша, жесірді әменгерлік әдетімен қүйеуге шығуға ылғи зорлау, күштеу әдісімен мәжбүр етеді деу қиянат сияқты. Әрине, зорлау, жәбірлеу де болған, бірақ бүкіл халық әрдайым осылай істеді деу шындыққа жатпайды. Ал қыздың қалыңмалын өз мұддесіне пайдалану мәселесіне келсек, ол да жете түсінбей, сырттай топшылаудан туған жаңсақ пікір. Тіпті бұған дәлел ретінде қызға берілетін жасау мен

той шығындары көпшілік жағдайда ол үшін алынатын қалыңмалдан артық болатынын айтсақ та жеткілікті.

Әлі баладан қалмаған жас әйелдердің қүйеуі өлсе, әсіресе оның алғашқы қүйеуінен бала қалмаса, ол әйел міндепті түрде екінші қүйеуге шығу керек. Мұндай жағдайда қалыңмал төленіп алынған жесірін басқаға мал-мұлкімен жібермеу оның әменгері болып есептелетін ең жақын қайын ағасы не қайнысы алу керек. Қазақ ғұрпы бойынша алғашқы жол – ағанікі. Сондықтан бұл тәртіп әрқашан сақталатын. Бірақ та қайнағасының жасы келінің жасынан тым алшақ жатса, оның үстіне жесір жасына лайықты басқа інілері болса, солардың біріне өз еркімен жолын беретін.

Мұндай мәселе жесір әйелдің өз пікірін еске ала отырып, ағайынды адамдардың арасындағы ақыл-кеңестің нәтижесінде қүйеуі өлгеннен кейінгі бір жыл ішінде шешілетін. Егер жасы келіп қалған әйел ешкімге шыққысы келмесе, өлген қүйеуінің тұтінін тұтетіп отыра бергісі келсе, оған қарсы болмайтын. Мұндайда жесір әйелді ұстап тұрудың бір жолы – жақын әменгерінің бірі баласын беріп, сырттай қамқорлық жасайтын.

Күйеуінен баласымен қалған жас әйелдерді балаларымен алғысы келген немесе туыстар кеңесі үйғарған әменгер ниетін білдіретін. Мұндай ұсынысқа көне қоймаған әйелдердің өздеріне астыртын тандау беріп те байқайтын. Баласы бар әйелдер әменгерлік тәртіппен ерге шыққысы келсе, мүмкіндігінше қүйеуінің ең жақын туын қалайтын. Өйткені алғашқы қүйеуінен қалған балаларының қас қабағына қарап, өз баласындағы етіп тәрбиелеу тек жанашыр жақын туысының ғана қолынан келетіндігі ежелден белгілі. Мұндай жағдайдаң қазақ қазақ болғалы келе жатқан әдет екенін шежіре деректерінен де көруге болады. Мәселен, шежіре бойынша Кіші жұздің Әлімұлы атты рулар бірлестігінің арғы атасы болып саналатын Қайырқожа-ның Әлім, Шөмен және Байсары дейтін үш немересі болған. Байсары өлген соң оның жесірі Кетебикені Боз аңшы (Каракете) дейтін ұlyмен әменгерлік әдет бойынша ағасы Әлім алады да, одан Тайқожа (Ақкете) дейтін бала туады. Әлім өлген соң Кетебике Шөменге тиіп, одан Құлыс деген ұлын табады. Осы үш әкеден туған Кетебикенің үш баласынан Әлімұлы бірлестігіне кіретін Кете руы тарайды.

Балалары ер жетіп қалған жесір әйел бұдан былаі

түрмисқа шықпай, өлген күйеуінің тұтінін тұтетіп, ба-  
лаларын бағып отырам десе, оған ешбір әменгер  
ектемдік ете алмайтын. Қайта ел болып раҳметін айтып,  
барлық туыстары мүмкіндігінше қамқорлық көрсететін.

Әменгерлік әдетімен ерге шыққан әйелдер көшілік  
жағдайда жаңа күйеуінің екінші не үшінші әйелі бола-  
тын. Сондықтан оларды еркімен көндірген күннің  
өзінде экономикалық және моральдық жағынан туып  
отырған қын жағдайдың күшімен, толассыз үгіт, ал-  
дау-арбаудың ықпалымен көндіретін. Біреу баласын  
қимаса, енді біреуі мал-мұлкін, түскен жерін қимай-  
тын, немесе өз бетімен басқа жол таппай, жылай-жы-  
лай айтқанға көніп, күнделесінің күні болуга өз тағды-  
рын душар ететін. Мұндай жағдай көбінесе ауқатты  
шаруалар мен байлар арасында кездесетін.

Ал енді қалыңмал төлең үйленуге шамасы келмей  
жүрген кедейлер арасында әменгерлік әдettі пайдалану-  
дың өзіндік ерекшелігі де болады. Айталақ, ағасы өлген  
бойдак жігіт жесір женгесін алса, ол оның бірінші әйелі  
болады. Әрине, женге үстіне басқа әйел алуға қақысы  
болғанымен, мүмкіндігі болмай “асулы қазан, тігулі  
үйге” ие болып, ағадан қалған балаларды қамқорлығына  
алып жесір женгесімен күн көріп жүре береді.

Әменгерлік әдетке мойынсұнбай басқа елдің адамы-  
на өз қалауымен түрмисқа шыққысы келген жесірге  
бүкіл ел болып намыс жыртысып, қайткен күнде оны  
жібермеуге тырысатын. Кейде қatal жазалар да қолда-  
нылатын. Тіпті болмаған жағдайда жесірдің мал-  
мұлкінен басқа төсек-орнынан ештеңе бермей  
жіберумен қоймай, есейіп қалған балалары да алып  
қалатын. Тек емшектегі балалары ғана кей жағдайда  
шешесімен бірге кететін. Ал, жесірдің болашақ  
күйеуінен қалыңмал даулап алатын. Әйел де, күйеуі де  
осы үкімге қөнген жағдайда ғана жесір дауы бітетін,  
әйтпесе екі ел арасында барымта басталуы ықтимал.

Күйеуі өлген әйелдің баласы болсын-болмасын,  
оған иемденерлікте әменгер болмаса, әйел түрмисқа  
шығуға ниет білдірсе, аксақалдар жиналып рұқсат  
беретін. Бірақ әйелдердің келіскең адамынан жолына  
түie не ат бастатқан тоғыз алып бітісетін. Кейде 20–25  
жасар жесір қалған қаралы келіндерін 60–70 жасар  
қайнағалары жібергісі келмейтін. Мұндай жағдайда  
әйелдер тарапынан наразылық туып, билер алдына не-  
месе уездік әкімдерге шағым беретін де, әйелдер тала-

бы әрдайым қолдау табатын. Мұндай мысалды архивтен кездестірдік. Соның бірінде XIX ғ. 80-жылдарында Сырдария облысының Түркістан уезінде тұрушы 21 жасар жесір әйел Патшайы Тұрғынбаева күйеуі өлген соң күйеуінің туысы 70 жасар Талпақ Оразбаевтың оған әменгерлік әдетпен үйленгісі келетіндігін айта келіп, уезд басқармасына жазған арызында мұндай зорлықтан құтқаруын сұрайды. Билер соты қалыңмал үшін Патшайыдан Талпай пайдасына 45 тиля ақша кесіп, екі жағын да разы етеді.

Күйеуі өлген жас келінін қолма-қол қоса қоярлық жас баласы болмаса да, үй ішінің шаруасына нық, қайратты келінін өз ұсынан шығарғысы келмеген байлар бірнеше баланың анасы болып, мосқал тартып қалған келіндерін 10–13 жасар баласына зорлап неке қидырып қосатын. Мұндай жағдайға душар болған әйел бала “күйеуіне” әйелдік міндетін атқару орнына, оның тәрбиешісі міндетін атқаратын. Ал ол ер жеткен кезде сол үйдің нағыз күніне айналатын. Мұнымен келіспеген келіндер катал атасының істеп отырған киянатына қөнбейтін де, билер алдына немесе уезд әкімшілігіне дейін жүгініске баратын.

Архив қазынасынан бұған да мысал келтірейік: 1876 ж. күйеуі олген 40 жастағы жесір әйел Оңай Шоматова Қазалы уезінің басқармасына жазған арызында қайын атасы оны зорлықпен 13 жасар баласы Құрманға қосқысы келіп, еріксіз неке қиғандығын жаза келіп, мұндай өктемдіктен құтқаруын сұрайды. Тексеру нәтижесінде әйел арызының шындығы анықталып, Оңай Шоматоваға басқа күйеуді өзі тандап алуға рұқсат етілген көрінеді.

Кезінде әменгерлік құқын пайдаланбай, жесір отырып, күйеуінің отын сөндірмей, балаларын жеткізіп “ұлын ұяға, қызын кияға қондырып” көnlі тынған анаға кексе тартқан шағында әменгерлікпен түрмисқа шығуға тұра келетін жағдай да болатын. Не қайнысының, не қайынағасының қартайған шағында әйелі өліп от басында жалғыз қалса, яки жайсыз келінінің қолына қарап бабы табылмаса, ағайын-туғандар жесір жеңгелерін қоңдіретін.

Әменгерлік әдетпен неке құру тек жесір қалған әйелдерге ғана тән емес, ол алғашқы атастырған күйеуі өлген жағдайда оң жақта отырған қалыңдыққа да тән болатын. Құда түсіріп, құйрық-бауыр жескен соң,

бәрібір қалыңмалының төленіп-төленбеуіне қарамай-ақ күйеуі өлген қалыңдық айттырған елдің жесірі болып саналатын. Сондықтан да жесір дауының көшілігі осындайдан жағдайдан туатын. Әрине, мұндай жағдайда қалыңмалдың бұрын келіп үлгеру, үлгермеуі жесір қалған қалыңдық мәселесін шешуге әр түрлі әсер ететін.

Халық дәстүрі бойынша, қандай жағдайда болсын, күйеуі өлген қалыңдық айттырған елдің занды жесірі болатындықтан, ол күйеуінің бірге туған аға-інісінің біріне түрмисқа шығуға міндетті. Ал енді осы міндеттілік іс жүзінде қандай жағдайда, қалай орындалатындығына тоқтайық.

Күйеу жас күйінде өлсе, қалыңдық та әлі жас болса құдалықты үзбей, өлген күйеудің ешкімге атастырмаған інісіне атастырып, бұрынғы келісілген қалыңмалдың үстіне бір ат үстеме төлейді.

Егер өлген күйеудің басы бос, қыз айттырмаған інісі болмай, басқа жерде айттырылған қалыңдығы бар інісіне немесе үйленген ағаларының біріне қосқысы келсе, бұрынғы келісілген қалыңмал үстіне түйе бастатқан тоғыз төлеу керек болатын. Қалыңдық ер жетіп қалған жағдайда басы бос тым жас әменгері бола тұрып, күйеу әкесінің еркі бойынша үйленген балаларының біріне қосатын болса, түйе бастатқан тоғызды екі не үш еселеп беретін. Өлген күйеудің өзімен бірге туған ешбір ереккі кіндік болмаса немесе туыстарының да қалыңдықты әменгері ретінде алуға хақы бар. Бірақ қыз әкесінің олардан бас тартып, қалыңмалын қайыруға да еркі бар. Бұл жағдайдың өзі қазақ арасындағы әменгерлік құқықтың әлсіреу нышаны тәрізді. Ал қалыңмал қайыруға мүмкіндігі болмаса, немесе ықыласы түскен сыйлас құдасынан айырылғысы келмесе, өлген күйеуінің немере туыстарына да әменгерлік тәртіппен қызын беретін.

Қалыңмал қайтарудың да өзіндік тәртібі бар. Күйеу үрын келуге үлгермей қайтыс болса, берілген малды түгел қайтарып, ал үрын келгеннен соң өлсе – бұған дейін берілген малдың жартысын немесе түйе бастатқан тоғызын алып қалып, қалған болігін түгелдей қайтаратын.

Егер күйеуі өлген жесір қалыңдықтың әкесі ешбір әменгеріне бергісі келмесе, бата бұзып, қалыңмалды қайтарғысы келсе, халық ғұрпы бойынша оған әр түрлі айып кесілетін. Мұндайда күйеудің үрын келіп үлгеру-

үлгермеүіне қарамай, төленген қалыңмалды түгел қайтаратын. Қүйеу ұрын келіп үлгермесе және қызын әлі үйленбекен қыз айттырылмаған әменгеріне бермей отыrsa, қалыңмал үстіне бір тоғыз айып қосылады, ал бұдан бұрын үйленген не айттырылған қалыңдығы бар әменгеріне бермей отыrsa, қайтарылатын қалыңмал үстіне бір түйе не ат қана қосылатындығын көрсеткен Баллюзек пен Добросмыслов болатын.

Ал енді қалыңмал той малына дейін түгел беріліп, тек ұзату тойының алдында ғана қүйеу өлсе, қалыңдықтың жасауын жасап, тұл отауын тігіп, көлік, сауынмен түгелдеп қаралы ауылға қалыңдығын дереу көшіріп апарып, қүйеуін жоқтату керек. Бұйтіп барған қалыңдықты өлген қүйеуінің бір туысқанына әменгерлік тәртіп бойынша қосатын. Мұндай жағдайда апарылған қалыңдық кімге тиетіндігін күні бұрын біліп баратын. Сондықтан ешқандай наразылықсыз және басқадай жол-жоралғысыз-ақ басына түскен тағдырға кондігетін. Әрине, мұндай жағдайда, ең алдымен, себепкер болатын өлген қүйеу әкесінің ел ішіндегі абырай-атағы, кіслік парасаты мен дәүлеттілігі болса керек. Онсыз да қаралы болып отырған қадірлі атаниң қоңіліне қарап, қайткен күнде де оның жабырқаған қоңілін сертігу жағын ойлаған немесе осындай жалпаңы үшін келешекте оның да бір есесін қайыратындығынан үміт еткен құдалар жасайтын. Бұл арада да қыздың басы саудаға түсіп жатқанын әдет-ғұрып деген пердемен бүркемелемек болатын. Баласынан айырылып, қаралы болып отырған ата-ана үшін мал беріп көп шығындалған келіні бар жасау-жабдығымен түсіп жатса, өшкен шырағы қайта жанғандай қоңілдеріне медеу, жандарына желеу болғандай, біраз сергітіп тастайтыны да рас. Қаралы боп түскен келініне жылы өтісімен бір баласын үйлендіретін жағдай туып, басына бас, малына мал қосылса, шүкіршілік етпеске не шара. Құдасының мұндай ерлігіне де дән риза болып, шын тілеулестігін білдірді деп ағынан жарылатын.

Қаралы түскен келінін айттырылған қалыңдығы бар кіші баласына қосатын болса, өлген ұлының жылын өткізіп, қаралы күні аяқталғанша кіші баласының отауын түсіру керек. Өйткені өз қалыңдығына үйленбей тұрып женге алса – қайын атасы да, қалыңдығы да қарсы болып, әйел үстіне келмей қоюы мүмкін. Сондықтан әуелгі уәдеде тұрып, өз жолымен кіші келінді

түсіріп, одан соң күйеуі өлген жесір келінін әменгерлік әдетімен жеңге алған екінші әйел есебінде қосатын да, мал сойып, құрмалдық жасайтын. Ал әйелі бар үлкен баласына қосатын болса да, осы сияқты жылын өткізген соң үйлендіретін.

Сөйтіп, әменгерлікпен күйеуге шыққан қалындық көпшілік жағдайда әйел үстіне баратын. Тек айттырылған қалындығы жок ер жеткен әменгері болған жағдайда ғана күйеуінің бірінші әйелі, яғни бәйбіше атанатын. Қазақ арасында әменгерлік әдettің мұндай түрі де тым ертеректен бері келе жатқандығын қазақ эпостарынан көрүте болады. Оған мысал ретінде Төлеген өлгеннен кейін Қыз Жібектің басқа күйеуге шықпай, сүйген жары Төлегеннің туған інісі Сансызбайға күйеуге шығып, көп жасаумен үзатылғандығын келтірсек жеткілікті болар.

Қазақ халқында әйелі не қалындығы өлген жағдайда балдыз алу әдеті де (сорорат) болған. Әйелі өлген жігіттің қайын атасының қолында айттырылмаған бой жеткен қызы болса, күйеу әкесі құдасына барып, “жиендерің жетім қалды, келінімнің бой жетіп отырған сінлісі бар еken, ата-бабамыздың жолы ғой”... деп салмак салады. Қыз әкесіне құдасы да, күйеу баласы да үнайтын болса, өлген қызы тіршілігінде күйеуінен, қайын жұртынан қорлық-зорлық көрмей сыйласып өтсе, басы бос қызын жездесіне беріп, құдандалық қатынасты әрі қарай соза береді. Балдызы үшін “балдыз қалың” беріледі де, алғашқы қызын алғандағыдай ырғап-жырғамай, киім-кешегімен ғана алып кетеді. Бұған берілетін жасау балдыз қалыңын мөлшеріне шамалас болатын. Құдаларының бірі келінінен, екіншісі туған қызынан, ал күйеу сүйікті әйелінен айырылып, балалары жетім қалып жатқанда сыйлас құдалар бірін-бірі көп қинамай, көбінесе жеңіл-желпі ырымын жасап қана, “жең ұшынан жалғасып” дегендей, жездесіне балдызын қосатын. Әрине, күйеу мен балдыздың жас ерекшелігі де онша алшақ болмау керек. Оған да мұқият қарайтын.

Егер қыз әкесіне күйеуі немесе құдасы ұнамаса, әсіресе өлген қызы түскен жерінде тиісті сый-құрмет көрмей, ылғи жәбірленіп жүріп дүние салса, басы бос бой жеткен қызы бола тұра бергісі келмесе, ешкім оны зорлай алмайды. Сондай-ақ бойжеткен қызы біреуге айттырылып қойған болса, бұл мәселе тіпті сөз де болмайтын.

Кейде әйелі өлген малды күйеу қайын атасындағы

мал басының кемдігін пайдаланып, тіпті жас болса да балдызын өзіне айттырып, толық қалыңмалын төлеп бірнеше жыл оның бой жетуін күтетін. Әрине, бұл ара-лықта кәрі жезде басқа әйел алып, балдызы ержеткен соң төсек жаңғыртпақ болады. Қайсыбір уақытта ойлаған жоспар бір жерден шыға бермейді. Өйткені бой жетіп, он-солын тани бастаған балдыз, жағдайдың бәріне түсінген соң, кәрі жездесіне тұрмысқа шығуға қарсылығын білдіреді. Міне, осындай кезде басқа біреумен қашып кетуге дейін баратын. Архив деректерінен мұндай оқиғаларды көптең кездестіруге болады. Мәселен, өткен ғасырдың ортасында Бекей ордасын мекендейтін Байбақты руының қызы Зылиха Дүйсенованның Орда әкімдеріне берген шағымында оның 4 жасында шеркеш руына барған апасы өліп, жездесі Сүйіншалиев балдыз алу ғұрпымен айттырыпты да, әкесіне 16 сиыр, 10 бие, 1 түйе, 2 ат қалыңмал беріп, киттер киіспіті. Ал Зылиқа 17-ге келгенде бұл іске наразылығын білдіріп, мұндай некеден бас бостандығын өперуді өтінеді. Дәл осы іспеттес архив деректері Қазақстанның кай жерінен болсын кездеседі.

Балдыз алу мен балдыз берудің міндетті түрі қалыңдық он жақта отырып өлген жағдайда болатын. Қалыңдық өлісімен, қүйеу бірнеше жолдастарымен қайыната-сына келуі керек. Егер ол уақытында келмесе, балдызын алу құқынан мұлде айырылады (Н.Гродеков, 57). Сондықтан түрлі себептермен уақытында өзі бара алмайтын болса, бір сенімді адамды басшы етіп уәкілдер жіберетін. Мұндай жағдайда көбінесе қүйеу әкесі өзі келіп, мәселені шешіп қайтатын. Өлген қалыңдықтың басы бос бойжеткен туған сінлісі болса, міндетті түрде жездесіне береді.

Егер қүйеу алғашқы қалыңдығына ұрын келіп үлгерген болса, балдызы үшін бұрынғы келісілген қалыңмал үстіне “балдыз қалың” (1–2 түйеден 1 тоғызға дейін) төлейтін. Ал енді алғашқы қалыңдығымен ешқашан кездеспесе, яғни ұрын келіп те үлгірмесе, балдыз қалың төлемейтін. Егер балдызы тым жас болса, кыз әкесі оны бой жеткізіп беруге уәделеседі де, құдалар жағына ат мінгізеді. Балдызының бой жетуін күткісі келсе, әдет бойынша, балдыз қалыңын төлейтін болып келіседі. Өлген қызының орнына беретін басқа қызы болмаса, берілген қалыңмалды қайтару керек. Мұндай жағдайда қайтарылатын қалыңмал

мөлшері күйеудің ұрын келіп ұлгеру-ұлгермеуіне байланысты болған. Егер қалыңдық күйеумен әлденеше рет кездескеннен кейін өлсе, алынған қалыңмалдан “балдыз қалың” мөлшерін ұстап, қалғанын қайтаратын, ал мұндай кездесу бір рет те болмаса, қалың үшін алынған мал түгелдей қайтарылатын. Ал бойжеткен басы бос қызы бола тұрып бермесе, қыз әкесі алған қалыңмалын түгел қайтарумен бірге, түйе бастатқан бір тоғыз айып төлейтін. Балдызын жездесі жақтырмай, оны алудан бас тартса, кінә күйеуге ауып, айып тартады. Өтелген қалыңмал саны кесілетін айыптан кем болса, түгелдей қайтарылмайды. Мұндай айыптың мөлшері түйе не ат бастатқан тоғызға дейін баратын. Кейде қайтарылуға тиісті өтелген қалыңмалдың жартысына дейін айып кесілетін.

Балдызының тым жастығын еске ала отырып, оны алудан бастартқаны үшін де күйеу айып тартатын. Әрине, мұның кінәсі жоғарыдағыға қарағанда солғындау болғандықтан, айып мөлшері де кінәсіна сай болатын. Гродековтың деректері бойынша, алынған қалыңмалдың үштен екісі күйеуге қайтарылып, өзгесі қыз әкесінде қалатын.

Өлген қалыңдықтың туған сіңлісі тым жас болса, оны күйеу жігіттің інісіне атастырып, құдалықты қүшінде қалдыратын әдет-ғұрып та бар. Мұндай жағдайда балдыз қалыңның төлеу-төленбеуі тағы да күйеудің қалыңдық ойнап ұлгеру-ұлгермеуіне байланысты, яғни күйеу ұрын келіп ұлгірсе, өлген қалыңдықтың сіңлісін күйеудің інісі алатын болғанмен, белгіленген қалыңмал үстіне “балдыз қалың” төленетін, ал ұрын келіп ұлгермесе төленбейді. Қалыңдық дәл ұзатар тойдың алдында, яғни қалыңмал түгел төленіп, өлтірі және той малы толық беріліп, қалыңдықтың жасауы (отау, киім-кешек, төсек-орын т.б.) түгелдей дайын болған кезде қайтыс болса, халық арасындағы әдет-ғұрып бойынша, өлген қалыңдықтың орнына оның сіңлісін беруді күйеуі де талап ете алмайды, қыз әкесі де міндетті болмайды. Мұндайда қалыңмал да қайтарылмайды, оның орнына қызға арналған жасау, яғни киім-кешек, төсек-орын, отау және көш-көлігі мен мінгізетін аты түгелденіп, “тұл отау” деген ортақ атпен күйеу ауылына жөнелтіледі. Өйткені жоғарыда айтылған дайындықтардан екі жақтың құдалыққа байланысты алыс-берісі түгелдей аяқталған жағдайда

калындық толығымен күйеу елінің адамы болып есептепіліп, өлікке байланысты әр түрлі әдет-ғұрыптарды күйеу үйымдастыратын. Әрине, мұндай жағдайдаң озінде де қыздың бой жеткен басы бос сінлісі болса, күйеу жағы ниет білдірмей қалмайды, тағы қосымша қалынмал төлеуге де даяр екенін билдіреді. Бірақ қыз әкесі бұл пифылды қолдамай, “бір баламды бердім, оны құдай саған да, маған да көпсінді. Жасауын толық беріп отырмын, кемдігі болса, айтыңыздар, әйтпесе осыған риза болыңыздар” десе, оған қарсы өкпе де, дау да жүрмейтін. Сірә, өлген қалындықтың жасауын толық етіп дерек жіберуі, оның басы бос сінлісін бермеу мақсатын көздегендіктен де болу керек. Өйткені мұндай жағдайда өлген қалындықтың артында балдызы ретінде беретін ешкімі болмаса, жасау да берілмейтін, қалың да қайтарылмайтын. Ал құдасынан не күйеу баласынан түрлі себептерге байланысты ажырасқысы келмегендер осында жағдайдаң өзінде кіші қызын бермек болып, “балдыз қалынды” екі еселеп алатын. Қыз әкесінің мұндай шешімін күйеу жағы үлкен ықыласпен қарсы алып, құдасына ерекше сый-құрмет көрсететін.

Сейтіп, балдыз алу балдыздың күйеуге шықкан не айттырылып оң жақта отырған апасы өлген жағдайдағана орындалатын көне әдет. Онда да күйеуге әлі айттырылмаған, басы бос балдызы болсағана. Ал қыз әкесі бұл әдет бойынша кіші қызын бермеймін десе, оған зорлық жүрмейтін. Сейтіп, балдыз алу ғұрпы орындалған күнде, ол әйел үстіне бармайды. Егер де жетім қалған жас жиендері мен сыйласқан жездесін кимай, әдетке бағынса, екіншіден, әке еркіне байланысты оның құдалық уәдесін бұзбау және алынған қалынмалды қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда басқа түскен тағдырға көнетін.

Әйелі өліп, жас балалары жетім қалған жағдайда басы бос, жас шамасы шамалас балдызын оның еркімен алу қай заманда болсын моральдық нормаларды бұзғандық болып табылмайды. Тұған жиендеріне нағашы апасының қамқоршылығы өз шешесінен кем болмайды. Сондықтан да бұл әдет көпке дейін қалмайды. Сайып келгенде, әменгерлікпен женге алу да, балдыз алу да алғашқы қауымдық қоғамға тән топты неке, яғни туысқан ерлердің бәріне ортақ әйелдердің не туысқан қыздардың бәріне ортақ күйеулердің болған көне некелік қатынастың сарқыншағы екені даусыз.

Сөйтіп, төңкеріске дейінгі қазакта болған неке құру түрлерінің ең негізгісі – қалыңмал төлеп, қыз айттыру арқылы үйлену болатын. Бұдан өзге жаугершілік кезінде тұтқын қыз-келіншектерге үйленуден басқасы, түгелдей қалыңмал төлеумен, көне әдеттермен тығыз байланысты еді.

## ҚАЛЫҢДЫҚ АЙТТЫРУ

Төңкеріске дейінгі қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша үйлену мәселесіне байланысты қалыңдық айттырудан бастап, келін түсіру тойына дейінгі мерзімде орындалатын толып жатқан жол-жоралғылар бар. Олар төмендегідей.

Жігіт әкесі тарапынан қыз таңдау, қыз көрү аяқталғаннан кейін, айттырылатын қызға құда түсуге кіріседі.

“Жаушы” ауылдан аттанарда шалбарының бір балағын етік қонышының сыртына түсіріп, екіншісін қонышқа сұғындырады. Бұл әдет қыз әкесі құдалыққа қарсы болмай, жаушының жолы болып қайтуы үшін жасалатын ырым. Қыз әкесінің үйіне кірісімен өзінің қандай мақсатпен келгендейгін дереке сездіру үшін төрге шыға бере көрпе салуын отінеді.

Үй иесі жаушыға тиісті сый-құрмет көрсетеді. Жаз болса – қой сойылады. Қыс болса, соғымның жылы-жұмсағын салып, қонақасы береді. Содан кейін жаушы қыз әкесіне өзінің келу мақсатын айтады. Қыз әкесі мұндай ұсыныска қарсы болмаса, болашак құдасының жай-жапсарын сұрап, көкейіндегі қалыңмал мөлшерін ескертіп, құдалардың келу уақытын белгілеп, жаушыны аттандырады.

Жаушыға қыз әкесі өзінің байлығына, мырзалығына қарай түрлі сыйлықтар беретін. А.Диваевтің айтуынша, көбінесе шапан кигізетін, оны қазақ арасында “шеге шапан” деп атаған. Сыйлықтың атынан-ақ оның мәнін анғартқандай, яғни жаушы мен қыз әкесінің алдын ала жасасқан үәдесі бір нәрсеге шегеленген шегедей берік болсын дегеннің жоралғысы. Сондықтан мұның озі синдиосмилдік магияның негізінде қалыптасқан көне әдет екені даусыз.

Кейде ресми түрде жаушы жібермей тұрып-ақ болашақ құдалар арасында жақын тамыр-тәнистар арқылы астыртын келісіп, мәселе шешілген уақытта ресми жау-

шыны тек құдалыққа бару мерзімін тағайындау үшін жіберетін. Жауши жіберу мен құда түсуге келу арасы ұзаққа созылмайды.

Қыз әкесінің жылы лебізін әкелген жауши келісімен жігіт әкесінің үйіне жанашыр туыстар жиналып, құдалыққа кімдер баратыны мен аттану мерзімі белгіленеді. Бас құда болып көбінесе жігіт әкесінің жөн білетін сенімді туысының бірі барады. Кейде мұндай сенері болмаса, жігіт әкесінің өзі бастап барады. Құдалар саны әрдайым үш-төрт кісіден, кейде 20–30 адамға дейін жетеді. Мұның өзі негізінен қалыңмал мөлшеріне, құдалардың ауқаттылығына байланысты болады.

Құдалардың келуіне жеке үйлер тігіп, сойысы мен күтуші жігіттерін дайындаиды. Құдаларды үйді-үйіне түсіріп, ықыласпен күтеді. Қонақасы беріледі. Ауыл адамдары тәуір киімдерін киініп, құдалық қамында болады. Сый-құрмет көрсетілгеннен кейін құдалар қалыңмал мөлшерін, оны қай мерзімде, қалай отейтіндігін, жасау жағынан тек отау жөнінде сөз болып, озге жасау жайы айттылмайды. Бұдан басқа әр түрлі шақырыстар мен берілетін жоралғы мөлшері, ең соңында қызды үзату мерзімі туралы да келісім жасалады. Мәселе әбден шешіліп болғанда құдалық бұзылмау үшін анттасып, бата қылышады. Ол үшін ақсарбас айтылып, оның бауыздалу қанына қол батырып, бас құдалар бата бұзбауға серттесіп, уәдені bekітеді. Бұрыннырақта койдың бауыздың қаны құйылған ыдысқа екі жақтың бас құдалары наизаларының үштарын батырысып, “қанымыз қосылды, туысқан болдық” деген ишарратты білдіру үшін қанды бөліп ішетін әдет те болған. Бас құдалардың халық арасында “бауыздың құда” атанину да осыдан болса керек. Қанға қол батыру болсын, наиза үштарын батырысу болсын ақ батаны бұзбауға серт бергендей болып табылады. Бата аяққа арналған күйеу әкесі өзінің дәүлетіне қарай бір жылқы не түйе, немесе олардың әрқайсысы бір, яки бірнеше тоғыз болып беріледі. “Қыз Жібек” жырында Төлеген Қыз Жібектің бата аяғына 250 жылқы берген. Бұдан бөлек қалыңдық “қарғы бауына” деп жылқы не түйе түлігінен бір тәуір мал немесе 10 сомнан 60 сомға дейін күміс ақша апаратындар да болған. Бата аяқ пен қарғы бауы алынған қыз бұдан былай айттырушының занды қалыңдығы болып есептеледі.

Құдаларға арналып сойылған қойдың тостігін алдын

ала сыпрып алып, темір істікпен отқа пісіреді де, табакқа турап, құдаларға шаймен бараді. Төстік тарту әдеті Жетісу және Оңтүстік Қазақстан төнірегінде ғана кездеседі. Төстік тартудың кәде алудан басқадай мағынасын әдеби деректерден де, ел аузынан да ұшырата алмадық.

Құда түсіп, туысқан болудың белгісі – құдаларға “құйрық-бауыр” жегізу. Құйрық-бауыр туралған екі табақ екі жақтың сөзін сөйлеп отырған құдалар алдына қойылады. Құдаларды дәстүрлі құйрық-бауырмен сыйлау үшін сойылған қойдың құйрығы мен бауырын жаپырақтап турап, қыз әкесі құдаларына қолымен асатып, өздері де жеп, құдалықтың ең соңғы қажетті дәстүрін орындағандай болады. Жақындық туыстығын түсіндіргісі келген қазақ “құйрық-бауыр жескен құда едік” дейтін. Ал құйрық-бауыр жеудің мәніне келсек, екі жақтың енді бауырласып туыс болғанын көрсетсе керек. Құда болған екі жақтың бірі жазатайым бата бұзып, би алдына жүгініске барса, “ақ бата жасалып, құйрық-бауыр жесіп пе едіндер?” – деп сұраудың өзі ілгеріректе мұның маңызды әдетекендігін дәлелдейді. Екі жағы құйрық-бауыр жегендерін мойындаса, билер бата бұзған жағына дереу айап кесетін. Құйрық-бауыр жеудің екі жағына бірдей жауапкершілігін арттыратындаі мәні болатынын Ибрагимов, Маковецкий, Гродеков, Ақпаев сиякты авторлардың енбектерінен және ел арасынан 1966–1969 жылдары өзіміз жинаған деректерден, архив қоймасынан табуға болады. Ал кейінректе құйрық-бауырға қаймақ қосып, құдаларға асатарда олардың бет-аузына қаймақ жағып күлкі ету ежелгі әдettің алғашқы мәнін жойып, қоңіл көтеру, құдалармен өзілдесу тәсіліне айналғандығы тәрізді.

Той кезінде құдаларға тартылған табактарға қоса, арнайы кәде алу үшін асық жілік салынған “кос табақ” атты табақ тартылады. Ол табақтан үйде отырған құдалардың бәрі дәм тартып, ақшалай не заттай жолын береді.

Төстік, құйрық-бауыр және қос табақ тарту әдетіне байланысты берілетін кәделерді оларды тартушы әйелдер өзара бөлісетін. Осыдан кейін қыз әкесінің ауқаты мен ауыл ішіндегі беделіне қарай той өтеді. Күй тарту, өлең айту, әр түрлі ойын-сауықтар отіп жатады. Балуан күресі, тіпті кішігірім құнан бөйгесін де үйымдастырып жібереді. Құдалық мәселесі әбден шешіліп, барлық

жүрт жоғарыда айтылған көңіл көтеру шарапарына көшкен кезде құдалар отырған үйге бір топ әйел кіріп, “куаныштарын құтты болсын!” деп шашу сылтауымен олардың басы-көзі демей үстерінен бауырсақ пен үлкенді-кішілі құрттарды жаудырады. Шашудан кейін әйелдер “құда тартуға” кіріседі. Ең алдымен әр құдаға әр түрлі талап қойып: біріне өн салғызыса, екіншісіне күй тартқызады, жаңылтпаш айтқызып, жұмбақ шешкізеді. Бұл талапты орындаі алмағандарына әйелдер білгендерін істейді. Құдалардың бастарына киіз қалпак кигізіп, беттеріне күйе, үн, балшық жағып, үстеріне су күйып, өгізге теріс мінгізеді. Мұның бәріне ашу шақырмай, олар көне береді.

Құдаларды арбаға жегу әдеті Қазақстанның солтүстік өніріндегі әдет, ал Жетісуга құданы енбектетіп қойып, алты әйел аттай мініп үстінде отырады. Мұны қазақ арасында “алты қатын жортақай” дейді. Әрине, бұл жоралғылардың бәрі бірдей қазақ арасында міндетті түрде істеледі деген ой тумауы керек. Ойын-сауық, күлкі куамыз деп кейбір әйелдер құдалардың намысына тиетін кездері де болады. Ондайда қазақ арасында бейбастақтық деп сөгеді. Сондыктан көргенді ауылда құда тартудың өзі әдептілік шегінен шықпай, ізеттіліктің үлгісін көрсетеді. Дөрекіліктен аулақ болуды уағыздайды. Мұның өзі келген құдалардың сыпайылығына, тапқырлығына да байланысты. Не қалтасынан сұрыып берері болмаса, не қалжыңға жеткізбейтін, сұрылған тілді болмай, үндемейтін мұнғыл болса, “жуас түйе жұндеуге жақсы” дегендей, еріккен әйелдер оларға білгенін істейтін. Ауыл әйедерінің ойын-оспағы құдалар кетеркеткенше токтатылмайтындығы сондай, аттанарда олардың аттарының жал-құйрығына әр түрлі сүйек-саяқтар байладап, аттанар жақ үзенгілерін тығып қойып әурелейтіндігін Х. Қостанаев, І. Алтынсарин, М. Леваневский және Н.Гродеков сияқты авторлардың жоғарыда көрсетілген енбектерінен кездестіруімізben бірге, 1960—1969 жылдардың ішінде Қазақстанның көптеген аудандағынан жинаған деректерден табылуы бұл әдептердің бүкіл қазақ еліне ортақ екенін анғартады.

Ойын, той бітіп, құдалар қайтарда олардың әрқайсысына кит кигізіп, ат мінгізеді, түйе жетектетеді. Киттің ең бастысы жігіт әкесіне арналады. Бұл арада оның құдалар құрамында болу, болмауы шарт емес, яғни үйінде жатса оған деп, қыз әкесінің шамасына

қарай кілем жауып нар жетектеді, не жүйрік жорғадан таңдал тәуір ат мінгізеді. И.Ибрагимовтың айтуынша, кейде күйеу өкесіне кит есебінде не берсе де 2–3 тоғызыға дейін жеткізетін, қалған құдаларға күйеуге туыстық жақындығына қарай жолын беріп, кит кигізеді. Кит есебінде үлкенді-кішілі мал (кобінесе түйе мен жылқы тұліктегі), әр түрлі киім түрлері беріледі.

Құдалар оралысымен, жігіт өкесі құдасын шақырып, белгіленген қалынмалдың алғашқы бөлігін беруге дайындалады. Қыз беретін жақтан келетін құдалар саны күйеу жағынан келетін құдалар санына қарағанда, Х.Қостанаевтың айтуынша, бір адамға кем, ал И.Ибрагимовте – 1–2 адамға артық делінсе, Ф.Лазаревский тең болатындығын баяндаған. Ел арасынан жинаған де-ректерге қарағанда дәл осындай міндеттілік болмаған-мен, қыз беретін жақтың құдалар саны өрқашан артық болады. Бұл жағдай халық өміріне сіңісіп, әбден бекіген дәстүр. Құдаларды қарсы алу, қонақасы беру, түрлі ойындар үйымдастырып (күй тарту, ән салу), көңіл көтеру кештерін өткізумен бірге, “құда тарту” сияқты әзіл ойындар да болады. Құдалардың қайтатын күні қалынмал ретінде берілетін қой қосақталып, түйе, жылқы тұліктегінен керектілери ұсталады. Әдетте қалынмалға берілетін малды бөлген уақытта құдалар бірге болады. Сондықтан қой қосақтасқан өйелдер мен қойшылар “қосақ беру” деп, жылқы ұстаған жылқышылар “құрық беру” деп, кәде есебінде бір-бір мал немесе ақшалай сыйлықтар алады. Бұдан соң күйеу өкесі құдаларына дайындаған киттерін атап-атап үлестіреді, ат мінгізіп, түйе де жетектеді. Дәл жүрерде күйеу баланы корсетіп көрімдік сұрайды. Әдетте көрімдік ретінде бір жылқы тастап кету керек. Қалынға алған малдың ішінен кейбірін “келін тілі” деп қалдыру әдетінің де болғандығын М.Леваневский айткан. Мұндай ғұрыпты орында-са, халық түсінігі бойынша, келін кекеш болуы ықти-мал. Ал күйеу өкесі өз тарапынан осы жолы қалыннан басқа бір қойды “өлі-тірі” деп артық береді. Халық түсінігі бойынша, өлі-тірі бермесе, келін аурулы болуы мүмкін. Кейде өлі-тіріні ұрын барғанда апаратын.

Осындай құдалар арасындағы алыс-беріс кейде көпке созылады да, кейде қысқа мерзімнің ішінде аяқталып, үйлену тойы үйымдастырылады. Мұның өзі әр түрлі жағдайларға байланысты болатын. Мысалы, аастырған кезде қыз бен күйеу жас болса, олар ержет-

кенше құдалар арасындағы кезек шақырысу, алыс-беріс тоқтамай жүріп жатады. Ал енді айттыру кезінде өсіресе қалындық бой жетіп, некелесу жасына толып қалса, қалынмал жеделдетіліп, өтелген соң, қыз ұзату тойы кешікпей-ақ өткізіледі.

Құдалық мәселесі әбден шешілісімен күйеу де, қалындық та қайын жұртына көрінбейді. Уақыты жеткенше күйеу қалындық ауылына бармайды, егер бара қалса, әдепсіздік істеді деп атын тартып алғып, өзін жаяу жібереді. Мұндай жағдайда күйеу жігіт қайын атасының көзіне түспейді, қыз женгелерінің көмегімен зорға құтылатын. Ержеткен күйеуге қайын жұртының тарапынан болатын мұндай “ілтифат” оның ауылға келіп көрініп қоюынан ғана емес, мұның басты себебі қалынмалын толық төлемей тұрып рұқсатсыз келген күйеу “қалындығын” алғып қашып кетеді деген қауіптен сескену болу керек. Бұл пікірдің дұрыстығын І.Алтынсариннің ұрын келіп, қайтқанша күйеудің қалындықпен жасырын кездескендігін сезіп қойса, өсіреле ол қолға түссе, қатты жазаланатындығын ескерткендігінен-ақ көруге болады. Қалындық, әрине, мұндай кездейсоқтыққа ұшырамайды. Өйткені қыз балалар бөтен ауылға, өсіреле қайын жұртына еш уақытта бармайды. Н.Гродековтың айтуыша, әлдеқалай күйеудің ауылына бара қалып, оның туыстарының біреуінің үйіне кірсе болды, оны қайтып жібермейді. Келін болып қала береді.

Сөйтіп, күйеу мен қалындық ержетіп, оң-солын та-нығанша, қалынмал түгелдей өтелгенше құдалар арасындағы қарым-қатынас қаншалықты дәрежеде болып жатса да, күйеу мен қалындық бірімен-бірі ресми түрде кездеспейтін. Мұндай тәртіпті сақтамағандарға әдептілікті бұзушылар деп қарайтын.

## КҮЙЕУДІҢ ҰРЫН БАРУ САЛТЫ

Қандай жағдайда болмасын, қалындық 12–13-ке келісімен күйеу жағы қалынмалды түгелдей өтеп, келін түсіруге асыға бастайды. Сондықтан күйеу өкесі қалынмал төленіп бітісімен немесе төленуге жағындаған кезден бастап баласын қайнына барып, қалындығын көріп қайтуға дайындейді. Бұл ниетін құдасына да хабарлайды. Күйеудің келуіне қыз өкесі қарсы болмай, қарсы алуға дайын екендігін білдірген соң, бір малын

сойып, ақсақалдар алдында баласына оң сапар тілеп, батасын алып, ертеңіне қүйеудің жанына бір қүйеу жолдас және 5–6 жігітten атқосшы қосып аттандырады. Оларға ілу, өлі-тірі, есік ашарға деп бірнеше мал (көй және түйе) айдатады. Жыртыс пен әр түрлі кәделерге арналған маталар мен жамбы, күміс теңгелер, сақина, сырға, орамал сияқты уақ-түйек және коржынға салынып, жетектегі түйеге артылады.

Күйеудің алғашқы рет ресми түрде қалындық көру мақсатымен қайын жұртына баруын “ұрын бару”, ал қайын жұрты оның бұл сапарын “ұрын келу” дейтін де, осыған байланысты ұйымдастырылатын той-думанды “ұрын той” деп атандырған. Бұл ресми сапардың барынша дұрыс ұйымдастырылып, жақсы өтуіне екі жақ та көп көңіл бөліп, үлкен мән берген. Өйткені көпшілік жағдайда құда түсіп, болмаса қыз айттыру ісі ата-ана еркінде болып келгендейктен, ержеткен күйеу бала мен бой жеткен қыз көпшілік жағдайда бірін-бірі ресми түрде алғашқы рет осы жолы көріп, танысуға мүмкіндігі болатын. Бұл сапардың негізгі мақсатының өзі жастардың өзара тілдесіп, бет-жүзін көрісіп, тіпті құшақ айқастырып жақындастырудың нәтижесінде олардың арасындағы махаббат сезімін ояту екені даусыз. Әрине, мұндай сезім екеуінің біріне-бірінің ұнагандығынан ғана туады. Ал екеуінің бірі түр әлпеті, ақыл-ойы және көрегендігімен ойлаған жерден шықпаса, ондай сезім оянбайды да, екі жас тек ғұрып бойынша қосылуға мәжбүр болады, кейде тіпті мұндай жағдай құдалықтың бұзылуына да себін тигізді. Сондықтан “ұрын бару” деген атаудың қалыптасуы да осы негізгі мақсатпен тығыз байланысты болған.

Бұған дейінгі көптеген авторлардың “ұрын бару” атауының күйеудің қалындығына ұрланаған баруына байланысты қалыптасуы деуі жансақ айтылған пікір. Біздің ойымызша, бұл атау көне түріктердің “ичип” (урун) деген сөзінен шыққан. Бұл сөздің тікелей мағынасы түсінісу, бір нәрсенің ішкі сырын жете білу, бір нәрсеге жабыса тұсу ұғымымен байланысты. Әсіресе көне түріктердің, егер жан сұлуын тапсан – оның кеудесіне жабыса тұс деген сөз шумағы да “ұрын бару” атауының қалыптасу тегі туралы жоғарыда айтылған пікірдің дұрыстығын дәлелдей түскендей. Тіпті “ұрын бару” ұғымы күйеудің жасырын баруымен үйлесі жок, бөлек құбылыстар екенін төмендегі деректерден де көруге болады.

Бұл сапарға күйеу де, оның жолдастары да жақсы аттарын мініп, тәуір киімдерін киеді. Күйеу жолдас есебінде жол жүріп ысылған, қолынан да, тілінен де келетін өнерлі жігіт ағасы боп қалған адам жіберіледі. Өйткені тәжірибесіз күйеуді балдыздары, әсіресе адудын жеңгелері иектегіш келеді де, кәденің сан түрін шығарып, момын күйеудің қалтасын жылдам босатады. Ысылған күйеу жолдастың сөзге ширак, момын күйеуге жасайтын қамқорлығын, тигізген себін Бауыржан Момышұлының естелік романынан да тым жақсы байқауға болады. Iрі байлар баласына қосшы етіп, әнші, күйші, сауыққой жігітерді де қосады.

Ежелден бері қазақ халқына тән әдептілік дәстүрін сақтау тәртібі бойынша ұрын келе жатқан күйеу қайын атасының ауылына баса-көктеп бірден кіріп келмейді. Ол бірер серігімен ауыл сыртында қала тұрады да, күйеу жолдас қалаған адамдарымен ауылға келіп түседі. Бұл ғұрыпқа алдын ала дайындалып отырған қыз әкесі бұларды қошаметпен қабылдап, әйелі арқылы күйеу ба-ланы қарсы алуға, оған жеке отау тігуге рұқсат береді.

Ауыл әзірленіп, біреулер қонақасы қамына кіріссе, кексе тартқан әйелдер үй тігуді міндетіне алады. Ал қыздың жас жеңгелері күйеудің алдынан шығады. Ертеректе кейбір салтанат құрған сері күйеулер ауыл сыртында өзінің ақ шатырын тігіп жататын болған. Ол “Қыз Жібек” жырында анық көрсетілген. Көбінесе күйеулер шатырсыз-ақ ауыл сыртына бір жолдастымен аттан түсіп, қарсы алушыларды тосып тұрады. Алдынан шыққан жеңгелеріне күйеу иліп тәжім етеді. Күйеу сәлемін қабылдаған қыз жеңгелері “шаршап-шалдығып алдыңнан шықтық ентігіп, “ентікпемізді бер” деп бірден кәде дәметіп келеді. Мұндай кәдені қайткенде беретіндігін біле тұра ысылған күйеу жолдас оларға қарсы дау айтып, біраз әзілдесіп алған соң алдын ала “ентікпеге” деп дайындаған 20–30 аршин (*A. Диваев, I*) әр түрлі кездеме, немесе бірнеше күміс тенгелер береді. Үй тігуші әйелдер үйге кірерде “шатыр байғазысы” деп тағы бір кәде алады да, үйге енгізеді. Әдетте күйеу жігітті жас келіншектер, қыз-бозбала айнала қоршап, әзілдесіп отырады. Жас жеңгелері қалыңдықтың сінлісін, інісін көрсетіп, күйеуден “балдыз көрімдік” сияқты кәделер талап етеді. Мұнда да күйеу сөзге келмей көбінесе күміс ақшалар беріп құтылады. Мұның өзі күйеудің ауыл жастарымен тез табысып, жақындаса

түсүіне себін тигізеді. Қыз әкесінің байлығына қарай, кейде күйеу жолдасқа да жеке үй, қалған қосшыларына да бөлек үй тіккізеді.

Үйге кіріп жайғасқаннан кейін күйеу жолдас алып келген бар жол-жосықты, әр түрлі сыйлықтарды орынорнымен үлестіре бастайды. Оның ең бастысы – “ілу” қалындықтың әжесіне (егер болса), шешесіне және әкесінің басқа әйелдеріне де беріледі (егер қыз әкесінің бірнеше әйелі болса). Дегенмен ілудің ең бастысы әр уақытта қалындықтың туған шешесіне арналады.

Ілу мөлшері құдалардың байлығына байланысты болады. Оның құрамында түйе, жылқы, жамбы, кілем, ішік т.б. құнды бүйымдар болады. Кейде түйеге кілем жауып берсе, жылқыға ішік не жамбы қосарланып беріледі. Ал енді, құдалардың мұндай қымбат кәделерге шамасы келмese, өз әлінше ілуге арнап міндетті түрде сыйлықтар жіберуі мүмкін. Ілу қалындықтың шешелерінің оны жақсы тәрбиелегені үшін берілетін сыйлық. Ілу деген атауының өзін мұның алғашқыда киімдей, қымбат аң терісіндей берілетін сыйлық екенін, яғни іліп қоюға жайтын бүйым деген мәнін көрсететін тәрізді. Ал ондай қымбат бүйым, киімі болмағандықтан, кейін ілу ретінде мал беру әдеті қалыптасқан.

Қайын атасының үйіне арналатын екінші ірі сыйлық – “есік ашар” немесе “үйге кірер” деп аталады. Бұған да бір түйе не бір жылқы беріледі. Үшінші сыйлық – матадан берілетін жыртыс. Міне, осы аталған (ілу, есік ашар, жыртыс) үш сыйлық түрін күйеу жолдас дереу қыздың ата-анасына хабарлайды. Егер риза болса, оларды қабылладап, үрын келу тәртібінің бұдан әрі созыла беруіне рұксат береді де, өздері келген сыйлықтарды бөлісуге кіріседі. Бұл арада бөліске түсетіні – жыртыс қана. Өзгесі түгелдей қайын атасының босағасына байланады. Жыртыстың өзі екі түрлі болады. Бірі – “үй жыртыс” оны қыз шешесі боліп үлестірсе, екіншісі – “дүз жыртыс”. Оны ауыл әйелдерінің ішінен ең беделді бәйбіше бөліп үлестіреді.

Ал енді осы сыйлықтардың мөлшері мен құндылығына разы болмаған жағдайда оларды қабылдамайды да, тоғ-думан басталмайды. Мұндайда күйеу жолдас ауылына барып, сыйлық мөлшерін молайтуы керек. Бұл, әрине, оте сирек кездесетін жағдай, өйткені осы айтылған кәделер туралы, көбінесе алдын а келісіледі, ал күйеу әкесі мүмкіндігінше баласының қайын жұрты

мен қалындық алдында үялмай, жолынан жығылмай отуін қамтамасыз етіп жіберетін.

Күйеудің ұрын келген түні қыз әкесі мал сойып, өз үйіне туыстарын, ауыл адамдарын, күйеу жолдастарын шақырады. Күйеу көрінбей, өз үйінде қыз-келіншектердің ортасында болады. Күйеуге үлкен үйден төс салған дәстүрлі табақ барады. Халық дәстүрі бойынша, төс күйеудің сыбағасы болып есептеледі. Ол оны жаңында отырған қыз-келіншектерге бөліп беріп, бір болігін өзі мұжиді. Жетісу төңірегінде төс үшін күйеу табаққа ақша салып қайтарады. Ақшаны табақ тартуышы жеңгелер бөліседі. Күйеуге төс тарту дәстүрі мұнымен бітпейді. Үйлену тойында да, одан кейін де өз омірінде қайын жұртына қанша рет келсе, сонша рет дәстүрлі сыбағасы – төс салынады. Бұл әдет осы уақытқа дейін сақталып келеді. Бұдан кейін қымыз және шай кезегімен беріліп, ойын-сауық, ән-күй, әр түрлі өзіл, оспақ әңгімелер қызу жүріп жатады. Бұл кездерде күйеу мен қалындықты біріне-бірін көрсетпейді.

Ертеңіне қыз әкесінің байлығына қарай үлкендікішілі ұрынтасты басталады. Тойға жиналғандарды тамактандырған соң, той бастар айтылып, ән салу, күй тарту, айтыс, күрес, садақпен қабақ ату, ат жарысы үйымдастырылады. Женгендері тиісті жүлдесін алады. Кешке қарай ауыл жастары мен күйеуге ере келген серіктепі жеке үйге ойын-сауық құрып отырғанда қыз-келіншектер күйеу серіктепінің сырт киімінің артқы етектерін сездірмesten астарындағы төсөнішке тігіп қояды. Бұл әрекет қалындық ұрлау үшін дайындық. Өйткені етек тігу орындалысымен, оларға білдірмей қалындықты ұрлап әкетеді. Күйеу серіктепі білсе де дер кезінде тұра алмай, қалындықтан айырылып қалады. Ал, Ы.Алтынсариннің айтуынша, ұрын-той аяқталған соң, қалындықтың әке-шешесі ерте жатады да, қызды көрші ауылдағы бір туысынын үйіне қашырып, ол үйде сол кеште мал сойылып, той жасайды. М.Бекімовтің айтуынша, көрші ауылдағы мұндай той жасалатын үйді “болос үй” дейтін. Ол ауылға қалындықты арбамен аппаратын да, қасына ерген салт атты бозбалалар алдарына бір-бір қыз мінгізіп алып әндептіп баратын болған.

Бертініректе күйеу ауылға келісімен қалындықты оз үйінен қашырып, ауылдастарына апарып қоятын да, той кезінде ұрлау әдеті сирек кездесетін. Қайткен күнде де “қыз қашар” тойын жасап жатқан үйден етті

жей салып, жігіттер мен бозбалалар сыртқа шығады да, қыз-келіншектер үй-ішінде қалындықтың жанында қалады. Жігіттер үй іргесіне отырысады, бұларға күйеу серіктепе де қосылады. Мұндайда үй іргесі ашық, арады тек кереге ғана болады. Үлкендер тамағын ішкен соң үйді-үйнен тарасады. Үй ішіндегі жас әйелдер мен үй сыртындағы отырған жігіттер тұнімен айтысады. Бұл айтыс жалпы қөніл көтеретін, қалындық пен құрбыла-рының қоштасуы тәрізді өтеді. Айтысуышы әйелдер мен жігіттер бірін-бірі жеңіл әзілмен шымшып, кейбірі қөніліндегі мұңы мен арманын да актарады. Осының бәрін қөніл қойып тындалп отырған қалындық бірде күліп қөнілденсе, бірде жабырқайды. Тұн ортасы ауа айтысып отырған жастар екіге бөлініп, бір-бірімен қалындық үшін таласады. Бір жағы қалындықты тар-тып әкетпек болса, екінші жағы қайткенде де бермей қалуға тырысады. Құшпен әкетуге шамасы келмеген жағдайда қызды қорғаушыларға тоғыз табак тартып, заттай не ақшалай тоғыз беріп, қалындықты кілемге отырғызып, әкесінің үйіне енгізеді. Мал сойып той жа-саған туысы бірге келіп, қыз әкесінен күйеу әкелген “қыз қашар” кәдесін алады.

Қыз әкесінің үйінде қалындық пен күйеуге арнап төсек салынып, шымылдық құрылады. Төсек әр уақыт-та оң жақта, яғни ата-ананың төсегінің қарсы жағына салынады. Қыздың әке-шешесі міндетті түрде өз төсектерінде шымылдық ішінде үйықтаған боп жату керек. Жақын женгелері қызды шымылдықтың ішіне кіргізіп, төсекке отырғызады да, екі әйел күйеуге ба-рып, оны қалындықпен жолығуға шақырады. “Күйеу шақыру” кәдесін алып, күйеуді ертіп шығады. Қалын-дыққа жеткенше беретін толып жатқан кәделерді күйеу жолдас бірге жүріп, жолшыбай үлестіріп беріп отырады. Бірінші, күйеудің алдынан қолденен бақан тастайды. Қазақ әдеті бойынша, бақаннан аттауға, не оны басып өтуге болмайды. Айналып өтуге әдет тәртібі көтермейді. Сондықтан бақан тастаған әйелге “бақан тастар” кәдесін беріп, бақанды жолынан алғызып, ілгері жүреді. Бақан тастаған әйел бақанын жолдан көтерген соң, өзі күйеу тобымен бірге жүреді. Сөйткенше бол-май, енді бір әйел күйеу алдына желі тартады, ол үшін де кәде беріп, желіні жиғызып әрі жүреді. Қыз әкесінің үйіне жақындағы бергенде бір әйел жүйесінен отырып ит болып ырылдайды. Оған “ит ырылдатар” кәдесін

береді, үй іргесіне келіп қыз төсегінің тұсынан әдейі дайындал қойған тесіктен жібек орамал ұстаған күйеудің оң қолын үй ішіне кіргізді де, үй ішінен қалыңдық қолымен ұстастырып, “қол ұстарат” ырымын жасатады. Қол қысысып, олар қол орамалдарымен алмасады да, екеуі де орамалдарын жандарындағы әйелдерге ұсынады. Сөйтіп, қол ұстаратдың кәдесі сол жібек орамалдар ғана болады.

Бұдан кейін күйеуді есік алдына әкеледі. Есік алдында мосқал тартқан жақын женгесі тұрады да, оған “есік ашар” кәдесін беретіндігін айтып, үйге енгізеді. Есік ашарға түйе не бір жылқы беріледі (*H. Гродеков*, 65). Күйеу үйге кірісімен, күйеу жолдас өзі жатқан үйге келіп жата береді. Қайын атасының үйіне кірген-нен бастап берілетін кәделерді күйеу өз қалтасына салып, керек болған жағдайда өзі береді. Босағадан аттасымен от орнына жетпей аруақтарға, қыз әкесіне және шешесіне деп үш рет иіліп тәжім етеді. Мұндай ізеттілікке, – дейді *И.Ибрағимов*, – енесі Алладан амандық сұрап, бір кесе ак (қымызы) ұсынып, алғыс айтып, тілегін тілеп, шымылдықтың ішіндегі өз төсегіне жатады. *Ы.Алтынсариннің* айтуынша, үй ортасындағы отқа күйеу май құятын көрінеді. Бұл от құдыреті мен аруаққа сыйынумен байланысты қалыптасқан. Сондай-ак күйеу үйге кірген бетте төсек алдында турегеп түрған екі әйел мен көлдененеңін бір кемпір сұлап жатады. Күйеу “өліп” жатқан кемпірді де дереу “кемпір өлді” кәдесін беріп тірілтеді. Кемпір раҳметін айтып, батасын беріп шығып кетеді. Бір әйел шымылдық ашып “шымылдық ашар” алса, екіншісі алдын ала қалыңдық төсегін салғаны үшін “төсек салар” сұрайды. Айтылған кәделерді алып екі әйел де кетеді. Шымылдық ішінде қалыңдықпен бірге ең жақын жас женгесі отырады да, бір әйел төсекке ұзынынан түсіп сұлап жатады. Жатқан әйелге төсекке отыру үшін кәдесін берген соң ол тұрып, күйеуді отырғызып, өзі шымылдықтан шығып кетеді. Жақын женгесі төсекте қатар отырған қыз бен күйеуді қол ұстастырып “қол ұстарат”, қыздың шашынан сипатып “шаш сипар”, бірбірімен құшақтастырып “қыз құшақтатар” кәделерін алып, екі жасқа бақытты ғұмыр тілеп шығып кетеді. Егер салған жерден қалыңдық күйеуге ұнаса, қалыңдықпен бір төсекте жатып шығады, бірақ әдет-ғұрыш бойынша құшақтасып, сүйісден басқа жақындыққа

баруға болмайды. Қөпшілік жағдайда бұл әдетті бұзуға күйеудің де, қыздың да батылы бармайды.

Олар оянбай тұрып қыз женгелері күйеудің шүлғауы мен етігін алып кетеді. Бұл қалындықты жақсы сақтап жеткіздік, сол үшін кәдесін бер деген ырым. Кәдесін алған соң, күйеудің етігін өзіне қайтарады. Егер қалындық күйеу көnlінен шықпай қалса, ол көnlісіз болады да, кейде тіпті қыз жанында киімшөң жантайып таң атырады. Мұндай жағдайда шүлғау да, етік те үрланбайды, женгелер кәдеден құр қалады. Күйеудің мұндай қылығын қалындық та, женгелері де байқамағансып, біреуі мұны оның әдептілігі деп түсінген болса, екіншісі күйеудің жасықтығы деп сықақ қылады. Әрине, қыздарының күйеу көnlінен шықпағанын ашық мойындау – күйеуді дандайсытар еді. Сондықтан әйелдер бұдан былай күйеуге қаталдау тиіп, кейбірі иі жұмсақ жігіттерді тез арада оң қаратын. Қалай болғанда да, күйеу бала ел тұрмай, ешкімнің, әсіресе қайын атасы мен қайын енесінің көзіне түспей өз үйіне кетеді. Осы істелген ырымдардың бәрін қыз әкесі мен шешесі біліп отырғанымен, көрер көзге білмеген, еш нәрсені сезбеген болады. Бұл кездесуден кейін қыз бен күйеуді женгелері жасырын тұрде кездестіре береді. Қалындықты күйеу жатқан үйге де апарады. Мұны “қалындық ойнау” дейді, бұған женгелері тағы да сыйлықтар алады. Бірақ ұрын келу кезінде күйеу қайын атасына да, қайын енесіне де көрінбейді. Есік ашар тәртібі откен соң, ұрын келудің немесе ұрын тойдың үшінші күні қыздың ағасының үйінде “өлі-тірігे” деп күйеу әкелген серке не ерекк қой сойылып, аруақтардың ризалығы үшін құдайы ретінде ауыл үлкендерін шақырып таратады. Бұл еттен қалындық ештene татпау керек. Ет асылып жатқанда отка май тастап, аруақтарға тие берсін деп өлген аттарының аттарын атайтын. Үш-төрт күн жатып, қалындығымен танысып, мауқы басылған соң, күйеу бала қайтудың қамына кіріседі.

Бұдан артық жату күйеу тарапынан әдепсіздік деп есептеледі. Тіпті алғашқы келген күйеуді коп уақыт ауылда жатқызу қыз әкессіне де, қалындыққа да сөз келтіреді. Сондықтан күйеуді аттандырудың қамын, ең алдымен, оның қайын атасы ойластырады. Дайындықтың ең бастысы “қап түбі” деп күйеудің тұрлі кәдelerді салып келген қоржынына әр түрлі сыйлықтар мен

сарқыттар салу керек. Оған қосымша қыз әкесі құдасына да, күйеу баласына да көнілі толып, әкелген кәде, түрлі сый-сыяптына разы болса, күйеу баласына жақсы жорға, бәйге ат, жолдастарына да аттан бастап, аяғына шапан кигізіп қайтарады. Ал қайын атасы сараң болса немесе одан артыққа шамасы келмесе “қап түбі” деп, бір жылқы жетектетеді. Егер қалыңмал әлі түгел төленіп бітпесе, оның есебінен бір жылқы алып қалуына рұқсат етеді. Ы.Алтынсариннің айтудынша, күйеудің киіп келген киімін аттанарда түгелдей алып қалып, оның орнына басқа киімдер беретін болған.

Ал қалыңдықтың өзі күйеумен соңғы кездескенінде орамалға түйіп бірнеше сақина, жүзік, сырға, тана си-яқты ұсақ сыйлықтар береді. Өз қолынан бере алмаса, женгесінен беріп жібереді. Бұл сыйлықтар күйеудің ауылдағы қарындастары мен ауылдас қыздарына болашақ женгелерінен сәлемдеме ретінде беріледі.

Әдетте күйеу ауылдан жаяулап шығады да, ауыл сыртына шыққан соң оны женгелері мен балдыздары аттандырады. Ал жолдастарын ауыл қызы-келіншектері аттандырып, әзіл-күлкімен қоштасып айырылысады. Откен ғасырдың алғашқы жартысындағы, А.Левшин жинаған деректерге қарағанда, ұрын келген күйеу кей уақытта өзінің тігіп жатқан ақ шатырын қыз ұзату тойына дейін қайын жұртында қалдыратын. Өйткені тойға дейін де қалыңдығына келіп түрудан дәмелі болудың нышаны болса керек. Ал, тойға дейін келмейтіндігіне сенген күйеулер өзімен бірге алып кететін көрінеді. Кейінректе шатыр алып шығу қойылды. Қайын жұртының тіккен үйінде тұратын болды.

Күйеу өз аулына келгенде оның бойжеткен қарындастары алдынан шығады, жоғарыда айтылған сәлемдемелерді соларға қолма-қол үlestіреді. Ал сәлемдеме орап берген орамалды “қыз белгісі” деп күйеуі өзіне қалдырады.

Күйеу жолдастарымен өз аулына келген соң, ағасының үйіне күнделікті жай киімдерін киіп, әкесінен сәлем бере кіреді. Әдетте әкесі баласынан ат-көлік, аман келгендігі мен барған жұртының аман-есендігін ғана сұрайды. Осыдан кейін күйеу жолдастарымен шығып кетеді, тек күйеу жолдас боп барған көсем жігіт қана қалады да, ұрын бару сапарын баяндайды. Қыз әкесінің құдасына айтқан сәлемін айттып, жігіт әкесінің алғыс батасын алып, сый-құрмет көріп үйіне қайтады.

Кешке күйеу ағасы інісінің сәтті сапарының аяқта-

лұына арнап бір марқасын сойып, ауыл жастарын жияды. Бұл жиында негізгі әңгіме қалындық жайы, оның ауылының салтанаты, әдет-ғұрпы, ұрын той кезіндегі есте қаларлық оқиғаларды әңгімелейді. Қалындық елінен үйреніп қайтқан ән айтылып, күй орындалады. Осы кешпен ұрын бару сапары аяқталады.

Күйеу ұрын келіп қайтқаннан кейін қай жағынан болсын, бата бұзу үлкен айып боп есептеледі.

Ұрын тойдан кейін күйеудің қалындық ойнап баруына тыйым салынбайды. Үлкендердің көзіне түспей, жас женгелері арқылы тұн жамылып кездесіп тұратын. Қалындық ойнаудың жиілігі құдалар ауылының алыс-жақындығына және ұрын той мен ұзату тойының арасы қандай мерзімге созылуына байланысты болады.

Үйлену тойы өтіп, қалындық ұзатылғаннан кейін ғана күйеу бала қайын ата, қайын енесімен ұялмай жүздесіп, әңгімелесетін болады. Оған дейін кездеспеуге тырысады. Амалсыздан кездесіп қалғандай болса, сәлем беруден басқа сөзге келіспей, теріс айналып кететін. Тіпті үйленгеннен кейін де қазақ дәстүрі бойынша, күйеу бала қайын ата, қайын ене, қайын ағалар алдында сынық келеді, оларды әрдайым сый тұтып, қандай болмасын қызметіне дайын тұрады. Ал әйелінің туған, немере женгелеріне күйеу бала батыл, ерке келеді.

Қазақ дәстүрі бойынша күйеу жігіт қалындықтың ұзатылу тойына дейін оған қанша рет (ұрын келіп, қалындық ойнап) жолықса да, әдеттен тыс жақындыққа барып, қыз абырайын уақытынан бұрын төкпеу керек. Бұл әдетті бұлжытпай орындауға қазақ халқының қатал қарайтындығы сонау XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. бірінші жартысында жарық көрген әдеби мұраның бәрінде дерлік айтылған. Ал XIX ғ. екінші жартысында XX ғ. басында бұл тәртіптің біраз бәсендегенін де көптеген авторлардың еңбектерінен байқауға болады. Әдетке қанша қатал болғанмен, күйеудің тәжірибесіне, пысықтығына және қалтасының қалындығына байланысты бұл ғұрыпты аттаушылық та болып жататын, әйтеуір, занды күйеу болғандықтан, ата-ана да оның бәрін сезбекендікке салынатын.

Тонкеріс қарсанында ұрын той мәселесіне бұрынғыдай мән беру біраз бәсендейді деуге де болады. Олай деуге себеп, бұрын міндетті түрде орындалатын көптеген әдет-ғұрыптар (бақан салар, ит ырылдатар, кемпір өлді, қыз қашар, қайын атасының үйінде кездестіру т.б.) енді тек

үйлену тойында ғана орындалатын болды. Ал төңкерістен кейін ұрын бару әдеті мүлде жойылып, тек қоржын апару әдеті ғана сақталады, яғни қазіргі қоржын апару әдеті осы ұрын келудің сілемі ғана. Бұдан некелесу қатынастарындағы неғұрлым көне әдептер қоғамдық қатынастың дамуына байланысты әлсірей беретіндігін байқаймыз. Тонкеріс қарсанының өзінде бұрын қалындығын тек ұрын той кезінде ғана көру мүмкіндігінің бәсендегенін, яғни ұрын тойсыз-ақ олардың бірін-бірі көріп білісуге жағдайының молдығын аңғартады. Сондықтан ұрын бару өзінің алғашкы мәнін біртіндеп жоя бастайды.

Ұрын той мен қыз ұзату тойының немесе үйлену тойының арасы әр түрлі мерзімге созылады. Егер қалынмал түгел беріліп, қыз жасауы сай болса, қалындық ұзатылар жасына толса, үйлену тойын жасап, қалындықты ұзатады. Егер қалынмал төлеу, қыздың жасауын дайындау копке созылса немесе қалындықтың жасы толмаса, қайсыбір кезде құдасына не күйеу баласына көнілі толмаса, қыз әкесі ұзату тойын әдейі кейіндете береді. Бірак мұның өзі бір-екі жылдан аспайды.

Екі той аралығында күйеу өзгеге дабыра қымай, сенімді бір серігімен қалындығына барып тұрады. Мұны қалындық ойнау дейді. Бұл кездесуді қыздың сенімді жеңгесі ұйымдастырады. Әрине, күйеу “жеңгетай” кәдесін беріп тұрады. Осындай кездесудің нәтижесінде оң жақта отырып екіқабат болып қалуы да ықтимал. Бұл жонінде XIX ғ. бірінші жартысында жазылған Левшиннің еңбегінен де кездестірдік. Кей жағдайда есейіп қалған қыздың көнілі басқа жігітке де ауытқуы мүмкін. Мұндайда қыз әкесі дереу жасауын дайындалап, тіпті қалынмал толеніп бітпесе де, тойын жасап, қызын аман-есенінде құтты орнына қондыруға асығады. Ойткені басқа біреумен елігіп сөзге ілінсе, не бата бұзып сүйгенімен қашамын десе, басы дауға қалады, алынған мал, әр түрлі үлкен сыйлықтар мен кәделер күйеу әкесіне қайтарылуы керек.

## ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ

Ұрын тойдың нәтижесінде құдалар арасында да, күйеу мен қалындық арасында да бірін-бірі түсінушілік, татулық қатынас орби түскен жағдайда екі жақ та келесі тойдың дайындығына кіріседі. Қыз

әкесінің негізгі дайындығы баласына беретін жасауы мен қыздың киім-кешегі, құдаларға беретін жолы мен киттерінің айналасында болады. Ал қүйеу әкесі болса қалыңмалдың сонын беру, қыз алуға баардағы көпте-ген сыйлықтар, екі жақта жасалатын той шығыны т.б. толып жатқан дайындықтар қамын жасайды. Бұл уақытта екі құда бір-бірімен хабарласа, ақылдаса отырып дайындыққа кіріседі.

Қыз беру тойы қобінесе жаздығуні үйымдастырылады. Өйткені жазда мал семіреді, ақ кобейеді, қонақтар үшін жататын орын да көп, коліктеріне жайылымының болуы артық еңбекті де керек етпейді. Той кезінде болатын түрлі ойын-сауық, бәйге, көкпар сияқты ойындарды үйымдастыруға да жаздығуні мүмкіндіктер мол. Міне, осы жағдайларды еске ала отырып, кім де болса тойды жаз айларында өткізуі қалайды. Тек ораза және сафар айларында ғана ешбір той-томалақ өткізбейді. Бұдан, әрине, қыз үзату тойы қоңыр күзде, қыстығуні не жазғытурым ешуақытта откізілмейді деген үзілдікесілді пікір де тумауы керек. Өйткені уақыт таңдатпайтын, тосуды төзбейтін әр түрлі кездейсок жағдайларда жылдың қай мезгілінде болсын, қысылып-қымтырылып болса да үйлену тойын үйымдастыруға мәжбүр болатын.

Қыз үзату тойының басталатын күнін белгілеу қыз әкесінің еркінде. Ол әдетте ауа райының ашық болуын есептей келіп, апта ішіндегі бір сәтті күнді белгілейді. Кейбір араны ашылған қарау байлар құдасынан тағы да үстеме сыйлық дәметіп, үзату тойын болымсыз сyltaумен кешеуілдете береді. Мұндайда жігіт әкесі “жүйе босатар” атты сыйлықтар (бір түье, не бір жылқы жетектетіп) үзату тойының қашан болатындығын біліп қайтуға 1–2 адам жібереді. Сыйлықты алғып, дегенине жеткен қыз әкесі сәтті күн деп, кобінесе сәрсенбі, бейсенбінің біріне тойдың басталу мерзімін тағайындаиды. Бұл хабарды естіген соң қүйеу әкесі той басталардан 2–3 күн бұрын қалыңдық ауылына 5–6 жолдастарымен баласын аттандырады. Кейде баласын қыз алу тойына шешесі ертіп барады. Бұл жолы қүйеудің апаратын сыйлықтарының бастылары “сұт ақы”, “той малы”, “жыртыс” т.б. коптеген көделерге деп мал, шапан, орамал, күміс ақшалар алады. Қызға жасау ретінде берілетін отау үйдің киізін кейде жартылап, кейде отаудың шаңырағы мен босағасын да қүйеу әкелетін корінеді. Ал қалған жабдықтары түгелдей қыз әкесінің

мойнында болады. Негізінен отауға керекті киіздің жартысын не барлығын әкелу құдалардың жағдайына және келісуіне қарай жасалады да, ал міндетті түрде киіз үйдің шаңырағын және босағасын әкелу ертеден келе жатқан халықтың әдет-ғұрып. Жасаумен бірге отау тігіп беру әдеті қай халықтың болмасын, көне заманда басынан откізген кезендерінде, яғни ерлердің әйелдер үйіне барып тұрмыс құратын матриархат дәүірінің қалдығы екендігін Г.Бонч-Осмоловский (109-б.) дұрыс көрсеткен. Ойткені мұндай жағдайда үйдегі бар мұлік, үй-жай әйелдікі болған. Ал кейін ол ерінің тұрағына қошкенде бар мұлқін бірге ала кететін. Міне, бұл көне дәүір халық есінде мұлде қалмағанмен, оның болымсыз қалдығы қызыға отау беру дәстүрінен елес береді. Ал енді шаңырак, босаға және киіз жамылғышын қүйеудің әкелуінен отауды өзіміздікі деу мақсатын анғаруға болады.

Күйеу ауылға жарты шақырымдай жол қалғанда бір жолдасымен қалады да, қалғандары ауылға барып, қүйеудің келгендігін хабарлайды. Бір топ қыз-келіншек қүйеудің алдынан шығып, қарсы алып, ауыл шетінде арнаулы үй тігіліп біткенше кідірте тұрады. Күйеудің мініп келген атын жақын балдызы жетектеп келіп, ат байлауышқа байлағаны үшін “ат байлар” көдесін алады. Оған көбінесе mata беріледі. Күйеу жеке үйге орналасады. Қалған жолдастарына бөлек үй тігіледі.

Күйеу жолдас болып барған басшы жігіт алып келген сыйлықтарын, той малын, жыртысын құда-құдағының алдына салады. Құдалар әкелгенге разы болса, ұзату тойын тездетуге уәде береді. Ал көнілдері толмай, әкелгендерін олқысынса, керенаулыққа салынып істі созатындар да аз болмайды. Сайып келгенде, мүмкіндігі болса қүйеу жағынан тағы қосымша мал мен ақшалай көмек келеді де, ақыр аяғында қыз әкесі той жасап, қызын ұзатады. Қаражаттан қысылмайтын ірі байлар ұзату тойын, оған жасалатын кейбір дайындықты қосқанда бір жетіге созады. Күйеу келгенше қыз әкесінің барлық туысқандары, бұрын ұзатылған қыздары мен қарындастары, мүмкіндігінше, төркініне келіп, өздерінің үлесін әкеледі, киім мен үй жабдықтарын дайындасады.

Күйеу әкесі отауға арнап берілетін киізді күні бұрын жіберсе, отау-жабдықтарын алдын ала жасап қоюға болады. Ойткені тұтас киіздерден үйдің сүйегіне қарай тұндік, үзік, туырлықтар пішіп, олардың шеттеріне жіптер бастыру, дөдеге тігу, үзіктердің ішкі

жағына, туырлықтардың тәменгі етектерінің сыртынан ою-өрнектер ойыстырып тігудің өзі көп уақытты керек етеді. Ал үй киіздері күнібұрын келмей, қүйеумен бірге келсе, ауылдың барлық іс білетін әйелдері жабылып 2–3-ақ күнде бітіріп отауды көтере береді. Мүмкіндігі бар қызы әкесі кейде отауды өз киізінен дайындалап қояды да, қүйеу әкелген киіз өзінде қала береді.

Отауды қызы әкесінің үйінің артынан тігеді. Отауды тігуге ауылдағы балалы-шағалы, ауқатты, бақытты, үлгілі деген әйелдер ғана қатысады. Әсіресе жаңа отаудың шаңырағын “осының бақ-дәuletін берсін” дейтіндей мосқал тартқан әйелге көтертеді. Отауды тігіліп болған соң құдаларынан отауды тігуші әйелдер отаудың байғазысын алады. Күйеудің шешесі келген болса – қалтқысыз аяулы ананың қуанышында шек болмай, мүмкіндігінше байғазыдан аянбайды. Бұдан соң отаудың көрсетуге қалындық кіргізіледі. Ол кірісімен отаудың ас-су тұратын сол жақ босағасына барып, он аяғымен жерді бір теуіп, далаға шығады. Одан соң күйеудің кіргізеді, ол да соны істеп сыртқа шығады. Бұл әдет олардың келешекте отауымызға нағыз ие боламыз, тату тұрамыз, ас-сұлы, дастарқанды боламыз деген үәдесін бергендей сезімде екендігін білдіретін ғұрып. Үй тігіскен әйелдер күйеу анасының “отаудың жабар”, “шашырақ көтерер” кәделеріне малдай, ақшадай немесе тігулі киімдей сыйлықтар алады. Бұдан кейін аруақ-құдайға деп кой сойып, оның етін отауды тігіскен әйелдерге сол отаудың ішінде береді. Бұлармен бірге күйеу де, оның жолдастары да болады. Ет желініп болған соң сойылған қойдың мұжылған мойын омыртқасын күйеуге ұсынады. Мойын омырқалар әдет бойынша бөлінбей, тұтасымен алынып, мұжыған кезде оны бөлмеу керек. Мойын отаудың шаңырағынан тысқа лақтырып жібереді. Жібек орамалды “мойын тастар” кәдесінде күйеуге мойын омыртқа ұсынған әйел алады.

Шаңырақ көзінен сыртқа қарай мойын тастау әдеті болашақ жаңа отаудың тұтіні әменде шаңырақтан шығып тұрсын, оты ешқашан да сөнбесін деген тілек-арманға, магиялық сенімге байланысты қалыптасқан. Ал бұл әдettі орындау үшін малдың өзге сүйегін алмай, тек қана омырылмаған тұтас мойын омыртқаны тандаудың да озіндік символикалық себебі болуы керек. Бірақ қолда бара деректерден мұнын себебін өзір таппай отырмыз.

Отау тігіліп, мойын тасталып болған соң оның ішін әдемілеп жинаиды. Алаша, сырмак, кілемдер төсөліп, іргеге тұсқиіздер ілініп, жүк жиналады. Қүйеу мен қалыңдыққа арналған төсек қойылып шымылдық байланады. Қалыңдыққа арналған құнды жасаулардың біразы атаудың ішіне енгізіледі. Отау дайын болған күні кешкісін осы отауда қүйеу мен қалыңдық алғашқы рет кездеседі. Кейбір авторлардың айтудынша, алғашқы кездесу қыз әкесінің үйінде шымылдық ішінде үйымдастырылатын болған. Расында, қыз әкесінің үйінде кездестіру үрын келгенде міндettі болса, үйлену тойында міндettі болмайды.

Сірә, қайын атасының үйінде алғашқы тұнді өткізу отау берілмейтін – тым кедейлер арасында болған. Қайткен күнде де бұл кеш қүйеу мен қалыңдықтың тағдыр ұштастыруының алғашқы тұні есебінде көптеген дайындықты талап етумен бірге, қалыңдыққа, оның ата-анасына, туған-туыстарына үлкен сын сағаты болып есептеледі. Әр кісінің көңліндегі белгісіз құдіктің не айырып, не әйгіленіп аяқталатын өте жауапты сәт.

Бұл тұннің де толып жатқан ырым, кәделері бар. Қыз женгелері қүйеуден үрын келгенде алатын кәделерін бұжолы тағы қайталайды. Сондыктан бұрын айтылған әдеттерді бұл арада қайталамай, тек аттарын келтірумен бірге, оларға қосымша орындалатын ғұрыптарды ғана баяндамақпаз. Кешке бір үйде жастар жиналып, ойын-сауық, айтыс үйымдастырылады. Тұн ортасы ауган кезде қыздар мен жігіттер арасында қалыңдық үшін дәстүрлі талас басталады да, женгелердің көмегімен жігіттер женіп, қалыңдықты отауға әкетеді. А. Левшиннің айтудында, бұрынғы кезде тартысқа қүйеудің өзі де қатысадын болған. Қалыңдық отауға келісімен төсек салынып, бірнеше женгейлер қүйеу шақыруға барып, бақан аттар, ит ырылдатар ғұрыптарынан өткізіп, қүйеуді әкелген соң, отау ішінде кемпір өлді, төсек салар, көрпе қымылдатар кәделерін алғып, төсек салады да, көрпе үстіне ақ шүберек (неке жаулық) төсеп, қалыңдық пен қүйеуді жатқызып, шамдарын сөндіріп, женгелер сыртқа шығады.

Тіпті ертеректе отаудың сыртындағы ат байлауышта қүйеудің мініп келген ерттеулі аты мен қүйеудің киіп келген қымбат сырт киімдері қойылған.

Алғашқы тұнге осыншама дайындықтар жасаумен бірге, бұл жолы женгелер қүйеуге онша қатал болмай-

ды, қайта оны жылы жүзбен қарсы алып, мейірімді шырайды аңғарта түседі. Оның өзіндік себебі болады. Қалындық ойлаған жерден шығып, оның арулығы дәлелденсе – құдайдың бергені. Ал олай болмай шықса ше? Сондықтан еш нәрсеге көзі жетпей тұрып, жанашыр женгелер күйеудің қабағын шыттырмауға тырысады. Қалындық таң ата умітін актап, абыройлы болып шықса, женгелері күшіне кіріп, тез арада шоқтықтары қотеріле бастайды. Ал керісінше болған жағдайда бәрінің салы суға кетеді де, ақырын күтеді.

Сөйтіп, отаудан сыртқа шыққан женгелер бірден кете қоймай, үй іргесінен құлак салып тындаиды. Таңертең қалындық төсегін жинауға келген женгелер әдейі төселген шүберектен қалындық адалдығының ізін көрсе, қуаныштары қойнына сыймай, шүберекті орап алып, күйеуі және қыз апаларынан сүйінші сұрауға асығады. Мұндайда тілеуқор аналар сүйінші аямайды. Арулы қалындық құшқан күйеу тәуір киімдерін киіп, атына мініп, жолдастымен бірге қайын атасының алдына барып, қайын жүртyna да, қалындығына да ризалығын білдіреді. Атасы да батасын беріп, тойды тездетеңдігін айтады.

Қайбір күйеу ұрын келген жолы немесе одан кейінгі келгендерінде қалындығының күнәсіздігіне көзі жеткен болса, белгі беруге келген женгелеріне түсіндіреді. Бұл жағдай женгелерді шамдандырады, олар дәстүрді бұзған күйеуге “атынды жарамыз” деп қорқытып, сыйлық алады да, сүйінші сұрауға кетеді.

Ал күйеудің осы кездесуінде қалындық таза болмай шықса, оның мұндай күнәсіна күйеудің еш қатынасы болмаса, мәселе қынға айналады. XVII–XVIII ғасырда мұндай жағдайға душар болған күйеудің жолдастары таңертең ерте шындыққа көздері жетісімен күйеудің ерттеулі атын жарып, тәуір киімдерін турап, ер-тұрманын шапқылап қиратып тастайды. Әрине, бұған ешкімнің ара түсуіне хақы жок.

Күйеу жігіт бас құда бол келген отағасын ертіп, қайын атасына барып, “алтын дегенім мыс болды, күміс дегенім жез болды, мен қалынмалды қатынға емес, қызға төлеп едім ғой” деп, қалындықтан бас тартатынын айтады да, жолдастары жатқан үйге барып, жауап күтеді.

Қызы әкесі жақын, жанашыр туыстарын шақырып, қызының кімдермен байланысын, оның мұндай масқа-

ралыққа душар болуына кімнің себепкер болғандығын сұрастырып, анықталған күнде масқараланған ата қызында, оның дәстүр бұзып көніл қосқан жігітін де түйеге асып өлтірге дейін баратын. Левшиннің айтуынша, XIX ғ. басында қалыңдықтың күнелілігіне байланысты мұндай жазаға бару өте сирек кездесетін. Күйеу тарапынан наразылық туған күннің өзінде, қыз әкесі оған кісі салып кешірім сұрап, айып толейтіндігін білдіреді. Бұған келіспеген жағдайда, қалыңмалын қайтарғысы келмесе, басы бос басқа қызын беруге келісімен білдіреді.

Билер екі жақтың шығынын, кінөсін есептей келе, қалыңмалдың белгілі мөлшерін ғана қайтартқызады. Мұндай мүмкіндіктер болмаған жағдайда қалыңмалды түгел қайтаруға келісімен береді. Н.Гродековтың айтуынша, қызының абырайсыздығы үшін оның әкесі күйеуге бұрын үш тоғызға дейін айып төлесе, XIX ғ. соңында ат-тонға дейін төмендеген. Жалпы бұл мәселе аяқсыз қалдырылмайтын.

Бұл арада айта кететін жағдай – бұрын-соңды қазақ арасында мұндай оқиғаның сирек кездесетіндігі. Өйткені қазақ халқы Қазан төңкерісінің женісіне дейін қыздарын негізінен 15–16 жастың арасында үзататындықтан, бұл жастағы қыз балаларының басқа біреумен көніл табыстыруы мүмкін емес. Оған қосымша қазак қыздары ата-анасының әрдайым қатал бақылауында болатындығы олардың жағымсыз әдеттерден аулақ болуына әсерін тигізбей қоймаған. “Қызға қырық үйден тыю” дейді халық. Бұл оларды женілтектік мінезден, өзіне, ата-анасына ұят келтіретін әрекеттерден қорғаштау мақсатындағы тыйым екені даусыз.

Қалыңдықтың күйеуге шығар алдындағы арулығын мүқият тексеріп, оған зор мән беру тек қазақ халқына ғана тән емес, оны басқа көптеген халықтардың өмірінен де кездестіруге болады. Қай халық қандай әдіспен тексеріп, оған қандай мән берсе оның әуелгі, негізгі мақсаты қыздарды әдептілікке, адалдыққа тәрбиелеумен тығыз байланысты. Шынында да, қалыңдықтың арулық қасиетін жоғалтпай, заңды некеге дейін сезім тізгініне жол беріп, беті ашылмай, құтты орнына қонуы, бір жағынан, өзіне үлкен абырай әперсе, келешекте де жаңа отбасының шын мәнісінде бақытты болуының маңызды кепілінің бірі екені ақиқат.

Ұзату тойын бастаудың тағы бір дәстүрі – қалыңдыққа арналып жасалатын баскиім – сәүкеленің жаса-

лып бітуі. Ауқатты адамдар көпшілік жағдайда сәукелені құнібұрын жасатып қояды да, той басталардан бір күн бұрын қыз женгесі күйеуден сәукеле байғазысын алады.

Сәукеленің негізі жұқа ақ киізден сырлып тігіледі. Биіктігі екі қарыстай болады да, төменгі жағы қалыңдық басына шақталып, жоғары қарай жіңішкере береді. Сыртын қымбат қызыл шұғамен тыстайды. Төменгі шеті шұға сыртынан 3–4 елідей құндыз, сусар не бұлғын терісімен әдіптеледі. Он бойына алтын, күміс әшекейлер тігіледі. Сан түсті маржан, ақық, мәрмәр және гауһар (асыл тастар) тізбектеле ілінеді. Төбесіне үкі шоғын тағады. Сәукеленің арт жағынан тірсекке дейін салбырап тұратын екі жалпақ оқаланған лента тігіледі де, оның қымбат тастардан жасалған әшекейлермен үлкенді-кішілі таналар тағылады.

Сәукеле – қымбатқа түсетін бас киім. Дегенмен әркім өз мүмкіндігіне сай арзанды-қымбатты етіп тіккізетін. И.Ибрагимовтың айтуына қарағанда, откен ғасырдың екінші жартысында сәукеле жасату үшін 5-тен 25-ке дейін жылқы құны жұмсалған. Ал ақшаға шаққанда сәукеле құны 2 мың сомға да жететіндері болған. Бұдан да қымбат сәукелелердің болғандығын музей қазынасынан да көруге болады (Мәселен, Ленинград музейлерінде 100 жылқының құнына жасатқан сәукеле бар деседі).

Үйлену тойының негізгі дайындығы мен негізгі шарттары біткен кезде тойдың басталуынан бірер күн бұрын маңайдағы елдерге тойға шақырушуылар жіберіледі. Жетісу қазақтарының арасында үзату тойына маңайдағы ауылдарды тойдан бір күн бұрын барлық қымбат киімдерін сөндеп киген қыз женгесі басына қалыңдықтың жаңа сәүкелесін киіп, мойнына қонырау тағылған күміс ертоқымды жорғамен жүріп шақыратын болған.

Ауыл адамдары түгелімен ертенгі бірнеше күнге соылатын үлкен тойды өткізу қамында болады. Той малы сойылып, ет пісіріледі. Қонақ кабылдау үшін киіз үйлер тігіліп, оның әрқайсысына әйел, еркектен бір-бір тұракты күтуші тағайыналады. Әр үйге саба-саба қымыз, ыдыс-аяқ пен шай жабдықтары болінеді. Қонақтарды қарсы алып, үйді-үйге түсіру үшін бірнеше жігіттер тағайыналады. Бәйге, күрес, кокпар сияқты ойындарды үйымдастырушылар белгіленеді. Жалпы, тойдың бір ғана жанашыр басқарушысы болады.

Тойға шақырушы келіншек қайтып оралғанша кешкі айтысқа өлең айтып, көніл көтеруге шақырылған жас жігіттер, бозбалалар, қыз-келіншектер де жиналады. Сый құрметтен кейін жастар қалындық отырған үйдің айналасына жиналады. Іргесі түрілген үй ішінде қыз-келіншектер отырады да, сыртындағы жігіттер оздерінің әзілі жарасқан жас женгелерінің не басқа қыз-келіншектердің тұсына барып, өлеңмен тиіспі тіл катысып, одан әрі қарай кезекпен өлең айтып, айтысып, женілгендері жолын беріп, жарасымда әзіл, дәмді әңгіме түн ортасы ауғанша созылады.

Ертеңіне таңертенгі шайды ішісімен жан-жақтан тойға шақырылғандар аттылы-жаяулар, ат жалын тартып мінген балалардан бастап еңкейген қарттарға дейін толассыз келіп жатады. “Той десе қу бас бомалайды” деген халық мақалы осыдан қалса керек.

Тойға келушілерді олардың жас, жыныс ерекшеліктеріне қарай әр үйге түсіріп, шай, қымыз берілген соң ет тартылады. Тамақ ішіліп болғаннан кейін әр үйдегі тойға жинаушылар өздерінше қызықты әңгіме дүкенін құрып, бір үйде той бастар айтылса, екінші үйде күй тартылады. Үлкендер жағы әр түрлі қызық әңгімелер айтып, дуылдастып жатады. Барлық қонақтар тамақтарын ішіп болған соң олардың тысқа шығуын өтініп, балуан құресінің басталатындығын хабарлайды.

Әр ауыл, әр рудың өкілдері өз балуандарын даярлап, бас балуан құресіне ең ірі балуандар шығады. Олардың бәйгесіне кілем жабылған түйе не ат пен шапан беріледі. Одан кейінгі балуан бәйгесі біртіндеп кішірейе береді. Қазақ дәстүрінде құреске түсіп, жұлде алған балуандар бәйгесін өздері алмайды, оның ауылындағы жолы ұлкені бөліседі де, балуанға ырым береді. Балуан құресі біte бергенде көкпар басталады.

Көкпар тартысына жігіттер аттарын да, ер-тұрмандарын да сайлап келеді. Көкпарға көбінесе бітеу серке беріледі. Ол үшін серкені бауыздап, жаны шыққан соң басын кесіп алады да, жыны ақлас үшін өңешін мықтап байлайды. Кейбіреулер көкпарды салмақтырақ ету үшін көкпарға берілетін серкенің өңешінен су құйып қояды. Бұдан кейін жиналып тұрған аттылардан 30–40 кадам жерден жерошақ тәріздендіріп шұңқыр қазады да, соған серкені тастайды. Шұңқырда жатқан серкені шауып келе жатып атын тоқтатпастан еңкейіп іліп әкету керек. Бұл

өнер әркімнің қолынан келмейді. Сондықтан әр топтың көкпар тартқыш өнерлі жігіттері бірінен соң бірі кезекпен бағын сынаиды. Кейбіреулер серкені көтере алмай, аттарынан ауып түсіп те жатады. Серкені іліп әкеткен жігіт сол бетімен ашық далаға қарай қаша жөнеледі де, оның артынан барлық жұрт лап қояды. Қуып жеткен адам көкпарға таласады. Көкпарға қатысушылар бірнеше топқа бөлініп тартады. Ең акырында қүші асып, аты озған топтың жігіттері ұмтылысып тартып, көкпарды өз ауылына болмаса қалаған ауылына әкеліп түсіреді. Қайсыбір кезде басқа ауылдың жігіттері үтса, той боп жатқан ауылдың бір үйіне әкеліп түсіреді. Әдет бойынша көкпар тасталған үй иесі серкені сояды да, көршілерін, көкпар тастаушы жігіттерді шақырып қонақ етеді.

Республиканың солтүстік аудандарында XIX ғ. сонында көкпардың екінші түрі қалыптасқан. Көкпарға серке орнына орамалға түйілген күміс тенгеліктер, тай түяқ, қой түяқ жамбылар берілетін болған. Бұларды да жерге көміп қояды да, дәмелілер шапқан күйінде ағып өтіп көкпарды іліп әкету керек. Іліп әкеткен жігітті 2–3 жігіт тұра қуады. Қашқан жігіт белгілі көмбеге барып, қайта топқа жеткенше ешкімге жеткізбесе, көкпар соған тиесілі. Ал аты жеткен жігітке көкпарды дереу беру керек те, енді ол қашады. Мұндай көкпар бір тойда бірнеше рет беріледі. Бірақ кейінгі көкпарлардың құны төмендеу болады. Мұндай көкпарды жеңіп алған жігіт оны кімге сыйласа да өз еркінде, әйтеуір өзі пайдаланбайды, оған атағы да жеткілікті деп есептелетін. Көпшілік жағдайда тойдың алғашқы құні көкпармен аяқталады да, кешке тағы да айтыс және ән салу, күй тарту, жұмбак, жаңылтпаш айту, балтамтап, хан, көрші, мыршым т.б. көптеген ойындарды үйде отырып ойнап, тұнді енсеріп барып тарасатын. Келесі құнгі негізгі қызық – ат бәйгесі, қыз ұзату тойындағы ат бәйгесінің қашықтығы 25–30 шақырымнан аспайды, ал құнан бәйгесі 7–8 шақырым, ірі байлар бір тойда алдымен құнан, содан соң ат бәйгесін үйімдастырады, бәйге көбінесе түс қайта басталады. Тұнімен шаршаған жұрт кеш жиналады да, тұске қарай тамақ ішіп, түс қайта ат айдалады.

Жүлде саны бәйгеге қосылған ат санына байланысты, дегенмен үштен кем болмайды. Бірінші ат бәйгесіне – түйе бастатқан тоғыз, екінішіге – ат бастатқан тоғыз, үшіншіге жәй тоғыз беріледі. Құнан

жүлдесі ат жүлдесіне қарағанда өлдекайда аз болады. Мәселен, бірінші құнанға – түйе, екіншіге – қой беріледі. Әрине, жүлде мөлшерін әркім өз өлінше белгілейтін. Бәйге жүлдесі де ат иесіне тимейтін, онын туыстары өзара жолына қарай бөлісетін.

Тойға жиналған жұрт ат қайтқанша тек отырмай, арқан тарту, қыз қуу, бала қуу, бала күресі, жамбы ату сияқты ойындарды үйымдастырып, мұндағы озып шыққандар да тиісті жүлдесін алғып жататын.

Ат бәйгесі аяқталар алдында (Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарында) күйеу отаудан шығып кетеді де, қалындықтың жанында қыз-келіншектер қалады. Бәйге бітісімен жас жігіттер жиналып келіп, отауды қоршай тұра қалып, тұндігін сыптырып алғып көкпар қып тарту әдеті де болған. Бұған үйдегі қыз-келіншектер сойыл, қамшы, айбалталармен қаруланып, тұндікті қорғауға шығады. Ақыр аяғында күйеу атынан “тұндік тарту” кәдесін беріп, жігіттерді риза етеді де, олар жайына кетеді.

Бұдан кейін отау алдына жар-жар айтатын жігіттер жиналады. Сырт қарағанда жар-жар қалындықпен ауыл жігіттерінің айтысы тәрізді. Ал шын мазмұнына үңілсек, бір ауылда бірге өскен қыз-бозбалалардың бір-бірімен қоштасуы және бөтен елге кетіп бара жатқан қызды ауыл жігіттері онда да қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын, қайынбике, қайын сінлілер бөтен емес, өз туысынан кем болмайды, үйренесін деп жұбату айтады. Жат жерде әдепті болып, көргенділікпен көзге түссең – сыйлы боласың, шыққан ордаңа сөз келтірмейсің деп ақыл-кенес береді. Қазақстанның қай жерінде, қай елінде болсын айтылатын жар-жардың жалпы мазмұны бір сарында болғанмен, әр жерде әр түрлі үлгілер кездеседі. Әсірессе ақын-жігіттер жар-жардың сезін алдын ала жазып, бұрынғы ел аузында жүрген жаттанды үлгілеріне үзінділер қосады. Қалындықтың да айтатын сездерін алдын ала дайындаиды. Кейде суырып салма жігіттер де, қалындықта өз жанынан қолма-қол шығарып, тындаушы жүртшылықты бірде өздерінің ұнамды өзілімен сергітіп, көңілдендіре түссе, енді бірде, көздеріне жас алдырып мұнайтады. Мұның өзі ауылдағы кейбір өнерлі жігіттер мен қыз арасында әр түрлі жағдайға байланысты айтылмай, сыртқа шықпай кетіп бара жатқан жүректің мұнды лұпілі болса керек. Егер қалындық братын жеріне, болашақ күйеуіне конілі томаса, әкесіне, ел жүртynna жар-жар

айту сылтауымен өзінің наразылығын да айтып салады.  
Бірақ бұл есепке алынбайды.

Жар-жар айту тәртібі: бір жігіт бастайды да, қалған жігіттері керек жерінде қосылып айтады. Оған жауап ретінде қалыңдық бастайды да, құрбылары қосылады.

Жар-жар мазмұны төмендегідей болып келеді.

Жігіт:

Бисмилла деп бастайық аужар басын,  
Ұзақ қой деп жүруш ем өмір басын,  
жар-жар-ау.

Біразырак көнілді көтерейік,  
Кетер болсаң шынымен, қарындасым,  
жар-жар-ау.

Елі-жұртың жылайды сені қимай,  
Көздің жасын бұлайды көнілің тымай.  
Қарындасым, жылама бұл мирасқа,  
Кеткен жұмыс емес қой елге сыймай,  
жар-жар-ау.

Қарындасым, жылама бұл мирасқа,  
Пайғамбар да ұзатқан Фатимасын,  
жар-жар-ау.

Қыз:

Текеметтің шеттерін оя тұрсын,  
жар-жар-ау.

Той басына ту бие соя тұрсын,  
жар-жар-ау.

Мен шешеме айтайын әкеме айт деп,  
жар-жар-ау!

Мені десе, биылша қоя тұрсын,  
жар-жар-ау!

Кей уақытта жар-жар айту сылтауымен өзінің бар ойын, қызға деген ыстық сезімін лапылдатып, жат елге, сүймеген адамына кету үлкен бақытсыздық екенін, туған жер мен елдің ұзатылған қызы үшін қаншалықты ыстық болатынын, мәпелеп өсірген ата-ана, бетінен қақпай барлық назын көтере беретін аға-жеңге, құлыштайдан тебісіп жастық шақты бірге өткізген құрбы-құрдастардан еріксіз ажырап бара жатқанын айтып жылайтын ғашықтар да болатын. Мұндайда қалыңдық женғелері оған тоқтау айтып, тоқтататын кездері де болады. Жар-жардың мұндай үлгісі де ел арасынан жиі кездесетін. Жар-жардың бұл түрін халық өте сүйіп тындайтын. Өйткені бұлар тұрмыс

акиқатынан алынған, шынайы шындықты шерткен ғашықтар лебізі.

Жар-жар айтылып болған соң қалындық пен қүйеуді қоршаған жастар өн салып, күй тартады, сыртқа шығып ақсүйек, айғөлек сияқты ойындарды ойнайды, тұн ортасы ауа тарасады. Ертеңінде қалындықты аттандыру қамына кіріседі. Ол үшін қалындық үйді-үйге кіріп ел-жұртыймен қоштасады, молда жастардың некесін қияды, қызға берілетін жасауды бас құда мен қүйеудің серіктегіне көрсетіп, оларды жолға дайындаиды. Мұның бәрі бір-ақ күнде бітпей, кейде екі-үш күнге созылады.

Ұзатылатын қыз өз ауылымен, көрші отырған жақын туыстарымен қоштасу үшін жас женгелерін, ауылдас құрбыларын, жасөспірім сінлілерін ертіп, үй-үйге кіріп “тәнисады”. А.Левшиннің айтуынша, Кіші және Орта жүз ішінде ел жұртыймен таныса (қоштасу) шыққан қызды кілемге салып көтеріп жүрген, ал Ұлы жүз ішінде қыз өз аяғымен жүретін болса керек. Ауылымен қоштасу, яғни сыңсу айтады. Кейбір ақын қыздардың шығарып кеткен сыңсуы ел арасында көпке дейін ұмытылмай, айтылып жүреді. Қыздың ауыл аралайтын күні туыстары үйлерінде болады, әрқайсысы өзінше дайындалып, дастарқаннан дәм татқызады.

Бірі балқаймағын қайнатса, бірі бауырсағын пісіріп, жаңа былғанған май мен дәмді сыйқпасын, ірімшік, ежегеймен сыйлайды. Кіретін үйлердің саны мен қай үйде қанша кідіретін мерзімді бастаушы женгелері белгілейді. Тұс кезінде кіретін үйге қозы да сойғызып, біраз тыныс алады. Тұстен кейін тағы да жеделдетіп әр үйге кіріп, тізе бүгіп, дәм татып, қош айтысып шыға береді де, кешке қарай өз үйіне оралады.

Қоштасудың бұл түрінің негізгі мәні ол үйлердің адамдарымен ғана жүздесіп шығу емес, әр туыстың оторнымен, шаңырағымен қоштасып, сол шаңырак иелерінен қазақ дәстүрі бойынша ескерткіш есебінде құнды болса көпсінбей, арзан болса қомсынбай ықыласына ризашылық білдіріп, ұсынған сыйлықтарын қабылдап, оның көзіндегі көріп жүру болса керек.

Ы.Алтынсарин, И.Ибрагимов, Н.Иразцов және И.Гродековтардың еңбектерінде ел-жұртыймен танысқан қызға кілемнен бастап білеziк, жүзік, сырға сияқты заттарды сыйлайтындығы айтылған. Бұл сияқтылардың бәрі де қыз жасауына қосылады.

Кешке қарай қыз әкесінің үйіне туысқандар қайта жиналышп, жастардың некесін қиу үшін молда шақырады. Неке қиу мұсылман дініне, яғни шариғат қағидаларына сай өткізіледі. Молда үйдің төрінде отырады, оның сол жағында қыз әкесі, шешесі, одан төмен қалындық женгелерімен отырады. Ал молданың он жағында күйеуді бастап келген отағасы – бас құда, одан төмен жолдастарымен күйеу отырады. Молданың қарсы алдында куәлікке жүретін инабатты үш жігіт отырады. Бұлардың екеуі қыз жағынан боса, үшіншісі күйеу жолдастарының бірі болады. Сырлы тостағанға су құйып, қыз анасы оның ішіне күміс жүзік, сақина не садақ жебесін, яки ішірткі жазылған қағаз салып, молданың алдындағы ақ шүберектің үстіне қояды. Молда неке дүғасын оқып, куәлар арқылы күйеудің, қалындықтың, құдалардың осы некеге ризашылығын сұрайды. Олар ризалығын беріп, тостағандағы судан бір-бір үрттап молданың өзіне қайтарады. Молда тостаған ішіндегі бұйымдарды қалындыққа ұсына отырып, некенің берік болуын тілеп батасын береді. Қалындық ол затты жоғалтпай өзінде сақтау керек. Неке қиу тәртібі осымен аяқталады.

Қыз әкесі молдаға неке қиярды малдай не ақшадай береді. Ал куәлікке жүрген жігіттер бір-бір шапан киеді. Бұдан соң үлкендер қыз әкесінің үйінде қалады да, жастар басқа үйге барып әңгіме-дүкен созыла түседі. Кешкі тамақ берілген соң тағы да ән шырқалады, айтыс, жарасымды өзіл гүлдейді, женгендер жеңілгендерден тоғыз алысып, сауыққой жастар кешірек тарайды. Үлкендер отырған үйде ақын-жыраулар ескі жырлар мен қиссаларды жатқа айтып, тыңдаушы қауымды тамсандырып айызын қандырады. Келесі күні танертенгі шай ішіліп, жайланған соң, күйеу жағынан келген бас құданы барлық жолдастарымен қыз әкесінің үйіне шақырып, қызға берілетін жасауларын көрсетеді, құдаларға кит есебінде жетектететін түье, мінгізетін ат, кигізетін шапандарын атап-атап үлестіреді. Әдетте, болашак отаудың көшер көлігі де, сауып ішер сиыры мен биесі да қыз әкесінің барлығына қарай қыз жасауының құрамына кіреді. Сондықтан құдаларға беретін мал санын да айтады. Тіпті ертеректе ірі байлар қыздарын үзатарда құл мен күң есебінде екі жетім не бір жетім беретін де дәстүр болған.

Екі жетімнің бірі – ұл, бірі – қыз болады, ал бір

жетім берсе, мүмкіндігінше, қыз беруді әрқашан орынды деп біletін. Бұл жетімдердің бар өмірі үзатылған қалыңдық пен оның күйеуінің есігінде құлдықта, құндікте откен. Сондықтан да халық арасында “мен сенің шаңырағыңа (шаңырақ артқан түйеге деген мағынада) мініп келген басыбайлы құлың не күнің бе едім?” деген мақал осы әдетке байланысты қалыптасса керек. Қызға берілетін жасауға, малға, кигізілген киттерге құдалар ризалығын білдірген соң, ертеден келе жатқан әдет бойынша, қыз әкесінен өз қалауы бойынша бір мал алады. Әкесінің құты деп есептелетін белгілі айғыр, буралардан басқаның қайсысын алам десе де еркі, еш уақытта бетінен қақпайды. Мұндайда қалыңдық көбінесе болашақ күйеуінің айтуынша, аты-шулы бәйге, жорға аттарды қалайтын. Әрине, егер күйеу көніліндегі ат қыз жасауы мен көлігінің құрамына енбеген жағдайда. Мұндай жақсы аттан ажырасу қыз әкесіне қанша қызын болғанмен, қызының қалағанын беретін. Бұған “Ер Тестік батыр” ертегісіндегі оның қалыңдығы Кенжекейдің әкесінен сұраган қалауы – Шалқұйрық ат, ақсырмал сауыт пен құба інген мысал бола алады.

Бас құданың рұқсатымен енді қыз жасауы буылып, түйіледі. Бұл арада тағы да бірқыдыру көделер берілуі керек. Мәселен, төсек бұзар, шымылдық шешер, отау жығар деген көделер үшін ақша берілетін. Ақшаны өзара бөліскен әйелдер қыз шешесінің немесе жөн біletін басқа әйелдердің басшылығымен барлық дүниені тендерге буады. Әр теннің арасына дәстүр бойынша тен шешкен әйелдерге арналып кішігірім сыйлықтар, яғни жібек орамал, көйлектік мата, күміс ақша, әр түрлі күміс әшекейлер (сақина, жұзік, білезіктер) салынады.

Қалыңмал мен жасау мәселесіне кейінірек өз алдына жеке тоқталамыз, дегенмен бұл арада қызға берілетін жасау мөлшерінің нендей болатындығы жайында біраз мысал жөнелтумен тығыз байланысты. Ы.Алтынсарин қыз жасауы әркімнің әліне қарай түрлі мөлшерде берілетіндігін айта келе, өзінің бір танысы қызын үзатқанда жасау артуға 25 түйе, 125 шапан, 50 кілем, 25 ішік, киіз үй, 5 жылкы (екеуі жорға) күміс ер-тоқым, төсениш, көрпе-жастық, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. уақ-түйектер бергендігін баяндайды. Жасау құрамына кіретін бүйімдардың әрқайсысы тоғыздан берілсе, кейбіреулер әр бүйімді он рет тоғыз-тоғыздан береді. Бұған қосымша дәл аттандырарда қыз әкесі

қызына да, күйеуге де төрт түлік малының ішінен бір малын тандап алуға рұқсат етеді. Бірақ қалындық та, күйеу де бұрыннан алғысы келіп көздең жүргендері болмаса, көпшілік жағдайда сыпайыгершілікпен бас тартады. Қайсыбір уақытта жасау қалынмалдан екі-үш есе артық болған. Тіпті қызы көп үйлер ұзатылған қыздарына жасау берумен шабылып, мұлде кедейленіп отырып қалатындары болады.

Қалындық жасауы тиелген көштің сәнді, салтанатты болуын қыз әкесі мен шешесі қадағалайды. Жұқ артылған түйелердің үстіне ұлкен-ұлкен кілемдер жауып, үкі тағып, “бәле-жаласынан сақтай көр” деп аруақ-құдайға сыйынып, көшті алдын ала жүргізіп жібереді.

Қалындық пен күйеу аттанарда қыз әкесінің үйіне кіреді. Әкесі қыз бен күйеуге ақылын айтып, батасын беріп, рұқсат етеді. Қыз әкесімен көрісіп, қимайтынын айтып жылайды. Қыздың аттанардағы сынсуы осыдан басталады. Қыз әкесінің үйінен шығарда жақын туысының мосқал тартқан әйелі алдын ала шүберекке орап қойған піскен ет, бауырсақ немесе тұз сияқты тағамды қыздың басынан үш айналдырып алыш қалады. Бұл әдет халықтың кейбір діни түсініктеріне байланысты қалыптасқан, яғни басқа жүртқа ұзатылатын қызben бірге осы үйдің құты, ырысы кетпес үшін істелетін ырым. Әкесінің алдынан шыққан қызды женгелері басқа үйге кіргізеді де, қыз киімін шешкізіп алдын ала дайындалған келіншек киімін кигізеді.

Келіншек киімінің өзгешелігі сол – тақия орнына сәукеле кигізіп, иығына желек іледі. Басқа киімдерінде коп айырмашылық бола қоймайды. Киініп шыққан қалындық оны шығарып салуға жиналған туысқандарымен, ауыл адамдарымен қоштасып, жылап жүріп, өлеңдетіп сынисиды.

Сынсу сөзін әр қыз өздері шығару керек, құрбы, құрдастары да көмектеседі, кейде ақын жігіттерге шығарып жаттап алады. Бұрын айтылып жүрген сынсу сөздерін қайталауды қай қыз болсын намыс көреді. Өйткені әр қыздың өзінің мұны, арманы болады. Біреулер болған іске ризашылықпен көңілді түрде аттанса, екіншісі басына түскен тағдырға еріксіз мойынсұнып, сырттай ғана емес, іштей де жылап, арманда кетеді. Сондықтан сынсуудың мазмұны түрліше болады. Еріксіз малға сатылып, шалға кеткенін, барған жеріндең болашағын көз алдына елестете келіп, ата-анасы-

мен, ел-жұртты, құрбы-құрдасымен, жер-су мекенімен қоштасып айтқан ақырғы сөзі, арман-мұны жиылған жұртты қатты елтітетіндей болады.

Қайран ауылым қалды-ау,  
Қарасам көзім талды-ау.  
Әлпештеген ел-жұрттым  
Жылай да жылай қалды-ау.

Бұлғақтап жүрген заманым  
Білмей де қалдым өтерін.  
Малға мені сатқандай,  
Мен жұрттыма жау ма едім?

Жат-жұрттық боп кеткен соң,  
Кетер-ау бастан соулетім.  
Доуренім менің өткен соң,  
Естіле жүрер дейсіз бе  
Не болып жүрген хабарым?

Заманым ғайып болар-ау,  
Көкірекке қайғы толар-ау.  
Ел-жұрттым, сенен айырылып,  
Санамен жүзім солар-ау.

Қалындықты қүйеу еліне ертіп бару үшін қыздың шешесі, аға не інісі, женгесі, 2–3 қосшы жігіт – барлығы 5–6 кісі үлкен дайындықпен аттанады.

Қазақ тәртібінде қызын ертіп баруға тек шешенін, болмаса шеше орнына жүретін жеңгелерінің баруы – бұл әдеттің көне сырынан хабар бермей ме еken, яғни аналық дәуірмен байланысты ма еken деген болжау жасауға болады.

Қалындық пен қүйеуге күміс тұрманды, үкіленіп қызыл шұғамен жабуланған жорғалар дайындалады. Қыз шешесіне де жүрісі жайлы көлік дайындалады. XIX ғ. соңында ірі байлар қыздарын үзатарда оларға арнап Ресей қалаларынан пәуеске деп аталатын қүйме сатып алатын да, үзатылған қыз бен шешесі пәуескемен жүретін. Мұндай салт, ең алдымен, Қазақстаның Ресеймен шектес солтүстік шегінде мекендейтін қазактар арасында болды. Ал базары алыс көшпелі қазактар үзатылған қызға салт ат дайындағын.

Әдетте, қыз аттанарда барлық ауыл адамдары жи-

налып, үлкендері ауылда қоштасып қалады да, қыз-келіншек ауыл сыртына дейін жаяу шығарып салады. Қыздың, күйеудің, қыз шешесінің және күйеу жолдастың аттарын ауыл жігіттері, қыз женгелері жетектеп келіп, тек қоштасар кезде оларды қолтығынан көтеріп, аттандырып, у-шу болып көрісіп, жыласып айырылысатын. Жиылған топ жүргіншілер ұзғанша көзбен ұзатып қарап тұрады. Ал қыз бен күйеу, әдет бойынша, орнынан қозғалып кеткен соң артына жалтақтап қарамау керек. Қыз бен күйеу бұрын кеткен жасау көшін қуып жетіп, әрі қарай жылжиды. Бұларға жолшыбай жолыққан таныс ауылдар алдынан шығып шашу шашып, керек болған жағдайда сусынданып жібереді. Қыз елінің ең соңғы кездескен ауылдары қалыңдық көшінің алдына арқан керіп кәдесін алмай өткізбейді. Күйеу жанына ерген серіктерінің бір-екеуі қоштен озып суыт кетеді де, күйеу әкесінен сүйінші сұрап, хабар жеткізеді. Күйеу әкесі дереу дайындыққа кіріседі. Хабаршының соңынан күйеу шешесі ауыл әйелдерімен көш алдынан шығып, шашу шашып, қыз шешесінен жасаулы қөшті қабылдап алып, дереу жүкті түсіріп, отауды тігуге кіріседі. Қалыңдықтың отауын күйеу әкесінің үйінің он жағынан тігеді. Отаудың шаңырағын көтеруге мұнда да бірнеше балалы болып, ауылға жақсы атағы шыққан әдепті әйелді таңдайды. Отау тігіліп болысымен әйелдер тендерді шешіп, отауды мұліктерімен түрлендіре жинайды. Бұл уақытта қалыңдық та ауыл шетіне жақындал келіп, женгесімен аттан түсіп, жаяу қалады да, күйеу ауылға келіп хабар береді. Келіннің алдынан ауылдың қыз-келіншектері шымылдық алып шығады, ауылға барлық топ асықпай жайлап жаяулап келеді. Ауыл шетіне кіре келінді шымылдықпен коршап, үлкендерге көрсетпей, отау алдына әкеледі. Отау алдында күйеу шешесі қарсы алып, шашу шашып үйге кіргізеді. Келінді отаудың сол жағына құрылған шымылдық ішіне отырғызады. Оның жанында жасоспірім қайын сіңілілері отырады. Ал отау ішінде қалыңдықтың шешесі, ертіп келген женгелері, т.б. ауыл әйелдері болады. Ауыл адамдары бірінен соң бірі отауға кіріп, келін жасауын коріп, шымылдықтан сығалап, келінді көріп кетіп жатады.

Мал сойылып, қазан көтеріледі. Кешке қарай жиналған жүртқа тамақ беріліп болған соң әр үйде той бастар айтылып, ән салынады, күйлер тартылып әр түрлі ойындар үйимдастырылады.

Қалындық шешесі құдағының айтуымен жиналған қыз-келіншектерге күміс білезік, сақина-жүзік, сырға, алқа, түрлі маржан тізбектері мен асыл тастар, таналярды үлестіреді.

Күйеу әкесінің үйіне келесі күні туыстар, ауыл үлкендері жиналады. Үйдің сол жағына шымылдық үсталады. Қыз шешесі де осында шақырылады. Бұдан соң келінді де бетін ақ торғынмен жауып үйге кіргізеді. Қайын атасының босағасынан аттай беріп тізе бүгіп, сәлем етеді. Атасы бұған жауап ретінде “көп жаса, балам” деп ризашылығын білдіреді. Қайын енесі үй ортасындағы отқа май құйғызыады. “От ана, май ана қабыл ет, аруақ-қудай разы болсын” деп отырған үлкендер бата береді.

Бұл әдет өте көп – отқа табынудың, аруақтар құдыретіне сенушіліктің сілемі ретінде сақталған. Халық түсінігі бойынша, бұрын өлген ата-бабаларының рухы әрдайым үрпактарын жағалап келіп жүреді. Көңілі түссе жебеп, қолдап жүреді дегенге халық өбден сенетіндіктен, аруақ рухын риза ету үшін отқа май құйып, олардың жаңа тілеу, жас қосақтарға оң көзімен қарап, шарапатын тигізуін тілейтін. Осы әдетке байланысты “отқа май” құярына” (отқа салар деп те аталауды) деп қыз шешесі күйеу әкесінің үйіне кілем жапқан түйе не кілемнің өзін жібереді. Бұған шамасы келмегендер шапан әкеледі. Міне, осы арада қыз шешесі отқа саларға не әкелгенін атайды да, есік алдында дайын тұрған жігіттер кілемді үйге алып кіреді. Ал түйе алып келсе – үстіне кілем жауып, жетектеп келіп есік алдына байлайды. Отқа саларға разы болған қайын ата келінге жақсы тілектерін айтып, ризашылығын білдіреді. Отқа саларға әкелген түйе де, кілем де, басқа бүйымдар да қыз әкесінің үйінде қалады.

Бұл әдеттер орындалған соң келін шымылдық ішіне енгізіледі де, қонақтарға ет тартылады. Келінге бөлек табақ даярланады. Ақсақалдар өз табағынан келінге сыбаға жібереді. Оларды да келін сәлем етіп қабылдайды. Бұдан соң жас келіннің бетін ашу, яғни күйеу жұртының үлкендерімен келінді таныстыру, оларға келінді көрсетіп көрімдік алу үшін “беташар” дәстүрі басталады.

Беташар әрдайым өлеңмен айттылады. Мұның да халық арасына кең тараған тамаша үлгілері бар. Беташар айтуға өбден машықтанған ақын жігіттер жаттанды

ұлгілерге өз лебізін қоса айтады. Бетшардың мазмұны әзіл-шыны аралас қайын ағалардың жетістігі мен кемшілігін сипаттаумен бірге, келінге толып жатқан ескертүдерден тұрады.

Беташар айтатын жігіт үйге кіріп, шымылдық ішінен келінді шығарады. Келін шымылдық алдында түрегеп тұрады. Оның беті сәүкеленің төбесінен төмен түсетін үлбіреген ақ торғын желеқпен жабулы болады. Керек кезінде желекті жоғары көтеру үшін келіншек жанында қүйеудің бір жақын женгесі тұрады немесе беташар айтуды жырышының өзі ашып тұрады. Ол үшін келіннің бетін жауып тұрған желектің төменгі шетін шыбық үшіна байлап, керек болғанда желекті жоғары көтеріп, келіннің бетін ашып тұрады. Ауыл ұлкендерін сипаттай келіп, бәленшеге бір сәлем дейді де, бетін ашады, ал келін тізе бүгіп тәжім етеді. Бұдан соң сәлемін алып, рахметін айтқан қайын аға көрімдігіне не беретіндігін қолма-қол айтады. Мұндай келін көрімдігіне көбінесе мал береді. Әрқайсыны өз әлінше біреу бие, біреу сиыр атаса, оған шамасы келмейтіндер қой, ешкі беретіндігін айтады. Бұл көрімдіктер түгелімен келіннің өзіне, яғни жана отауға берілетін.

Ертеректе келін атасының босағасын аттамай тұрып, ауылға жаяулап, шымылдық артында келген кезінде, яғни келінді далада қарсы алу мерекесімен бірге, беташар дәстүрі де өткізетін болған. Мұндайда ауыл ұлкендері үй сыртындағы көк майса аланға жиналып, отырғандарға келіншекті қаумалаған жастар тобы олардың алдарына әкеліп, ақын жігіт беташар айтатын.

Беташар мазмұнын толығырақ айқындау мақсатымен оның кейбір ұлгілерін келтірейік:

Бет ашайын, бісміллә,  
Жаңа түскен жас келін.  
Келіп үйге еніп түр,  
Қайын жұрты, халқына  
Иіліп солем беріп түр.  
Айт келін-ау, айт келін.  
Атыңың басын тарт, келін.  
Бетінді, келін, ашқаным,  
Жана жұртқа қосқаным.  
Бүйрыйпен келдің бұл елге,  
Үйдегі қамнан қайт, келін  
Тұнық судай таза бол,

Жақсы жолды тап, келін.  
Бойынды кірсіз таза ұста,  
Жұмыртқадай ак, келін.  
Жаман жолдан жырақ бол,  
Сауысқаннан сак, келін.  
Шын пейілмен қызмет қып,  
Ата-ененде жақ, келін.  
Келін келді, көрініз,  
Көрімдігін берініз.  
Берем деп босқа жұбатпай,  
Атын атап қойыңыз.

Беташар кезінде келін неше рет иіліп сәлем етсе, соңша рет раҳмет айтып “көп жаса”, “өмірлі бол, қарағым” деген тілектер айтылады да, ең сонында ақсақалдар қол жайып бата береді. Бата мазмұны толып жатқан жақсы тілектерден тұрады. “Қадамың қайырлы, қойының құтты болсын, үбірлі-шұбірлі бол; есігің малды, орамал-дастарқаның майлы болсын, пейілің кен, алақаның жазық болсын; көп жаса” деген сияқты ізгі тілектерді батагөй қарттар аямай-ақ шұбыртатын.

Беташар айтқан жыршыға, қалындықтың екі қолтығынан сүйеп тұратын қыз женгесі мен күйеу женгесіне күйеудің әке-шешесіне беташар кезіндегі еңбектері үшін келін көрімдігі деп жібек көйлек, биқасап шапан кигізетін. Ал келін көрімдігі деп жаңа отауға енесі мен жақын қайнағаларының беретін малдары өз алдына.

Беташардан соң ауыл жастары тұнімен ән салып, күй тартады, әр түрлі ойындар ойнайды. Ертеңіне үлкен той жасалады. Мұндай үйлену тойына, яғни келін тұсіру тойына, өз ауылышынан, басқа көрші ауылдан күнібұрын шақырылады. Келін тұсіру тойын өткізу тәртібінің қыз ұзату тойынан еш өзгешелігі болмайды. Мұнда да арқан тарту, көкпар, алтын қабак, құнан бәйге, ат бәйгесі, ақындар айтысы, балуан күресі, бала күресі т.б. толып жатқан ойындар өткізіліп, жүлдегерлерге малдай, заттай және ақшадай бәйге беріледі. Күйеу әкесінің байлығына қарай, әсіреле жалғыз бала болса, той бірнеше күнге созылады.

Той біткенше күйеу қалындық маңына жоламайды. Келін ылғи отауда болады да, оның жанында шешесі және еріп келген женгесі түнейді. Ал күндіз жас женгениң жанында ауыл бойжеткендері мен жақын қайын сінлілері болады.

Қайын сіңлілер әруақытта женгесімен сырлас болатындықтан, болашақ қалындықтар жастай түскен жас женгелеріне келген күннен бастап үйір келеді. Оларды бір-біріне мұншалықты жақын және сырлас ететін қазақ қыздарының бәріне бірдей ортақ тағдыр болса керек.

Той аяқталысымен қалындық шешесін, яғни бас құдағибы қалған жолдастарымен қосып күйеудің жақын туыстары шақырып, әрқайсысы өз шамасына қарай жолын беріп құрмет тұтады. Шешесіне еріп жас келін де, күйеу де барады. Олар өз тарапынан жасауға келген ішік, шапан сияқты киімдерінен ала барады. Келіннің бас тонын қалап алу үшін күйеу өкесінің ең жақын туысы шақырылып, келінге мал сыйлайды да, оның ең қымбат ішігін алады. Егер ішік алушының қызы болса, оның жасауына қосылады. Бұған қарағанда мұндай қымбат ішіктер бірден-бірге ауыса берген. Қаланатын бас тоннан басқа киімдердің де бірқыдыруы күйеу туыстарына үлестірілетін. Бірақ ол туыстар да қалынマル төлеуге, той үйымдастыруға т.б. әдет-ғұрыптарды орындауға бірге шағынданатын. “Алмақтың да салмағы бар” дегендейін, әр туысқа, одан шыққан шығынға лайық сыйлықтар жасалып, жолдар беріледі. Осыған орай айта кететін бір жағдай, тоңкеріске дейінгі көптеген орыс авторларының еңбектерінде қалындық жасауының көпшілігін күйеу туыстары еркіне қоймай сұрап, талап алады деген жаңсақ пікірді уағыздауы олардың қазақ арасындағы туыстық қатынасты, алыс-беріс байланыстарының шынайы сырын, мәнін жете түсінбеуінің нәтижесі деп қарастырылады. Ал Ы.Алтынсарин мұндай сыйлықтардың халықтың әдет-ғұрпына байланысты жасауға келген дүние мен киімнің жартысына жуығы үлестірілуі ықтимал деп дұрыс көрсеткен.

Қыз шешесі көбінесе той өткен соң жолдастарымен еліне қайтады. Олардың әрқайсысына кит кигізледі. Құда мен құдағиға түье жетектетіп, ат мінгізеді, тәуір киім кигізеді. Басқа жолдастарын да разы етіп қайтарады. Үйінде шаруасына қарайтын адамы бар қыз анасы кейде қалған серіктерін қайтарып жіберіп, өзі бір айға дейін қызының жанында болып, оны әрнемеге баулып, омірдің сан түрлі қырын қалай қарсы алып, оған қалай бейімдеуге дағдыландырады.

Қысқасы, тәжірибелі ана оз әлінше ақыл-кеңесін беріп, жайлы орнына берік қондырып, көnlі орнықкан соң ғана үйіне қайтады. Құдағи қанша жатса да,

ұлken сый, құрмет көрсетіліп, салтанатты түрде аттандырылады. Мұндайда енесін күйеудің өзі бастаған 2–3 жігіт апарып салады.

Той өтіп, ел аяғы басылған соң жас келін өз отауның шаруасына араласа бастайды. Енді жас келіннің той кезінде киген киімдерін ресми түрде шешкізіп, құнделікті шаруа әйелінің киімін кигізеді. Әсіреле сәукеле орнына жаулық кигізу әдеті жас келінді өткен қызы, қалындық кезін ұмытып, нағыз әйел болғанын мойындарады. Бұл әдет те ескерусіз қалмайды. Келін енесі абысын-ажындарын шақырып, шашуларын шашысып, шай-пайын ішіп, еттерін жеп тарасады.

Дегенмен жаңа түсken келін жыл уақытына дейін, яғни алғашқы баласын туғанға дейін көш-қон кезінде немесе жиын тойдың кезінде сәукелесін кіп, өткенді бір елестетіп, сергіп қалатын. Бала тапқан соң қандай жағдай болмасын сәукеле киүді мүлдем қоятын.

ХХ ғ. басында қалындыққа міндетті түрде сәукеле дайындау өте сирек кездесетін. Оған соңғы жылдар ішінде Семей, Қарағанды, Атырау, Ақмола, Шымкент және Алматы облыстарында кездестірген көптеген 70–80 жасар қарт әйелдердің бірде-біріне сәукеле беріл-мегендігі дәлел. Бұл уақытта сәукеле жасату қалып, тек бірден-бірге ауысып жүрген ескілері ғана сақталған. Сондықтан ХХ ғ. басында халық арасынан сәукеле үшырату некен-саяқ болған.

Келін түсірген ауылда той өтіп жайларған соң қазақтың ескі әдеті бойынша сол ауылда немесе көрші ауылда тұратын жамағайынның бірі жаңа түсken келіннің бір тәуір бүйімyn алу үшін өздерінің бөтен жүрттan келінге өкіл әке, өкіл шеше болу ниеттерін білдіреді. Бұған жас келіннің түсken жұрты қарсы болмаса, олардың үйіне келін күйеуімен қонаққа барады. Келінді қызым деп, күйеуді өз күйеу баласы есебінде қабылдап, әдет бойынша қызға асық жілік үстатьып, күйеуге бас тартып, барлық әдет-ғұрып сақтауға тырысады. Күйеу де бұл үйдің төріне баса-көктеп шықпай, ізеттілік көрсетуі қажет. Олар өкіл өкенің ниет қылған тәуір кілем, қымбат ішік т.б. осы сияқты құнды бүйімдарын ала барады. Ал өкіл әке қызына көбінесе мал беретін. Бұдан кейінгі жерде өкіл әке жас келіннің торкіні есебінде оған қамқорлық жасап тұрады. Сыйласып тұрған жағдайда алыс-беріс өмір бойы үзілмейтін. Өкіл әке мен шеше мейірімді жандар болса,


“қыздары” онда барғанда “өз үйіндей” сайрандап кенеліп қалатын.

Оқіл әке кірме күйеуде де болатын. Оның да міндет-мақсаты жоғарыдағыдай. Кірме күйеу деп бөтен елде жүрген жалғыз жігітті немесе қайын атасының қолына кірген күшік күйеуді айтады.

Ұзатылған қыз алғашқы баласын туған соң, халық әдеті бойынша баласы мен әкесінің үйіне барып, бір ай шамасы жатып қайтады. Мұны “төркіндеу” деп атайды. Жыл уағына дейін бала болмаған күннің өзінде төркіндеп бару парыз. Соңдықтан баланың болу, болмауына қарамай-ақ төркіндей беретін. Қыз әкесі төркіндей келген қызына ең кем дегенде түйе жетектетіп не ат мінгізіп аттандыратын. Кейбір ірі байлар қоралап қой, үйрlep жылқы айдататын. Төркіндей келген қыз тек бір ай бойы өз үйінде жата бермейді. Сіңлілерін, жас женгелерін ертіп барлық туыстарын аралайды. Әр туысы мүмкіндігінше құрмет көрсетіп, әр түрлі сыйлықтар береді. Өйткені төркіндеп келген қыз да құрқол келмейтін. Үлкендерге шапан, көйлек, ең ақырағы кішкене балаларға көйлектік мата т.б. уақтүйектерді жеткілікті етіп әкеледі. Әрбір шақырған туысының үйіне барғанда оның туыстық жақындығына қарай сыйлығын да ала баратын.

Әрбір әке ұзатылған қызының төркіндеу сыбағасын беруді өінің парызы деп біледі. Тіршілігінде мұндағы қарызын өтей алмай кеткен әкенің борышын оның мұрагерлері орындауга тиіс болатын. Ұзатылған қыз төркіндеп келгенше төркін жұртына өйел киімімен, әсіресе жаулықпен көрінуге үялышп, әдеп сақтайтын болса, төркіндеу дәстүрі өткеннен кейін кімнің алдында болсын өзінің өйелдік, аналық қалпы үшін қаймықпайтында болады.

Сөйтіп, ұзатылған қыздың төркіндеу дәстүрімен құда тусу арқылы қыз алып, қыз беру аяқталады да, өмір көші күнделікті ретімен созыла береді. Құдалар арасындағы қатынас, күйеу мен қайын жұрт, қыз бен төркін, келін мен қайын жұрт (түскен жері), жиен мен нағашы жұртының арасындағы қарым-қатынас әрдайым болып тұрады. Осы қарым-қатынастарға сай құдаға – жамбас, күйеуге – төс, қызға асық жілік сияқты сыбаға тарту дәстүрі – ежелден бері осы уақытқа дейін үзілмей келе жатқан үнамды әдettің бірі.



Ушінші тарау

Қалыңмал  
және жасау

## ҚАЛЫҢМАЛ, ОНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ

Біз бұл тарауда XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы қалыңмал мен жасаудың мөлшері және оның құрамына тоқталамыз.

Қолда бар деректерге карағанда, қазақ арасындағы қалыңмал есебінде бұрын-соңды негізінен төрт түлік (түйе, жылқы, ірі қара, қой) мал беретін. Мұнымен бірге сауда-саттық ісіне жақын болған кейбір құдалар арасында мал басын ақшаға шағып, ақшалай төлеу немесе малға қоса ақша беру де орын алған. Бірақ қалыңмалды ақшалай төлегеннің өзінде, оның мөлшерін мал санымен белгілейтін.

Патриархалды-құлдық дәүірі жойылмай түрған кезде қалыңмал ретінде белгіленген малға қоса құл және күн беру әдеті де болған. Мұндай деректерді XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның солтүстік-батысина саяхат жасаған Николай Рычковтың, солтүстік-шығыс төңірегін арапап артында құнды әдеби мұра қалдырған капитан Андреевтің, XIX ғ. басында Шығыс елдерін зерттеуге көп үлес қосқан ғалым Г.И. Спасскийдің, Орта жұз қазактарын зерттеген генерал-майор С.Б.Броневскийдің, А.Левшиннің, Сырдария және Жетісу өніріндегі қазақ жұртшылығының әдettік құқы жөнінде Н.И.Гродековтың және Н.Изразцовтың еңбектері мен архив қоймаларында сақталған Омбының уақытша комитеті 1824 ж. жинаған деректен табуға болады.

Қалыңмал ретінде күн мен құл беру әдетінің тым ертеректе билер мен байлар, торелер мен хандар арасында болғандығын қазақ эпостары да дәлелдейді. Мәселен, “Қызы Жібек” жырында Төлегеннің жолдасы Шегенің:

“Енді отырыс болмасын,  
Құдаларға барайық,  
Барып бедел салайық,  
Мал жеткенше мал беріп,  
Малға қоса жан беріп,  
Құдаларды алайық...” –

дейтін шумақтары жоғарыда айтылған пікірлерді толықтыра түседі. Қалыңмалға қоса беретін күн мен құл туралы жеке адамдардың аттарына байланысты нақтылы деректер әр түрлі архивтерден көптеп кездеседі. Мәселен, XIX ғасырдың 20-жылдарында арғын тайпасының басентиін руынан Досбол дейтін бай қызы Ақжан үшін бура-найман руының байы Мырзабековтен қалыңмал ретінде малға қоса он жасар қалмақ қызын күндікке алғандығы туралы Омбы генерал-губернаторының фондысында сақталған. Ал Өзбекстанның орталық архивінде бұдан да толық деректер бар. Мәселен, XIX ғасырдың аяғында Әулиеата уезінен жиналған деректерде қалыңмал есебінде “бас жақсы” деп берілетін бес түйеге қосып бір “қыз жетім” (күн), ал “аяқ жақсы” деп беретін үш түйеге қоса бір “ерек жетім” (құл) беретіндігі туралы баяндалған. Бұл арада қыз жетімнің бас жақсыға қоса берілетіндігінің өзі қазақ жерінде құлдан горі күннің жоғары бағаланатындығын аңғартады. Өйткені қалыңмалға қоса берілетіндіктен, күнге қалыңдық әкесі әдет бойынша үйленетін де, одан балалар туып, қалыңдық төркінінің көбейіп, өсуіне мүмкіндік беретін.

Құл мен күн қалыңмал құрамында ғана емес, хансұлтандардың, ірі байлардың ұзатылған қыздарының жасауы құрамына да кіретін. Жасау ретінде берілетін жетімдер ұзатылған қыздың есігіндегі күні, күтушісі есебінде берілетін де, олар осы отаудың меншігінде қалатын.

Енді қалыңмал мөлшеріне келсек, мұнда да әр түрлі жағдайларға байланысты қалыптасқан бірнеше шамалар бар. Сондықтан қалыңмал мөлшері туралы бұдан бұрын жарияланған әдеби мұралар мен архив қоймаларында сақталған және ел арасынан өзіміз жинаған деректерді салыстыра отырып баяндауды дұрыс көрдік.

Ежелден көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының қалыңдық үшін беретін төлеуінін (қалыңмалдың) мал түрінде берілетіндігі таңданарлық

жай емес. Бірақ та сан қылыштарға байланысты әр жерде қалыңмалдың мөлшері мен құрамы әр түрлі болады. Жалпы белгіленетін қалыңмал мөлшері негізінен құдалардың байлығына, қоғамдағы орнына байланысты болса, оның құрамы жергілікті жердің мал шаруашылығының ерекшеліктеріне, яғни мал түліктірінің ара салмағына да байланысты болды. Қалыңмал мөлшері әрбір жергілікті аймақтың өзінде уақыт озған сағын өзгеріске үшірап отырады. Осыған орай, біз қолда бар деректерді олардың уақытына қарай келтіреміз.

XIX ғасырдың 20-жылдарына жататын архив документтерінде қалыңмал мөлшері, оның құрамы жайында құнды деректер сақталған. Онда басентиін елінің Ақжан дейтін қызы үшін оның әкесі Досбол құдасы бура-найман Мырзабековтен қалыңмал ретінде 1 қыз жетім, 1 бесті ат, 2 алты жасар ат, 2 он жасар ат, 50 қой (25 қозылы қой, 10 тоқты), 2 құлынды бие, 2 бойдақ бие, 7 тай және 1 түйе (3 байтал, 2 құнан үшін), 2 кесек киіз, 2 кілем, 2 шапан (камқа және жібек), тақия, орамал және әр түрлі маталар мен 1 тоқтылы қой (өлі-тірі үшін алған). Мұндағы шапандар мен мата, орамал, тақиялар әр уақытта келген құдаларға сый-сияпта пен киттер екені даусыз. Олар, әрине, әдет-ғұрып бойынша қалыңмал есебіне кірмейді. Қалыңмалдың мұндай мөлшері тек орта шаруаларға ғана тән. Ал дәл осы уақыттағы кедейлер мен ірі байлардың арасындағы қалыңмал мөлшері туралы А.Левшин өзінің еңбегінде былай дейді: "...қалыңмал мөлшері екінші не үшінші әйел үшін әдettегіден артық толенеді, демек бірінші әйелден екіншісі, енші әйелден үшіншісі қымбатқа түседі... Қалыңмалдың тұракты мөлшері болмайды. Кедейлер арасында 5–6 қоймен ғана шектелсе, ірі байлар арасында 200 жылқы немесе 500-ден 1000-ға дейін қой және әр түрлі дүние-мұлікпен, күң мен құл алысуға дейін барады". Бұл деректер "Кедей, кедеймен құда болса – арасында дорба жүрер, бай баймен құда болса – арасында жорға жүрер" деген халық мәтепінің айғағы.

1846 жылы қазақтың әдettік құқы туралы Орынбор шекаралық комиссиясының чиновниктері жинаған материалдарда қалыңмал мөлшері мен құрамы жайында бірқатар деректер бар. Оның ішінде губерниялық хатшы Бегловтың мәлімдемесінде қалыңмал үшін: 120 қой, 1 құл (құл болмаған жағдайда 60 қой), жанама қалыңға 1 түйне, бір қалың түйе, бір тұс ат, ілуғе – 3 түйе, 2

жылқы және 1 тоғыз етіп әр түрлі бүйымдар... Кейінірек қыз алуға барғанда – тәрбиесі үшін деп 2 түйе, отаудың жартылай киізі, той малы деп 20 жылқы... неке қиярга 20 жылқы береді. Ал губерния хатшылығында тілмаштық қызмет атқарған Лукиннің мәлімдемесі бойынша, қалыңмалға бірден беске дейін жиырма (бір жиырмаыз 20 жылқы не сиыр, яки 60 қой) төлейтін болған.

Бұл деректер негізінен шекара шебінде тұратын қазак жұртшылығынан жиналғандықтан, шекарадан аулақтау тұратын елдерден жиналған деректерге қарағанда әлдеқайда ықшамдау сияқты.

Орынбор шекаралық комиссиясы жоғарыда келтірілген чиновниктердің мәліметтеріне қанағаттанбай, осы 1846 жылдың өзінде Кіші жұз қоныстарының батыс және орталық аймақтарында қазактың әдеттік құқы туралы деректерді жинау үшін жіберілген төтенше тапсырмалар чиновнигі Д.Андренің есебінде қалыңмал мәселесіне де біраз орын берілген.

Д.Андренің айтуынша, құдалардың арасында белгіленген қалыңмал түгел төленбей, қалыңдық ұзатылмайды. Кей уақытта күйеудің шамасымен санасып, қалыңмалдың азғантай бөлігін кейінге қалдыруға болатындығын да дұрыс атап өткен. Ал зерттелген жағдай аймақтардағы қалыңмал мәлшері мен оның құрамы үш түрлі шамамен белгіленетіндігін атап келіп, аса ауқатты адамдардың арасында болатын бірінші шама бойынша – 120 қой, 32 жылқы (оның ішінде міндетті түрде 8 бие, беру керек, ал өңгесінің жасы, жынысы есепке алынбайды), бес жасардан 4 түйе, екінші шама бойынша – қалыңмал құрамы 60 қой, 16 жылқы және бес жасардан 2 түйе, үшінші шама бойынша 16 жылқы (мұның ішінде 4 құлынды бие болу керек, өйткені жылқы саны бір жиырма болуы қажет) және 2 түйе. Қалыңмалдың бірінші шамасына келіскен ірі байлар көрсетілген мәлшерден артық беруге немесе мал үстіне өз еркімен әр түрлі бүйымдар қосуға ерікті болады. Ал енді соңғы шамаларға келіскен шағын дәүлеттілер құдасының ризалығымен мәлшерлі мал басының орнын басқадай қолда барымен өтеуге ерікті. Күйеу жағының мұндай мұқтаждығын қыз әкесі әрдайым ескере отырып қабыл алатын. Д.Андренің материалдарының бір ерекшелігі, ол бұл деректерді тікелей ел арасындағы жөн-жоба білетін ақсақалдар мен даңғыл билерден

ауызба-ауыз жинаумен жүйеге келтіріп, жазылған текстін аудармасын әр рудың билеріне (олардың саны 128) тексерктендігінде.

Д.Андре деректерінің дұрыстығын Кіші жүздің батыс аймағында туған 70 жасар Тірекбайдың 13 жасар жетім қызы Қарааша үшін 1858 жылы төлеген қалыңмалы-ак (60 қой, 16 сиыр) дәлелдейді.

XIX ғасырдың ортасында Кіші жұз ішінде қызмет бабымен көп жылдар бойы жүрген Ф.Лазаревскийдің деректерінде қалыңмалдың халық арасында жиекездесетін ең жоғарғы шамасы “Жырма” болса керек, оның саны кейде алты жиырмада дейін жеткен. Әр жиырма құрамы 60 қой не 16 сиыр, немесе 2 түйе, 2 жылқы, яки 4 түйеден тұратын. Сондықтан осы есеп негізінде құдалар өздерінің жағдайына қарай алты жиырманы (ақшаға шаққанда 400 сом күміс ақша) әр түрлі мал бастанымен толықтырады. Әр жиырманың орны әр түрлі болады. Мәселен, үшінші жиырмада мылтық қосса, алтыншы жиырмада сауыт қосады. Қалыңмалдың ең азы ширек жиырмада дейін төмендейтінін айта келіп, Ф.Лазаревский кейбір ірі байлар арасындағы қалыңмал мөлшері он жиырмада дейін көтерілсе, оны ақшаға шыққанда 800 сом күміс ақшаға бағалауға болатынын айтады. Бұл деректердің Д.Андре мәліметтерін толықтыра түсетіндігі даусыз. Қалыңмал мөлшері туралы жоғарыда келтірілген Ф.Лазаревский мәліметтерін 1888 жылы Е.Алекторовтың қайталауы оның шындыққа әбден жанасатындығының айғағы тәрізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор облысының құрамына кіретін Кіші жұз және Орта жұз жүртшылығының арасында қалыңмал мәселесі туралы қазақ халқының көрнекті ағартушы-ғалымы Ы.Алтынсарин 1870 жылы жарияланған өзінің еңбегінде төмендегідей деректер келтіреді “...қалыңмал, яки қара мал ауқаттылар арасындағы келісім бойынша, әдетте әр жастағы 47 бас жылқыдан тұрады. Мұндағы бір ерекшелік, Кіші жұз ішінде қалыңмалға бес жиырмадан 50 жылқы берілетіндігі. Орта шаруалар ірілі-уакты (құлын, бұзауга дейін қосып) 37 мал төлейді. Қалыңмал мәселесімен бірге, бас жақсы мәселесін де шешетін. Бас жақсы дегеніміз – қалыңдықтың сәукелесінің құны ретінде беретін өз алдына жеке төлеу. Ол үшін ірі байлар 500–600 сомға дейін берсе, орта шаруалар 200–300 сомнан беретін. Бас жақсы көбінесе ақшалай берілетін” (Ы.Ал-

тынсарин, 104). Бұдан басқа күйеу ұрын барғанда орта есеппен “ілу” деп 40–50 жылқы апарса, 200 сомның жартысы, күміс ертоқымды салт ат сияқты сыйлықтары тағы болады. Қыз алуға барғанда “той малы” деп 30–50 жылқы, отау киізінің жартысын, сүт ақы мен жана-ма жақсыға бір-бір түйеден апаратын.

Орыстың география қоғамының толық мүшесі З.Плотников Алтынсариннің бұл еңбегін жоғары бағалай отырып, оны өз тарапынан толықтыра түседі. Мәселен, Кіші жүз ішінде кей уақытта қалыңмалға беретін 50 жылқыны Алтынсариннің бес жиырмаға теңеуінің жаңсақ екенін, әрбір жиырманың құрамын талдай отырып дәлелдейді. Плотников деректері бойынша, қалыңмал мөлшері бес жиырмаға 16 жылқы (оның төртеуі ішті болады), екінші жиырмаға 60 қой (оның жиырмасы ішті), үшінші жиырмаға 16 сиыр (оның 4 ішті), төртінші жиырмаға 4 түйе, бесінші жиырмаға 2 түйе, 2 жылқы (бір жылқы үшін мылтық беруге де болады) беретіндігін көрсете келіп, бес жиырманы ылғи жылқымен бергеннің өзінде 50 жылқы, 2,5 жиырма болатындығын айтады. Эрине, Плотников деректерінде жаңсақ айтылған еш нәрсе жоқ. Оның бұл деректері жоғарыда келтірілген Ф.Лазаревскиймен толық үйлеседі де. Бірақ 50 жылқыны 2,5 жиырмаға теңеуі үстірт айтылған тәрізді, ойткені бір жиырмаға 16 жылқы болған күннің өзінде ол үш жиырмадан да асып түседі, ал қалың төлеуде есепке алынатын бүкпелер мен баламаларды еске алсақ, 50 бас жылқының ішінде сан бүкпелер мен баламалардың болу мүмкіндігін Плотников ескермеген де, Алтынсарин оларды тәптіштеп көрсетпеген болуы керек. Бұған қарағанда, Алтынсарин деректері ешбір күмән тудырмауы тиіс.

Бұдан әрі В.Плотников Кіші жүздің шеткегі қоныстанған адай, таз, табын және шекті руларының арасында қалыңмал мөлшері екі жиырмаға дейін баратынын айта келіп, оның құрамының 40 байтал немесе 150 қой, яки 8 түйеден тұратынын көрсетеді. Мұнымен бірге “бас жақсыны сәүкеленің құны” деп беру Кіші жүз жұртшылығында кездеспейтіндігін де ескертеді. Бұған қарағанда Алтынсариннің бас жақсы жайындағы пікірі тек Орта жүзге ғана тән болуы керек.

XIX ғасырдың 60–70 жылдары Торғай облысында соғыс губернаторы болған генерал-лейтенант Л.Ф.Баллюзек өз қарауындағы чиновниктеріне, қазақ билері

мен төрелеріне қазақтың әдет құқы туралы Кіші жүз және Орта жүз арасынан көптеген материалдар жинатып, 1871 жылы үлкен еңбек жариялады. Бұл еңбекте де қалыңмал мәселеісі егжей-тегжейлі сөз болады да, оның құрамы бірнеше бөлімдерден тұратындығы тұралы құнды деректер келтірілген.

1. “Бас жақсы” деп берілетін бөлімінде, түзу мылтық, берік сауыт, бәйге ат және малдағы артық белді түйе болатын. Осы айтылғандар болмай қалғанда, олардың әрқайсысының орнына төрт ірі қара төлейтін. Сондықтан бас жақсыны түгелдей малға бағалағанда бір жиырма болып шығады. Кіші жүз ішінде жиырма қара қалыңмалдың тұрақты шамасына айналған. Бас жақсы 60–70 жылдары өз мәнінде тек Николаев және Торғай уезінде ғана сақталған да, оған 3–12-ге дейін ірі жылқы немесе 100–1000 сомға дейін күміс ақша беретін. Торғай облысының басқа облыстары мен Орал облысында бас жақсы қалыңмалдың “қара мал” деп аталатын бөлімімен қосылып, оның санын 20 қараға есірген. Ал бас жақсы құрамында сауыт беру XIX ғасырдың екінші жартысында мүлдем кездеспейтін. Өйткені қазақ арасында ол өзінің бұрынғы қажеттілігін жойған.

2. “Қара мал” деп аталатын қалыңмалдың негізгі бөлімі Кіші жүз ішінде 1–5, кейде 6–7 жиырмада дейін барады. Әр жиырмада 16 ірі қарадан беріледі, өйткені оның төртеуі, міндетті түрде, ішті болғандықтан, 25 түгелденеді. 20 санының мүншама өсе беруін Л.Баллюзек оның тек айтуға болмаса, іс жүзінде орындалмайтынын ескертеді. Торғай облысының шығыс жағында байлар арасында қалыңмал мөлшері бір жеті болса, орта ғана ауқатты байлар бір отыз жетімен қанағаттанды. “Қырық жетінің” құрамы – жанама жақсы жеке түйе және тұс атпен (күйеу жағынан қызы төркінің таңдауы бойынша алдын ала белгіленген, яки түстелген ат деген мағынада) қосқанда әр жастағы 33 бас ірі малдан (тайдан бастап) тұрады. Ал “отыз жеті” жоғарыда көрсеткен қосымшалармен 26 бастан тұрады.

3. “Ілу” – 14 жасқа толған күйеудің ұрын барғанда аппаратын төлеуі. Қалыңмалдың бір түрі оның “қарамал” деп аталатын бөлімінен кем болмайды, қайта бұл арады “қара малдың” шағын болуына байланысты ілу мөлшері 2–3 есе көп болады, яғни 30–80 жылқыға дейін барады. Ал Торғай облысының қалған бөлімі мен

Орал облысында “қара мал” мөлшері молырақ болатындықтан, “ілу” шамасы оншақты түйеден аспайды.

4. “Той малы” – қыз алуға барғанда ұзату тойына арнап апаратын мал. Мұның мөлшері қалыңдықтың жасауына қоса енші есебінде беретін малдың санымен шамалас болады. Әдетте той малының мөлшері 20–70 бас жылқыға дейін барады. Бұған коса осы жылғы қалыңдық отауының киіз жамылғышының жартысын күйеу әкеледі.

5. “Сұт ақы” – қалыңдықтың анасына арналып апарылады. Оның мөлшері 1–7 түйеге дейін жетеді.

6. “Жігіт түйе”, “қалың түйе” деген атпен екі түйе беріледі. Ең сонында міндегі түрде күйеудің жақсы сыртқы киіммен ер-тұрманы алынады.

Бұдан басқа күйеуден ұрын келгенде, ұзату тойына алынатын толып жатқан кәделер бар. Олардың құны, мөлшері айтарлықтай болмағанмен, олардың міндегі тілігін “қалыңсыз болғанмен, кәдесіз күйеу болмайды” деген мақалдан да аңғаруға болады.

Жоғарыда айтылған қалыңмалдың мөлшері тек ірі байлар мен орта шаруалар арасында болады, ал кедейлер арасында қөбінесе “баламалы қалың” болатын (яғни 5–10, тіпті 15 малдың орнына 1 тәуір мал беру әдеті). Осының өзінде әдет-ғұрып бойынша құда түсіп, бата қылғанда қалыңмал мөлшерін “47”, “37” немесе бір, яки екі жиырма деп белгілейтін де, іс жүзінде мұның бірі де орындалмайтын.

Аса кедейлер арасында “дөңгелек қалың” деп аталағын да шама болған. Мұның мөлшері небары оншақты қарадан аспайтын.

Жоғарыда көрсетілген деректерді қорыта келгенде Л.Баллюзек қалыңмал мөлшерін үш түрлі әлеуметтік топтардың мүмкіндігіне қарай тоқтай отырып: аса ірі байлар арасындағы қалыңмал шамасын 100–150 ірі малмен, орта байлар үшін 75–100 ірі малмен, ал кедейлер арасында “баламалы қалың” (20–40 ірі мал) немесе “дөңгелек қалың” 10 ірі малмен белгіленетіндігін көрсеткен.

Қалыңмал мөлшері мен оның құны туралы осы айтылған деректердің дұрыстығына күмәндануға болмайды.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында Орта жұз найман арасында (Аягөзде) татар отбасында туып-өсken Құрбанғали Халиди қалыңмал жайында аса

құнды деректер қалдырады. Қалыңмал деген атаудың өзін Қ.Халиди көп мал деген үғыммен байланыстырып, содан қалыңдық деген атап қалыптасқан, яғни “көп малға” қалың шығынға түскен деген үғымды білдіреді дейді. Қайткен күнде де қалыңмалдың қалыңдық үшін төленетіні даусыз. Қалыңмал мөлшері құдалардың келісуіне қарай белгіленеді. Егер 50 байтал деп келіссе оның ішінде екі түйе не екі тәуір ат болу керек, ал екі түйе не екі ат 10 байталға теңеледі де, 40 байтал нақтылы беріледі. Егер 60 байтал деп келіссе, оның ішінде 15 байталға баланатын үш түйе, не үш жақсы ат болу керек те, 45 байтал нақтылы беріледі. Қалыңмал есебінде әр түйе бес байталға теңеледі, ал әр байтал орыс ақшасымен 5 сомнан бағаланады. Мұндайда құдалар “екі” не “үш түйе” деп келіссе болды, қалыңмал мөлшері 50 не 60 байтал болғаны. Ал қалыңмал мөлшері 60 байталдан асып, айтальық 70, 80, 90 не 100 байтал деп белгіленсе, “қара мал” деген шама қолданылмай, “бас жақсы” (5 түйе), “орта жақсы” (3 түйе), “аяқ жақсы” (1 түйе) деген шамалар қабылданады. Қүйеу бас жақсыға берілетін жақсы ат – 25 байтал, орта жақсыға берілетін ат – 15 байтал, аяқ жақсыға берілетін дөнен, не тазы, не мылтық 5 байтал орнына жүреді. Қалғаның нақтылы байтал санымен толықтырады.

Қалыңмал мөлшері 50 байталдан кем болғанда “қара мал” деген атап қолданылмай, “жырма жеті”, “отыз жеті”, “қырық жеті” байтал делінеді де, “орта жақсы” берілмейді. Ал “бас жақсы” мен “аяқ жақсыға” шамасына қарай женілдету үшін бір нәрсе белгіленеді де, оның өзі жоғарыда айтылған шамалардың құрамына кіреді. Мұндай жағдайда көбінесе “жақсы” дегендер мүлде қолданылмай, “дөңгелек қырық жеті” не “дөңгелек отыз жеті” делінеді.

Aса ірі байлар арасындағы құдалықта қалыңмал шамасы ресми түрде белгіленгенмен, іс жүзінде ол шама жайына қалып, керегінше малдай, ақшадай алысып-беріседі. Мұндайда алыс-беріс 100, 200, 300, 500 байтал, тіпті одан да көп болуы мүмкін, бірақ оның жасау мөлшері де қалыңмал мөлшеріне сай болу керек.

Кейінгі кезде 37, 47 т.б. осылар сияқты “жетілер” қалып, оның орнына әркім шамасына қарай мал санын белгілеген. “Қырық жеті қыздан қалды, елу жеті елден малды” деген мақал осыған байланысты айтылса керек.

Қ.Халиди деректеріндегі тағы бір қызық жайт –

қалыңмал белгілене ме, жоқ па, құдалар бай ма, кедей ме – оның біріне қарамай, ежелден бері келе жатқан “ата қүші”, “ана сүті” деген ұғымға байланысты қалыптасқан кит, ілу және сүт ақының міндетті түрде берілгендей, ілу қыз өкесінің берген китіне сай болуы, яғни китке жамбы берсе – ілуде де жамбы апарады, түйе жетектетіп не ат мінгізсе – ілуде де түйе не ат апарады. Ал сүт ақы ілуден гөрі бір саты төмен болады, яғни ілуге түйе апарса, сүт ақыға ат апарады. Бұл арада айта кететін бір жағдай бар. Ол Қ.Халидиң кит пен ілу, сүт ақыны бір-бірімен байланысты қарайтындығы. Біздінше, кит – құдаларға екі жақтан бірдей берілетін көде. Сондықтың олардың шамасы да қарайллас келеді. Ал ілу мен сүт ақы өз алдына, кит мөлшеріне байланысы жоқ, күйеу тараапынан, оның барлығына қарай қара шаңыраққа және қыз анасына арнайы өкелінетін сыйлықтар екені даусыз. Бұдан басқа міндетті түрде күйеу жағының апаратын бір малы болады, ол “өлі-тірі” дөлінеді.

Күйеу үрын келгенле, қыз алуға келгенде өкелінетін толып жатқан кәделер болады.

ХХ ғасырдың басында жарияланған М.Бекимовтың деректері бойынша қазақтар арасында құдалардың барлығына, күйеудің жасына қарай қалыңмал мөлшері бірнеше сомға дейін барады, бірақ қалыңмал ақшалай емес, ылғи майдай төленетін. Ал күйеудің бұрын өйелі болып, ол өлген не айырылысқан болса немесе әйел үстіне тоқалдыққа алып отырса, қалыңмал мөлшері әдеттегідей екі есе артық белгіленеді.

Енді біз төңкеріске дейінгі Сырдария облысын мекендеген қазақтар арасынан жиналған деректерге тоқталайық. Бұл арада айта кететін жағдай – Қазақстанның онтүстік аудандарынан этнографиялық деректер жинау әсіресе отбасы және неке мәселесі туралы солтүстік аудандарға қарағанда әлдекайда кешірек басталды. Соның өзінде өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап төңкеріске дейінгі Онтүстік Қазақстанның әдеттік құқы туралы бірқыдыру құнды деректер жиналды.

1889 жылы Түркістан өніріндегі көшпелі қазак жүртшылығының өмірін зерттеп, неке мәселесі туралы Түркістан газетіне қолемді мақала жарияланған. З-тің айтуынша, қалыңмал толеуге мүмкіндігі жоқ кедейлер болашақ қайын атасына қалыңдық үшін бірнеше жыл қызымет атқаратын болған. Ал қалыңмал құдалар бай-

лығына қарай белгіленетін. Ең жоғары қалың шамасы 47 байтал (ақшаға шаққанда 900–1000 теңге) болса, төменгісі 17 байталға теңелетін. Аса ірі байлар қырық жетінің өзін місе тұтпай, қалыңмал мөлшерін 100 түйеге (ақшаға шаққанда 5000 теңге) жеткізетін де, осыған орай жасау да беретін болса, кейбір кедейлер арасында қалың 200 теңгеге дейін төмендеп, жасауы да үстіне киген көйлек-көншектен аспайтын.

XIX ғасырдың аяғында Сырдария облысын мекендейтін қазақтар арасындағы қалыңмал мәселесіне Н.Гродеков те көп көңіл бөлген. Онда қалыңмал мөлшерін әр уездегі билер аузынан жиналған деректер негізінде береді. Қай уезде болсын, қалың мөлшері құдалардың ауқаттылығына байланысты “қырық жеті”, “отыз жеті”, “жырма жеті”, “дөңгелек қалың” деген шамалар нұсқасында белгіленетіндігін айтады, дөңгелек қалың көбінесе кедейлер арасында ат не түйе бастатқан тоғыз не жеті ірі малмен төленеді. (Мұндай жағдайда тоймал, ілу сияқты сыйлықтар берілмейді).

Шымкент уезі бойынша 47 мен 37 құрамын келтірейік. “Қырық жеті” деп келісілген құдалар арасында күйеу жағынан 400 сомның киті дайындалады, 8 құлынды бие, оның 4-шісі үшін 60 қой беруге болады. 12 бойдақ жылқы, оның 6-сы үшін 30 қой беруге болады, қалған 6-ның ішінде “тұс ат” делінетін бір жақсы ат, бір кіші ат, бір жанама ат, екі ту бие, 1 түйе, “бас жетім не үлкен жетім” үшін 120 қой, “кіші жетім” үшін 5 түйе, “той малы” үшін 400 теңге ақша, жыртысты 60 тілләге не 228 теңгеге апарады. Қыз әкесінің де әйеліне бір-бір түйеден не аттан ілу, “босаға ілу” деп бір түйе, тойға деп 1,5 батман өрік-мейіз, құрмалдық ретінде союға екі бие және бәйге мен кекпардың жүлдегеріне арнап әкелінетіні тағы болады.

“Отыз жеті” деп келіскендердің беретіні бұдан әлдеқайда кем болады. Мәселен, “2 тілләліқ кит, 8 құлынды бие, 5 бойдақ жылқы (оның ішінде 4 бойдақ жылқы, бір ту бие не ат, бір жанама ат), той малға 20 тіллә, үй жыртысына 10–15 тілләліқ мата, қыз әкесінің әйелдеріне бір-бір түйе не ат және босағаға ілу деп бір тай. Сырдария облысының басқа уездері бойынша басқа да толып жатқан деректер бар. Бірақ Қазалы және Әулиеата уездеріне тән деректер жоғарыдағы Шымкент уезінен жинаған деректерге тым жақын. Ал Перовский уезінен мекебай Султанбаев дейтін бидің аузынан

алынған детектердің айтарлықтай ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер негізінен тұлік түрлері мен олардың салында. Мәселен, қырық жетінің “қара мал” атты боліміне 60 саулық, 60 тоқты немесе 500 сом ақша, “Бас жақсыға” 60 тұсак (кей жағдайда осының бәрін 40-тан береді), “жанама жақсыға” бір түйе, бір ат, екі ту бие орнына құлышынды бие, “тұс ат” біреу, той малға 100 қой, “ілуге” 10 түйе, 20–30 жылқы беріледі. Бұл арада “ілу” деп берілетін мал мөлшері тым көтеріңкі келтірілген.

Орта дәулетті төрелер мен Жетісу қазақ қауымы үшін қалыңмалдың ең көп жайылған мөлшері “қырық жеті”, қала берді “отыз жеті” болды. Ал қалыңмал құрамына келсек, ол құдалардың дәулетіне қарай алдын ала келісулеріне байланысты болды. Соның өзінде XIX ғ. соңындағы қалыңмал құрамында жиі кездесетін ортақ шамалар 8 түйе, 8 құлышынды бие, 13 бойдақ жылқы болады да, қалғандары сан қылыш болып озгеріп жатады. Жетісудағы қалыңмал беруде бір байтал, 5 қойға, не 5 ешкіге, не бір сиырға тенелсе, 3–5 байтал бір түйеге тенеледі. Қалыңмал мөлшері “қырық жеті” болғанымен, бергендерін есептегендеге 68–73 байталға толтыратын жағдай жиі кездесетіндігін атап кеткен. Бұлар болу себебі қалың деп берілетін 47-ден тыс әр түрлі сыйлықтар мен жолдар, кәделер қосылуынан болар. Олар дейтініміз төңкеріске дейінгі көптеген авторлар күйеу жағынан жұмсалатын барлық шығын мен берілетін кәделерді де қалыңмал есебіне талғаусыз қоса есептейтін.

Алматы облысынан соңғы жылдарда ел арасынан жинаған материалдар ішінде төңкеріске дейінгі Жетісу оңіріндегі қалыңмал мәселесінің сырын ашарлықтай дөректер бар. Мәселен, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында албандар арасындағы болған үш түрлі қалыңмал шамасы көніл аударарлықтай. Аса ірі байлар арасындағы сирек кездесетін ең жоғарғы қалың шамасы – 8 түйелі (8 жақсы) 80 қараға жетсе, қатардағы байлар арасында “4 түйелі 40 қара” болады да, көпшілік арасында кесімді 20 қарамен шамалау қалыптасты. Соңғы шаманың кейінрек шыққанын “20 қара деген қыздың басы шықты, көмбे казан деген нан шықты” деген халық мәтелінен аңғаруға болады.

Байлар арасында қалыңмалға көбінесе жылқы, кедайлер арасында ірі қара көбірек қолданылатындығына

да нақтылы деректер бар. Мәселен, Алматы маңындағы Жаныс руының Қырбайым дейтін мың біткен байының Бике деген әнші қызы 25-ке келгенше күйеу таңдып үйінде отырады да, шағатай руының әншілік пен серілік құған кедей жігіті Қалиақпармен төңкеріс қарсанында кездесіп, бір-бірін ұнатып қосылмақ болады. Екі жақ құда болып, “қырық жетіге” келіседі. Қалиақпардың өз шамасы келмегендіктен, шағатай атаулының оншақты үйі жиналышп, қалыңмалға өңшең сиыр мен өгіз айдалыпты. Қыбырайым ауылына жиналған малды айдап келсе, байдың бәйбішесі: “сілекейі шұбырған маңқа сиыр мен шонтайы салбыраған өңкей өгіз әкеліп, мына шағатайдың қай басынғаны” деп сиырларды мүйізге ұрып, котаннан қуып шығыпты. Шағатай тұқымы сиырларын жылқыға айырбастап, қырық жетінің көңілдегідей етіп отейді де, қалыңдықты коптеген жасаумен түсіреді (*Осы әңгіме Бикенің өз аузынан жазылды*).

Төңкеріс қарсанында Жетісу кедейлері үшін қалың төлеп үйленудің ауырлығы сондай, олардың көпшілігі қартайғанша үйлене алмайтын немесе женге алуға душар болатын. Мәселен, Алматы маңындағы шағатай руының орта ғана дәүлеті бар азаматы Тоқпанбет XX ғ. басында дүние салады да, артында қалған үш бала дүние-мұлікке ие бола алмай, кедейлікке ұшырайды. Үлкені Өмірзак ержеткенде қолда бар малдың бәрін беріп үйленеді. Ол әйел бала таппайтын біреу болады. Бірақ Өмірзактың бала үшін басқа әйел алуға мүмкіндігі болмай, мысы құрып жүргенде өзі өледі. Әменгерлік дәстүр бойынша бала таппайтын бедеу жесірді оның інісі Құсайын алады. Кешікпей Құсайын да баласыз дүниеден өтеді. Енді екі ағасынан бірдей қалған жесір женгесіне Тоқпанбеттің ең кенжесі Қасенденді үйлендірмек болады. Бірақ 15–16 жасар Қасен женгеден де, мал-мұліктен де безіп, ағайын арасынан қашып қалаға кетеді. Ал Қасен сол жүргеннен мол жүріп, 30-ға келгенше үйлене алмай, тек Кенес өкіметі орнап, байларды тәркілеу кезінде ғана үйленеді. (*Бұл әңгіме Қасенниң зايыбы Зерттай Тоқпанбетованиң аузынан 1968 ж. жазылды*).

Қалыңмалдың жоғарыда айтылған әдеттегі шамаларының ешқайсысына жатпайтын, әр түрлі жағдайларға байланысты құдалар арасындағы жеке келісім бойынша өтелетін қалың мөлшері бар. Біріншіден, бұған жата-

тын жағдай алғашқы әйелі өлген адам туған балдызын алса, ол үшін “балдыз қалың” деген атпен әдеттегі қалың шамасынан әлдеқайда төмен беріледі. Жездесіне барған балдыздың жасауы да әдеттегіден ықшам келеді. Екіншіден, кемтарлықпен отырып қалған кедей қызын, қайтып келген қызды немесе жесірді әйелі жоқ адам, әсіреке бұрын үйленбеген жігіт айттыrsa, қалың мөлшері шағын болады. Тіпті алушының беретініне қанағат қылады. Мұндай жағдайда қалыңдыққа беретін жасау да толық болмайды. Ал енді осындаи қалыңдықтардың өзі әйел үстіне баратын болса, қалыңмал шамасы сәл жоғарылайды да, жасау жағына тіпті мән бермейді.

Сөйтіп, біз XVIII ғасырдың соны мен XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі Қазақстанның әр өніріне байланысты басылып шыққан әдеби мұралар мен архив қоймаларында қалыңмал туралы сакталған қыруар де-ректерді, мүмкіндігінше, олардың мезгілімен үш жүздің қоныстану ерекшеліктеріне сәйкес топтай отырып ба-яндадық. Әрине, бұларда бірін-бірі қайталау да бар, бірақ олардың әрқайсысында жергілікті қазақ жұртшылығының шаруашылық ерекшеліктері мен әдет-ғұрпys және көрші елдер мен халықтардың ықпалына, жалпы әлеуметтік-экономикалық факторларының даму, өзгеру процестерінің де әсеріне байланысты бірқыдыру өзге-шеліктер байқалады. Сондықтан да бұл деректер бірін-бірі толықтырумен бірге, соңғысы алғашқысын растай түседі, жалпы қазақ арасындағы қалыңмал институтының жергілікті ерекшеліктерін, олардың даму жолдарын анықтайды.

Мәселен, XIX ғасырда қалыңмал “ерек жетім”, “кыз жетім” немесе “улken және кіші жетім” беру әдеті Қазақстанның қай жерінде болсын болғандығын жоғарыда келтірілген енбектерден көріп отырмыз. Бұдан кейін қазақ жұртшылығының қай елінде болсын қалыңмал бұрын-сонды негізінен малдай берілетіндігі де анықталды. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыңмал есебінде малға қоса онтүстікте тіллә (діллә) солтүстік-батыс және шығыста орыс ақшасымен күміс теңгелер беру әдеті қалыптасты.

Қалыңмал мөлшеріне келсек, мұнда да өте керекті жайлар анықталды. Мәселен, Кіші жұз арасында қалыңмал “жырма” атты шамамен есептеліп, негізінен бірден алты жырмага дейін барады. Ал Орта және Ұлы жүздер ішіндегі қалыңмалдың ең кең жайылған

шамалары “қырық жеті”, “отыз жеті”, “жыирма жеті” және “он жеті” болып келеді. Түркістан өніріндегі қазақстар арасында қалыңмал орнына күйеудің қызыңғасынан қызымет етуі және қалыңмал құрамында өрік-мейіз сияқты жемістер берудің Қазақстанның басқа аудандарында кездеспейтіндігі де анықталды. Мұндай әдеп көршілес, кей жерлерде аралас отырған өзбек жұртшылығының әсері болса керек.

Әдеби мұра мен архив деректері бойынша осы айтылған шамалардың дұрыстығын соңғы он жыл ішінде Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қоқшетау, Қарағанды Павлодар, Семей, Талдықорған, Алматы және Шымкент облыстарында мекендейтін қазақ жұртшылығы арасынан өзіміз жинаған деректер толық дәлелдейді.

М. Әуезовтің “Тұнгі сарын” атты пьесасындағы қалыңмалына 100 тайлак төленіп алынған болыстың сұлу әйелі Бибіштің “Жұстайлак” атануы жоғарыда айтылған пікірді растай түсетін жағдай. Мұндай мысалдардың бірқыдыруын жоғарыда келтірілген әдеби мұралардан да көріп отырмыз. Сондықтан бұл арада осының өзі жеткілікті болар.

Енді қалыңмалдың құрамына келсек, мұнда да айтартылған жайлар аз емес. Жоғарыда келтірілген әдеби және архив деректерінде нақтылы қалыңмал құрамы мен құдалар арасында әрқайсысының еркіне, мүмкіндігіне қарай берілетін толып жатқан сыйлықтар мен кәделерді бір-бірімен араластырып, шатастырулар да аз емес. Сондықтан біз ел арасынан өзіміз жинаған деректерден қалыңмал, кәделер арасындағы айырмашылықты жете білген кейбір авторлардың деректеріне сүйене отырып, қалыңмал құрамы мен сыйлықтар, кәделер арасындағы арасалмақты анықтауды тым қажет деп білеміз.

Әдет-ғұрып бойынша қалыңмалдың қай шамасының болсын құрамы “бас жақсы”, “аяқ жақсы” және “қара мал” сияқты бөлімдерден тұрады. Мұны “жақсылы қалың” дейтін. Бұлардың әрқайсысына қандай мал түрінен беріледі, олардың ішінде қандай баламалар, қанша бүкпелі мал болу керек, осының бәрі алдын ала келісіледі (бір ірі қараны 4–5 қойға, тайыншаны тай үшін балауды баламалы атандырған). Ал буаз малды ішіндегі толімен екі түяқ есебінде қалыңмал құрамына енгізеді де, оны бүкпелі мал атандырған. Ертеректе қалыңмал есебіне жетім және қару-жарақ түрлерінен

қосу әдеті де болды. Бұдан басқа “қалыңмалдың” “донғелек қалың” деп аталатын түріне келіскенде әркім шамасына қарай аз ба, көп пе – әйтеуір белгілі мөлшерде мал басын беру әдеті жиі болды. Сөйтіп, қалыңмал мөлшері де, оның құрамы да құдалардың шамашарқына қарай өзара келісуіне байланысты белгілештін.

Қалыңмалдан басқа күйеу жағынан әр уақытта берілетін толып жатқан сыйлықтар бар. Бұлардың қатарында, ең алдымен, қыздың әжесіне (тірі болса), туған шешесіне, әкесінің тоқалдарына (болса) міндетті түрде апарылатын сыйлық “ілу” делінсе, “ата күш”, “ана сүті” үшін деп “сүт ақы” атты сыйлықтар беріледі. Бұдан соңғы күйеу жағынан шығатын үлкен шығын қызды алуға барғанда әліне қарай апаратын “той малы”. Негізінен күйеу үрын барғанда, қалыңдығын алуға келгенде әкелетін жыртыстары мен толып жатқан кәделері болады. Кәделерге ат, шапан, койлектік мата, ақша, әр түрлі уақ-түйек әшекейлер беріледі. Ат жалын тартып мінген күйеу қалыңдығын қашан алып кеткенше ол ауылға келген сайын қыз жеңгелеріне әменде сыйлықтар әкеледі. “Қалмады баста бөрік, белде белбейу, жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай...” деген ән шумағының негізгі мазмұны осыны анғартса керек.

Қазак әдеті бойынша құдалық кезіндегі құдалардың екі жағына бірдей міндетті ғұрыптардың бірі – “кит кигізу”. Китті құда түсуге барған күйеу жағының адамдарына, қалыңмал алуға не арнайы шақырумен барған қыз жағының адамдарына, үрын барғанда және қыз алуға барғанда күйеуге ілесіп жүрген құдалар мен күйеу жолдастарға ақыр аяғында қызды ертіп барған құдаларға түгелдей береді. Китке әдетте түйе жетектетіп, ат мінгізеді, қала берді шапан кигізеді. Кит екі жағынан бірдей берілетін жол болғандықтан, негізінен олар өзара шамалас немесе қыз жағынан кигізетін киттері молырақ болып келетін. Қай жағынан келген құдалардың жолына қарай бас құдадан бастап атқосшыға дейін әр түрлі кит беріледі.

Төңкеріске дейінгі көптеген авторлар қалыңмал құрамына жүйрік ат, қыран бүркіт, қаршыға, алғыр тазыларды да енгізеді. Бұл жаңсақ пікір. Ойткені мұның бәріне әркім қолынан шығармас аяулысы есебінде қарайды да, оларды еш уақытта қалың есебіне кіргізбейді. Бірақ осының бәрі де құдалық не басқадай та-

мырлық қатынастардың нәтижесінде “қалау” ретінде алынады. Мұндай қалау тек қүйеу жағынан ғана алынбай, онымен бірге қыз төркінінен де қаланады. Олай болса оларды жасау құрамына да кіргізу керек емес пе? Әрине, мұндай қалау құдалық негізінде қүйеу жағынан көбірек қалануына және оның берілуіне байланысты келтірілген. Қалыңмал мөлшеріне өсер етуі де, кейде тіпті қалыңмалға кешірім жасалуы да мүмкін. Сірә, осыған байланысты оларды қалыңмал құрамына кіргізгенд болар. Ал шын мәнінде жоғарыда көрсетілгендер еш уақытта не қалың, не жасау құрамына енген емес.

Қалыңмалдың төлену мерзіміне келсек, бұл да әр түрлі жағдайларға байланысты сан түрлі мерзімді орындалған.

Балалардың жас кезінде құда болған жағдайда белгіленген қалыңмалды өтеп бітіруге қүйеу жағы онша асықпайтын, ал қалыңдық жағы мүмкіндігінше тезірек алуды қалайды. Өйткені екі жағы да қыз-қүйеу ер жетіп, “қызын қияға, ұлын ұяға қондырғанша” қалыңға берілетін малдың өсімін пайдалану пиғылынан мақұм болмайды. Сондықтан олар қай уақытта қалыңның қандай бөлімін өтеу мерзімін алдын ала келісетін де, барлығын бірден төлеуге шамасы келетіндердің өзі біртіндеп өтесе, малы шағын кедейлер жоқтықтың салдарынан саумалдап өтеуге мәжбүр болатын. Тіпті қалыңдық бойжеткен кездің өзінде, қалыңды түгел төлеп бітіруге шамасы келмей, жүйкесі құрып жүретін кедейлер аз болмайтын. Мұндай жағдайда әдеттік бойынша қалыңдық 20 жасқа толғанша тосуға міндетті болады. Бұған дейін қалың төленбесе, қыз әкесі соңғы рет қүйеу жағына хабар салып, жуық арада қалыңның қалған бөлігін өтеуге қүйеу мүмкіндігінің жоқтығына көзі жетсе, қызын қалыңмалды бірден төлейтін басқа біреууге ұзатуға әбден ерікті. Мұндай жағдайда алғашқы қүйеудің өтеп қойған малының 2/3 бөлігі өзіне қайтарылады да, үштің бірі қыз әкесінде қалады. Қүйеудің мүшкіл жағдайын түсініп, оның адамшылығын ұнатқан кейбір инабатты қыз әкелері өтелмеген қалың бөлігіне кешірім жасап, қызын ұзататын. Әрине, мұндай жағдайға қыз әкесін еріксіз душар ететін себептер де болатын. Мәселен, қызына басқа алушы болмай отырып қалатын мүмкіндік туса немесе бойжеткен қыз сезім мастығына шыдамай, ел арасында құнқіл қөбейсе т.б. осылар сияқты кездейсоқтық салдарынан қалыңның

толық өтелуін күтпей-ақ, қызын құтты жеріне қондыруға мәжбүр болатын.

Қыз бойжеткен уақытта айттырылса, қалынды бірер жылдың ішінде немесе бірден өтеу қажет болады. Әсіресе сұлу, өнерлі қыздарды айттырған бай баласы бәсекелестерден сескеніп, қалынды біржолата түгел толейтін. Қайтып келген қыздар мен жесір әйелдердің қалың мөлшері шағын болатындықтан қысқа мерзім ішінде төленетін. Бойжеткен қызды екінші не үшінші тоқалдыққа немесе әйелі өлген адам айттырса, қалың төлеу мерзімі мүмкіндігінше қысқа болады.

Әдет-ғұрып бойынша қалынマル толық өтеліп болған соң қалындықты тез арада ұзату керек. Бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты қыз әкесі қызын ұзатуды кешеуілдетсе, күйеу жағы бірнеше ескертуден соң алып қашып әкетуге ерікті болады. Мұндай жағдайда айып төлемей, қызды да қайырмай, кейінрек жасауын алуға болады. Ал ескертусіз әкетсе – ат-шапан айыбын төлеп, қызды қайта қайтарып, кейін жасауымен түсіреді. Қалынマル өтеліп бітпей тұрып алып қашқаны үшін қыз әкесінің беделіне қарай ат-шапан (бір тоғызға дейін) айып төлеп, қызды міндетті түрде қайтарады да, қалынды толық өтеп болған соң ғана қыз ұзатылатын. Халық арасында қалыптасқан осы әдеттердің өзі қалынマルдың шын мәнін айқындаі түседі.

## ЖАСАУ, ОНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ

Қалындық үшін міндетті түрде төленетін қалынマル сияқты, ұзатылған қызға міндетті түрде берілетін аздықөпті мал-мұлік, киім-кешек, ыдыс-аяқтың бөрін қазақ халқы “жасау” атандырған. Кең-байтак Қазақстан бойынша ежелден бері беріліп келе жатқан жасаудың мөлшері мен оның құрамы туралы дұрыс жөне толық мағлұматты тағы да әр уақытта, жеке аймақтарға байланысты жазылған әдеби мұралар мен архив деректерінен табамыз. Сондықтан жасау туралы қолда бар деректердің ең қажеттілерін олардың мерзіміне жөне аймақтың ерекшеліктеріне қарай тоқтай отырып беремекпіз.

Ұзатылған қазақ қыздарына берілетін жасау құрамы, капитан Андреевтің айтуынша, ақ отау, күміс ертоқымды салт ат, мылтық, садак, киім-кешек, кілем,

төсек-орыннан тұрады. Ал XIX ғ. басында қазақ өмірі жайында еңбектер жазған Г.Спасский мен С. Броневский жасау құрамы туралы Андреев деректерін сол күйінде қайталаумен ғана тынған. Ал А. Левшин жасауды қыз әкесі өз еркімен немесе алдын ала келісім бойынша қызды айттырылысымен дайындал беретіндігін, қыз ұзатуға жасауды түйелер мен аттарға тенден беретіндігінен басқа ештеңе айтпайды. XIX ғ. 40-жылдарында қазақтың әдettіk құқы туралы жартымды ештеңе жоқ. Тотенше чиновник Д.Андре мәліметі бойынша, жасау ретінде отаумен бірге түйе берілсе, поручник Айтовтың мәліметі бойынша, жасау – отау мен қыздың киім-кешек, әшекейлерінен ғана тұратын сияқты. Бұл деректердегі жасау құрамының мұншалықты тапшылығын зерттеушілердің қолында толық деректердің болмауынан деп қараста керек. Бұл пікіріміздің дұрыстығын дәлелдеу үшін XIX ғ. екінші жартысында басылған әдеби мұралар мен фольклордан алғынған деректерге үнілейік. Соның бірі – Ф.Лазаревскийдің еңбектеріндегі деректер. Ол XIX ғасырдың ортасында Кіші жұз қазақтарының арасында көп жылдар бойы қызмет бабымен жүріп, ел арасынан ауызба-ауыз этнографиялық мағлұмattар жинаған. Лазаревскийдің айтудынша, жасау мөлшері қыз әкесінің еркіне байланысты болады. Дегенмен қалынмал мөлшеріне де шамалас болу керек. Жасау құрамына күйеу әкесіне, шешсіне, апа-қарындастары мен аға-інілеріне және басқа да жақын-жуықтарына арналатын сыйлықтар да кіреді. Мұнымен бірге қалындықтың өзіне арналған сөукеле, отаудың сүйегі, төсек-орын, әрқайсысы тоғыз-тоғыздан көптеген киім түрлері (тон, ішік, шапан және көйлек), жасау артатын бірнеше түйе, екі салт мінетін ат (бірі жорға), екі ертоқым (бірі – күміс, екіншісі – жай ер) т.б. Әйелге керек күнделікті үй бүйімдары беріледі. Эрине, бұл аталғандардың бәрі беріле бермейді, әркім әліне қарай жасау дайындейді. Айталық, кедей қыздары отаусыз-ақ ұзатыла береді. Ал бай қыздарының жасауында оншакты жаңа пүшпақ ішік, жиырма шақты қымбат тондар, жібек маталар да болады.

Қыз жасауының ішінде шешесінің, тіпті әжесінің жасауымен келген қымбат киімдер де болады. 5–10 түйеге жасау артып, оның ұш-тортеуіне кілем жауып, жиырма шақты жылқы, елуғе тарта қой айдататын байлар да жиі кездесетін. Ірі байлар мен торелердің қыз-

дарына беретін жасаулары мұнан да көп болады. Осыған орай, Ф.Лазаревский Баймағамбет сұлтанның қызына берген жасауының 30 түйеге артылып, оның әркайсыына кілем жабылғандығын және 100 жылқы айдатқандығын мысал ретінде келтіреді. Кейбіреулердің қызына беретін жасауы қалыңмал мөлшерінен әлдеқайдада асып кететіндігін де айта кетеді. Егер жасауға қүйеу жағы разы болмаса, қыз әкесі шамасынша тағы қосады. Бірақ мұндай жағдай қазак арасында өте сирек кездесетіндігін де ескерткен. Осыған қараганда, жасаудың қалыңмалға тең болуы шарт емес. Әрине шамашарқына қарайлас адамдар құда болғанда олардың қалыңмалы мен жасауы да шамалас болуы әбден ықтимал, ал қыз әкесінің ауқаты шамалы не тіпті кедей, қүйеу жағы шалқыған бай (жі) болса немесе керісінше (өте сирек) болған жағдайда қалыңмал мен жасаушамалары тіптен жанаспайтын.

Бай, төрелер арасындағы жасау мөлшері мен оның құрамы және бүйымдардың сапасы, құны жайында архив қоймаларында да аса қажетті деректер көп. Осының ішінде XIX ғ. басында Бөкей ордасында болған бір құдалыққа байланысты жасау дауы өте қызық.

Торе Мұқағали Ормановтың немере қызы Мейіржанды Мендігерей Бөкейхановтың баласы Арыстангерей алды. Мейіржан өлгеннен кейін оның сіңлісі Зұбейдаханға балдыз алу әдеті бойынша үйленеді. Үш жылдан соң ол да өледі. Екеуінен де бала болмайды. Сондықтан М. Орманов немерелеріне берілген жасаудың шаригат жолымен өзіне қайтарылуын талап етіп рыз түсіреді де, оған жасау құрамы туралы тізімі қоса тапсырады.

Мейіржанның жасауы: сәукеле – 389 сом, оқаланған, алтын, күміс тағылған бөрік – 56 сом, Ширгазы ханға императордың тарту еткен әр түрлі қымбат тастармен безендірілген қылышы мен жүзігі, күміс ер-тоқым, – 240 сом, күміс ожау, 3 күміс қасық, жез самаурын, поднос, жез шәйнек, поляк күмісінен жасалған шамдал, темір төсек және мыс қазан – 41 сом, оқаланған 10 қамка және барқыт шапандар – 770 сом, оқаланған 10 жібек және сиса көйлектер – 370 сом, 9 түлкі ішік – 570 сом, 6 көрпе, құстосек, төсек жапқыш, барқыт тысты екі жастық” – 447 сом, 6 сандық, дастарқан, 11 шапан (оның біреуі екі жақты ақ жібек, 4 патшайыдан, 6 қызыл матадан тігілген) – 136 сом, отау – 58 сом, 28 кілем, 3 текемет – 550 сом, 36 жыл-

қы, 2 салт ат, біреуі жорға – 1160 сом. Осы келтірілген дүние мен малдың құны 5313 сомға бағаланған. Зұбейдаханның жасауы: оқа мен құміс тағылған барқыт бөрік, оқаланған екі жібек шәлі – 93 сом, оқаланған қызыл барқыт шапан, оқаланған жібек көйлек, оқаланған жібек бешпент, барқытпен тысталған ішік, 8 аршын бұл, 3 шапан, шымылдық, 2 падшайы көрпе – 323 сом, құстөсек, екі жастық, білезік, 2 құміс қасық, 2 сандық, 3 кілем, 3 текемет, 3 түйе және 1 жорға ат – 213 сом.

Осы айтылған дүние малдың құны 629 сом ақшаға бағаланған. 1867 жылы билер алдында күйеу жағы қыз әкесіне 20 жылқы, 10 ат және шапан беріп бітіскең.

Бұл құжаттың құндылығы – біріншіден, жасау құрамының өте толық көрсетілуінде; екіншіден, балдыз алғандағы (сорорат) жасаудың шағын болатындығын анықтай түсуде; үшіншіден, жасаудың әр уақытта әйел меншігінде қалатындығын дәлелдеуінде; төртіншіден, иесінің баласыз өлген уақытында жасау немесе оның құны белгілі мөлшерде қыз әкесіне қайтарылатындығын раставында.

XIX ғасырдың орта кезінде Кіші жүздің жаппас руы мен Орта жүздің қыпшақ тайпаларының арасында бір құдалықта қыз әкесі (жаппас руынан) жасау ретінде 50 кілем жабылған жібек бүйдалы, құміс мұрындықты 50 түйе, екі киіз үй (бірі – ак үй, екіншісі – қызыл шүғамен жабылған, оның 125 басты керегесінің бастары екі елідей құміс зермен қапталған), 25 құлыштың бие (желі) нокта, көнек және сабасымен) және құң мен құл берілгендердің “киргиз” деген бүркеншік атпен жергілікті бір оқыған азamat XX ғасырдың басында баспа жүзінде жариялаған. Бұл келтірілген деректердің өзі, әрине, толық емес, өйткені қызға берілетін жасаудың ішінде сөукеле, киім-кешек, төсек-орын т.б. уақ-түйек туралы ештеңе жоқ.

Жасау мөлшерінің еш уақытта қалыңмалдан кем болмайтындығын, тіпті көпшілік жағдайда артық болатындығын М.Красовский еңбегінде айта келіп, қыз жасауна өзі мен оның туған балаларынан басқа иелік етпейтіндігін, тіпті күйеуінің басқа әйелден туған балалары да, жасау иесі баласы болмай өлгеннің өзінде, иелік ете алмайтынын баса көрсеткен. Кейбіреулер қызына беретін жасауының ұзын-ырғасын алдын ала

айтып қояды. Қыз қалыңсыз берілген күннің өзінде киім-кешек, төсек-орынсыз еш уақытта ұзатылмайтындығын да ескертеді.

Жасау туралы Ы.Алтынсариннің еңбектерінде де аса қажетті деректер бар. Алтынсариннің айтуынша, жасау дайындауға қүйеу ұрын келіп қайтқан соң кіріседі. Ең алдымен, сәукеле жасалады. Әдетте, қыз шешесі ешкімге дабыра қалмай, білезік, жүзік, сырға және койлек-көншек сияқтыларын ұрын келуіне қарамай-ақ жинай беретін. Жасау мөлшері әр түрлі болады. Осыған орай өзіне көптен таныс бір байдың қызына берген жасау мөлшерін көлтіреді. Жасау артуға 25 түйе, кандаус пен жібектен тігілген 125 шапан, 50 кілем (оның 25-і қымбат, үлкен кілемдер) шұға және жібекпен тысталған 25 ішік (біреуі – жанат, оны – тулкі, қалғандары – қарсақ және қасқыр терілерінен), 300 сомдық отау, 5 жылқы, оның екеуі – жорға, 100 сомдық күміс ер-тоқым, төсек-орын, киім-кешек, аяқ-табактары 400 сомдық дүние болса керек.

Қорыта келгенде, зиялы адамдар қыздарының жасауына көп көніл бөліп, көбінесе қалыңмал мөлшерінен асырып түсіретін. Бірақ мұның өзі негізінен атақ, намыс үшін жасалатын. Өйткені осындай мол дүние қызының құнделікті түрмисының қажеттігін отеу үшін емес, жасаудың бірсынырасын қүйеу туыстарына жол ретінде үлестіру үшін апаратындығын да ескертеді.

Жасау есебінде алтын, күміс, әр түрлі асыл тастар, қымбат аң терілерімен безендірілген сәукеле, ақ отау, төсек-орын, киім-кешек, салт ер-тоқымымен, жасау артатын бірнеше көлік т.б. берілетіндігін И.Ибрагимов, Л.Баллюзек, И.А.Козлов және А.И.Добросмыслов сияқты авторлар өз еңбектерінде атап көрсеткен.

Қазақ арасындағы ұзатылған қызға берілетін жасаудың молдығын, оның құрамында бірнеше жетімдердің де болатындығын қазақ эпостарынан, әр түрлі аныз-ертеңдерден де байқауға болады. Мәселен, “Қыз Жібек” жырында Төлеген өлген соң, әменгерлік әдет бойынша Жібекті Сансызбай алып, оның жасауын 80 нарга арттырып, 5 жетім, алтындаған отау және 9 жорға беріп жонелткендігі де жырланады.

Ал «Ер Төстік» ертегісінде Ерназар байдың 9 ұлына 9 қызын беріп ұзатарда қанша жасаумен малға риза

болмай, Төстік батырдың қалындығы Кенжекей әкесінен Шалқұйрық атты, Құба інгенді және ақсырмал сауытты қалап алады. Бұл қазақ ғұрпындағы ұзатылған қыздың жүрер алдында әкесінен қалау қалайтын дәстүрінің ежелден бері келе жатқан көне өдет екенін және қыз жасауының құрамында малдан басқа қару-жараптың да болатындығын дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген көптеген нақтылы деректерді қорыта келіп, Қазақстанның қай жерінде болсын патриархалды құлдықтың жойылмай тұрған кезінде ірі байлар мен төре, сұлтандар арасында жасау құрамында қару-жарап, құл, құн (ұл жетім, қыз жетім) беру, ал сөукеле (XIX ғ. екінші жартысында сирей бастады), отау, көш көлігін, төсөніш, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. уақ-түйек, әшекей бүйымдарын беру өдettегі жағдай болса, XIX ғасырдың соңынан бастап ірі байлар арасында күймелі жеңіл арба (трөшпенке, пәуеске), іс машина, самаурын беру орын алды. Көптеген авторлардың айтудынша, соңғы үшеуі сөукеле орнына жүретін. Сөукеле, отау, күміс, іс машина және самаурынның басқасы бірнешеден, көбінесе тоғыз-тоғыздан, тіпті он рет тоғызға дейін жететін. Мұның өзі құдалардың байлығына, қофамдағы алатын орнына және олардың жеке басының қасиетіне байланысты болатын. Әдетте, қыз әкелері қызын қатарынан кем етпей, бір отаудың шаруасын түгел беріп ұзатуға тырысатын. Тек түгі жоқ тақыр кедейлер ғана қыздарын ірі байларға тоқалдыққа не өнерлі, сұлу қыздарын серіліктен жар тандаған байбалаларына бергенде қалынмалды қалған отбасына талшық қылып, көйлек-көншек, төсек-орыннан басқа ештеңе бере алмайтын. Мұны қазақ ғұрпында жасау деп те есептемейтін. Күйеу жағы да мұндай жағдайда жасау дәметпейтін. Осы жағдайларды еске алсақ, қазақ арасында жасауға өкпелеудің нәтижесінде туатын дау-шардың болмауы, яки соның некен-саяқ кездесетіндігі өзінен-өзі түсінікті сияқты. Жасау мөлшері бірде қалынмал шамасынан асып түссе, бірде қарайлас болып қалатын, ал енді бірде кем болса, кейде мүлдем жасаусыз ұзатылатын. Мұның өзі, ең алдымен, қофамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің салдары деп қараша керек.



Төртінші тарау

Қазіргі отбасы  
және некелік  
қатынастар





## ОТБАСЫ ТУРЛЕРІ, ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Қазіргі қазақ отбасын этнографиялық түрғыда зерттеуді тақырыптың міндегі-максатына байланысты ауылдық жерлерде жүргіздік. Республика жерін мекендейтін қазақ жұртшылығы үш жүзге бөлінеді. Әр жұз заманында қазақ халқының құрамына енген көне тайпалардан, рулардан тұрады. Бұлардың әрқайсысы ежелден бері түрлі халықтармен шекаралас болып, олармен болған аралас-құраластың нәтижесінде және өздерінің өніп-өсken мекендерінің табиғи-экономикалық жағдайларына байланысты қазақ жұртшылығының әр тобының өмірінде өзіне тән ерекшеліктер қалыптасты. Осыған байланысты біз зерттеу жұмысымызды әдет-ғұрып, салт-санасында айтарлықтай ерекшеліктер байқалатын аймақтарда жүргіздік.

Атап айтқанда, Ақмола облысының Ерейментау ауданында тұратын Орта жүздін арғын тайпасының қанжығалы руына жататын ауыл жұртшылығы (1966 ж.), Шымкент облысының Сарыағаш ауданында тұратын Ұлы жүздің қанлы, шапырашты және дулат тайпаларына жататын ауыл жұртшылығы (1966 ж..), Семей облысының Ақсат және Өкпекті аудандарын мекендейтін Орта жүздің найман тайпасына кіретін қаракерей, матај руының ауыл жұртшылығы (1967 ж.), Атырау облысының бұрынғы Манғыстау ауданын мекендейтін Кіші жүздің байұлы бірлестігіне қарасты адай руының ауыл жұртшылығы (1968 ж.), Алматы облысының Кеген ауданын мекендейтін Ұлы жүздің албан тайпасына енетін сары руының ауыл жұртшылығы (1968 ж.), Қарағанды облысының шет ауданын мекендейтін Кіші жұз алшын тайпасының рулары мен Орта жұз арғын тайпасының қаракесек руының ауыл жұртшылығы (1968 ж.) жан-жақты зерттелді. Бұған қосымша авто-

рдың бұдан басқа экспедициялар құрамында жүріп Атырау, Ақтөбе, Шымкент, Торғай, Жаңаарқа, Баянаул және Талдықорған төңірегінен отбасы тарихы тура-лы жинаған тарихи деректері, сондай-ақ В.В.Востров-тың Орал облысынан, Н.Сәбитовтің Алматы, Жамбыл облыстарынан, Ж.Х.Кармышеваның Талдықорған облы-сынан жинаған, кезінде жарияланған деректері пайдала-нылды. Қоғамдық құрылышта болған өзгерістер қазақ халқының отбасылық, некелік қарым-қатынастарында, әдет-ғұрыптарында, салт-санасында, жалпы мәдени омірінде де үлкен өзгерістер жасап, жана қарым-қаты-настардың қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Кеңес өкіметі 1917 жылдың 18 желтоқсанында “Азаматтық неке, балалар және оларды тіркейтін кітаптар енгізу”, 19 желтоқсанда “Некеден ажырасу туралы” қабылданған декреттерге В.И.Ленин қол қойды. Бұл декреттерге әйел мен еркектің отбасындағы теңдігі, неке құру мен айырылысу мәселесіндегі еріктілік, балалар тәрбиесі сияқты келелі шаралар жайы баяндалды. Келесі жылда-ры “Отбасы, неке және бала тәрбиесі жайындағы зан-дар кодексі”, “Ұждан бостандығы мен шіркеу және діни әдеттер” жөнінде декреттер жарияланды.

Мәселен, 1919 ж. Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасында отбасы, неке құқылары мен некелесушілерді ЗАГС орындарында тіркеу мәселелері іске асрыла бастады. 1920 ж. Қазақ КСР-нің бірінші Құрылтай съезінде 1917–1918 жылдары қабылданған қараптарын қарап, оларды Қазақстанда іске асры шаралары белгіленді. Бұл шаралардың белгіленуі қазақ жұртшылығына тән көптеген патриар-халды-феодалдық қатынастардың сарқыншактарымен құресуді күн тәртібіне қойып, ерлі-зайыптылар теңдігін, әсіреле олардың арасындағы мал-мұлікке иелігін, яғни мұрагерлік құқының бірдейлігін, неке құруда ешбір зорлықтың болмай, еріктілік негізінде жүргізілетіндігін уағызыдауымен бірге, жалпы әйел қауымының ар-ұят, ұжданына нұқсан келтіретін қалыңмал төлеу, көп әйел алу және жесір алу құқына тыйым салынды. 1928 және 1938 жылдары неке құру-шылардың жас мөлшері туралы мәселе күн тәртібіне қойылып, зан бойынша 18-ге толмай үйленуге не тұрмысқа шығуға рұқсат етілмейтін болды.

Алдымен әйелдердің сауатын ашып, оларды қоғам-дық еңбекке тарту керек болды. Алғашқы кезде лик-

бездерге (сауатсыздықты жою үйірмелері) тек еркектер қатысып, әйелдер саны өте аз болды. Егер қатыса қалса, күйеуі бар әйелдер ғана қатысты. Ал бойжеткен қыздарды ликбездерге тарту өте қиын болды. 1926–1927 оку жылынан бастап қыздарды оқытатын арнайы мектептер ашуға, басқа да мәдени-ағарту жұмыстарына әйелдерді кеңінен тартуға қаулы алынды. Мұндай қаулы іске асырылып, табысқа жеткізді. Мәселен, 1927–1928 оку жылында барлық мектептерде оқитын қыздар саны 86073 болса, 1928–1929 оку жылында 111529-ға жетті, ал осы жылдарда көсіптік-техникалық білім беретін оку орындарындағы қыздар саны 1589-дан 2098-ға дейін өссе, жоғары оку орындарында оқитын қыздар саны 36-дан 152-ге дейін өсті. Мұнымен бірге 1928 жылдан бастап Қазақстанның әр жерінде үй қолонеріне байланысты артельдер үйымдастып, оған не бары 1259 әйел тартылды, ал 1929–1930 жылдары мұндай қолонер бірлестіктерінде істейтін әйелдер саны 2 мыңға жетті де, оның 70 пайызы қазак әйелдері болды. Бұл аса маңызды жұмыс мәдени өрлеудің одан арғы барысында 30-жылдары өзінің жалғасын тапты.

Қазақ әйелдері тек тағдырының ғана қожасы болумен шектелмей, қоғамдық омірге, саясатқа, мемлекет ісіне, ғылым мен мәдениет майданына белсене араласып, еркектермен бірдей қоғамның тен құқылы азаматына айналды.

Қазіргі ауылдық жерлердегі қазақ отбасының дені екі үрпақтан, яғни әке-шеше және үйленбegen балаардан тұрады. Үйленген кенже баласын болек шығармай, бірге тұратын отбасылар да бар. Бұл арада айта кететін қазіргі заманының бір ерекшелігі – әке-шешелері кейде кенже балаларын бөліп жіберіп, үйленген үлкен үлдарының бірімен не оның балаларымен бірге тұратындығы. Мұндай жағдай көбінесе кіші ұлының мамандығына байланысты басқа жерге қызметке ауысатындығына және оздерінің онымен бірге коныс аударғысы келмейтініне байланысты болады. Үйленген үлкен балаларын боліп шығару кейінгі балаларының үйленуіне байланысты. Сондықтан бір отбасы құрамында тұратын әке-шеше, үйленбegen балалары және жас немерелерімен, үйленген ұлы әйелімен тұрады. Әр түрлі себептермен әке-шешеден ерте айырылған жас балалар әкесінің, аға-інісінің, не-

мере, шөбере ағаларының қолында үйленгенше бірге тұратын жағдайлар да кездеседі. Мұндай оқиғалар әсіреке Ұлы Отан соғысының одан кейінгі жылдарда көп болды. Еркек балалары болмаған кейбір ата-ана, әсіреке шешесі күйеуге шыққан қызының қолында тұратын отбасылары да бар. Кейде тіпті ұлы жоқ әкешеше қызын ұзатпай, қолдарына күйеу балаларын кіргізіп алатындары да бар. Мұндай жағдай көбінесе оз әке-шешесі жоқ, тіпті туған туыстары да болмаған жалғыз басты жігіттердің қалыңдығының, әкесінің қолына кіретіндігіне байланысты болады.

Енді ауылдық жердегі қазіргі қазақ отбасының құрамы туралы қолда бар нақтылы деректерді келтірейік. 1966–1968 жылдары біз Семей облысы, Кокпекті ауданының “Ұлгілі малшы” колхозындағы, Ақмола облысы Ерейментау ауданының “Ерейментау” совхозының, Атырау облысы Маңғыстау ауданының “Ленин” атындағы колхозының және Шымкент облысы Сарыағаш ауданының “Дарбаза” совхозының қазақ жұртшылығын түгелдей зерттеп, отбасы құрамы туралы аса құнды деректер алғып отырмыз.

Бұл зерттелген торт елді мекеннің әр отбасы орта есеппен 5–6 адамнан, барлығын қосқанда 5,7 адамнан келетіндігі көрінеді. Оны бүкіл Одақ бойынша шығарылған орта есеппен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Мәселен, 1939 жылы ауылдық жердегі құрамы орта есеппен небары 4,3 адамнан тұрса, 1959 жылы 3,9-ға төмендеген болады.

Кестеде келтірілген 1472 отбасының 27 пайызы болінбеген отбасылардан, яғни ата-ананың копшілігі үйленген бір баласымен бірге тұратындығы көрсетілген. Бұлардың арасында 48 отбасы тіпті 4 үрпақтан тұрады. Бұлар бала-шағасы бар ерлі-зайыпты адамдардың қолында өз әке-шешесі не ол екеуінің біреуі, оған қосымша үлкен әкесі, көбінесе әкесі бірге тұратындар 3%, ал қазақ арасында сирек болса да кездесіп тұратын жағдай қартайған қайын ене не қайын ата озінде ср баланың болмауына байланысты күйеу баласының қолында тұруын да осы кестеден анық көруге болады. Зерттелген 1472 отбасының не бары 24-i (1,6%), ғана күйеу балаларымен тұрады. Әр түрлі себептермен әлі үйленбеген іні-карындастар, немере, шобере туыстар, жиен де, нағашы жұрты да отбасында бола береді. Корсеткіші бойынша ондай отбасыларының саны 118

(8%), ал әйелдер қожалық ететін отбасылар саны 147 (10%).

Отбасы басында әйелдердің тұратындығы олардың күйеулері өлген соң балаларының әлі үйленбegen-дігінен, тіпті кейбірі үйленсе де, отбасы тағдырын қолына алып, басшылық етуге әлі тәжірибесінің болма-уынан деп қараған жөн. Мұндай отбасылары өсіреле соғыс уақытында, соғыстан кейінгі он жыл ішінде көп болды.

Отбасы құрамы туралы құнды деректердің бірі – ондағы бала санына байланысты мағлұматтар. Ерейментау кеңшарынан басқа үш елді мекенде 3–4–5 балаға дейінгі отбасы саны жоғарлап келеді де, одан кейін бала саны өскен сайын отбасы саны төмендей береді. Ал Ерейментау кеңшарында бір балалы отбасы саны ең жоғары көрсеткішке ие болғанда бала саны көбейген сайын, отбасы саны да төмендей береді. Барлық зерттелген отбасыларды қосып есептегендеге үш балаға дейін жоғарлап келіп, одан соң төмендей береді. Бір-екі балалылар негізінен жастар отбасы, ал баласыз отбасылар қатарында негізінен ике құргандарына жыл толмаған жастар мен балалары өлген не баласы еш уақытта болмаған қарттар. Мұндай қарттар мүмкіндігі болса жақын туыстарынан бала асырап, бауырына салады. Ондай мүмкіндік болмаса, өздері жеке отыра береді.

Зерттелген барлық отбасында 5077 бала бар. Олар бұл отбасылардағы барлық адамдардың 60 пайзындей. Орта есеппен әр отбасынан 3,5 баладан келеді.

Әркім өз еркімен қандай отбасылық құрамын ұнатса, соны таңдайды. Әрине, бұған қоғамдық, экономикалық жағдайлар әсер етпей қоймайды. Өсіреле үйленген ағайынды адамдардың бір отбасы болып табылатын табыстарын да, барлық шығындарын да біріктіріп тұруы қазіргі кезде көпке созылмайды. Өйткені әр отбасы мүшесі қазіргі қунде енбек етеді, енбегіне қарай табыс табады. Табысина қарай ішіп-жеп, киінеді, өз енбегіне өзі қожалық етеді. Ал әрбір ерлі-зайыпты жастар бөлек үй болуды, жеке тұрмыс құруды ұнатады. Оларды үнемі бірге тұруға мәжбүр етіп тұрған ешбір экономикалық-әлеуметтік фактор жок. Олар әдетте жеке тұратын үй мәселесі шешілгенше бірге тұрады. Бұдан, әрине, алысты-жақынды туыстар арасындағы, әке мен балалар арасындағы туыстық қарым-қатынас қазір әлсіреді деген үғым шықпайды. Олар қазір де

бір-біріне керек жағдайда сүйеу болып, көмек беріп, бас-көз болып тұрады.

Жалғыз баласымен бірге тұратын ата-аналардың өздері қазіргі кезде бөлек үй атына тіркеледі. Әкелі-балалы туыстар екі отбасы болып жазылса, әрине, үлес молырақ келеді. Бұл жағдай мұндай отбасында шын мәнісінде үш үрпақ бірге болғандықтан, жан саны да артық болады.

Үйленген балаларын бөліп шығаруға байланысты қазақ арасында бір малын сойып құрмалдық беру дәстүрі қазіргі уақытта да сақталған. Тойға келген жақын, жанашыр туыстары мұндай жағдайда құралақан келмейді. Әрқайсысы өз әлінше қосарын әкеліп, жас жұбайларға тілекtestіктерін білдіреді. Бөлек шығатын жастарға асар үйімдастыру әдетімен кірпіш құйып, үй салып беру ғұрпы да жиі кездеседі.

Үйленген бір баласынан бөлінген отбасылар өтемоте жиі кездеседі. Мұндай отбасы мүшелерінің арақатынасы әр отбасында әрқалай қалыптасады. Қазіргі отбасы күн көрісінің негізгі көзі қоғамдық еңбегі үшін алатын акы болғандықтан, ондағы басшылық та соған байланысты. Отбасы қорын жасауда кімнің үлесі басым болса, сол адам от басының ортақ қорына иелік етеді. Бұл мәселе әке мен баланың қоғамдық қатынастардағы орнына, олардың жеке басының отбасына басшылық ету білу қабілетіне де байланысты болады.

Егер отбасы қорының көпшілігі әке табысынан тұрып, әке әлі тұғырдан түспеген жағдайда қолындағы жас баласымен келіні түгелдей әке ықпалында болады. Ал отбасы қоры негізінен келін мен бала табысынан тұрып, әке-шеше қартайып, үй шаруашылығымен айналысатын жағдай туғанда, әсіресе зейнетке шыққан кезде, отбасы тізгіні балаға өтеді. Әрине, үлкенді сыйлау дәстүріне байланысты олардың ой-пікірімен санаса отырып, кейде тіпті көрер көзге отбасы тізгінін соларға берген болып, іс жүзінде өзі басшылық етеді. Мұндайда әке-шеше баласының келісімінсіз өз беттерімен отбасы өміріндегі маңызды мәселелерді шешпейді.

Ауылдық жерде әлі де болса үй шаруасын істеуге байланысты ескі дәстүр сақталып келеді. Үй шаруасының аса бір қатты қайырымы болмаса, күнделікті күйбең негізінен әйелдер үлесіне тиетіндігі айрықша дәлелдеуді керек етпейді. Сондықтан ең алдымен үйдегі әйел еңбегіне тоқталайык.

Тәулігіне неше рет болсын су әкелу, от жағу, тағам дайындау, ыдыс жуу, ертелі-кеш үй жинау, төсек салып, кір жуу, мал сауып, оның сүтін отбасы керегіне жарату, керек болған жағдайда киім тігу, киіз басу, сырмак сыру, жұн ііріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі төсек жабдықтарын тігу, шілтер тоқу, кесте тігу, жас балаларға қарау т.б. көптеген үлкенді-кішілі үй шаруасы әйелдер үлесіне тиеді. Бұл арадағы әйелдер деген ортақ атауға ене, келін және ересек қыздар қосылады. Енесі болмаған жағдайда шешенің өзі мен оның қыздарына, ал шешенің қыздары болмаса, барлық үй шаруасы түгелдей отбасындағы жалғыз әйелдің үлесіне тиеді. Эрине, бұл үй жұмыстарының бәрі бірдей бір адамның қолынан келе де бермейді. Сондықтан олар өздерінің қолынан келмейтінін басқа шеберлерге жасатады. Оның үстіне қазір киімнің көпшілігін дайын күйінде сатып алатындықтан, киім тігу көп уақыт та алмайды. Бұған қосымша іс тігу бұрын қолмен тігілетін болса, қазір әр үйде іс машина тігін жұмысын жеңілдетумен бірге, тігін сапасын арттыруға әсерін тигізеді. Текемет басу, сырмак сыру, алаша және кілем тоқу көп еңбекті керек етеді. Сондықтан қофамдық жұмысқа белсене арасындағы әйелдер даяр кілем, алаша сияқты дүниені сатып алуды тиімді көреді. Мұндай бұйымдарды үйде отырған, жұмыс істемейтін, егде тартқан әйелдер жасайды. Осы айтылған төсөніш түрлерінің бәрі бірдей әрбір үйде бола да бермейді.

Мәселен, сырмак сыру қазіргі кезде орталық, солтүстік және шығыс Қазақстанда көп кездеседі де, республиканың онтүстік онірінде текемет басу және түрлі кілем тоқу жиі кездеседі. Ал алаша тоқу Қазақстанның барлық жеріне бірдей таралған. Бірақ қазіргі кезде алаша тоқудан гөрі, дайын кілемдер сатып алуды тиімді кореді. Шынында да, жұнді жуу, тұту, иіру, бояу, ширатып домалаққа төгу, өрмек жүгірту, өрмек құру, тоқу, енге болу, ендерді біріктіріп тігу және қомкеру сияқты толып жатқан еңбек сіңіру керек. Алашага кететін материал мен жұмсалатын еңбекті қосқанда оте қымбатқа түсетіндіктен, оны тоқу сиреп отыр. Алаша, бау, басқұрлар тоқу Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау отбасында әлде де болса озге жерге қарағанда жиірек кездеседі. Жасоспірім қыздар онерді тым жақсы игерген. Алғашқы корсетілген үш облыста жас келіншектер мен

окушы қыздар түкті кілем тоқу өнерін қазір тамаша менгерген.

Үй шаруасындағы әйел еңбегін женілдететін көптеген жаңалықтар ауыл өміріне еніп жатыр. Айталақ, қазіргі әйелдер бұрынғыдай тезек теріп, тобылғы, курай алып, оны жаяу арқалап тасып отқа жақпайды. Көшілік жердің отыны көмір, ағаш, қи, газ болып отыр. Бұларды түсіру қазір әйелдер үлесіне тіpten жатпайды. Ал тамақ дайындау мен үйге от жағуда да коптеген женілдіктер туып отыр.

Мал сүтін керекке жаратуда ауылдық жерде кеңінен тараған сеператорлардың да әйел еңбегін оңайлатуда белгілі әсерінің барлығы сөзсіз. Үй жұмысындағы әйелдерге тән ауыр еңбек – кір жуу. Кір жууда үлкен астаулар мен кір ықсыш темір тақталардың, әр түрлі ұнтақ сабынның, әсіресе кір жуғыш машиналардың ел арасында таралуы кір жуудағы әйел еңбегін женілдетумен бірге, оны көріне көзге өнімді етіп отыр.

Қазіргі заманда ауылдық жерде салынып жатқан үйлердің кобеюі мен қала үй жиһаздарының көптеген түрлерінің кеңінен таралуы үй шаруасындағы әйел еңбегін женілдетуде әсерін тигізіп отыр.

Осы күні үй шаруасына еркектер де араласады. Қоғамдық жұмыстан бос кезінде малға қарау, үйді жинау, малдың қысқы жем-шөбін дайындау отын түсіру, диірменге үн тартқызу, бақшага қарау т.б. жұмыстарды еркектер істейді.

Сөйтіл, жаңа типті қазақ отбасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы, ең алдымен, келіннің күй-жайының жақсаруымен, оның қайын жұртымен қарым-қатынасының жаңа жағдайға байланысты мүлдем өзгергеніне байланысты болып отыр. Қазіргі келіндердің отбасындағы бар мәселелерге тікелей арасып, ақыл қосып отыратын шын мәнісіндегі тең құқысы бар екендігі айрықша дәлелдеуді керек етпейді. Жаңа отбасын құруши қазіргі жастардың ішінде он жылдық, қала берді 7 жылдық мектеп бітірмегені кемде-кем. Орта және жоғары дәрежелі мамандық алғандары қанша. Мұндай жағдай жас жұбайлардың білімділігін, мәдениеттілігін, парасаттылығын, адамгершілік қасиеттерін молайтып, жаңа өмірдің кілтін өз қолына ұстай білуіне мүмкіндік береді. Олар үйде де, түзде де қол ұстасып, отбасы және қоғам

мұддесіне сай өнімді еңбек етіп, өнегелі жастар қата-  
рынан табылуды мақсат етеді.

Қазіргі жағдайда келін мен ата-ене, қайын жұрты-  
ның арасында қатынас өзгеше жағдайда қалыптасып  
отыр. Бұрынғыдан қайын ата, қайын ағаларынан жасы-  
рун сияқты жағдайлар қазір жоқ.

Қазақ қауымында ежелден бері қалыптасып келген  
жақсы дәстүр – үлкенді сыйлау. Бұл дәстүр қазір де  
қажеттілігін жойған жоқ. Ешкім оны уағыздамайды,  
ендеши қоғамда адамгершілік қасиеттеріне сай әдептілік  
булу керек. Патриархалды әдетке байланысты бұрынғы  
келіндер өзі келін болып түскенге дейінгі туған  
күйеуінің барлық туыстарына ат қойып, олардың атын  
атамаса, қазіргі келіндер үлкен туыстардың ғана атын  
атамайды. Ал өзінен, күйеуінен кіші туыстарына ат  
қою бұрын әдептілік делінгенмен, қазір мұлдем салттан  
шықты. Қазіргі келіндер: қайын атасын – ата, енесін –  
апа, қайын ағаларын – аға, көке, жәке, үлкен абысын-  
дарын тәте деп атайды.

Қазіргі амбулатория және әйелдер босанатын  
орындар бар. Сондықтан екіқабат әйелдер алғашқы  
күннен бастап дәрігерлердің байқауында болады. Ор-  
талықтан алыс жатқан мал жайылымында да дәрі-  
герлік пункттер бар. Ондағы мамандар ай-күні толған  
екіқабат әйелдерді мүмкіндігінше орталықтағы әйелдер  
bosanatын үйлерге жіберіп тұрады. Нәтижесінде қа-  
зіргі ауылда ішінара болмаса, барлық әйелдер босана-  
тын үйлерде босанады да, онда бір жетідей болады.  
Сондықтан бала тууына байланысты толып жатқан  
қазақтың есқі әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері орындал-  
май жүр. Бала тууына байланысты жасалатын той әйел  
bosanысымен жасалмайды. Көбінесе әйел мен баланы  
перзентханадан шығарып үйіне өкелген күні жасалады.  
Кейде тіпті босанған әйел әбден көтеріліп, өзіне-өзі  
келген соң мал сойып, күндіз үлкендерді, кешке жора-  
жолдастарын шақырады. Бебек тойына шақырылғандар  
балаға керекті киім-кешек, бесік арба, ойыншық си-  
яқты бүйымдар өкеледі. Нәрестеге керекті жөргек-жа-  
ялық, көйлек-көншектер даяр күйінде сатылып алы-  
нады.

Перзентханадан шығысымен жас баланы шомылды-  
руды тәжірибелі енелердің бірі немесе үлкен абысыны  
үйымдастырады. Дәрігерлік кеңес бойынша алғашқы  
кезде марганцовка езіндісіне, ал қазақ әдісі бойынша

тұзды суға шомылдырады. Алғашқы шомылдыған әйелге көйлек кигізеді.

Ауылдық жерде негізінен жас баланы қазақ бесігіне салады. Бұған қолдан жасалған, сатып алынатын темір не ағаш керуектер де, бесік арбалар да пайдаланылады. Әсіреле отбасында үлкендері барлар қазақ бесігін дұрыс көрді.

Баланың туганына 7—9 күн толысымен бесікке салу, отпен аластау, салушы әйелге көйлектік таза мата беру, туганына қырық күн толысымен нәрестені қырқынан шығару ғұрпы откізіледі.

Емшектегі жас баланы бағу түгелдей ананың үлесіне тиеді. Егер баланың әжесі немесе ересек апалары болса, олар да көмек көрсетеді. Әсіреле үнемі үйде болатын әжелердің жас баланы қараудағы еңбегі өзгеше.

Мектепке дейінгі балаларды бағып-күтуде балалар бақшасының да орны бөлек. Мектеп жасына жеткен балалар тегіс бастауыш, орталau не орта мектептерге барады.

Қазіргі мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер ұжымы да орта не жоғары дәрежелі білімі бар мамандардан тұралы. Орта білімді мұғалімдердің көпшілігі жоғарғы оқу орындарында сырттан оқып, ұстазық мамандығын арттыруда. Өйткені мұғалімдердің білімділігі мен тәрбиешілік қабілеті қанша жоғары болса, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының да сапасы сонша жоғары болмақ. Бала тәрбиесіне мектеп те көніл бөледі. Мектептен тыс уақытта да балалар мұғалімдердің назарынан тыс қалмайды.

Сөйтіп, қазіргі күнде ауылдық жердегі қазақ отбасындағы бала тәрбиесінде балалар бақшасының, мектептің, әр түрлі қоғамдық үйымдар мен үйірмелердің, қоғамдық еңбектің, орта және жоғары оқу орындарының алатын орны өзгеше. Жергілікті өкімет отбасындағы бала тәрбиесіне көп көніл бөліп, оның мектеппен және әр түрлі қоғамдық үйымдармен байланысты адамгершілік принциптеріне сай жүруін қадағалап отырады. Нәтижесінде қазіргі ауыл жастары өмірдің кай саласында болсын және қоғамның жасам-паз құрушыларына айналып отыр.

Бұл арада айта кететін жағдайдың бірі — қазіргі кезде жас нәрестеге ат қою мәселесі. Мұның да өзіндік тарихы, даму жолы бар.

Әркім өз баласының тәуір болғанын ұнататындықтан, бұрын-соңды ел адамы болып, өзінің ақылдылығымен, ерлігімен, парасаттылығымен сый-құрметке боленген халық ардагерлерінің аттарын ырым етіп, балаларына қоюды әдетке айналдырыды. Мәселен, Қарақыпшақ Қобыланды батырды, Қаракерей Қабандай батырды, кіші жүзде Қотібар батырды айтқанда әр қазақ ішкен асын жерге қояды, олардың ерлік істерін, ел қорғаны болғандығын мақтан етеді. Ал сол сияқты Едіге, Қазыбек, Жәнібек, Бөгенбай, Есет, Бекет, Махамбет, Исатай, Сырым, Төлеген, Бауыржан, Мәлік сияқты батырлардың аттарын қазіргі жастар арасынан мындалап кездестіреміз. Тіпті өз балаларының аттарының ішінен ең сырайы және өте мәнділерін ғана таңдайды. Халықтың ғылым мен білімге, әдебиет пен өнерге деген құмарлығын танытқандай тағы бір жағдай бар. Ол бұрын-соңды болып өткен не қазіргі күнде өмір сүріп отырған белгілі ғалым, әдебиет және өнер қайраткерлерінің құрметіне байланысты балаларына солардың аттарын беру әдеті. Бұған мысал ретінде қазіргі күнде Қаныш, Мұхтар, Илияс, Сәкен, Сәбит, Габит, Бибігүл, Роза, Күләш, Ермек және Фани деген бала аттарының екі үйдің бірінен кездесетіндігін айтсақ жеткілікті.

Сейтіп, қазіргі күнде де қазақ арасында нәрестеге ат қоюдың – әлеуметтік, эстетикалық және тәрбиелік мәні бар көніл аудараптың үлкен мәселе екені даусыз.

Бала тәрбиесінде отбасындағы ересек туыстар мен ата-ананың жеке басының әдептілігі, олардың өнеге боларлық ұнамды қасиеттерінің әсері өлшеусіз. “Әкеге қарап үл өседі, шешеге қарап қызы өседі” дегендей, әрбір ата-ананың өздері де жағымды әсер етулері кепек. Сонымен қатар:

“Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дүшпаның білсеніз”, –

деген ұлы Абай қағидасын бала тәрбиелеуде пайдаланса, мұның ешбір зияны болmas еді.

Сейтіп, жаңа қоғамның даму барысындағы бала тәрбиесі өте жауапты мәселенің бірі болып отыр.

## НЕКЕЛЕСУ ТҮРЛЕРІ, ӘДЕТ-ФҰРЫПТАР

Отбасы және неке туралы заңға байланысты қазіргі жастар арасындағы неке құру үшін қажетті жағдай – екі жыныстың да көмелетке келуі, яғни 18 жасқа толуы болып есептеледі. Қазақ жүртшылығы да негізінен осы жас мөлшерін дұрыс көреді, бұған дейін қызын ұзатуға, ұлын үйлендіруге асықпайды. Өйткені әрбір атана балаларының оку бітіріп, өз бетінше өмір сүрге дайын болған кезінде ғана жеке отбасы болуын қалайды. Олай болса, қазіргі күнде орта мектепті 17–18 жасқа толмай, ал жоғарғы оку орнын негізінен 22–23 жасқа толмай бітіре алмайтындықтан, оның үстіне өзіне өмірлік жар таңдау жастардың өз еркінде болғандықтан, неке құру жолы бұрынғымен салыстырғанда әжептәуір жоғарылады. Бізде жиналған деректерге қарағанда, қазіргі ауыл жастарының арасындағы алғашқы неке құру негізінен 18-бен 25-тің арасы болып отыр. Кейбір жағдайларға байланысты бұл шамадан әрлі-берлі ауытқуы да мүмкін. Қыз балалар негізінен 20 жасқа дейін тұрмыс құруды ұнатса, ер балалар армия қатарында қызмет ету борышын өтеп қайтқаннан кейін үй болуды қалайды. Мұның өзі қазіргі өмір талабына байланысты қалыптасқан зандалылық.

Қазіргі неке құратын жастар негізінен бірге оқу, бірге жұмыс істеу, ауылдас болу арқылы үзақ уақыт бірін-бірі біліп, өзара сынасып, ұнатысу, ұғынысудың нәтижесінде болашақ тағдырларын бір отбасын құру арқылы үштастыруға келіседі. Жастар арасындағы мұндай үзаққа созылған достықты әдетте екі жастың да ата-аналары білетін болады. Сондықтан қыз да, жігіт те әке-шешесімен, жақын туыстарымен ақылдастып, олардың келісімін алады, өздері де үәделеседі. Әрине, шешуші дауыс әрқашан жастардың өзінде болады. Сондықтан қай жағының туыстары болсын келісімін береді. Әдетте, қыздың ата-анасы баласын той жасап, қолынан бергісі келсе, жігіт жағының ресми түрде құда түсінің қажеттігін білдіреді. Мұндай жағдайда жігіттің ата-анасы тұған-туыстары алдын ала дайындалып, 3–4 кісін құдалық сөйлесуге аттандырады. Олар қыз әкесіне келіп, жастардың өзара келіскендігін айтып, осы некеге олардың ризашылық беруін өтінеді. Мұндайда қыз әкесі ризалығын айтып, баласына той жасап қолынан ұзататындығын білдіреді.

Содан соң жігіт жағынан келген құдалар рахметін айтып, “үкі тағарға” әкелген ақшасын қыздың әкешесіне, аға-жөңгесіне әкелген сыйлықтарын ұсынып, ұзату тойын өткізуге қажет болған көмектің қандайына болсын дайын екендігін айтады. Қошшілік жағдайда қыз әкесі мұндай көмектен бас тартпайды. Әдетте ол ұзарту тойын ұялмайтындағы етіп өткізіп, баланың киім-кешегі мен төсек-орнын дұрыстап беруі екі жағымызға да абырой ғой, сондықтан шамана қарай көмектесуіңе қарсылығым жоқ, қуаныш екеумізге де бірдей легенді айтады. Ал кейбіреулер жігіт әкесінен қайткен күнде де молырақ қаржы алу мақсатымен комек мөлшерін де өзі айтады. Халық арасында мұны “салық салу” деп атандырған. Салық мөлшері кейде тіпті көбейіп кетеді. Мұның сыртында “өлі-тірі”, “той малы”, “коржын апару” әдегтеріне байланысты апаратын малдары мен бүйімдары өз алдына. Осы жайлардың бәрін пісіріп, ұзату тойының мерзіміне келісіп алған құдалар құйрық-бауыр жесіп, тиісті киттерін киіп ауылына қайтады. Бірақ бұған қосымша келін түсіру тойын үйымдастыру да жігіт жағының мойнында болатындығын еске алсақ, мұның бәрі туған-туысқандардың көмегінсіз болмайтындығы да шындық. Олай болса, баласы баратын отбасына салық салудың жөні осы екен деп орынсыз шығыннатудың дәл казіргі таңда қажеті шамалы. Мол салықтың қажеттігін қызға беретін толық жасаумен байланыстыратындар да бар. Бірақ жасауды тым толық етіп берудің өзі де қоңылге қонымды емес. Өйткені бұл жағдай оларды өмірдің женіл жолдарына мегзейді.

Құдалық келісімі аяқталғаннан кейінгі міндетті түрде орындалатын ғұрып – “коржын апару”. Құдалар ауылдары бір-бірінен алыс болса қоржынмен “өлі-тіріні” ұзату тойына барғанда апарады. Ал ауыл арасы жақын немесе ауылдас болған жағдайда ұзату тойының алдында апарылады. Күйеудің қоржын апару сапарында оның жақын жөңгесі, ағасы және бірер жолдасы ілеседі. Қоржын апару ғұрпына байланысты қыз аулында “коржын той” үйымдастырылады. Төңкерістен бұрын қоржын апару өз алдына орындалатын ғұрып емес-тін. Күйеу ұрын барғанда апаратын сыйлықтарды қоржынға салып апаратындықтан да күйеудің қоржыны атанған. Ал қазір “ұрын бару” салты өмір қажеттігінен шығып, ол атымен жойылды да, оның орнына “кор-

жын апару” әдеті қалыптасты. Бұл салтқа байланысты апарылатын сыйлықтарды қазір көбінесе чемоданға салып апарғанмен, “қоржын апару” атауы берік сақталып келеді. Қоржының бір басына қант-шай, өрік-мейіз сияқты шай дәмі салынса, екіншісіне қыздың өзіне ата-анасына, женгелері мен бауырларына арналған онқей киімдер, қоржынды да чемоданды ашушы әйелдерге арналған 30–40 м кездеме, ақша, сакина, жүзіктер мен білезіктер болады. Әдетте қоржын сөгу не чемодан ашу қыз шешесінің үлкен абысындарының біріне тапсырылады. Сыйлықтарды боліспіп, қоржын той өткен соң күйеу жанына ерген серіктерімен ауылына қайтады. Бұларға да кит кигізеді.

Қоржын той өткен соң, екі жақ та үйлену тойына дайындық жасайды. Ең алдымен екі жақ та өздерінің туысқандарын шақырып ақылдасады, әр туыс шамасына қарай тойға өз үлесін береді.

Қазіргі кезде, Қазақстанның қай өнірінде болса да, қыз үзату, келін түсіру тойын откізу тәртібінде айтартықтай озгешеліктер жоқ деуге болады. Мұндай тойға ауыл адамдары жас және қызмет ерекшеліктеріне қарай бір-бірінен бөлек шақырылады. Соңдықтан кейбір тойлар 2–3 күнге созылады. Қанша кісі неше дүркін жиналатындығын алдын ала жоспарлап, оларды қабылдайтын үй, күтетін адамдар, берілетін тағам, сый-сыяп – бәрі де құнібұрын дайындалады. Ең алғашқы күні ауыл үлкендегі шақырылады. Кемпірлер тойға шашусыз келмейді. Тамақтан кейін той бастар айтып жолын ашады. Әйелдерге жыртысқа деп 40–50 метр штапель, сәтен, сиса сияқты маталар беріледі, оны әйелдер өзара бөліседі. Мұны қыз үзату тойына күйеу жағы, келін түсіру тойына қыз жағы әкеледі. Бұл әдет әсіресе Манғыстау түбегіндегі адайлар арасында кең тараған. Сол күні кешке қарай ауыл активі, интеллигенттері мен жастары әдейі дайындалған шақыру билеттері бойынша келеді. Бұлар әр болмеде жас мөлшеріне қарай отырады да, ортаға дастархан жайылады. Кейінгі кезде қала тәртібі бойынша тағамның бәрін столға жасау көбейіп келеді. Жастар мен ауыл қызметкерлеріне арақ-шарап, салқын ағамдар, қуырдақ, шай және ет беріледі. Қалындық пен күйеу жастармен бірге отырады. Әр дастарқанды асабалар басқарып, әркімге соз беріп, жақсы-жақсы тілектер, жылы лебіздер айтылады. Қыз үзату тойында жастар баян, аккардеонға қосылып

жана мазмұнды жар-жар айтса, келін түсіру тойында беташар айтады. Мұндай дәстүрлі жырларды сазына келтіріп көңілді жастардың әсерлі орындауы тойға жиналған қауымға үлкен әсер етумен бірге, жастардың эстетикалық талғамын ұштауға, оларды халық дәстүрлерінің негізінде адамгершілік қасиеттеріне сай тәрбие-леуге айтарлықтай себін тигізетін ұнамды әдет екендігі даусыз. Қазіргі айтылып жүрген жар-жар, беташарлардың мазмұны жас жұбайларға енбекте табыс, зор бақыт, ұзак өмір тілеумен бірге, жастарды әдептілікке, өнегелілікке шақырады.

Үйлену тойында негізгі тағамдар берілгеннен кейін, қазақ дәстүрі бойынша әнші-келіншектер мен өнерлі бозбалалар тойбастар айтады. Тойбастарды бірнеше жерден айтуы мүмкін. Олардың әрқайсысына той бастар көдесін береді. Әдетте, табақта түрлі тағамдар салып, үстін бір метр таза матамен жауып береді. Мата-ны орамал етіп бөліседі де, табактағы тағам түрлерінен отырғандар дәм татады.

Тойбастар дәстүрі орындалған соң неше түрлі өндер айтылып, күйлер тартылады. Әрбір өнерлі азамат өз өнерін көрсетуден аяnbайды. “Ұшты-ұшты”, “көрші” т.б. ойындар үйимдастырады.

Жастарға арналған кешкі тойда гармонь тартылып не пластинкалар ойналып, би билеу дәстүрге айналды. Ол үшін бір бөлмені босатып, алдын ала дайындал қояды. Мұндай мүмкіндік болмағанда күнде есік алдындағы су сеуіп, сыпырылған таза аланда билеп көніл көтереді. Өнерлі жастар ойын-сауыкты таң атқанша тоқтатпайды. Мұны үлкендер де қызықтап мәз болысады.

Әдетте, тойға шақырылған адамдар, зияллыар және жастар өзара бірігіп той иесіне тарту өзірлейді. Оған жаңа жиһаз, кір жуғыш, мұздатқыш, радиоқа-былдағыш, теледидар, самаурын, ыдыс-аяқ сияқты жаңа отбасы мұддесіне керекті бүйімдар алады. Тарту тартатын топтар бірін-бірі қайталамау үшін алдын ала келісіп, алған тартулары неке құрушуылардың ойынан шығатындей болуға тырысады. Ойдағы дүние ауыл дүкенінен табылmasa, жақын арадағы қалалардан әдейлеп алғызылады. Бұл жағдай қазіргі өскелен жастардың өмірге деген талғамының жоғары екенін аңғартады.

Қызыз ұзату тойы аяқталғаннан кейін қыздың жана-

шыр жақын туыстары бірінен-соң бірі кезектесіп қызды, күйеуді және құдаларды қонаққа шақырып сыйлайды.

Қызды аттандырарда қызға берілетін жасауды құдаларға көрсетіп, көрімдік алады. Бұдан кейін “төсек буар” кәдесін алғып, төсек-орынды теңге буады. Тең арасына көйлектік мата, орамал т.б. уақ-түйектер салынады. Оларды күйеу ауылындағы тең шешетін әйелдер алады.

Ұзатылатын қызды жаңа жұртына ертіп апару үшін орта есеппен 5–6 кісі ереді. Кейде 20–30 адамға дейін жіберіп, құдасын сынамақ болатындар да кездеседі. Мұның өзі күйеу жағын көп шығындандыратыны белгілі. Тіпті 20–30 кісіні бірнеше күн күтудін өзі қанша қаржыға түсегендегінен алай қойғанда, қанша уақытпен еңбекті қажет етеді. Мұндай әдетті халықтың өзі қазіргі жағдайда дұрыс демейді.

Осы күні ұзатылатын қыздардың аттанар алдында сыңсуы, қоштасу деген әдеттер кездеспейді. Қыздар жылаған күнде үнін шығармайды. Дауыстап жылау қазіргі жастар үшін сөкет көрінеді.

Келін көші күйеу үйіне келгенде, оны үлкендей-кішілі әйел, ерек, бозбалалар қарсы алады. Кемпірлер шашу шашып, арнайы дайындалған бөлмеге енгізеді. Жас келіннің жанында бірге келген женгесі мен қыз жолдасы және күйеу жұртының бойжеткен қыздары той біткенше бірге болады. Ал жас келінді шымылдық ішіне отырғызып, ешкімгі көрсетпеу әдеті атымен жоғылған. Бірақ үлкендерден көрімдік сұрау әдеті сакталған.

Неке құрушуыларға арналған бөлмені жиыстырғаннан кейін жиылған жұртқа көрсетіп, көрімдік алады.

Келін түсіру тойын келген күннің ертеңіне-ақ жасай бастайды. Той өткізу тәртібінде жастардың жаңа мазмұнды беташар айтуды қазір әдетке айналдырғаны болмаса, басқа айтарлықтай өзгешелік болмайды.

Келін түсіру тойы аяқталған соң қызды ертіп келген құдалар киттерін киіп, сый-құрметті көріп, 3–4 күн ішінде ауылына қайтады.

Қазақстанның қай өнірінде болмасын, неке қиудың тағы бір жолы – қызды өз еркімен алғып қашу арқылы үйлену. Бірақ қазіргі күндегі қыз алғып қашудың себебі де, мазмұны да бұрынғыдан өзгеше. Қыздың күйеуге қашып кетуі немесе оны алғып қашудың негізгі себебі –

екі жақтан да жұмсалатын толып жатқан шығынды, қыруар еңбекті азайту мақсатына байланысты. Айталық, қызды қолынан той жасап бергенде, оның тойы, киті, жасауына қанша қаржы, қанша адамның еңбегі, уақыты керек болады. Күйеу жағынан шығын тіпті көп. Сондықтан мұндай көп шығынды жағдайды көтермейтін отбасылар осы күні біле тұра қызын қашыртып жіберу тәсіліне көшкен.

Жоғары оку орнында оқып жүрген жастардың үйлену тәртібі тіпті басқа, олар бірнеше жыл бір институтта немесе бір қаладағы институттарда оқып жүріп танысады да, қалада жүріп неке құрады. Бұлар бір ауылдан, ауданнан не облыстан келген жерлестер болуы да, әр облыстан да болуы мүмкін. Қазіргі оқып жүрген жастар үшін жерлестік есепке алынбайды. Бір-біріне ұнаса болды, олардың үй болуына басқа жағдай кедергі болмайды. Әдетте студенттер үйленер алдында әкешшелеріне хабарлап, олардың келісімін алады. Екі жағы бірдей жастардың қосылуына келісім берген жағдайда, той жасау тауқыметі түгелдей күйеу жағына түседі. Мұндайда күйеудің әке-шешесі не аға-женгесі керекті қаржымен келіп, қалада той өткізеді. Тойға қыздың әке-шешесі не аға-женгесі (өте жақын туыстары ғана) шақырылады.

Қалада жастар тойды көбінесе асхана, кафе және ресторандарда өткізеді. Тойға жас жұбайлардың бірге оқитын жолдастары, жерлестері, ұстаздары шақырылады. Тойға шақырылған студенттер ақша жинап, құнды тарту әпереді болмаса той иесінін еркіне қарай жиналған қаржыны ақшалай беруі де мүмкін.

Қалаларда студенттер үйымдастырылған үйлену тойлары өте қызық болумен бірге, аса өнегелі түрде өтеді. Әдетте мұндай тойды үйленуші жастардың сенімді жолдастары басқарады. Әрқайсысы өзіне тапсырылған істі абыраймен орындауға тырысады. Өйткені қоғамдық жерде үйымдастырылатын кеш әр уақытта белгілі бір уақыт ішінде оту керек. Сондықтан тойдың басталуы, бірнеше дүркін тамак, әр түрлі ойын, би үйымдастыру т.б. түгелдей жоспарлы түрде белгіленген уақытында оту керек. Столды жасау, тағамды даярлау жағы асхана қызметшісіне жүктеледі. Шағын оркестр де шақырылады. Тойға келуші қонақтарды қарсы алуға арнулы жігіттер бөлінеді. Барлық адамдар жиналышп болысымен жас жұбайлар арнаулы киімін киіп, залға кіргенде

ұлкендер шашу шашады да, екі жарылып түрған жастар беташар айтып қарсы алады. Қонақтар столға отырған соң, асаба тағайындалады.

Осыдан әрі тойды сол басқарады. Ән айтылып, күйтартылады, би биленеді. Әр түрлі ұлт ойындары үймадастырылады.

Қазір Қазақстан жерінде жүзден аса ұлттар тұрады. Дұрыс ұлт саясатының нәтижесінде ұлттар арасындағы тұрақты қарым-қатынастар нығаюда. Мұндай достықтың нәтижесінде интернационалды отбасын құру қазіргі таңда дәстүрге айналып отыр. Өйткені осы күні жастар арасында неке құру үшін олардың ұлты, наслі, халқының қай дінде екендігі бұрынғыдай бөгет бола алмайды. Отбасын құрудағы ең басты, ең қажетті және шешуші жағдай – жастардың бірін-бірі қалтқысыз ұнатып, араларында шынайы махабbat сезімінің болуы.

Аралас отбасының құрылуын барлық халық түгелдей құптай береді деуге де болмайды. Әсіресе қарттар жағы наразылығын білдірмей қалмайды. Әдette аралас некеге наразылық білдіретін қарттар, әр ұлттың өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-санасы болатындығын, оларды озге ұлттардың түсіне бермейтіндігін көлденең тартауды. Шынында да әр отбасы басқа ұлттан болған келіннен де, күйеу баладын да өз ғұрпын сақтауды, оны мүмкіндігінше орындауды қалайды. Сондықтан мұндай жағдайға тез бейімделіп кеткендер тату отбасын құрып екі жақтың да тілін тауып, өз ұлттынан кем болмай бірігіп кетеді. Ал ортақ тіл таппаған жағдайда отбасының шырқы тез бұзылатын кездер де болып тұрады. Сондықтан аралас отбасын құру, қай жағынан болса да, неке мәселесіне өте мүқият қарауды талап етеді.

Кейінгі 20–30 жыл ішінде отбасын құрған қазақ жастарының арасында қыз бен жігіт неке сақинасымен алмасып, оны он қолына салып жүру дәстүрі күннен-күнге дамып келеді. Бұл дәстүр дүние жүзіне өте кең тараған. Бұрын мұндай әдettі білмеген ұлттар мен халықтардың жастары қазір оны кеңінен колданатын болды. Неке сақинасы аса берік және өмірдегі ең жақын серігінің ескерткіш тартуы есебінде ерлі-зайыптылардың екеуінің де көніліне медеу боларлық із қалдырады.

Сонғы жылдарда ұлken қалаларда жақын ауылдардың жастары, әсіресе ауылдан келіп қалада оқитын

студент жастар заңды азаматтық некеге тіркелу ісін арнайы неке құру сарайларында өткізеді. Онда үйимдас-тырылатын жаңа дәстүрлер жастар өміріне жағымды өсерін тигізіп отыр.

Ауылдық жердегі қазақ жұртшылығы арасында өйел тастау не күйеуінің айырылысы қалаға қарағанда сиректеу. Жалпы отбасын бұзы әрекетін халық ұнатпайды. Дегенмен халық соттарының архивін ақтарғанымызда айырылысу фактілері болып тұратындығына көз жетті. Айырылысудың негізгі себебі – бала болмауына, күйеуінің араққа өуестігінен туған келіспеушілікке, кейде ата-анаға байланысты.

Жоғарыда айтылған айырылысу себептерінің баласыздықтан басқасын өу баста өмірлік жар таңдаған уақыттағы асығыстықтан ба, көрсе қызарлықтан ба, немесе өз бетінше болашақ серігінің қасиеттерін тани білмегендіктен бе – әйтеуір үй болудың өмір тәжірибесінен қалыптасатын заңдылықтарын, қындықтары мен қуанышының шын сыр-сипатын жете түсініп, білмегендіктен, оған кезінде мән бермей, отбасы мәселесіне үстірт қарағандықтан деп түсінген жөн. Өмірге мұндай немқұрайдылықпен қарап адасушылық әзірше кездесіп тұратындығы өкінішті-ак.

Казіргі қазақ отбасыларында көптеген көне әдет-ғұрыптар осы күнге дейін берік сақталып келеді. Оның бірі – рулық экзогамиялық дәстүрді сақтай отырып неке құру. Неке құруда экзогамиялық тәртіпті сақтаудың жаңа қоғам идеологиясына ешбір қайшылығы жоқ.

Қазақ халқы жеті атаға толмай қыз алыспайтын. Дәл осы жағдай казіргі күнде де сол күйінде сақталып отыр. Айтальық, Ұлы жүздің кейбір руларының ішінде 10–13 атаға толса да қыз алыспау тәртібін сақтайды. Мәселең, жалайыр тайпасының 12 атасы, албан тайпасының сары, қоңырат тайпасының божбан, жетімдер атты рулары осы күнге дейін өз ішінен қыз алыспайды. Жазатайым бұл тәртіпті бұзып неке құрған күнде де, ол неке тұрақты болмайды.

Қазақ арасында осы күнге дейін экзогамиялық тәртіптің берік сақталуының негізгі себебі, біздіңше, қазақ ауылдарында бір-бірімен қыз алысатын рулар үрпактарының бірге тұруы; аудан орталығында немесе бірнеше кішігірім ауылдарға ортақ орта мектептердің, облыстық, республикалық үлкен қалалардағы орта және жоғары оқу орындарында Қазақстанның түкпірінен

келген жастардың бірге оқып, бірге еңбек етуі бір-бірінен шалғай орналасқан рулардың арасындағы қыз алу, қыз берудегі қындықтарды азайтты. Мұның өзі жеті атаға толысымен қыз алысып, қыз берісү ғүрпін кемітіп, оның орнына аталастар арасындағы туыстық қатынасты қүшіндегі қалдырады. Енді жеті атаға толған соң аксақалдардың батасымен қыз алысуға рұқсат беру әдеті тыйылды. Оның қажеті де жоқ. Қазіргі кезде басқа тайпа үрпақтарының бір-бірімен қосылуы күннен күнге молауда.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі әйел теңдігіне байланысты шыққан декреттердің және халық арасында жүргізілген үгіт-насихат және халық-ағарту жұмыстарының нәтижесінде әменгерлік әдет бойынша әйел еркінен тыс жесірге үйлену ғүрпіна тыйым салынды.

Әйелі өлген жағдайда ішінара сақталып келген балдыз алу әдеті немесе бөлелер арасындағы, жақын нағашы мен жиендер арасындағы неке құру қазіргі күнде сиреген.

Балдыз алу мәселесі. Жастай әйелі өліп, оның артында жас нәрсстелер қалған уақытта балдызына үйлени – ешбір адагершілік зандылықтарын бұзғандық болып табылмайды. Әрине, қазіргі кезде мұндай некеге балдыздың өз басы қарсы болмаса ғана және жездесі жас жағынан балдызымен шамалас болса, оны ала береді. Бұл әдет тек қазақ халқына ғана тән емес, басқа да көптеген халықтарда ертеден бері келе жатқан әдет. Апасынан қалған жас балаларды өз баласындаі көріп, қалтқысыз жанашарлық жасау, ең алдымен, балдыздың ғана қолынан келеді. Соның өзінде жездесіне тұрмысқа шығуна балдызының өз көnlі болмаса, оған ешкім ықпал жасай алмайды. Жезде де балдызына салмақ сала алмайды.

Бұрынғы кезде жиі үшырайтын бөлелер арасындағы, нағашы мен жиендер арасындағы некелер негізінен туыстық қатынастың әкелер тарапынан ғана саналатындығының салдары болса, қазіргі жастар туыстықты аналар тарапынан да есептей отырып, мұндай некелерден азарда-безер болады. Өмірдегі мұндай құбылыс әйел теңдігінің шын мәнісінде орнауының, жастардың оз тағдырын шын мәнісінде өз қолына алғандығының нақты айғағы екені даусыз.

Сөйтіп, қазіргі қазақ отбасында, халықтың материалдық және рухани мәдениетінде жарты ғасыр ішінде

маңызды өзгерістер болды. Еліміздегі жаңа құбылыстың барысында әйел мен еркектің еріктілігі мен тең құқылышына негізделген моногамиялық отбасы қалыптасты. Мұндай жаңа отбасының мақсаты – отбасы бірлігін сақтай отырып, балаларды тәрбиелеу және өз қоғамына адал еңбек етіп, азаматтық борышын ақтау болып отыр. Елімізде жаңа құрылыстың женуі неке құру мәселесіне де ең жоғары адамгершілік принциптеріне сай жаңалықтар енгізді. Неке құру үшін жастардың еріктілігі, өз тағдырын өзі шешіп, сүйіспеншілік сезімі негізінде жар тандауға шын мәнісінде бостандық, ерлі-зайыптылардың тең құқылышы іске асырылды.

## МАЗМУНЫ

### *Бірінші тарау*

#### Дәстүрлі отбасы және отбасылық қарым-қатынастар

Отбасы түрлері . . . . .	6
Әке мұрасы және мұрагерлік құқы . . . . .	17
Тұстық қарым-қатынастар . . . . .	22
Бала асырап алу . . . . .	32
Отбасындағы өйелдер жағдайы . . . . .	35
Көп әйел алу . . . . .	43
Бала тәрбиесі . . . . .	48
Қонақ қабылдау . . . . .	65
Мәйітті жерлеу және оның артын күту . . . . .	69

### *Екінші тарау*

#### Некелесу әдет-ғұрыптары

Некелесу дәстүрі . . . . .	98
Некелесу түрлері . . . . .	106
Қалындық айттыру . . . . .	130
Күйеудің ұрын бару салты . . . . .	135
Үйлену тойы . . . . .	145

### *Үшінші тарау*

#### Қалыңмал және жасау

Қалыңмал, оның мөлшері мен құрамы . . . . .	170
Жасау, оның мөлшері мен құрамы . . . . .	187

### *Төртінші тарау*

#### Қазіргі отбасы және некелік қатынастар

Отбасы түрлері, отбасылық қарым-қатынастар . . . . .	194
Некелесу түрлері, әдет-ғұрыптар . . . . .	205

**Халел Арғынбаев**

**КАЗАХСКИЕ СЕМЕЙНЫЕ ТРАДИЦИИ**

*(на казахском языке)*

Редактор З.К.Башбаева  
Техн. редактор Т.В.Суранова  
Художник Н.Нурмуханбетов

Басуға 07.11.05 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1</sup>/32.  
Қаріп түрі «Times KazNur». Шартты баспа табағы 11,4. Есепті баспа  
табағы 12,0. Тарапымы 2000 дана. Тапсырыс № 222

Қазақстан Республикасы. ЖШС «Кайнар» баспасы,  
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.  
телефакс 42-27-96.

«Тамыр» фирмасының компьтерлік-баспа жүйесінде беттелген.  
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, тел.: 43-35-11.

ЖШС “Курсив” баспаханасында басылып шығарылды.  
тел.: 48-22-26.

ISBN 9965-9325-9-X

A standard linear barcode representing the ISBN number 9965-9325-9-X. The barcode is composed of vertical black bars of varying widths on a white background. Below the barcode, the numbers "9 789965 932595" are printed, which are the standard EAN-13 digits used for ISBNs.

ЖШС «КУРСИВ»







